Мамыр	Дене тәрбиесі	- балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру; - дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру; - негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру; - дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; - әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу; - ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау. **Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** ***Аяққа арналған жаттығулар.*** Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. **Спорттық жаттығулар.** ***Велосипед тебу:*** екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу. ***Жүзу:*** суға түсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну. **Қимылды ойындар.** Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. **Дербес қимыл белсенділігі.** Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. **Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.** Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен

		желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.
	Тіл дамыту	- балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу; - баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. **Сөздік қор.** Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). **Байланыстырып сөйлеу.** Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
	Көркем әдебиет	- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту; - балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру.
	Қазақ тілі	- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; - Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту. **Тілдік дамытушы орта.** Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіругежәне дәлелдеуге баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты

		қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө,қ, ү, ұ, і, ғ" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор.** Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс- әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. **Байланыстырып сөйлеу.** Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
	Математика негіздері	- заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; - танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу; - сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; - сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету; - эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту; тірі және өлі табиғат объектілеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **Уақытты бағдарлау.** Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
	Сурет салу	- қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу; - түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.
	Жапсыру	- қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту; - өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.
	Мүсіндеу	- өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем- эстетикалық талғамды дамыту; - өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
	Музыка	- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. **Музыка тыңдау.** Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың

		сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу. **Ән айту.** Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). **Музыкалық-ырғақты қимылдар.** Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.** Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Барабанда әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. **Билер.** Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау. Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.
	Құрастыру	- балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	- ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін кеңейту; - отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу; - құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу; - туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу; - тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту; - танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру; табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру; қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтау. **Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.** Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін

		қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).

БЕКІТЕМІН
ЖШС«Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі: Б.Н.Мусабаева

«Қарлығаш» ересек тобының 2025-2026 оқу жылындағы тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

ТӘРБИЕШІ: ТАШПЕНОВА Ұ.Б.

Кентау-2025 жыл

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	*Кентау қаласының білім бөлімі* *ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы*				
Топ/сынып	***Ересек топ***				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	*«Қарлығаш»*				
Балалардың жасы	***4 жастағы балалар***				
Педагогтің аты-жөні	*Ташпенова Ұ.Б*				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**02.09-05.09.2025**				
	«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ЕҢБЕККҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	Апта дәйексөзі: «Білім-қымбат қазына,қанағат тұтпа азына» (Мұзафар Әлімбаев)				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Демалыс күндері туралы әңгімелесу. Ата-аналардың сұранысымен кеңес беру (жеке). Балалардың жеке ерекшеліктері туралы әңгімелесу Денсаулығы туралы әңгімелесу. *Өнегелі 15 минут*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		**"Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту"**. Мақсаты: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. *Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту.* *Экологиялық мәдениетті,*	**"Өсімдіктерді тамақтандыру".** *Мақсаты: балаларға өсімдіктердің қорек көзі топырақ екендігі туралы, біртіндеп өсімдіктерге қоректік заттар бере отырып, топырақ таусылатындығы туралы балалардың біліміне сүйене отырып, өсімдіктерді тамақтандыру қажеттілігі туралы айту. Өсімдіктерді қалай тамақтандыру керектігін көрсетіңіз.*	**"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсаты: балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуыңыз, кезекшінің киімін киіңіз, үстелді дұрыс қойыңыз. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалаңыз. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Адал ниетпен еңбектену керектігін түсіндіру.	**"Оқу қызметіне дайындық".** Мақсаты: кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: сабақ үшін тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою; қажет болса, оларды сабақтан кейін орнына жинау. **(еңбек дағдылары)**

		қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. **(экологиялық мәдениет дағдыларын, еңбек іс-әрекеті)**	**(экологиялық мәдениет дағдыларын, еңбек іс-әрекеті)**	*Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту* **(еңбек дағдылары)**	
		Қ.Р Әнұраны ***Қауіпсіздік сабағы*** *Қауіпсіздік ережелері* *Теледидердан балаларға көрсету, сұрақ-жауап әдісі арқылы тиянақтау* https://youtu.be/XovibNlnVK8 ***«Үнемді тұтыну»*** *Сабақ: «Су – тіршілік көзі»* *Мақсаты: судың маңызын түсіндіру, оны үнемдеуді үйрету.* *Әдістері: тәжірибе, сурет көрсету, ойын.* *Барысы: • Балаларға су қайда қолданылады (ішеміз, жуыну, өсімдіктерді суару).* *• Егер суды ысырап етсек не болады? (суреттер, әңгіме).* *• «Кранды жауып қой!» ойыны (тәрбиеші кран суретін көрсетіп, балалар «жабамыз» деп қимыл жасайды).* **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Тазы". Мақсаты: үй жануарларының өмір сүру ерекшеліктеріне сай бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Дидактикалық ойын: "Иттің тамағын тап".	***Күй күмбірі*** ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; ***«Асықпен кел, ойнайық!»*** *Ата-бабаларымыздың асықты ойын ойнау үшін пайдаланғанын түсіндіру. Асықты жан-жақты түрлендіріп, оларды тізіп, түрлі ойыншықтар құрастыруды үйрету, жұмыс істегенде қолдарының ұсақ моторикасын, зейінін дамыту. Қазақ халқының мәдениетіне қызығушылыққа тәрбиелеу* **Құрылыс ойындары** **«Үй құрастырамыз».** **(құрастыру)** Мақсаты: балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін арттырып дамытады. Ойын атрибуттары: "Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйлерін құрастыруға ұсынады.	***Қауіпсіздік сабағы*** *Қауіпсіздік ережелері* *Теледидердан балаларға көрсету, сұрақ-жауап әдісі арқылы тиянақтау* https://youtu.be/XovibNlnVK8 ***«Жұбын тап».*** Мақсаты: Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: жеміс-көкөніске байланысты текшелер. Ойынның барысы: ойынға 3-4 бала қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, ойын бастайды. Аталған бала бірінші болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді ретімен қояды. Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол жеңеді. **(танымдық дағдылар, математика негіздері)**	**Үстел үсті ойыны – пазл: «Қайсысы отбасы мүшесі?»** *Балалармен отбасы туралы әңгімелесу.* *Отбасы мүшелерінің еңбегі туралы сұрақ-жауап әдісі.Балаларды үлкендерге көмектесуге, еңбек әрекетіне баулу* **(тіл дамыту, қазақ тілі)** ***Қауіпсіздік сабағы*** ***«ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТЕЛЕФОН НӨМІРІ»*** *Мектеп жасына дейінгі балаларды тосын жағдайда қажетті жедел қызметтердің телефон нөмірлерін есте сақтауға және дұрыс қолдануға үйрету.*
Таңертенгі жаттығу	Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу; 2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру; 3-таяқшаны алдыға созып ұстау; 4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру;				

	5-таяқшаны алдыға созып ұстау; 6-бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау. 1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу; 3-4- бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау; 2-сол аяқты оның қасына алып келу; 3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау; 4-сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру; 2-оңға иілу; 3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру; 4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады. **(дене тәрбиесі)**				
Таңғы ас	Таңғы асқа дайындық ***«Үнемді тұтыну»*** *Суды үнемдеуді үйрету* Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. Біз ақылды баламыз, Айтқан тілді аламыз. Тамақ ішер алдындаТып-тыныш боп отырамыз! *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті, дене тәрбиесі, көркем сөз)*				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		***«Күй күмбірі»*** *Іс-әрекет басталар алдында қазақ күйін қойып, балалардың назарын шоғырландырып, жұмысқа ынталы көңіл-күй қалыптастыру*	Сәлем! Сәлем! Сәлем! Қалын қалай? Сәлем! Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Біз бақытты баламыз. (Барлығы жарты шеңбер жасап отырады, қайталайды). *Әкесі мен анасы қандай қызметте,олардың еңбек іс-әрекеті жайында*, қалай еркелететіндері жайлы, не үйретететіндері жайлы әңгімелесу. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыт)**	«Амансың, алтын күн!» Амансың ба, Алтын күн! Амансың ба, Жер - Ана! Амансың ба, достарым! Сендерді көрсем қуанам! Дөңгелене кілемге жайғасады, бәрі бірге қайталайды. Аталары мен әжелері немен айналысатынын, *олардың еңбек іс-әрекеті жайында* олар қалай еркелететіні жайлы әңгімелесу. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)**	«Қайырлы таң!» Қайырлы таң, құсқа да , аңға да, Қайырлы таң, жайдары жанға да. Қайырлы таң алға ассын, Кешке дейін жалғассын! Бауыры мен апайы, іні мен қарындастары бір-біріне қалай қолғанат болатындары жайлы әңгімелесу. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша		**Музыка** "Балабақша әніміз". Мақсаты: балаларды балабақша	**Дене тәрбиесі** "Бір-бірден қатарға тұру". Мақсаты: балаларды бір-бірден	**Музыка** "Біздің балабақшада ойыншықтар көп"	**Дене тәрбиесі** "Қатардан қалма". Мақсаты: балаларды сапта

ұйымдастырылған іс-әрекет		туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету. **Қазақ тілі** "Мен және менің балабақшам. Ойыншықтар". Мақсаты: Балаларға сәлемдесу мен қоштасу ережелері туралы түсінік беру, ересектермен және құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасаудың негізгі қағидаларымен таныстыру; өздері жайлы жалпы мәлімет беруді меңгерту; дауысты дыбыстар туралы түсініктерін қалыптастыру, ойыншықтар мен балабақша туралы білімдерін бекіту. Балаларды қазақша сөйлеуге, ересектердің сәлемдесу мен қоштасу үлгісін білдіретін сөздерді түсіну және қолдануды, өздерін атауды үйрету; сөздегі дауысты дыбыстарды дұрыс дыбыстауға жаттықтыру. «Қуыршақ Әйгерімнің сыйлығы» музыкалық-дидактикалық ойыны **(музыка)** **Көркем әдебиет** "Атай". Мақсаты: балаларды "Атай" өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді мұқият тыңдауға үйрету. Дидактикалық ойын: "Өз отбасыңды құрастыр".	қатарға тұруға үйрету. "Күнді ұтып алайық" қимылды ойыны. **Шығармашылық жұмыс** "Қуыршақтың киімін безендірейік". (**сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** тақырыбында балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* балалардың қарындашпен қуыршақ көйлегінің сұлбасын қызғалдақ оюы арқылы безендіруге үйрету; оюды төрт жаққа қаратып, салу тәсілін игерту. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* түрлі пішіндегі ойыншықтарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып ермексаздың кесектерінен мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы домалақ, сопақ пішінді ойыншық сұлбасын қиюға, ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге, желімді, сүлгіні қолдануды үйрету. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша*құрылыс материалдары жинағынан қуыршаққа екі қабатты үй құрастыруды үйрету (тақтайша, кірпіш, текше, цилиндр, призма, пирамида, арка); балабақша құрылымын атай отырып, құрылыс материалдарын бір-біріне тіреп, саусақтарымен түзеу іскерліктерін жетілдіру;	Мақсаты. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру. «Қуыршақ Әйгерімнің сыйлығы» музыкалық-дидактикалық ойыны. **Театрды сахналау.** "Үйшік" ертегісін сахналау **(көркем әдебиет)**.	бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен кезектестіруге үйрету. "Кедергілерден өт" қимылды ойыны. **«Мен және менің балабақшам. Ойыншықтар» т. б. тақырыптарда сюжеттік суреттер қарастыру, әңгімелесу** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:) қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; **(тіл дамту, қазақ тілі)** **Дамытушы жаттығу** "Саны сонша допты көрсет." **(математика негіздері**
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				

	(өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру)				
Серуен		Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. ***Жаңбырды бақылау.*** **(экологиялық дағдыларды дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ. Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын. Биіктен қайта түскенде, Өңі кірер даланың. (Жаңбыр) Бақылау: жаңбыр кезінде, ауа райындағы өзгерістерді білуге үйрету: сұр аспан, бұлтты, бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр. Өзгерістерді көрсету; күзгі жаңбыр ұзақ және сирек, жаңбырдан кейін суық жердегі сулар көпке дейін құрғамайды, өйткені күннің көзі жоқ, жәндіктер тығылып қалған, құстардың тамақтары азайған соң олар оңтүстікке ұшып кетеді. **Қимылды ойын: «Кең қадам».** **(дене тәрбиесі)** Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың). *Еңбек: гүлзардағы жерді қопсыту. Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету.* Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар». Балалардың өз жолдастарымен бір шешімге келуі және бір іс-әрекетті ұжыммен жасауы.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. *Бұлтты бақылау.* **(экологиялық дағдыларды дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақтар. Ақ мақта, Жүзіп барады бір жаққа. (Бұлттар) Көзі жасты –жылжып, келе жатыр бір алып, Жабырқаса, жылайды, жадыраса, құлайды. (Бұлт) Бақылау: балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз. Бұлт өлі табиғатқа жатады. Бұлт аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады. **Қимылды ойын: «Кең қадам».** **(дене тәрбиесі)** **(дене шынықтыру)** Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың). *Еңбек: гүлзардағы жерді қопсыту.* *Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу.* *Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету.* Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар». Балалардың өз жолдастарымен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. *Өрмекші мен өрмекті бақылау.* **(экологиялық дағдыларды дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ. Шидиген ұзын сирағы, Тастай керең құлағы. Сөйтіп жүріп көп жерге, Аспалы торлар құрады. (Өрмекші) Бақылау: өрмекшінің өмірі жайында терең білім беріп және олардың жоғалып кетуі жайлы әңгімелеп беру. Өрмекті елестету, өрмек ол өрмекшінің ұсақ жәндіктерді қоректену үшін құратын жіңішке, әрі берік өрілген жібі екендігін айтып беру. Байқампаздықты қалыптастыру. **Ұлттық ойын** **Түйілген орамал** **(дене тәрбиесі)** *Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1,2,3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай*	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. *Өзенді бақылау.* Жұмбақтар. **(экологиялық дағдыларды дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Жазда сылдыр қағады, қыста тыным табады. (Өзен) Бет көрсететін айнам, тауып алдым сайдан. (Ағын су) Бақылау: өзенде болатын маусымдық өзгерістерді бақылап және атап берулерін қадағалау. Су күңгірттенді, суда жүзетін құстар жоқ, балықтар мен бақалар су түбінде. Өзен – табиғаттың негізгі ресурсы екендігін және оның сұлулығына қарап, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тәжірибе. Суға ұсақ тастар мен жаңғақтарды лақтыру. Қорытынды. Ауыр заттар батып, жеңілі су бетіне шығады. *Еңбек: «Аквариум үшін жағадан ұсақ тастар жинап теру».* Тапсырманының маңыздылығына мән беру, Аквариумдағы балықтардың өмірі туралы көзқарастарын кеңейту. ***Ұлттық ойын*** ***Ақсерек-көксерек.*** **(дене тәрбиесі)** *Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді,*

			бір шешімге келуі және бір іс-әрекетті жасауы.	*береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұралы.* ***Еңбек: «Өрмектеп жинау».*** *Кезекшінің міндеті және берілген тапсырманы мүлтіксіз орындау, қабілетін дамыту.* *Өз бетімен ойындар ойнау. Басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.*	*қолдарынан ұстап тұрады.* Ара қашықтық 20-30 қадам. 1- ші топ. Ойынды бастайды Ақсерек-ау ақ серек Бізден сізге кім керек. 2-ші Ақсерек –ау ақ серек Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек Өз бетімен ойындар ойнау: Ойынның барысы мен ережесін өз бетімен ойлап табуға үйрету; шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу				
Түскі ас	***«Үнемді тұтыну»*** *Суды үнемдеуді үйрету***Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту. Көркем сөз Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп , Торғайларға тастаңдар. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті,көркем сөз)*				
Күндізгі ұйқы	"Екі дос" ертегісін жағымды үнмен айта отырып, балаларды ұйықтату.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті, дене тәрбиесі)*				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		**Дамытушы жаттығу** "Саны сонша допты көрсет." **(математика негіздері)** **Шығармашылық жұмыс** "Ойыншықтар әлемі" тақырыбында балалар қалаулары бойынша ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру,***	***Қауіпсіздік сабағы «ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТЕЛЕФОН НӨМІРІ»*** *Мектеп жасына дейінгі балаларды тосын жағдайда қажетті жедел қызметтердің телефон нөмірлерін есте*	**Вариативтік компонент Қызықты математика «Балабақша қызықтары»** **Шығармашылық жұмыс** «Біз өнерпаз балдырған» тақырыбында балалар қалаулары бойынша	***«Күй күмбірі»*** *Іс-әрекет басталар алдында қазақ күйін қойып, балалардың назарын шоғырландырып, жұмысқа ынталы көңіл-күй қалыптастыру* **Шығармашылық жұмыс**

		құрастыру.) іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* қаламмен сурет салудың техникасын жетілдіру.Топтағы домалақ пішінді ойыншықтардың суретін салу. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін жасау дағдыларын қалыптастыру. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* балаларға «топтағы ойыншықтар» жапсырмасын жасауды үйрету; ойыншықтың қима үлгілерін қағаз бетіне жапсыруды үйрету *.Құрастыру іс-әрекеттері бойынша* умаждау, жырту, шыршықтауды қолданып, қағаз парақтарын көлемді пішіндерге айналдыру дағдыларын қалыптастыру **Сюжетті-рөлдік ойын.** *«Қуыршақты тамақтандыр»*. Ірі құрылыс материалдарымен, құрастырмақтармен ойындар.	*сақтауға және дұрыс қолдануға үйрету.* Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(тіл дамыту, көркем әдебиет)** ***«Қуыршақты жуындырамыз» ойын жаттығулары****;* альбомдар мен сюжеттік суреттерді қарастыру; ірі құрылыс материалдарымен ойындар. **(тіл дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** «Қуыршақ Әйгерімнің сыйлығы» музыкалық-дидактикалық ойыны **(музыка)** **Логикалық ойын.** **"Саны тең гүлдерді табайық".** **(математика негіздері)**	***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.)*** іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* ақ қағаз бетіндегі суреттерден жақын адамдарына тиесілі заттарды тауып, қылқаламмен бояйды. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* топтағы түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін жасау дағдыларын қалыптастыру *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* қиылған дайын пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуге, түстерді, көлемді ажырата білуге үйрету. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиып жапсыру дағдыларын дамыту. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша*тайша, призма, кірпіші бар құрылыс материалдары жинағын пайдаланып үйшікті құрастыруды үйрету; құрылыс материалдарын бір-бірінен көлемі бойынша ажырата алу іскерліктерін дамыту; ит туралы білімдерін толықтыру. ***«Күй күмбірі»*** *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*	«Менің қуыршағым» тақырыбында балалар қалаулары бойынша ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.)*** іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* қағаз бетіне басып шығарылған қуыршақтың көйлегін бояу дағдыларын дамыту. *Мүсіндеу бойынша* түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін жасау;қуыршақтың бейнесін көмегімен мүсіндеу. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша*балаларды көлемі үлкен шеңберден қуыршақтың басын, жартысы кесілген шеңберден денесін қағаз бетіне орналастырып, көлемі орташа шеңберлерді тең ортасынан екіге бүктеп шашын жапсыруға үйрету. *Құрастыру іс-әрекеті* бойынша умаждау, жырту, шиыршықтауды қолданып, қағаз парақтарын көлемді пішіндерге айналдыру дағдыларын қалыптастыру **Сюжеттік ойыншықтармен ойнау,** Ертегі оқу; Үстел үсті театры **(көркем әдебиет)**
Балалармен жеке жұмыс		Балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету**.**	**Дидактикалық ойын.** **"Жамауын тап".** Мақсаты: балаларды суреттің	Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын	Умаждау, жырту, шиыршықтауды қолданып, қағаз парақтарын көлемді

		(музыка)	жетпей тұрған бөлігін тауып, үстіне орналастыруды үйрету. Барысы: педагог әр баланың алдына мысықтар бейнеленген суретті таратады, және сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды таратады. Балалар суреттегі жоқ домалақтардың үстіне, сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды орналастырады.	қалыптастыру **(мүсіндеу)** .	пішіндерге айналдырудағдыларын қалыптастыру **(құрастыру)** Балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету**. (музыка)**
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. *(өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру)*				
Серуен		***Желдің соғуын бақылау*** **(экологиялық дағдыларды дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) Бақылау: балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. Тәжірибе. Желге қарсы жүгіру. Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қиын. ***Ұлттық ойын Ақсерек-көксерек.*** **(дене тәрбиесі)**	**Ауа-райын бақылау.** Мақсаты. **(экологиялық дағдыларды дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)** Өсімдіктер тіршілігіне мезгілдік өзгерістердің әсері жайлы білімдерін бекіту. *Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көкөністер жинаудағы ұжымдық еңбек. Мақсаты: ұжымдық жұмысқа үйрету.* "Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. **(дене тәрбиесі)** Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестере білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз	***.Желдің соғуын бақылау*** **(экологиялық дағдыларды дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) Бақылау: балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. Тәжірибе. Желге қарсы жүгіру. Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қиын. **Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру».**	***Күздің ерте, кеш келуін бақылау*** **(экологиялық дағдыларды дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)**Тақпақтар «Күз» Н. Әлімқұлов Берекесін сыйлауға Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға Шақырады біздерді. «Күз» Қ.Ыдырысов Күзім-ау, күзім-ау, Мінезін бұзық-ау, Жаңбырын сіркіреп, Келгенің қызық-ау. Бақылау: Табиғаттағы өзгерістерді бақылауға үйрету: жапырақтардың түсінің өзгерістері, құстардың жылы жаққа ұшуы, жаңбырлы болуы, күзгі өзгерістерді ажырата білуі.

		Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам. 2- ші топ. Ойынды бастайды Ақсерек-ау ақ серек Бізден сізге кім керек. 2-ші Ақсерек –ау ақ серек Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек *Еңбек: тәрбиешіге көмек. Үлкендерге қызмет көрсету. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинау*. **Өз бетімен ойындар ойнау: «Желбезекпен ойын».** Ыңғайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл-күйде болу.	қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. Педагог ойынды бастайды: - Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында. "Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: - Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды. Белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; қимыл координациясын пысықтау, лақтыруға күш бағыттауға машықтандыру. "Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. Мақсаты: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту;	**(дене тәрбиесі)** Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болады. *Еңбек: тәрбиешіге көмек. Үлкендерге қызмет көрсету. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинау*. **Өз бетімен ойындар ойнау: «Желбезекпен ойын».** Ыңғайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл-күйде болу.	**Қимылды ойын: «Егінді тасымалдау»** **(дене тәрбиесі)** Дабыл бойынша арбамен «егін» тасу, бір шеттен, екінші шетке тасу. Шыдамдылық пен шапшаңдыққа баулу. *Еңбек: Гүлзарда жұмыс. Гүлдерді гүл ыдысына отырғызу. Жұмыстың ыңғайын білу. Гүлге деген сүйіспеншілікті арттыру.* Өз бетімен ойындар: «Құмда сурет салу» Балаларды құмда сурет салуға үйрету. Атқарған жұмыстарын атап, мадақтап өту. Бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.

			дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсаты: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсаты: қызығушылы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.		
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)*				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)		Психолог кеңесі. Мысалы: «Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?»	«Тез тамақтанудың зияны» тақырыбында кеңес.	"Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу.	«Үйде балаларға арналған жиһаз» атты сұрақ-жауап.

Әдіскер: Қалдыбек Ж

Тәрбиеші: Ташпенова Ұ

Саз жетекші Баратова Г.Д

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	*Кентау қаласының білім бөлімі* *ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы*				
Топ/сынып	***Ересек топ***				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	*«Қарлығаш»*				
Балалардың жасы	***4 жастағы балалар***				
Педагогтің аты-жөні	*Ташпенова Ұ.Б*				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**08.09-12.09.2025ж.**				
	«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ЕҢБЕККҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	Апта дәйексөзі: «Жанұя қорғаным, ата-ана тірегім»				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Егерде бала ауырған болса, оның келмеуінің себебін ата-анасының балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігі туралы түсіндіру. *Балаларға жол ережесін үйретейік! (Ата - аналарға ақыл - кеңес)* «Менің үйім - менің отбасым» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу *«Отбасындағы еңбек тәрбиесі» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.* *«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».* *Өнегелі 15минут*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	*Балаларды балабақшадағы еңбек жұмыстарына араластыру, ойын бұрышындағы кезекшілікті атқаруға үйрету.* **(еңбек дағдылары)**	Сабақ уақытында оқу құралдарын тарату, орындарына жинау, тамақ ішер кезде, тәрелкелер мен қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу сияқты жұмыстарға үйрету. *Еңбекке баулу* **"Оқу қызметіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".** Мақсаты: тапсырылған іс үшін	**"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсаты: *еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйреніңіз. Ниетін тәрбиелеу еңбек етуге, ересектерге көмектесу.* *Еңбекке баулу* **(еңбек дағдылары)**	**"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп» (тәрбиешінің көмекшісімен бірге).** Мақсаты: *балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяққиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу.* *Еңбеккорлықты, тәртіпті көре білуді.* Ұжымдағы тату-	**"Орындықтарды жуу".** *Мақсаты: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, бөлмедегі орындықтарды таза және таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру.Ересектерге көмектесуге деген ынтаны,*

		жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету. **(еңбек дағдылары)**		тәтті еңбек етуді үйрету. **(еңбек дағдылары)**	*олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.* **(еңбек дағдылары)**
	Қ.Р.Әнұраны ***«Үнемді тұтыну»*** *«Электр қуаты – шексіз емес»* *Мақсаты: жарықты, электрді үнемді пайдалануға баулу. Әдістері: мультфильмнен үзінді, дидактикалық ойын.* *Барысы: • Балаларға шамды, теледидарды, компьютерді пайдаланудың ережелерін түсіндіру.* *• «Жарық сөнді!» ойыны (тәрбиеші «күндіз» десе – жарықты өшіру қимылын, «түн» десе – шамды жағу қимылын жасайды).* **Үстел үсті ойыны** «Мозаика: балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу. **(құрастыру)** **Дамытушы жаттығу.** **"Тәуліктің бөлігін тап".** **(математика негіздері)**	***Қауіпсіздік сабағы*** ***Жолда жүру тәртіп - ережелерін сақтайық.*** ***Мақсаты:*** *балаларды жол ережесімен таныстыру, жол белгілері туралы білімдерін кеңейту, алған білімдерін іс жүзінде қолдануға қызығушылықтарын дамыту, ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.* "Ормандағы оқиға". Мақсаты: балаларды ормандағы оқиға желісінің мазмұнымен таныстыру; әңгімедегі көркем сөздерді шынайы айтуға жаттықтыру. Дидактикалық ойын: "Қандай ағаш екенін тап!". **(көркем әдебиет)**	***«Күй күмбірі»*** ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** *балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;* ***«Үнемді тұтыну»*** *«Электр қуаты – шексіз емес»* *Мақсаты: жарықты, электрді үнемді пайдалануға баулу. Әдістері: мультфильмнен үзінді, дидактикалық ойын.* *Барысы: • Балаларға шамды, теледидарды, компьютерді пайдаланудың ережелерін түсіндіру.* *• «Жарық сөнді!» ойыны (тәрбиеші «күндіз» десе – жарықты өшіру қимылын, «түн» десе – шамды жағу қимылын жасайды).* **Мүсіндеуден ойын-жаттығу.** "Сұр қоян". Мақсаты: балаларды бөлшектерді біріктіру арқылы сұр қоянды мүсіндеуге үйрету.	**«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны.** Мақсаты: сөйлеу тілін және артикуляциялық аппаратты дамыту (**қазақ тілі, тіл і дамыту**) ***Асық ату (хан ату).*** *Ойынға бірнеше адам қатысады. Әрбір ойыншылар кезекпен қолдағы асықтарды сырмақ үстіне шашады. Арнайы белгілеген асықпан (сақамен) қалған асықтарды шертеп атады. Басты шарты ұқсас асықтарды ғана атады. Басқа асықтарға тигізбей атып алынған асық, ұпай ретінде олжаланады. Ойын осылай жалғаса береді…*	***«Күй күмбірі»*** ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** ***Қауіпсіздік сабағы*** *«Бағдаршам» - жолда жүру ережелерін үйренеміз. (теледидардан тамашалау,әңгімелеу)* ***https://youtu.be/aPVQ0jrzlZw*** **Дидактикалық ойын. «Кімнің дауысы?»** Балаларды өз еріктерімен ойнату. Геометриялық фигураларды бекіту. **(математика негіздері)**
Таңертенгі жаттығу	1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол бел тұсында 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып: "міне" дейді 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында 2.1. Аяқтарын сәл бүгіп, қолдарын иек тұсына көтеріп "міне " дейді				

	3. Бастапқы қалып жерге отырып, аяқтарын алшақ қояды, дене бос, қол иек тұсында (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 3.1. Жерге отырған қалыпта қолдарын шапалақтайды 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене тік, қол көкірек тұсында 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "міне" дейді (жаттығу 5 рет қайталанады). *(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі))*				
Таңғы ас	Таңғы асқа дайындық ***«Үнемді тұтыну»*** *Суды үнемдеуді үйрету* Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Ойын жаттығуы: "Сабын қолғаптары". Мақсаты: баланы қолдарын сыртқы және ішкі жағынан сабындауға үйрету. Бұл бөлімде ойын жаттығуларын немесе мәдени-гигиеналық дағдыларды дамытуға, үстелге қою дағдыларын және үстелдегі мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ойындарды жоспарлаңыз. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)*				
	қызметтерге телефон соғу жаттығуларын жүргізу. **"Қатарға тұрып билейік" жаттығуы.** **(музыка)** Мақсаты: балаларды жаттығу барысында ырғаққа сай қозғалып, сөздерді бірге айта жүріп, айтылған дене мүшелерін қозғауға машықтандыру; қабылдау, зерек болу қабілеттерін, вестибуляр аппаратын дамыту. Жаттығуды көңілді әуен жазбасын қосып өткізуге болады. Қатарға тұрып билейік, Мүшелерді көрсетейік: Басты оң-солға бұрып, Қос иықты көтерейік. Қатарға тұрып билейік, Мүшелерді көрсетейік: Жоғары қол көтеріп, Бұлғап, төмен түсірейік. Қатарға тұрып билейік, Мүшелерді көрсетейік: Аяқты кезек көтеріп, Маршпен шапалақтап жүрейік. Д. Ахметова."Құрылыс ойындары "Жануарларға арналған балабақша", "қуыршақтарға арналған үй".	Қала салсақ, жол салсақ. **(көркем әдебиет)** **"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.** **(математика негіздері)** Мақсаты: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу. Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көкөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады. Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек. Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам. Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады.	*бойынша көннен 4—5 м. не одан да көп мөлшерде асық ататын орын белгіленеді. Оны сызықпен белгілейді. Ойыншылар осы жерден тұрып көндегі асықты ататын болады. Ойынды кім бірінші болып бастайтынын сақа иіру арқылы анықтайды. Сақасы алшы түскен ойыншы бірінші болып ату кезегін алады.* *Ойыншы асыққа дәл тигізіп, оны көнбе сызығынан шығарса, оны алады да, сақасы түскен жерден қайта атады. Сөйтіп көннен шығарғандарын ала береді. Егер оның сақасы көндегі асыққа тимей кетсе, асықты келесі ойыншы атады. Ал тігілген асықтарды бұзып, бірақ көннен шығара алмаса, қалған ойыншылар асықтарды сол жатқан қалыбында атып, көннен шығарып алуға тиіс. Ойын көндегі асықтар бойынша біткенше ойнала береді. Көндегі асық біткен соң, ойынға қатынасушылар бір-бірден көнге қайта асық тігіп, ойын қайта басталып, жалғаса береді.*	*бастап кетті. Жол белгілерінің қасында өтіп бара жатып, тоқтап, әр белгі туралы айтып береді. Кім теңізге бірінші жетеді, сол* **"Менің жанұям" фотосуреттерді қарастыру.** **(тіл дамыту, қазақ тілі)** Мақсаты: байланыстырып сөйлеу қабілетін жетілдіру, сөздік қорын молайту; туыстарға деген сүйіспеншілікті арттыру. Фотосуретте бейнеленген отбасы жайлы әңгімелеу **Саусақ жаттығуы.** **"Ыдысты қалай жуамыз?".** **(көркем әдебиет)** Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Біз көмекші болып жүреміз, (Бас бармақтарды көрсету) Жеңімізді кезегімен түреміз. (Жеңді түргенге еліктеу) Қолға табақшаны алып, (Саусақтарды созып, екі алақанды, айқастыра, бірі-біріне уқалау) Уқалап, жуып береміз. Кесе - екі қос алақандай, (Саусақтарды қосып, бірыңғай бүгіп, екі қолды қырынан қосып, "тербету") Шұңғыл алтын айдай. Қолға кесені алып, (Жұдырықтармен, қолдарды	*ұтады.* **"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.** **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Мақсаты: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б. Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі: - Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз. Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады.

				алмастырып, алақан ортасына басып, айналдыру) Айналдырып, жуып береміз. Д. Ахметова.	
Таңертенгі жаттығу	1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында 2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде 3.1. Орындарында тұрып, бастарын алдымен оңға бұрады 3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында 4.1. Қолдарын жандарына созады; 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады) 5. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде 5.1. Қолдарын жандарында ұстап, бір орында тұрып, пингвин сияқты айналу 5.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). *(дене тәрбиесі)*				
Таңғы ас	***«Үнемді тұтыну»*** *Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге және жарықты үнемдеуге үйрету* Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасығы мен шай қасығын, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Міне — қасық, міне — ас. Еш нәрсені қалмас. Осы сөздерден кейін, балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында, тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Егер бала орындықта дұрыс отырмаса, жанына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті,*көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Қылқалам ханшасы». Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. **(тіл дамыту, қазақ тілі)**	«Тілек тілеу». Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! (Шеңбер құрып, қайталайды). Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. **(қоршаған әлеммен**	- Сәлем, саған, ыстық жерім! Сәлем, саған, туыс елім! Ыстық маған ошақ үйім, Домбыраның қоңыр күйі! Бір-біріне жылулық сыйлап, достық туралы, топтың ережесі туралы әңгімелесу. **(тіл дамыту, қазақ тілі)**	- Қайырлы таң, Алтын күн! Қайырлы таң, Жер Ана. Аман болсын, достарым, Аман болсын, ата-анам. Алтын күз жайлы әңгімелесу. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)**	Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын. Жапырақтар туралы әңгімелесу. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)**

		таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі)			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** "Күзгі жолдар үстіндегі ойындар". Мақсаты: балаларды кіші және үлкен қадаммен жүгіру; тақтайда көлденеңінен еңбектеуге үйрету. "Көңілді еңбекте" қимылды ойыны. **«Қайда барсаң – соны табасың» дамытушы ойыны.** **(математика негіздері)** Мақсаты. Балаға өзінің қарсы алдындағы кеңістіктің жақтарын тануды үйрету. Шарты. Педагог бөлменің әр жеріне жеміс пен көкөністердің нақпішіндерін салады. Мысалы, шкафтың жоғары сөресіне, төбеден жіпке байланған, төменгі сөреге, терезенің алдына, тағы басқа жерлерге. Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек.	**Музыка** "Күз" (пысықтау) Мақсаты: балаларды күз туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін арттыру. Дидактикалық ойын: "Балақан да алақан". **Қазақ тілі** Қазақ тілі "Күз мезгілі. Алтын күз". Мақсаты: балалардың "күз" жайлы түсініктерін дамыту; "алтын күз" сөзінің мағынасын түсіндіру; "Кім? Не?" сұрақтарына жауап беретін зат есімді сөздер, "Не істейді?" сұрақтарына жауап беретін етістікті сөздер жайлы негізгі түсініктерін қалыптастыру. Мнемокарточкаларға негізделген сөздік жұмыс. "Күз" тақырыбына мнемокесте бойынша әңгіме құрау. Фонемо-ырғақты жаттығу "Бұлтқа". Өленді мәнерлеп оқу "Алтын күз". **Шығармашылық іс-әрекет** "Күзгі саябақтағы жапырақтардың түсуі". тақырыбында балалар қалаулары бойынша ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)*** іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып	**Дене тәрбиесі** "Еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүру". Мақсаты: балаларды сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауға үйрету. "Чемпион" қимылды ойыны. **Математика негіздері** "Күзгі жапырақтар шоқтары". Мақсаты: балалардың заттардың бірден төртке дейінгі сандарға сәйкес жиындар жөніндегі түсініктерін қалыптастыру. Дамытушы жаттығу. "Күзгі бояу". **Шығармашылық іс-әрекет** ***сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)*** Бейненленген күздің дайын суреттерін бояу, жапырақтарды қиып жапсыру, жапырақ бейнесін мүсіндеу, Бұтақтардан құрастырылған ағаш құрастыру дағдыларын қалыптастыру ***«Күй күмбірі»*** *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою* *Ертегі* *«Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқа»*	**Музыка** "Күзге ән арнайық". Мақсаты: балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету. "Төмен және жоғары дыбыстар" музыкалық-дидактикалық ойыны. **Шығармашылық іс-әрекет** "Саңырауқұлақтар". тақырыбында балалар қалаулары бойынша ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)*** іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті бойынша*сопақша жән жартылай дөңгелек пішіндерден тұратын бейненің суретін салуға дағдыландыру. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* екі бөлшектен тұратын заттарды мүсіндеу біліктерін нығайту; мүсіндеудің есу, жалпайту, ойық жасау әдістерін жетілдіру; жұмыс кезінде қырнауышты дұрыс пайдалануға үйрету; қол бұлшықеттерін дамыту; *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* саңырауқұлақты екі бөліктен құрастыру арқылы конструкциялық тәсілмен жапсыруды үйрету. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта	**Дене тәрбиесі** "Тақтай үстімен біз қалай жүре білеміз". Мақсаты: балаларды екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру); оң және сол қолымен көлденең нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан) допты лақтыруға үйрету. "Кім шақырғанын анықта!" ойыны. **Көркем әдебиет** "Алтын күз". Мақсаты: балаларды "Алтын күз" өлеңінің мазмұнымен таныстыра отырып, тақпақты мұқият тыңдауға үйрету. Дидактикалық ойын: "Жапырақтарды ажырат". **«Күз» тақырыбына мнемокесте бойынша әңгіме құрау.** **(қазақ тілі, тіл дамыту)** Педагог күз мезгілі бейнеленген суретті көрсетеді. Суретте балалар орман ішінде серуендеп келеді; көлшіктермен резеңке етікте, күртеше киіп алған, қолдарында қолшатыр мен саңырауқұлақтар салынған себет; бұлтты аспан, жаңбыр себелеп тұр; жапырақтар түсіп жатыр, орман сап-сары. **Ән салу** Б. Бейсеновaның «Алтын күз» әні. **(музыка)** (әні, сөзі: Бота Бейсенова) Әнді хор мінбесіне барып айтады. Үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Музыкалық жетекші әнге дирижерлық қызмет көрсетеді.

		жұмыс жасайды. ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** *Балаалр күйді тыңдай отырып шығармашылық іс-әрекеттерді орындайды.* *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* балаларды жапырақ пішінін қою бояумен бояп, қағаз бетіне бедерін басу техникасымен таныстыру; жапырақтың бетіне күздің ашық бояуларына араластырып бояп, қағаз бетіне басып, жапырақтың нақтылы ізін қалдыруға дағдыландыру. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* жапырақтың толық пішіні алынғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектері иілгенге дейін сығымдау. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* түрлі түсті қағаздарға жапырақ бейнесін салып, қию және жапсыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру; *Құрастыру іс-әрекеті* бұтақтардан күзгі ағаштар құрастыру іскерліктерін дамыту. ***«Күй күмбірі»*** *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*		келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту	Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
Серуенге дайындық	Мақсаттары: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)*				
Серуен	**Күн-жылу мен жарық көзі.**	**Желді бақылау.**	**Суды бақылау.**	**Мысықты бақылау.**	**Аспанды бақылау.**

	(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет) Мақсаты: күн-жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу. Зерттеу. Күнге қарап, сұрақтарға жауап беруді ұсыну. - Күнге қарағанда, өзіңді қалай сезінесің? - Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме? Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды. Біраз уақыттан кейін, балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді. Күн көзінде зат қызатынына қорытынды жасау. *Еңбек тапсырмалары: кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу.* Мақсаты: жасы кішіге көмектесуге ұмтылуға үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. ***Ұлттық ойын "Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны.*** **(дене тәрбиесі)** *Ойын мақсаты: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке,*	**(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсаты: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру. **"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы.** Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді. - Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз. - Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер. - Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер. ***Еңбек әрекеті: ойын алаңына ағаштардан құрап түскен ұсақ бұтақтарды жинау.*** *Мақсаты: аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.* **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр	**(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсаты: балаларға сумен ұқыпты жұмыс істеуді дағдыландыру; судың қасиеттері жайлы түсініктерін нақтылау; судың табиғи сұйық зат екендігіне көз жеткізу; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Бақылау барысы. Судың қасиеттеріне көңіл аудару. Су әртүрлі температурада болады: мұздай суық (тоңазытқыштан мұздар текшелері), жылы (қолды жуғанда) және ыстық (шәйнекте су қайнатылғанда). Су күннің көзінде ысыйды. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады. Қыста су қар, мұз күйінде болу мүмкін, ұстаса - өте суық. *Суды үнемді тұтыну дағдыларын қалыптастыру, түсінік беру* **"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы.** **(дене тәрбиесі)** Мақсаты: балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту. - Балалар, шайды біз сұйыққа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндеріңді көрейік.	**(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсаты: балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға, деген қызығушылыққа, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Көркем сөз. "Мысық". Үстінде үйдің Тұр еді мысық. Қасына келді Бір торғай ұшып. бассалмақ болып, Ыршыды мысық. Жалт берді торғай, Пыр етіп ұшып. Биіктен жерге Топ ете түсіп, Мысықтың қалды Жамбасы ісіп. Б. Соқпақбаев ***Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап, шығару.*** *Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.* ***Ұлттық ойын Ақсерек-көксерек.*** **(дене тәрбиесі)** *Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам. 1- ші топ. Ойынды бастайды* *Ақсерек-ау ақ серек*	**(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсаты: балаларды аспанның ашық не бұлтты екенін анықтап; бұлттарды белгілі бейнелерге ұқсас екендігін байқауға машықтандыру; ой-қиялын, зейінін, бақылау қабілетін дамыту. Көркем сөз. "Аспанда". Аспан малға толып кетті - Бұлттар түлік болып кетті: Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты мешке болып. Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып.я Қ. Мырзалиев ***Еңбек әрекеті: ағаштағы құрғақ бұтақтарды жинау.*** *Мақсаты: құралдарды қолдануды үйрету, еңбек біліктіліктерін дамыту.* **"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсаты: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-

	қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Жабдығы: ақ сүйек. **Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар.** "Шеңберді дәлде". Мақсаты: нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру.	аппаратын дамыту;ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. **"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)** Мақсаты: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	Педагог балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды. Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад. Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стақандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады. **"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)** *Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.* Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады. - Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына	*Бізден сізге кім керек.* *2-ші Ақсерек –ау ақ серек* *Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек* *Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.* **"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі)** Мақсаты: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру. **Еркін ойындар: шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалыс**ты дамыту, секіртпеден секіру.	жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. **"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)** Мақсаты: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа,ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Ойынды алаңның бірнеше жерінде бірнеше топ балалар үшін ұйымдастыруға болады. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.

			қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс. **"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы.** Мақсаты: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.		
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. *Суды және энергияны үнемді тұтыну дағдыларын қалыптастыру, түсінік беру* *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)*				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)*				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру; Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)*				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***«Күй күмбірі»*** *Іс-әрекет басталар алдында қазақ күйін қойып, балалардың назарын шоғырландырып, жұмысқа ынталы көңіл-күй қалыптастыру* **Тіл дамыту** "Күз туралы тақпақты құрастыру". Мақсаты: балаларда тақпақ,	***Қауіпсіздік сабағы*** ***"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны.*** *Мақсаты: қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту.* *Балалрды өрт қауіпсіздігі ережелерімен танытыру* *«Жедел қызметтердің телефон нөмірлері»* (балаларға мағлұмат беру,	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(тіл дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** ***Қауіпсіздік сабағы*** *Балаларды жедел қызмет нөмірлерімен (полиция, өрт сөндіру, жедел жәрдем, газ*	**Вариативтік компонент** **Қызықты математика** **Панно алдында зерттеу жаттығуы.** **«Күздің сыйлықтарын жинайық».** Балалардың ұғымында заттардың бірден төртке дейінгі сандарға сәйкес жиын сандар туралы түсініктерін қалыптастыру; «оң жақ» және «сол жақ» ұғымдарын	**Үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы.** **«Кірпілерге алма жинап берейік».** **(математика негіздері)** Балалардың алдына тең екі жолақты, көлденең карточка беріледі. Әр жолақтың оң жақтағы соңғы шақпақтары жіңішке жолақпен қоршалған. Соңғы белгіленген жоғары жолақта жатқан шақпақта бір, екі, үш

	өлең туралы негізгі ұғымдар қалыптастыру, көркем сөз үлгісінің қара сөзден айырмашылығын таныту; "күз мезгілі" ұғымына жататын табиғаттағы өзгерістері, құбылыстарды пысықтау. Жаттымақ жаттығуы. "Күз суық, сары көйлекті". **Шығармашылық іс-әрекет** «Күз ханшайымы» тақырыбында балалар қалаулары бойынша ***(сурет салу, мүсіндеу,жапсыру құрастыру)*** іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* күз ханшайымының көйлегіндегі жапырақ суретін мақта таяқшаларымен нүкте арқылы салу. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* адамның пішінін мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* түрлі түсті қағаздарға жапырақ бейнесін салып, қию және жапсыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру; *Құрастыру іс-әрекеті* бұтақтардан күзгі ағаштар құрастыру іскерліктерін дамыту. **Сюжеттік-рөлді ойын: «Кішкентай сатушы».** *Мақсаты: балаларды сатушы ойынымен таныстыра отырып,*	жедел телефон нөмірлерімен таныстыру) ***Ұлттық ойын «Асықты тігіп ойнау»*** *Бір топ бала, жастар жиылып келіп, тегіс жерді таңдап алады да оны тазартып, ортадан төрт бұрышты сызық сызады. Сол төрт бұрышты ортасынан тең етіп екіге бөледі. Әр жағының қашықтығы балалардың жас мөлшеріне қарай белгіленеді. Сонда 1—1,20 см немесе 1,5 метрге дейін болады. Мұны «көн» деп атайды. Сонда ойнаушылардың өзара келісімі бойынша көннен 4—5 м. не одан да көп мөлшерде асық ататын орын белгіленеді. Оны сызықпен белгілейді. Ойыншылар осы жерден тұрып көндегі асықты ататын болады. Ойынды кім бірінші болып бастайтынын сақа иіру арқылы анықтайды. Сақасы алшы түскен ойыншы бірінші болып ату кезегін алады.* *Ойыншы асыққа дәл тигізіп, оны көнбе сызығынан шығарса, оны алады да, сақасы түскен жерден қайта атады. Сөйтіп көннен шығарғандарын ала береді. Егер оның сақасы көндегі асыққа тимей кетсе, асықты келесі ойыншы атады. Ал тігілген асықтарды бұзып, бірақ көннен шығара алмаса, қалған ойыншылар асықтарды сол жатқан қалыбында атып, көннен шығарып алуға тиіс. Ойын көндегі асықтар бойынша біткенше ойнала береді. Көндегі асық біткен соң,*	*қызметі) таныстыру. Төтенше жағдай кезінде телефон соғу нұсқауларының негізгі элементтерін көрсету. Әртүрлі төтенше жағдайларда телефон соғу скриптерін әзірлеуге және есте сақтауға үйрету, жедел қызметтерге телефон соғу жаттығуларын жүргізу.* **Ойын "Киіз үй".** (құрастыру) қазақтың киіз үйі туралы, оның пайдасы мен ерекшеліктері туралы мағлұмат беру; *асықтан киіз үй құрастыруды үйрету;* саусақтың ұсақ бұлшық етінің қозғалысын жетілдіру; балалардың тілін дамыту және сөздік қорын молайту. *Қазақтың ұлттық мәдени құндылықтарын құрметтеуге тәрбиелеу.* **Дидактикалық ойын "Басқаша айт".** Мақсаты: жалпылама ұғымдарды бекіту (мұғалім балаға допты лақтырып, жалпы ұғымды атайды, бала допты кері лақтырады және түр ұғымын атайды: ойыншық-қуыршақ, жиһаз-үстел)	тиянақтау; Балаларға заттарды бірден, екіден, үштен, төрттен санап алуды; заттарды белгілі сандарға сәйкестендіруді үйрету; бірінің астына бірін екі қатарға тұстастырып орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды, теңдестіруді үйрету; оң және сол қол, аяқ, иық сияқты дене мүшелерінің орналасу жағын ажырату біліктерін жетілдіру; *жеңімпаз.*	немесе үш саны салынған. Ыдыстарға саны төрт-бестен кірпілер мен жемістердің үлестірмелі кескіндері, тағы бір ыдыстарға бірден төртке дейін екі данадан сандар жинақтары салынады. **Шығармашылық іс-әрекет «Кірпілерге алма жинап берейік».** тақырыбында балалар қалаулары бойынша ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)*** іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* қылқалам арқылы алма мен алмұртты бейнелеуді үйрету, дөңгелек және сопақша пішіндерді қылқаламның ұшымен салып, ішін баланың өзі қалаған қызыл, жасыл немесе сары бояулармен, сұлбасының шетіне шықпай салу тәсілдерін игерту; жаңа аралас түстердің атауларымен таныстыру; *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* алма, алмұртқа тән ерекшеліктерді беру, бөлшектерді саусақтың және қырнауыштың көмегімен келтіре отырып, екі қолмен мүсіндеуге дағдыландыру; жұмыс кезінде қырнауышты дұрыс пайдалана отырып, қол бұлшықеттерін дамыту; заттың пішіні мен пропорциясына назар аудара отырып, негізгі ерекшеліктерін байқауға және атауға үйрету; *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* алма және жапырақ қима үлгілерін қағаз бетіне жапсыруды үйрете отырып *Құрастыру іс-әрекеті* үлгі схема бойынша құрастыруды үйрету;

	қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың сапасын, көлемін қарау, көзбен көріп ойлауды) қалыптастыру.	*ойынға қатынасушылар бір-бірден көнге қайта асық тігіп, ойын қайта басталып, жалғаса береді.*			себет салу туралы балалардың ойларын жетілдіру, зейінді және қолдың ұсақ моторикасын дамыту ***«Күй күмбірі»*** *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*
Балалармен жеке жұмыс	**Көркем сөзді жаттау жаттығуы.** **(көркем әдебиет)** Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. ""Бақшада"". Көңілді бар бала, Бақшаға, баққа енсек. Ойнаймыз аулада, Төбеміз әткеншек. Шешеміз жұмбақ та, Жаңылтпаш айтамыз. Кешкілік үй жаққа Үлкейіп қайтамыз. Б. Кірісбаев."	**Жаңылтпаш жаттайық.** **(тіл дамыту)** 1) Доп деп, Дөп теп. 2) Қапыда ит қапты, Қатты қапты, Қапты қатты. 3) Қырқада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марқа арқар бар.	Пропорцияларды сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып екі бөліктен тұратын заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру **(мүсіндеу)**	**Артикуляциялық жаттығу.** 1) Ара болсаң, ызыңда З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж Жұмыс істе, тығылма. - Ара қалай дыбыстайды? (з- з-з) - қатты\жай 2) «Зе-зе-зе, зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «За-за-за, за-за-за – үйдің іші тап-таза», «Зу-зу-зу, зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу», «Са-са-са, са-са-са – ызыңдайды маса.	5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру. **(математика негіздері)** *Балабақшадағы қауіпсіздік ережелері* *https://youtu.be/FxXE602V_1U*
Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. *(өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)*				
Серуен	Қылқанжапырақты ағаштарды бақылау (шырша, қарағай) **(экологиялық мәдени дағдылар,қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ. Қысы-жазы бір түсте. (Шырша) Бақылау: балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды танып білу (2 түрі қылқан	Бұтақтарды бақылау (итмұрын, сирень, қара жемісті шетен, мойыл). **(экологиялық мәдени дағдылар,қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ. Өсімдіктің тікенегіне байланысты аталған. Жемісін жұлып алсаң, тікені қолыңа кіреді. (Итмұрын) Онан көз ашиды, жапырақтары өткір, шұбар	Жеміс ағаштарын бақылау. **(экологиялық мәдени дағдылар,қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Тақпақ. Жеміс біткен бау-бақша, Жемін жайды жан-жаққа. Бақта құстар сайрады, Құйқылжытып сан-саққа. Қолға ап бақша құралын, Суды атызға бұрамын. Ағаш түбін қопсытып. Арам шөпті жұламын.	Торғайды бақылау **(экологиялық мәдени дағдылар,қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсаты: торғайдың пайда болу ерекшеліктері, өмір көріністері туралы білімді тереңдету; балалардың назары мен жадын белсендіру. Бақылау барысы: - Торғай қандай? - Ол немен қоректенеді?	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. Ауа райын бақылау **(экологиялық мәдени дағдылар,қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Бақылау: бірінші күзгі өзгерістер туралы

	жапырақты қарағай және шырша). Сыртқы бейнелеріне қарап: қарағай – ұзын инелері бар, шыршаларға қарағанда ашық түсті; шырша – инелері қысқа және онша ашық түсті емес. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. **Қимылды ойын «Бос орын». (дене тәрбиесі)** Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау. *Еңбек: құстарды тамақтандыру. Табиғат бұрышының мекендеушілерін тамақтандыру.* Өз бетімен ойындар: өз бетінше ойнай білу қабілетіне тәрбиелеу.	келген. (Шетен ағашы) Бақылау: сыртқы белгілерге қарап бұталардың 2-3 түрін танып білу; оларды ағаштардан айыру. Табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Белгіні тыңда». **(дене тәрбиесі)** Ойын ережелеріне бағынуын, жауапты орындай білуін дамыту. *Еңбек: ағаштардың түбін қопсыту. Жолдастары мен ересектерге көмек көрсетуге тәрбиелеу.* Өз бетімен ойындар: «Қайық ойыны». 2-3 рөлді қосатын бірлескен ойындарға қатысу, бір-бірімен өзара әрекеттесуді дамыту.	Бақылау: ағаштардың түстерінің өзгеруін, өсуін көру, жемісін бақылау (ранетки). Жасыл, піспеген жемісті жеуге болмайды, тек піскен жемісті жеу керек екенін түсіндіру. Қимылды ойындар: «Қоян мен қасқыр». **(дене тәрбиесі)** Мәтіннің сөздігімен сәйкесінше әрекетті жасау білімділігін бекіту, ойынды дабылдың қағысымен бастау. Алаңның бойымен қозғалу. *Еңбек: «Құм салғыштан шашылған құмды жинастыру» Топ алаңындағы құмды өз ынтасымен жинастыруға үйрету; тазалыққа және ретке келтіру әдетін қалыптастыру.* Өз бетімен ойындар: тақырыпқа берілген ойынды жүргізу. Шығармашылық сезімдерін ояту. Ұстамдылығы мен ойынға деген қызығушылығын дамыту. Жемістер мен көкөністер туралы білімдерін бекіту.	- Қалай ән айтады? Торғай - кішкентай құс. Торғайдың артқы жағы қоңыр, қара жолақтары бар. Құйрығы мен қанаттары қара қоңыр, иек пен тамағы қара, бірақ басы сұр. Торғай - епті құс, қорықпай секіреді, үгінділер, тұқымдар, дәндер алады. Ол барлық жерде адамның әдеттеріне жақсы бейімделеді. Торғай "шиқ-шиқ" деп ән салады. *Еңбек: балабақша бақшасындағы арамшөптерді жұлуға үйретіп, арамшөптердің түріне қарай ажырата білу қабілетін бекіту.* Өз бетімен ойындар: ашық ойындары-қозғалыс бағытын өзгерте отырып, сигнал бойынша жылдам қозғалуға үйрету. "Допты ұстаңыз" - допты лақтыру және ұстау дағдыларын екі қолмен бекітуді жалғастырыңыз. **(дене тәрбиесі)**	және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр аспан, бұлыңғыр, бұлттың көшуі, күннің көзінің сирек шығуы, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Табиғатты сүюге баулу. *Қимылды ойын: «Қыз қуу» (қазақ халқының ұлттық ойыны).* **(дене тәрбиесі)** Балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару. *Еңбек: гүлдерден гүлшоғын жасау. Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу.* Өз бетімен ойындар: «Сүйікті ойыншықтармен ойнау». Қуанышты жағдайларға қол жеткізуге жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына жағдай жасау.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. *Суды және энергияны үнемді тұтыну дағдыларын қалыптастыру, түсінік беру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)*				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Жеке бас гигиенасының басты ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарында әңгіме жүргізу.	«Отбасымен серуендеу» атты тақырыбында көрме ұйымдастыру.	Жоба: "Жомарт күз" атты тақырыпта көрме ұйымдастыру.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	"Баланың серуенін қалай ұйымдастырамыз" тақырыбында ата-аналарға кеңес.



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ	
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	*Кентау қаласының білім бөлімі* *ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы*
Топ/сынып	***Ересек топ***
Тобы, топтың реттік саны, атауы	*«Қарлығаш»*
Балалардың жасы	***4 жастағы балалар***

Педагогтің аты-жөні	*Ташпенова Ұ.Б*				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	***06.10-10.10.2025ж.***				
	«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	Апта дәйексөзі: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу. Егерде бала ауырған болса, оның келмеуінің себебін ата-анасының балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігі туралы түсіндіру. «Бала өмірінде дәрумендердің маңызы» тақырыбында кеңес. Ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарға жауап беру. **Әңгімелесу "Баланы еңбекке тәрбиелеу".** Психолог кеңесі. *Мысалы: «Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?»* ***Ата-анаға кеңес: «Ұлттық тағамның бал денсаулығына пайдасы»*** *Денсаулыққа: • ет тағамдары (бешбармақ, қазы, қарта) – күш-қуат береді, • сүт тағамдары (қымыз, шұбат, айран) – ас қорытуға пайдалы, дәрумендерге бай, • нан тағамдары (бауырсақ, шелпек) – қуат береді.* *Өнегелі 15 минут*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсаты: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)**	**"Орындықтарды жуу".** Мақсаты: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге деген ынтаны, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу." **(еңбек дағдылары)**	Табиғат бұрышындағы кезекшілік күні бойы балалар тірі объектілер үшін жауапкершілікті сезінетіндей етіп ұйымдастырылуы тиіс. Егер олар таңертең барлық нәрсені жасаса (балықты тамақтандырып, гүлдерді суарып, торды тазартады және т.б.), содан кейін оларға тіршілік иелері мен өсімдіктерге назар аударудың қажеті юолмай қалады, сондықтан мұғалім балаларға күні бойы міндеттерді бөлуге көмектескені жақсы: балықты таңертең тамақтандыруға болады, ал өсімдіктерді кейінірек суаруға болады. Мұғалім балалардың	Балалардың еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуге үйрету, бір-біріне кедергі жасамай еңбек етуге үйрету. "Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсаты: балалардың ұғымында өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғал сүйгіш және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді және көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған	**"Оқу қызметіне дайындық".** Мақсаты: кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: сабақ үшін тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою, қажет болса оларды сабақтан кейін орнына жинау. **(еңбек дағдылары)**

			түсінігінде өздері жасаған жұмыстың ұжым үшін маңыздылығы туралы түсінік қалыптастырады, айналасындағыларға қамқорлық көрсете отырып, өз жұмысын уақытында істеуге деген ұмтылысты дамытады. **(еңбек дағдылары)**	қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	
	ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Әнұранын шырқау. ***(тіл дамыту, қазақ тілі) «Елімнің туы»*** *Мемлекеттік ту туралы мағлұмат беру; асықтан тудағы бүркіт бейнесін құрастыруға үйрету; саусақтың ұсақ бұлшық етінің қозғалысын жетілдіру; балалардың тілін дамыту және сөздік қорын молайту. Қазақтың ұлттық мәдени құндылықтарын құрметтеуге тәрбиелеу.*	***Қауіпсіздік сабағы Төтенше жағдай кезінде жедел қызметтерге телефон соғу скриптері*** *Тақырып бойынша телефон нөмірлерімен таныстыруды жалғастыру. Бейтаныс адамдарға телефон арқылы сұрақтарға дұрысжауап беру мүмкіндігі туралы, өрт сөндіру бөліміне дұрыс қоңырау шала білу және жедел жәрдем қызметіне дұрыс қоңырау шала білу дағдыларын қалыптастыру* **"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны. (құрастыру)** Мақсаты: баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру. Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері	***Күй күмбірі "Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; **(музыка)** *«Менің Отаным» тақырыбында әңгімелесу* ***(қазақ тілі, тіл дамыту)*** ***Қауіпсіздік сабағы*** *«Үйдегі қауіпсіздік ережелері» Үйдегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыруды жалғастыру: Үшкір заттарды қолданбау, электр қуатын пайдаланбау, терезеден қарамау, су қолмен эектртоғын ұстамау т.б (суреттермен жұмыс, таныстыру, көрсету)*	**"Өрнекті құрастыр" дидактикалық ойыны. (құрастыру)** Мақсаты: зейін, қабылдау, ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыту, түстер жайлы білімдерін бекіту, шығармашылық қабілеттерін ұштау. *Асықтан өрнектер құрастыруға үйрету Балаларға күйді тыңдай отырып, іс-әрекет жасауға дағдыландыру.* **"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу. (танымдық дағдылар, математика негіздері)** Мақсаты: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері. Педагог суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді.	***Күй күмбірі "Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; **(музыка)** ***Қауіпсіздік сабағы*** *Балаларға арналған негізгі ережелер: 1. Электр құралдарына қол тигізбеу (шам, розетка, тоқ өткізгіш сым). 2. Ыстық заттардан сақ болу (пеш, шәйнек, үтік). 3. Қайшы, ине, пышақ сияқты өткір заттарды ұстамау. 4. Дәрі-дәрмектерді өз бетімен ішпеу. 5. Терезеден еңкеймей, балконда ойнамай жүру. 6. Үйде бөгде адамға есік ашпау. 7. Қауіп төнсе – ата-анаға айту.* **Дидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап». (тіл дамыту, қазақ тілі)** Мақсаты: балаларды әр құстың көлеңкесін тауып

		(көлемдері 7×8 см карточкалар).			орналастыруға үйрету. Тілдерін дамтыу. Құстардың атауын атап, сипаттауға үйрету. ***Асық ату (хан ату).*** *Ойынға бірнеше адам қатысады. Әрбір ойыншылар кезекпен қолдағы асықтарды сырмақ үстіне шашады. Арнайы белгілеген асықпан (сақамен) қалған асықтарды шертеп атады. Басты шарты ұқсас асықтарды ғана атады. Басқа асықтарға тигізбей атып алынған асық, ұпай ретінде олжаланады. Ойын осылай жалғаса береді…* **Еркін ойындар** Мақсаты: балаларға ересек адамның көмегімен ойын үшін ыңғайлы орынды таңдау, ойын ортасын ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру.
Таңертенгі жаттығу	Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу; 2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру; 3-таяқшаны алдыға созып ұстау; 4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру; 5-таяқшаны алдыға созып ұстау; 6-бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау. 1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу; 3-4- бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау; 2-сол аяқты оның қасына алып келу; 3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау; 4-сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру; 2-оңға иілу; 3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру; 4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады.				

	(дене тәрбиесі)				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолдарын жуғызып таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу Таңғы асқа дайындық ***«Үнемді тұтыну»*** *Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету* ***«Судың тамшылары»*** *Мақсаты: суды бағалауды үйрету.* *Барысы: балалар қолдарын біріктіріп, тамшы пішінін жасайды.* *Тәрбиеші: • «Кранды жапсақ – тамшы сақталады», • «Ашық қалдырсақ – тамшы жоғалады».* *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету,көркем сөз)*				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	***Күй күмбірі*** ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; **(музыка)**	- О, керемет қандай тамаша! Таң атты ғой бүгін басқаша! Жаңаша көңіл күймен қарайық! Достарымызға жылулық сыйлайық! Жомарт күз тақырыбында әңгімелесу. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)**	- Қайырлы күн, Шуақты күн! Қайырлы күн, Көк аспан! Қайырлы күн, достарым! Қайырлы күн, Балабақшам! Жемістер туралы әңгімелесу. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)**	«Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында әңгімелесу **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)**	Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты! Күлімдеп күн шықты , Жадырап нұр төкті. Қайырлы күн достарым! Күз сыйы тақырыбында әңгімелесу. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** "Баланс сақтай аламыз". Мақсаты: балаларды сапта бір-бірлеп жүгіруге; гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуге үйрету. "Өрт сөндірушілер" қимылды ойыны. **Шығармашылық іс-әрекет «Бұтақтағы алмалар».** тақырыбында балалар қалаулары бойынша ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)*** іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* қылқалам арқылы ағаш	**Музыка** "Күз жомарт". Мақсаты: балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету. Дидактикалық ойын: "Біздің саяхат". **Қазақ тілі математика негіздері кіріктірілген сабақ** "Көгөністер мен жемістерді жинаймыз *Геометриялық пішіндер*". Мақсаты: балалардың "күзгі астық", "қысқы дайындық" туралы түсініктерін қалыптастыру; жемістер мен көгөністердің ерекшеліктері бойынша топтастыру туралы	**Дене тәрбиесі** "Допты қақпаға дәлдеп домалату". Мақсаты: балаларды сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауға жаттықтыру. *Қимылдарды музыка әуенімен орындайды* "Ара доп" қимылды ойыны. **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Жемістер". Мақсаты: балаларды жемістің бірнеше түрімен таныстыра отырып, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін	**Музыка** "Күз жомарт" пысықтау Мақсаты: балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету. Дидактикалық ойын: "Біздің саяхат". **Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы. (көркем әдебиет, тіл дамыту)** Мақсаты: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. "Төрт досым". Төрт досым жанымнан өткен: Жаз, күз, қыс және көктем. Ұмытпаймын не бүгін, не ертең: "Жаз, күз, қыс және көктем".	**Дене тәрбиесі** "Епті баламыз". Мақсаты: балаларды табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеуге үйрету. *Қимылдарды музыка әуенімен орындайды* "Кешігіп қалма" қимылды ойыны. **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Жапырақтар әлемі". Мақсаты: балаларға күз туралы ұғым беру; күзгі әлем кереметтерімен таныстыра отырып, танымдық қызығушылықтарын арттыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау барысындабалалар қалаулары

	бұтақтарын, алманы бейнелеуді үйрету, дөңгелек пішіндерді қылқаламның ұшымен салып, ішін баланың өзі қалаған қызыл, жасыл немесе сары бояулармен, сұлбасының шетіне шықпай салу тәсілдерін игерту; жаңа аралас түстердің атауларымен таныстыру; *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* алмаға тән ерекшеліктерді беру, бөлшектерді саусақтың және қырнауыштың көмегімен келтіре отырып, екі қолмен мүсіндеуге дағдыландыру; жұмыс кезінде қырнауышты дұрыс пайдалана отырып, қол бұлшықеттерін дамыту; заттың пішіні мен пропорциясына назар аудара отырып, негізгі ерекшеліктерін байқауға және атауға үйрету; *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* алма және жапырақ қима үлгілерін қағаз бетіне жапсыруды үйрете отырып *Құрастыру іс-әрекеті* үлгі схема бойынша құрастыруды үйрету; себет салу туралы балалардың ойларын жетілдіру, зейінді және қолдың ұсақ моторикасын дамыту ***Ұлттық қимылды ойын*** ***Ат жарыс*** *Бұл ойын екі командаға бөлініп ойналады.* *Ойын шарты: Балалар тәрбиешінің «Алға»-деген белгісі бойынша, ат үстіндегі қимылын салып жарысады. Қай команда мәреге тез жетіп бітіреді. Сол команда жеңімпаз болады. Ат кескін бет пердесін тақымға қысып мәреге шауып жету.* *К\Құралдар: Екі командаға аттың кескін бетпердесі.*	білімдерін пысықтау. Сөздік жұмысқа арналған интеллектуалды карта "Жемістер мен көгөністер". Суретті-карточкалардың қолданылуымен лого ырғақ "Жемістер-көгөністер". Сөздік жаттығу "Не жасырылған? Бұл не?". Грамматикалық дұрыс сөйлеуге арналған зерттеушілік негізде сөздік жаттығу "Айналамыздағы геометриялық пішіндер". **Үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы. «Кірпілерге алма жинап берейік». (математика негіздері)** Балалардың алдына тең екі жолақты, көлденең карточка беріледі. Әр жолақтың оң жақтағы соңғы шақпақтары жіңішке жолақпен қоршалған. Соңғы белгіленген жоғары жолақта жатқан шақпақта бір, екі, үш немесе үш саны салынған. Ыдыстарға саны төрт-бестен кірпілер мен жемістердің үлестірмелі кескіндері, тағы бір ыдыстарға бірден төртке дейін екі данадан сандар жинақтары салынады.	кеңейту. Дидактикалық ойын: "Ғажайып қап". **Шығармашылық іс-әрекет «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»** тақырыбында балалар қалаулары бойынша **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті бойынша*су бояуы мен қылқаламды пайдаланып қызанақ пен сәбіздің суретін бейнелеп салу. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша*қызанақ пен сәбіздің толық пішіні алынғанға дейін мүсіндеу. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* қызанақ пен сәбіздің бейнесін қиып, қағаз бетіне желімдеу. Құрастыру іс-әрекеті бойынша қағаздан құрастыруды үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу	Д. Ахметова. **Артикуляциялық жаттығу. (қазақ тілі)** 1) Ара болсаң, ызыңда З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж Жұмыс істе, тығылма. - Ара қалай дыбыстайды? (з- з-з) - қатты\жай 2) «Зе-зе-зе, зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «За-за-за, за-за-за – үйдің іші тап-таза», «Зу-зу-зу, зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу», «Са-са-са, са-са-са – ызыңдайды маса.	бойынша ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)*** іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.. Дидактикалық ойын: "Қай ағаштың жапырағы?". **"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы. (математик негіздері)** Мақсаты: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту. Құралдары: геометриялық пішіндер жинақнамалары, шаршы пішінді парақтар.

Серуенге дайындық	Мақсаттары: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету)*				
Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **Аспанды бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Бақылау: табиғаттағы күзгі өзгерістерді бақылау жұмысын жалғастыру. Бұлттар сұр түсті болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғат арасындағы өзгерістерді байқату: күннің суытуы, құстардың ұшып кетуі. Табиғат туралы түсініктерін әрі қарай дамыту. **Қимылды ойын:«Ұшақтар». (дене тәрбиесі)** Дабыл бойынша қимыл жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды бекіту. Көтеріңкі көңіл-күйде болу. Еңбек: құрғақ жапырақтарды жинау, гүлзардағы гүлдердің тұқымын жинастыру. Үлкен адамдардың тапсырмаларын орындауға үйрету. Оларға көмектесу. Бастаған істі аяқтауға талпындыру. **Өз бетімен ойындар: «Ұшақтар».** Ұсынылған тақырып бойынша	**Жаңбырды бақылау (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсаты: табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы балалардың білімін толықтыру. Бақылау барысы. Күзгі жаңбыр жазға мүлдем ұқсамайды. Күзгі жауын-шашын суық болады. Кішкентай тамшылар жерге түсе бастаса, екі, үш күн тоқтамай жауып тұруы мүмкін. Әрі жиі және тоқтаусыз. Аяқтың асты балшық, аспан тұнжыраған, дала сұрланып, суық жаңбыр жауады. Күздегі жаңбырдан соң, қыс келіп, қар жауады. Адамдар жаңбырда пальто мен етікпен жүреді. Тіпті құстар да жасырынып, қауырсындарын сулағысы келмейді. Жаңбыр жауған кезде, ұзаққа созыла ма? Ол қандай көңіл-күйді тудырады? Табиғат жаңбырға қалай әсер етеді? Бұлттар мен аспан қандай көрінеді? **Еңбек қызметі** Ойыншықтарды жинау. Балаларда ойыншықтарды жинау және тәртіп орнату туралы түсінік қалыптастыру. ***Ұлттық қимылды ойын Ат жарыс***	**"Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау (шырша, қарағай). (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ. Қысы-жазы бір түсте. (Шырша) Бақылау: балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды танып білу (2 түрі қылқан жапырақты – қарағай және шырша). Сыртқы бейнелеріне қарап: қарағай – ұзын инелер, шыршаларға қарағанда ашық түсті; шырша – инелері қысқа және онша ашық түсті емес. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. ***Ұлттық ойын Асық ату (хан ату).* (дене тәрбиесі)** *Ойынға бірнеше адам қатысады. Әрбір ойыншылар кезекпен қолдағы асықтарды сырмақ үстіне шашады. Арнайы белгілеген асықпан (сақамен) қалған асықтарды шертеп атады. Басты шарты ұқсас асықтарды ғана атады. Басқа асықтарға тигізбей атып алынған асық, ұпай ретінде олжаланады. Ойын осылай жалғаса береді…* **Қимылды ойын «Бос орын». (дене тәрбиесі)** Жүгіру, жүру, секіру сияқты	Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерді ретімен киюге, түймелерінің қадалғанын қадағалау, бір-біріне көмектесуге үйрету. **Аула сыпырушының жұмысын бақылау.(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** *Мақал-мәтел.* *Еңбексіз өмір – сөнген көмір.* Бақылау: аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, тәрбиелеу. **Қимылды ойын: «Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны). (дене тәрбиесі)** Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту. **Еңбек:** аула сыпырушыға көмектесу Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге деген құштарлықтарын дамытып, тәрбиелеу. ***Ұлттық ойын***	Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерді ретімен кюиге, түймелерінің қадалғанын қадағалау, бір-біріне көмектесуге үйрету. **Шалшық суды бақылау (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Көркем сөз. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға бетіңді жу. Тазалықтың досы, Су дегенім осы. Бақылау: балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың тез сіңіп, ал күзде, салқын түскенде ақырын сіңіп кететініне мән бергізу. Тәжірибе. Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру. Мақсаты: кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбірулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау. **Қимылды ойын: «Бір аяқпен жолдан секіру». (дене тәрбиесі)** Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету.

	ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру.	**(дене тәрбиесі)** *Бұл ойын екі командаға бөлініп ойналады.* *Ойын шарты: Балалар тәрбиешінің «Алға»-деген белгісі бойынша, ат үстіндегі қимылын салып жарысады. Қай команда мәреге тез жетіп бітіреді. Сол команда жеңімпаз болады. Ат кескін бет пердесін тақымға қысып мәреге шауып жету.* *К\Құралдар: Екі командаға аттың кескін бетпердесі.* **Ұжымдық ойындар** **(дене шынықтыру)** "Бұғының үлкен үйі бар". Қимылдарды мәтінмен байланыстыру қабілетін бекіту. "Мысық . Балалардың жүгіру дағдыларын дамыту; **Өз бетімен ойындар.** "Батыл балалар". Жылдам жүгіруге жаттықтыру.	жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау. Еңбек: құстарды тамақтандыру Табиғат бұрышының мекендеушілерін тамақтандыру. Өз бетімен ойындар. Өз бетінше ойнай білуге тәрбиелеу.	***Теңге ілу.*** **(дене тәрбиесі)** *Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінелі. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан тас салынады. Содан екі топтан екі саыскер шығады.сызыққа келіп қатарласып тұрады.* Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйыңғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға тжетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді. Өз бетімен ойындар: доппен ойын Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. Олардың ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезімін оята білу.	**Еңбек:** «Балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау». Еңбектің маңыздылығын сезінуге және үлкендерге көмектесуге үйрету. **Өз бетімен ойындар:** гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ т.б.). Балалардың қосалқы ойындарға деген қызығушылықтарын дамытып, достық қарым-қатынаста ойнауларын қадағалау.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Таңғы асқа дайындық ***«Үнемді тұтыну»*** *Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету* ***«Судың тамшылары»*** *Мақсаты: суды бағалауды үйрету.* *Барысы: балалар қолдарын біріктіріп, тамшы пішінін жасайды.* *Тәрбиеші: • «Кранды жапсақ – тамшы сақталады», • «Ашық қалдырсақ – тамшы жоғалады».*				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсаты: өзін үстел үстінде дұрыс ұстай білу қабілетін бекіту; жуу ережелерін бекіту. *Суды және энергияны үнемді тұтыну дағдыларын қалыптастыру, түсінік беру* **Көркем сөз** Сырттан келіп үнемі,				

	Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету,көркем сөз)*				
Күндізгі ұйқы	«Ақымақ қасқыр» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. «Қайық». Төсекте ішпен жатып , қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып оңға-солға тербелу. «Кемпірқосақ». Төсекте арқамен жатып аяғымен ауада шеңбер жасау. «Тышқандар». Массажды кілемшеде аяқтың ұшымен және өкшемен айналу. ***(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету,дене шынықтыру)***				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***Қауіпсіздік сабағы*** *«Бала қауіпсіздігі басты назарда»* *«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік ережелері»* *(суреттермен жұмыс, таныстыру, көрсету)* **Тіл дамыту.** "Көкөністер мен жемістер дауы әңгімесін мәнерлеп оқу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [о], [ө] дыбыстары". Мақсаты: балалардың "күз сыйлары", көгөністер мен жемістер, жөніндегі ұғымдарын жетілдіру, [О], [Ө] дауысты дыбыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болу мысалдарын көрсету. Артикуляциялық жаттығулар. [О], [Ө] дауысты дыбыстары. **«Музыка бояулары» музыкалық-дидактикалық ойыны.** **(музыка)** Мақсаты. Балаларды көңіл күйді білдіруге үйрету.	**Көркем әдебиет** "Алма". Мақсаты: балаларды "Алма" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіні мұқият тыңдауға үйрету. Дидактикалық ойын: "Алманың бөліктерін құрастыр". Ертегі желсі бойынша шығармашылық іс*-әрекет ұйымдастыру **Шығармашылық іс-әрекет** Балалар іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)*** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге машықтандыру.Аңдардың негізгі дене мүшелерін сопақшалар мен дөңгелек пішіндеріндің пропорциялық үйлесімділігін сақтау арқылы салу техникасын жетілдір *Сюжеттік сурет салу. Мүсіндеу іс-әрекеттері бойынша* бөлшектерді біріктіру арқылы сұр қоянды мүсіндеуге үйрету; мүсіндеу кезінде есу, созу әдістерін пайдалана отырып, ермексазбен жұмыс жасау	**Математика негіздері** Мақсаты: балалардың өздерінің қарсы алдындағы кеңістіктің "оң жақ", "сол жақ", "алды", арты" бағыттары жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру. "Қайда барсаң – соны табасың" дамытушы ойыны. ***«Жас эколог»*** *Топқа хат келеді. Хатты Эколог жіберіпті. Балалар біздің планетамызда ауа, сулар ластанып, орман ағаштары өртеніп, кесіліп жатыр. ауа ластануынан балалардың демалысы қиындап* көп ауыра береді. Завод, фабрикалар, түрлі өндіріс орындары және машиналар, космос корабльдері көбейді. Бірақ та, бұлар бізді қуантпайды. Біздер бақтардың гүлдегенін, құстардың сайрағаннан, ағаштардың жайқалып өскенін, жәндіктердің жыбырлап жүргенін өзендерден сылдырлап таза су аққанын, көбелектердің қанатын қағып ұшқанын қалаймыз. Балалар, сіздер де бізге көмекке келіңіздер.	**Вариативтік компонент** **Қызықты математика** **«Қайда барсаң – соны табасың» дамытушы ойыны.** Мақсаты. Балаға өзінің қарсы алдындағы кеңістіктің жақтарын тануды үйрету. Шарты. Педагог бөлменің әр жеріне жеміс пен көкөністердің нақпішіндерін салады. Мысалы, шкафтың жоғары сөресіне, төбеден жіпке байланған, төменгі сөреге, терезенің алдына, тағы басқа жерлерге. Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек**.** **Театрды сахналау.** "Шалқан" ертегісін қуыршақ театрымен сахналау. Ертегі желсі бойынша шығармашылық іс*-әрекет ұйымдастыру **Шығармашылық іс-әрекет** Балалар іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. ***(сурет салу, мүсіндеу,***	**«Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» сюжетті-ролді ойыны** **Ұйымдастырылған жұмыс** **Көркем шығармалар оқу** - «Айболит». К Чуковский; - «Дәрігер». Ж. Карбозин; - «Кім болам», В. Маяковский; • «Көмектесу», Б Житков; - «Кім емдейді» М. Әлімбаев. **Өнімді іс-әрекет түрлері** - атрибуттар, рецептер, дәріқағаз, карточкаларды дайындау; - дәріханаға таблеткалар, басқа ассортимент әзірлеу. **Балалармен әңгімелесу** - дәрігер мамандығы бойынша әңгімелесу: медбике, ауру және т.б. - иллюстрациялар бойынша медициналық мамандар туралы әңгімелесу. **Дидактикалық ойыны** - «Кім не істейді» - «Жұмыс үшін кімге не керек». **Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті**

	Ойынның мақсаты: музыканың сыр-сипатын ажырату. Ән, би, вальс, марш жанрларын ажырата білуге ықпал ету. Түрлі-түсті желпуіштердің түсіне қарай жанрларды ажырату. Ойынның шарты: жасыл түс - ән айту, қызыл түс - көңілді билеу, сары түс - вальс ырғағы, көк түс - марш ырғағы екенін түсіндіру. Музыкалық шығарма тыңдалады, бірнеше рет қайталап, желпуіштермен жаттығу жасай білуге үйретеді. Балалар әртүрлі жанрдағы музыканы тыңдап, желпуіштерді көтеруді үйренеді	іскерліктерін жетілдіру; *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* құс бейнесін бірнеше бөліктерге қиып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету; бөліктерді үйлесімді қолдана білуін жетілдіру Құрастыру іс-әрекеті бойынша геометриялық пішіндерді пайдаланып, қағаз бетіне аюды құрастыруды үйрету ***«Күй күмбірі»*** *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою* **Сюжетті-рөлдік ойын «Отбасы».** Мақсаты: отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа баулу. Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу.	Балалар, қоршаған ортаны қорғауға, ластамауға, көркейтуге бізді эколог мамандары шақырып жатыр екен, көмектесеміз бе? Біздер де экологтар сияқты табиғатты қорғауға көмектеейік.Балалар Эколог адамның өмірімен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауға ондағы құстар, өсімдіктер, жануарлар және адамдар өмірін қорғайтын, ауа мен судың ластанбауына көмектесіп, қорғайды. Соңғы кезде табиғат көп өзгеріске ұшырады. Себебі, көп машиналар лас газды ауаға шығарып, заводтар мен фабрикалар қалдықтарын ауа мен суларға төгеді. Д/О « Құстарды қорғау» Д/О: "Экологиялық белгілер" Тиым сөздер Құстың ұясын бұзуға болмайды. Орманда от жағуға болмайды. Суды ластауға болмайды. Құстың ұясын бұзуға болмайды. Д/О: «Жануарларды қорғау»: Қисынын тап (Суреттерді құрастыру) Эколог келеді балалар сендер табиғатты қорғауға көп көмектестіңдер, көп біледі екенсіздер. Мен сіздердің топтарыңды осы қоғамның мүшесі етіп қабылдап значок тапсырамын - деп балаларға значокты кеуделеріне тағады. "Жасыл әлем" қоғамына қабылдау..	***жапсыру, құрастыру)*** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге машықтандыру.Иттің немесе мысықтың негізгі дене мүшелерін сопақшалар мен дөңгелек пішіндеріндің пропорциялық үйлесімділігін сақтау арқылы салу техникасын жетілдіру *Мүсіндеу іс-әрекеттері бойынша* бөлшектерді біріктіру арқылы итті, мышықты, тышқанды мүсіндеуге үйрету; мүсіндеу кезінде есу, созу әдістерін пайдалана отырып, ермексазбен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* шалқан бейнесін қиып, желімдеу. Құрастыру і с-әрекеті бойыша ***«Күй күмбірі»*** *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою* **"Ертегі кейіпкері" дидактикалық ойыны. (құрастыру)** Мақсаты: зейін, қабылдау, ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыту, түстер жайлы білімдерін бекіту, шығармашылық қабілеттерін ұштау	- «Жедел жәрдем» суреті - айналамен таныстыру, суреттерді қарау «Емхана». **Ата-аналарменмен жұмыс** • атрибуттар жинақтауға қатысу; ***Төтенше жағдай кезінде жедел қызметтерге телефон соғу скриптері*** *Тақырып бойынша телефон нөмірлерімен таныстыруды жалғастыру.* *Бейтаныс адамдарға телефон арқылы сұрақтарға дұрысжауап беру мүмкіндігі туралы, өрт сөндіру бөліміне дұрыс қоңырау шала білу және жедел жәрдем қызметіне дұрыс қоңырау шала білу дағдыларын қалыптастыру*
Балалармен жеке жұмыс	**«Сиқырлы суреттер».** Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту.	**Дидактикалық ойын «Жеміс-жидектерді ажырат». (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)** Мақсаты: жемістер мен	***Төтенше жағдай кезінде жедел қызметтерге телефон соғу скриптері*** *Тақырып бойынша телефон нөмірлерімен таныстыруды*	**«Көкөністер мен жемістер» (қазақ тілі)** Мақсат-міндеттер:заттардың сын-сипатын, санын, қимылын білдіретін сөздерді айтуды	**"Өрнекті құрастыр" дидактикалық ойыны. (құрастыру)** Мақсаты: зейін, қабылдау, ойлау қабілетін, ұсақ қол

	Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі суреттердің қиылған бөліктері. Ойынның мазмұны: балалар алдарындағы үлгі бойынша суреттердің қиылған бөліктерінен сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну. **(тіл дамыту, құрастыру)**	көкөністерді бір-бірінен ажырата білу, ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог әр баланың алдына көкөністер мен жеміс-жидектердің суреттерін таратады. Бала тек жеміс-жидектерді жинап алуы керек.	*жалғастыру.* *Бейтаныс адамдарға телефон арқылы сұрақтарға дұрысжауап беру мүмкіндігі туралы, өрт сөндіру бөліміне дұрыс қоңырау шала білу және жедел жәрдем қызметіне дұрыс қоңырау шала білу дағдыларын қалыптастыру*	үйрету	моторикасын дамыту, түстер жайлы білімдерін бекіту, шығармашылық қабілеттерін ұштау. *Асықтан өрнектер құрастыруға үйрету* *Балаларға күйді тыңдай отырып, іс-әрекет жасауға дағдыландыру.*
Серуенге дайындық	Мақсаттары: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. *(өзіне қызмет ету)*				
Серуен	**Күн-жылу мен жарық көзі. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсаты: күн-жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу. Зерттеу. Күнге қарап, сұрақтарға жауап беруді ұсыну. - Күнге қарағанда, өзіңді қалай сезінесің? - Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме? Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды. Біраз уақыттан кейін, балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді. Күн көзінде зат қызатынына	**Желді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсаты: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру. **"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы.** Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді. - Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз. - Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер. - Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер.	**Суды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсаты: балаларға сумен ұқыпты жұмыс істеуді дағдыландыру; судың қасиеттері жайлы түсініктерін нақтылау; судың табиғи сұйық зат екендігіне көз жеткізу; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Бақылау барысы. Судың қасиеттеріне көңіл аудару. Су әртүрлі температурада болады: мұздай суық (тоңазытқыштан мұздар текшелері), жылы (қолды жуғанда) және ыстық (шәйнекте су қайнатылғанда). Су күннің көзінде ысыйды. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады.	**Мысықты бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсаты: балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға, деген қызығушылыққа, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Көркем сөз. "Мысық". Үстінде үйдің Тұр еді мысық. Қасына келді Бір торғай ұшып. бассалмақ болып, Ыршыды мысық. Жалт берді торғай, Пыр етіп ұшып. Биіктен жерге Топ ете түсіп, Мысықтың қалды	**Аспанды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсаты: балаларды аспанның ашық не бұлтты екенін анықтап; бұлттарды белгілі бейнелерге ұқсас екендігін байқауға машықтандыру; ой-қиялын, зейінін, бақылау қабілетін дамыту. Көркем сөз. "Аспанда". Аспан малға толып кетті - Бұлттар түлік болып кетті: Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты мешке болып. Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып.я Қ. Мырзалиев **Еңбек әрекеті: ағаштағы құрғақ бұтақтарды жинау.**

	қорытынды жасау. **Еңбек тапсырмалары: кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу.** Мақсаты: жасы кішіге көмектесуге ұмтылуға үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Ұлттық ойын** **"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Ойын мақсаты: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Жабдығы: ақ сүйек. **"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны.**	**Еңбек әрекеті: ойын алаңына ағаштардан құрап түскен ұсақ бұтақтарды жинау.** Мақсаты: аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)** Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. **"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы.** **(дене тәрбиесі)**	Қыста су қар, мұз күйінде болу мүмкін, ұстаса - өте суық. **"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы.** Мақсаты: балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту. - Балалар, шайды біз сұйыққа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндеріңді көрейік. Педагог балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды. Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад. Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стақандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады. **"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі.	Жамбасы ісіп. Б. Соқпақбаев **Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап, шығару.** Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады: - Мысығымыз момықай, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп,	Мақсаты: құралдарды қолдануды үйрету, еңбек біліктіліктерін дамыту. **"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсаты: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. **"Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсаты: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын

	Мақсаты: қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту. **Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар.** "Шеңберді дәлде". Мақсаты: нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру.	Мақсаты: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады. - Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс. **"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы.** **(дене тәрбиесі)** Мақсаты: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті. "Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады. **"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы.** **(дене тәрбиесі)** Мақсаты: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру. **Еркін ойындар: шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалыс**ты дамыту, секіртпеден секіру.	алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Ойынды алаңның бірнеше жерінде бірнеше топ балалар үшін ұйымдастыруға болады. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету)*				

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Бала өмірінде дәрумендердің маңызы» тақырыбында кеңес.	Отбасындағы балалардың музыкалық тәрбиесі.	Психолог кеңесі. Мысалы, «Ересектердің балаларға үлгі көрсетуі, салауатты өмір салтына баулуы».	"Баланың агрессивті мінез-құлқы" атты тақырыпта ата-аналарға кеңес.	Балаға ертегінің маңыздылығы жайлы ата-анамен әңгімелесу.



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ	
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	*Кентау қаласының білім бөлімі* *ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы*
Топ/сынып	***Ересек топ***
Тобы, топтың реттік саны, атауы	*«Қарлығаш»*

Балалардың жасы	***4 жастағы балалар***				
Педагогтің аты-жөні	*Ташпенова Ұ.Б*				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**13.10-17.10.2025ж.**				
	«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында **ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	Апта дәйексөзі: «Отанды сүю, отбасынан басталады!»				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Медбике және психологпен бірлескен жұмыс. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта - балабақша туралы, тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелесу. Әңгімелесу "Баланы еңбекке тәрбиелеу". Психолог кеңесі. Мысалы, «Ересектердің балаларға үлгі көрсетуі, салауатты өмір салтына баулуы». Әңгімелесу, кеңес беру. «Тұмаудың алдын алу жолдары» *- балалармен бірге телехабарларды қарау және олардың пайдасы, маңыздылығы, алуан түрлілігі туралы әңгімелесу.* ***Ата-анаға кеңес: «Ұлттық тағамның бала үшін әлеуметтік маәні»*** *Әлеуметтік маңызы: • дастархан басында бала отбасылық әдет-ғұрпты үйренеді, • бірлікке, сыйластыққа тәрбиелейді.* *Өнегелі 15 минут*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсаты: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек дағдылары)**	Балаларды балабақшадағы еңбек жұмыстарына араластыру, ойын бұрышындағы кезекшілікті атқаруға үйрету. Балаларды жұмысты бастап оны аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. *"Бөлме өсімдіктерін жуу".* Мақсаты: балаларға суару әдістері (тегенде, жапырақтардың астынан) және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасау ниетін дамыту. Балаларды қолжетімді көмекке тарту, жабық өсімдіктер туралы балалардың ойларын нақтылау. **(еңбек дағдылары)**	Балалардың еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуге үйрету, бір-біріне кедергі жасамай еңбек етуге үйрету. *"Бөлме өсімдіктерін суғару".* Мақсаты: өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатындығын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған	"Орындықтарды жуу" Мақсаты: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне жәрдемдесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету, оларды дымқыл шүберекпен сүртіп, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени -гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге деген ынтаны, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегілер мен әңгімелердің кейіпкерлері арқылы «Еңбек түбі – зейнет» ұғымын түсіндіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы: «Бір уыс мақта», « Бұзау бақтым», Қайдан келдің бауырсақ?» деген әңгіме, ертегілер арқылы балаларға барлық заттардың еңбекпен келетіндігін түсіндіру. *"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".* Мақсаты: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Балаларға

			қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**		өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)**
	«Қылқалам ханшасы». Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. *ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Әнұранын шырқау.* **(тіл дамыту, қазақ тілі)** ***Арқан тарту.*** *Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады.* *Қай топ арқанды өз жағына тартып алып, кетсе сол топ жеңіске жетеді.* *Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса , құламаған бала жеңіске жетеді.*	***Күй күмбірі*** ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** *Балалармен күй тыңдау* ***Қауіпсіздік сабағы*** ***«Өрт сөндіруші»*** ***(рөлдік ойын)*** *Құралдар: ойыншық шланг, каска, машина макеті.* *Барысы: балалар өрт сөндірушілер рөлін ойнап, «отты» сөндіреді.* ***Хан «алшы»*** *Бұл ойынға 5 немесе 10 бала қатыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы. Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көзден құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк, шік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.* *Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады*	***Күй күмбірі*** ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** *Балалармен күй тыңдау* **Дидактикалық ойын "Баспанасын тап". (қоршаған әлеммен таныстыру)** Мақсаты: жануарлар мен жәндіктер туралы балалардың білімдерін бекіту. Ойын шарты: допты әр балаға кезекпен лақтыра отырып, мұғалім сұрақ қояды, ал допты қайтарған бала жауап береді. **"Моншақтарды жинаймыз" дидактикалық ойыны. (математика негіздері)** Мақсаты: геометриялық пішіндерді екі қасиеті бойынша (түсі мен пішіні, көлемі мен пішіні, көлемі мен пішіні) топтастыру біліктіліктерін қалыптастыру, пішіндердің кезектесуіндегі қарапайым заңдылықтарды көру.	***Қауіпсіздік сабағы*** *Балаларды жедел қызмет нөмірлерімен (полиция, өрт сөндіру, жедел жәрдем, газ қызметі) таныстыру. Төтенше жағдай кезінде телефон соғу нұсқауларының негізгі элементтерін көрсету. Әртүрлі төтенше жағдайларда телефон соғу скриптерін әзірлеуге және есте сақтауға үйрету, жедел қызметтерге телефон соғу жаттығуларын жүргізу.* **Дидактикалық ойын «Зат неге ұқсайды?». (математика негіздері)** Мақсаты: балаларды бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету.	***Қауіпсіздік сабағы*** ***Өрт қауіпсіздігі*** *Балаларға арналған негізгі ережелер:* *1. Сіріңке, зажигалка – ойыншық емес! → Тек үлкендер ғана қолданады.* *2. Пешке, газға, шамға жақындамау.* *3. Электр құралдарын өз бетімен қоспау.* *4. Шамды, пешті, плитаны бақылаусыз қалдырмау.* *5. Үйде түтін шықса – бірден үлкендерге айту.* *6. Егер өрт шықса: • «101» нөмірін ата-анасына айту, • Үлкендермен бірге үйден шығу.* *«Менің Отаным Қазақстан» тақырыбында суреттер қарау, әңгімелесу* *Ұлттық ойын «Қыз қуу»*

Таңертенгі жаттығу	Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу; 2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру; 3-таяқшаны алдыға созып ұстау; 4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру; 5-таяқшаны алдыға созып ұстау; 6-бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау. 1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу; 3-4- бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау; 2-сол аяқты оның қасына алып келу; 3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау; 4-сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру; 2-оңға иілу; 3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру; 4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады. *(дене тәрбиесі)*				
Таңғы ас	Таңғы асқа дайындық ***«Үнемді тұтыну»*** *Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету* Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. *Ойын- жаттығу:* Ас атасы - нан. Арпа, бидай ас екен, Алтын, күміс тас екен. Бір түйір нанның қадірін, Тарыққанда білерсің. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, көркем сөз)*				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Бидай туралы әңгімелесу. *Топыраққа тамыр жайып, өсіп-өн,* *Алтын бидай, дархан дала төсінен* *Мынау байтақ Қазақстан атағын* *Жер жүзіне мәшһүр еткен несібем* *(Мылтықбай Ерімбетов)* **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)**	*"Нан қалай пайда болады?" суреті бойынша, әңгіме құрастырып айтып беруге үйрету.* *Мақал-мәтел* *Нан астығын жинаймын,* *Елге астық сыйлаймын* (мақал-мәтелді жаттау) **(қоршаған әлеммен**	*Нанның піскеніне дейінгі еңбек туралы әңгімелесу.* *Дәйексөз* *Мақал-мәтел* *Нан астығын жинаймын,* *Елге астық сыйлаймын* (мақал-мәтелді жаттау) **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту,**	Бидай туралы әңгімелесу. *Топыраққа тамыр жайып, өсіп-өн,* *Алтын бидай, дархан дала төсінен* *Мынау байтақ Қазақстан атағын* *Жер жүзіне мәшһүр еткен несібем*	"Ас атасы - нан" тақырыбында әңгімелесу. ***Нан туралы мақал-мәтелдер жаттау.*** *1. Ас атасы — нан.* *2. Нан— тамақтың атасы,* *Ынтымақ — көптің батасы.* *3. Нан бар жерде ән бар* **(қоршаған әлеммен**

		таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі)	**қазақ тілі)**	*(Мылтықбай Ерімбетов)* Ұннан жасалатын тағам түрлері туралы әңгімелесу. Балалар киімдерінің түстеріне қарай 4 топқа бөлінеді. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі)**	**таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** "Мергендер жарысы". Мақсаты: балаларды сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұруға; 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіруге үйрету. "Алыптар мен құртақандар"қимылды ойыны **Тіл дамыту** "Еркежан әжей тақпағын мәнерлеп оқу". Мақсаты: балаларды тақпақты толықтай мұқият тыңдауға, мазмұны бойынша сұрақтарға, мәтін жолдарымен жауап беруге машықтандыру, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. "Нан өнімдері" дүкені. Рөлді және сөздік ойыны.	**Музыка** "Тәтті нан". Мақсаты: балалардың музыканы тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру. Дидактикалық ойын: "Көңілді – мұңды". **Қазақ тілі** Қазақ тілі "Сиқырлы бауырсақтар". Ыдыстар. Мақсаты: балаларды "Сиқырлы бауырсақтар" әңгімесімен, бауырсақтың дайындалу реттілігімен таныстыру; нан туралы түсініктерін дамыту; ыдыстың жана түрлерімен олардың қолданысымен таныстыру. Сюжетті тірек суреттер бойынша мәнерлеп әңгімелеу "Сиқырлы бауырсақтар". Сергіту сәті "Астық егемін". Көлеңкелі көрнекіліктер бойынша әңгіме құрастыру. Дидактикалық ойын "Дастархан әзірлеу". Есте сақтауға арналған сөздік жаттығу *"Есте сақта". "Ас атасы - нан".* **Шығармашылық уақыт** «Ас атасы нан» тақырыбында балалар	**Дене тәрбиесі** "Алға жүрелеп жылжу". Мақсаты: алға жүрелеп жылжи отырып, екі аяғымен жерде жатқан таяқшалардан аттап, секіруге үйрету және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру. "Торғай мен мысық" қимылды ойыны. ***Арқан тарту.*** *Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады.* *Қай топ арқанды өз жағына тартып алып, кетсе сол топ жеңіске жетеді.* *Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса , құламаған бала жеңіске жетеді.* **Көркем әдебиет** "Таба нан". Мақсаты: балаларды әңгіме мазмұнымен таныстыра отырып, нанның қасиеті мен бидайдың өзіндік ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру; әңгімені тыңдау кезінде нанның қасиетін эмоциялық сезіммен қабылдай білуге үйрету. Дидактикалық ойын: "Нан	**Музыка** "Адам еңбегіне жыр". Мақсаты: балалардың музыканы тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру. "Әуенді сағат" музыкалық - дидактикалық ойын. **Шығармашылық жұмыс** «Бауырсақ»ертегісі тақырыбында балалар қалаулары бойынша ***(жапсыру, сурет салу, мүсіндеу, құрастыру)*** іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге машықтандыру. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша*домаланған пішінді екі алақанның арасына салып, жалпақтау тәсілін пайдалана отырып, бауырсақты мүсіндеуді үйрету; Бет бейнесін дәндерден жасау. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* жазуға арналған жабысқақ қағазды бүктеу арқылы шырша, жүрекше және шеңбер пішіндерін қиып алуға, оларды жіпке шеттерінен жапсыруға, қуыршақ театры шымылдығын безендіруге үйрету; қайшымен жұмыс жасау іскерліктерін	**Дене тәрбиесі** "Арақашықты сақтау амалдары". Мақсаты: балаларды ойлы-қырлы тақтаймен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтауға; 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіруге үйрету. "Қос аяқпен секір" қимылды ойыны. **Шығармашылық жұмыс** «Қатық іздеген мысық» ертегісі тақырыбында балалар қалаулары бойынша ***(жапсыру, сурет салу, мүсіндеу, құрастыру)*** іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* мысықтың бейнесін бормен салу амалдарын үйрету; қағаздың ортасына мысықтың денесі мен аяқтарын доғалы сызық негізінде салып, бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына ұзын құйрықты салу тәртібін қалыптастыру; мысық бейнесін дене мүшелері мен сыртқы келбетін сызықтарымен толықтыруға талпындырту; *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* бөлшектерді біріктіру арқылы мысықты мүсіндеуге үйрету; мүсіндеу кезінде есу, созу әдістерін пайдалана отырып,

		қалаулары бойынша ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)*** іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* бормен көлемдері әртүрлі дөңгелектерді салып, ішін тіке жатқан ирек сызықтармен безендіріп, қылқаламмен дөңгелек сұлбасының бойымен, үстінен бояумен бояу техникасына үйрету. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* ермексазды екі кесекке бөліп, бір кесегінен бәліш жасау үшін дөңгелектеп, саусақтарымен оны жалпақ етіп жаюға, өздері қалаған ермексазды үзіп алып, дөңгелектеп салма жасауға, бәліштің үстіне салманы орналастырып, екінші ермексаз кесегін есу арқылы жіңішке пішін беріп, жіңішке пішіндермен бәлішті безендіріп, мүсіндеуге үйрету; *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* қағазды бұру арқылы, бұрыштарын кесіп алып, тостаған қимаүлгісін қағаздың тең ортасына, көлденең орналастырып жапсыруды, тостағанның тең ортасына сол жақтан оңға қарай оюлар жапсыруды үйрету; *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* комбайнның суретін құрастыруды ұсынады және де олар неше бөліктен тұратынын сұрайды	қалай пайда болады?". **Шығармашылық іс-әрекет** Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)*** Сурет салу іс-әрекеті бойынша ертегі кейіпкерлерін аңдарды бейнелеуге машықтандыру. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* ертегі кейіпкерлерін атай мен әжейді мүсіндеу. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* Сюжеттік жапсыру: барынша күрделі заттарды, жануарлар пішінін бейнелеу, заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру; *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* «Оригами»үлгісібойыншақарап айымпішіндерқұрастыру. "Әуенді сағат" музыкалық - дидактикалық ойын. **(музыка)**	дамыту; *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* қағазды бұру арқылы конусты, «оригами» әдісі бойынша түлкінің басын жасап, түлкіні құрастыруды үйрету; желім арқылы түлкінің басы мен денесін жапсыру іскерліктерін жетілдіру; ***«Күй күмбірі»*** *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*	ермексазбен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* Сюжеттік жапсыру: мысық пішінін бейнелеу, заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру; *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* мақта табақшаларынан мысықты құрастыруға үйрету; қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіре отырып, бүтін мақта табақшасын тең ортасынан қайшының көмегімен екіге бөлу іскерліктеріне дағдыландыру; қайшымен жұмыс істегенде қауіпсіздік техникасын сақтауды үйрету;
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. *(өзіне қызмет ету)*				
Серуен	**Желді бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар,**	**Аспанды бақылау. (экологиялық мәдени**	**Бағдарлау. Ойын алаңына экскурсия.**	**Аула сыпырушының жұмысын бақылау.**	**Қылқан жапырықты ағаштарды бақылау.**

	қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет) Мақсаты: күзгі желге назар аударту. Іс-тәжірибелік әрекет: жел бағдардың көмегімен желдің күшін анықтау. Балаларға желді, жалауларға, жапырақтарға қарап бар не жоқ екендігін, қай жаққа есетінін байқату. **"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы.** Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді. - Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз. - Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер. - Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер. **Еңбек әрекеті: шығарылған материалдарды жинау.** Мақсаты: балаларды серуеннен кейін ретке келтіруді үйрету: ойыншықтарды жинау, себетке салу, ойыншықтарды жинау. **"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып	**дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсаты: балаларды аспандағы болып жатқан құбылыстарды ажыратуға, атауға дағдыландыру; ауа райының құбылмалы екендігін түсінуге үйрету. Балаларды түрлі табиғат құбылыстарымен: ашық, бұлтты, бұлыңғыр таныстыру. **"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.** Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) **Еңбек әрекеті: гүлзардағы гүлдерді суару.** Мақсаты: балаларды тиісті еңбек әрекеттерін орындауды үйрету. **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып,	**(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсаты: балаларды бағдарлау барысына, басынан бастап, аяғына дейін, зейін салып, қатысуға бейімдеу; дүниетанымын кеңейту; өсімдіктер әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру. Балаларға балабақша ғимаратын айналып өтіп, аумағында не өсіп тұрғанын анықтауды ұсынады. Көркем сөз. "Ағаш". Қала да орман, қыр да орман. Сонау алыс жылдардан Өзен бойы, жол бойы Орман, орман ырғалған. Қаптай өскен өңірді Орман қандай өмірлі! С. Сейтхазин. Нақтылау: қайсысы ағаштар, бұталар, гүлдер. **Еңбек әрекеті: жолдарды сыпыру.** Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Үйректер мен аңшылар" қимыл-қозғалыс ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсаты. Ұйымшылдыққа, зейінділікке тәрбиелеу, өз қимыл-қозғалысын басқару біліктіліктерін дамыту, балаларды допты қозғалмалы нысанға тигізуге жаттықтыру, көру қабілеттерін дамыту. **"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсаты: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге	**(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсаты: танымдық әрекеттерін белсендету; еңбек нәтижесін бағалауды үйрету. Көркем сөз. "Көше тазалаушы". Таныссың ба, бала, менің ісіммен, Көшелерді сыпыратын кісі мен. Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз Сыпырғышым сыпырады тынымсыз. Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті, Қораптарды, түймелерді, тиекті. Шиқылдаған екі жақты арбамен Апарам да аударамын орға мен. Қадыр Мырзалиев Балаларға аула сыпырушының құрал-жабдықтарын атап, сол жабдықтарды жұмыста қалай қолданытынын көрсетуге шақыру. **Еңбек әрекеті: сәбилер тобындағы ойын алаңындағы гүлдерді суару.** Мақсаты: суқұйғышқа, шелекке су толтыру біліктілігін дамыту, суғару кезінде суды ұқыпты пайдалану, ұжымдық жұмысты мадақтау. ***Ұлттық ойын*** ***Үш табан*** *Бұл ойынды үш-төрт баладан топтап екі-үш жерде ұйымдастыруға болады. Ойын шарты бойынша әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі. (Бұл ойынның жылдам әрі қызықты өтуіне сеп). Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың*	**(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсаты: ағаштар жайлы білімдерін бекіту, қорытындылау, салыстыру, тұжырымдай білуді дамыту; қылқан жапырақтыларды өзге ағаштардан ажырата білуге баулу. Дауылға да, аязға да, Шыдап бағар міз бақпай. Тау етегі тұрағы, Жап–жасыл боп тұрады. (Қарағай) "Қысы – жазы шешпейтін, Көйлегі бар жасылдан. Өзгертпейді еш кейпін, Жаралғандай асылдан. (Шырша) Балалардан қарағай мен шыршаны қандай белгілерге қарап ажырататындарын сұрау. Екі ағаш қылқандарының ұзындықтары мен түстеріне көңіл аударуды ұсынады. Қылқан жапырақтылардың неге солай аталатынын туралы сұрау. Адам денсаулығына, табиғаттың жандануына жағымды ықпалы туралы баяндау. **Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы табиғи материалдарды жинау.** Мақсаты: еңбек етуге ниеттерін ояту, жұмысты таза және тиянақты орындау. **Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы.** Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.

	жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. **"Қарға мен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсаты: кеңістікті бағдарлауды үйрету, бір-біріне қағыспау біліктіліктерін дамыту, тәрбиешінің нұсқаулығын тыңдау; достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. **Дербес әрекет: еркін ойындар, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсаты: қимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлай білу дағды**сын қалыптастыру.**	жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту;ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. **"Жанды лабиринт" қимыл-қозғалыс ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсаты: тепе-теңдікті,ептілікті, қозғалыс жылдамдығын, тапқырлықты дамыту; бірлескен іс-қимылдардың реттілігін жаттықтыру. **Еркін ойындар: шығарылған материалмен ойындар, топтық ойындар.** Мақсаты: қимыл-қозғалысты дамыту, допты алға, қолды бүкпей беру біліктіліктерін бекіту; арақатынастарды дамыту.	машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды,ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қойып, "бояушы" қандай бояуды қалайтынын сұрап жатады. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады. Дербес ойындар: шығарылған материалмен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлай білуді, тепе-теңдікті сақтай білуді жетілдіру. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**	*ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі. Сақасы алшы түскен бала бірінші болып одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) «ұшуға» кіріседі. Ұшу дегеніміз-көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіру. Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атуға жолдама алады. Осылай болмаған жағдайда асқ ату бәрі ұшып болған соң бастапқы кезек бойынша жалғасады. Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді. Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншыны қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді. Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі бәсекелесіне кезек беруіне мәжбүр болады. Ереже бойынша ұтылған бала ойыннан шығып қалады. Сөйтіп, айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық (финал) сайысқа түседі. Бұл шешуші жарыста бірінші және екінші орынға ие болған мергендерге арнаулы жүлделер тапсырылса нұр үстіне нұр.* **Еркін ойындар: шығарылған материалмен ойындар.** Мақсаты: балаларға ойынға қажет құрылыс нысандарын	Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар, Қодық, құлан, Көжек, қоян, Бақа, шаян, Торғай, шымшық... Сен, қал! Сен, шық! Қадыр Мырза Али. **"Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; ойын желісіне белсенді қатысуға бейімдеу, басқарушы және ойыншы рөлдерін ойнай білуге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту. Алаңның бір жағында көмегімен қой қора қоршалады. Ойнаушылар санамақ арқылы "қойшыны" таңдалып алады; қалғандары – "қойларды" сомдайды. "Қойшының" көзін байланады. Балалардың біреуі (алғашында педагог) "қойшыдан сұрайды: "Қойшы, қойшы, маған қанша қадам бересің?". "Қойшы" өз санын (онға дейін) айтады. Осы қашықтықтан "қойшы": «Менің табынымның қайда?", - деп сұрайды. "Қойлар" (балалар): "Мә-мә-мә..", - деп дауыстайды да үндемей қалады. Қойшы оларды іздей бастайды. Балалар жүргізушіден қашып құтылмақшы болады. Егер "қойшы" балалардың бірін

			Мақсаты: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту.	тұрғызуды үйрету (үй, и т.б.); ойында табиғи материалдарды қолдану (құм, су т.б.). Ойын мазмұны мен та**қырыбын байытуды дамыту.**	түртіп қалса, сұрайды: "Қойым, қойым, өзіңді ата!" Ал ойнаушы, "қой": "Мә-мә-мә", - деп дауысын шығарады. "Қойшы" баланы дауысынан танып қойса, ұсталған - "қойшыға" айналады. Жаңа ойын басталады. Егер бала танылмай жатса, осы "қойшымен" ойын жалғасады. **"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі)** Мақсаты: балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсаты: ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, көркем сөз)*				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсаты: қолды жуу ережелерін бекіту; ойын - жарыстар; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі; балалардың өзін-өзі бақылауы. *Суды үнемдеу дағдыларын қалыптастыру* **Көркем сөз** Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің, маңдайың. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, көркем сөз)*				
Күндізгі ұйқы	«Бір үзім нан» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Домала, доп, домала! (екі қолды айналдыру) Балшыққа тек жолама. (сұқ саусақпен ескерту) Жек көремін оныңды, (сұқ саусақпен оң және сол жаққа серпілту) Бүлдіресің қолыңды. (екі колының алақандарын жоғары көтеріп айналдыру) Секіріп өт ордан да, (екі қолыңды жұдырықтап кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту)				

	Секіріп өт жолдан да, (екі қолды жұдырықтап кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту) Қуса күшік жетпесін, (баяу жүгіру) Машина басып кетпесін. (машинаның рулін айналдыру) *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету)*				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, көркем сөз)*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***Қауіпсіздік сабағы*** ***Өрт қауіпсіздігі*** *Балаларға арналған негізгі ережелер:* *1. Сіріңке, зажигалка – ойыншық емес! → Тек үлкендер ғана қолданады.* *2. Пешке, газға, шамға жақындамау.* *3. Электр құралдарын өз бетімен қоспау.* *4. Шамды, пешті, плитаны бақылаусыз қалдырмау.* *5. Үйде түтін шықса – бірден үлкендерге айту.* *6. Егер өрт шықса: • «101» нөмірін ата-анасына айту, • Үлкендермен бірге үйден шығу.* **Көркем әдебиет** **"Масақ" украин халық ертегісі** ертегісінің мазмұнымен таныстыру; ертегі мазмұнын мұқият тыңдап, кейіпкерлердің сөздерін сұрақтарға жауап беруге пайдалануға талпындыру; **Шығармашылық іс-әрекет** "Бидай масағы". Балалар іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)*** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* бидай алқабы көрінісін салуды үйрету; бидай масақтарын бор	**Қоршаған әлеммен таныстыру** "Бауырсақ". Мақсаты: балаларды бауырсақпен, соның ішінде нан өнімдерімен таныстыра отырып, нанның бидай дақылынан пайда болатындығы туралы түсініктерін кеңейту. Дидактикалық ойын: "Бауырсақ қалай дайындалады?". **«Зообаққа орналастыр». (математика негіздері)** Мақсаты: заттың көлеміне қарап, салыстырып, талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен жануарлары, құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастырып, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту, ауызекі сөйлеу тілін жетілдіру. Көрнекіліктер: зообақ торлары, әртүрлі жануарлар, аңдар, құстар. Ойын шарты: зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торларға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін, т.б.. кіші торға орналастыруы керек. Бала неліктен олай орналастырғанының себебін пілдің үлкен, қоянның кішкентай екенін, сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастырғанын айтады	**«Жеміс жинау». (математика негіздері)** Дидактикалық мақсаты. Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстыруға, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үйрету. Қажетті құрал-жабдықтар. Қағаздан жасалған үш себет және үлестірмелі жеміс түрлері. Ойын мазмұны. Үстел үстінде шашырап жатқан жеміс түрлері. Тақтаға шақырылған оқушы жемістерді теріп, үш себетке жинайды. Бірінші себетке - алма, екінші себетке - алмұрт, үшінші себетке - әртүрлі жемістер теріледі. Әр себеттегі жемістерді алдымен бір бала санайды, кейін барлығы хормен салыстырады. Екі себеттегі әртүрлі жемістерді салыстырады. Мысалы: «Себеттегі алмалар нешеу? Себеттегі алмұрттар нешеу? Бірінші себеттен бір алма, ал екіншісінен бір алмұрт алып қой. Осылайша әрі қарай жалғастыр. Себеттегі алмұрт қалды ма? Неше алма қалды? Неше алмұрт қалды? Алмұрттың алмадан қаншасы кем? Қаншасы артық? Алмұрттың пішіні неге ұқсайды, алманың пішіні неге ұқсайды?» деген сұрақтар қоя	**Вариативтік компонент** **Қызықты математика** **Ертегілер елінде** ***Экологиялық қабырға газетін ұйымдастыру*** ***"Жер шарымызды бірге сақтайық!"*** *Қоршаған ортаға адамгершілікпен қарауға және оны қорғауға деген ұмтылысқа тәрбиелеу.* *Балаларды экологиялық тәртіп ережелерімен таныстыру.Табиғатқа деген мейірімділікке тәрбиелеу.* *Қоршаған ортамен және табиғатпен таныстыру кезінде балалармен жұмыс жасаудағы ең маңызды мақсат - балаларды туған табиғатының сұлулығын көруге және түсінуге, барлық тіршілік иелеріне ұқыпты қарауға, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға үйрету.* *Экологиялық тәрбиес - біздің заманымыздың* қажеттілігі: балаларға адамның табиғатпен байланысын, оған тәуелділігін көрсету, табиғи процестердің мәнін, табиғат заңдылықтарын, үйлесімділік пен сұлулықты ашу қажет. Табиғаттың құндылығын жеткізу үшін ұжымдық жұмыс жасау. "Жершарымызды бірге	***«Күй күмбірі»*** *Іс-әрекет басталар алдында қазақ күйін қойып, балалардың назарын шоғырландырып, жұмысқа ынталы көңіл-күй қалыптастыру* **«Үйдің есігін жабайық». (математика негіздері)** Ойынның мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері. Ойынның мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну. **«Күн мен жаңбыр» музыкалық-дидактикалық ойын** Ойынның мақсаты: балаларды музыканың әртүрлі сыр-сипатын ажыратуға баулу (көңілді, ойнақы, сабырлы, мұңды). Шығармалардың көңіл-күйін сезіне білуге үйретеді. Ойынның шарты: көңілді күн мен бұлттың суреттері бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар екі түрлі шығарманы тыңдап, әуен

	және саусақтарды басу арқылы салу техникасын игерту; *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* ермексаз кесектерімен бидайды мүсіндеу. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қию дағдыларын жетілдіру. Тар жолақтарды көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды қиюды бекіту. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балаларды "Масақ" украин халық ертегісіндегі масақты оригами әдісі бойынша құрастыруға үйрету. ***«Күй күмбірі»*** *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*	*Зообақтағы қауіпсіздік ережелері (суретпен жұмыс)* "**Әуенді сағат" музыкалық - дидактикалық ойын. (музыка)**	отырып, ойынды әрі қарай жалғастыруға болады. **«Телевизия» сюжетті-рөлдік ойыны** **Ұйымдастыру жұмысы: Көркем шығармалар оқу** - «Телефон», К. Чуковский - «Шам сым бойымен қалай жүреді?» Б. Житков - «Неткен ғажайып ел » М. Әлімбаев **Өнімді іс-әрекет түрлері** - сүйікті теле хабардан бағдарламалар құрастыру; - «Шартылдақтар», түрлі хабарлардың белгілерін дайындау; - анимациялық суреттер дайындау; - өлең, тақпақтар жаттау. **Балалармен әңгімелесу** - бұқаралық ақпарат құралдары туралы, адамдар тіршілігіндегі телевизияның рөлі туралы; - «Телевизия не үшін керек», «Сүйікті телехабарлар», «Теледидарды немен алмастыруға болады»; **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті** - «Тұрмыстық техника» қоршаған ортамен таныстыру; - электр техникалары тұрған бөлмеге саяхат жасау. *ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ* *Электр техникалары туралы, қауіпсіздік ережелері туралы таныстыру*	сақтайық!". Бұрын мен ватман қағазының парағына бір жағынан тірі және әдемі, екінші жағынан қираған және сұр түсті табиғаттың символы ретінде ағаш салдым. Сондай-ақ дұрыс және бұрыс экологиялық мінез-құлықты сипаттайтын шағын суреттер және бұл қабырға газетінің негізіне айналды. Содан кейін сабақта балалар мен мен табиғат (планета) үшін ненің жақсы, ненің жаман екенін, адамдардың қандай әрекеттері табиғатты құртып, қайсысы сақтайтынын еске түсірдік. Осыдан кейін балалар суреттерді жапсырып, үлестірді.	сипатына сәйкес суретті көрсетеді.
Балалармен жеке жұмыс	**«Мынау қай пішін?» (математика негіздері)** Мақсаты: геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. Көрнекілік: картоннан жасалған геометриялық пішіндердің 5 түрі. Барысы: бала топқа қарап тұрып,	«Мақал мәтелдер». Мақсаты: айтылған мақал-мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру. **(қазақ тілі)**	Артикуляциялық жаттығу **(тіл дамыту, қазақ тілі)** «Кім қалай дыбыстайды?» (баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту) - А, аа, аа, а, а, ааааа ... ... (қуанышты дауыспен).	Кел, жазайық. Мақсаты: тиянақтылыққа, көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік	Дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қию дағдыларын жетілдіру. Тар жолақтарды көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды қиюды бекіту. **(жапсыру)** *ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ*

	қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.		- Ааа, аа, а, а, ааа ... ... (аянышты дауыспен). - А, аа, аааа, а, ааа ... ... (таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеңіз. Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады. Фонетикалық жаттығуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б..) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай дыбысқа аса мән беру қажет екендігін анықтап алуы тиіс.	сызықтар арқылы беріледі.	*Электр техникалары туралы, қауіпсіздік ережелері туралы таныстыру*
Серуенге дайындық	Мақсаттары: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. *(өзіне қызмет ету)*				
Серуен	**Күнді бақылауды жалғастыру. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, көркем әдебиет, тіл дамыту)** Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліндегі күн туралы мәлімет беру; күз мезгілінде киілетін киімдердің атауларын пысықтау; ұғымталдыққа тәрбиелеу. **Жұмбақ жасыру.** Ар жағында орманның, Ар жағында таулардың, Алтын кеспек домалар. (Күн.) - Балалар, күн қайда орналасқан? (Күн аспанда орналасқан.) - Күннің нелері бар? (Сәулелері бар.)	**Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылауды жалғастыру. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап бере білуге баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу. - Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме? - Ендеше, балалар, бүгін біз сендермен ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз. - Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыста әртүрлі болып келеді. Сонымен жазда қоқыстарды жинап аула	**Желді бақылауды жалғастыру. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)** Мақсат-міндеттері. Ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту. Желдің әлсіз немесе күшті жақтарын ажырата білуге үйрету; қандай белгілері бойынша желдің күштілігін анықтау қажет екенін түсіндіре білу. Ағаш қозғалса желдің күшті болғаны, шөп тербелсе желдің әлсіз болғаны. Күзгі желді қысқы желмен салыстыра білуге үйрету. Жұмбақ. Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қонады. (Жел.)	**Теректі бақылауды жалғастыру. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру,тіл дамыту)** Мақсат-міндеттер: ағаштың құрылымын еске түсіру, "терек мамығы" ұғымын бекіту; ұғымталдыққа тәрбиелеу. **"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту)** Мақсат-міндеттер: жеміс, көгөніс, жидек, гүл, ағаштардың қайда өсетінін анықтау; байланыстырып сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорды белсендіру; қоршаған әлемге деген қызығушылықты арттыру. Құралдар: өсімдіктердіктер	**Иттерді бақылауды жалғастыру. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)** Мақсат-міндеттері. Иттердің пайда болуы туралы түсінік қалыптастыру; үй жануарына күтім жасауға тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (бүршіктер мен жапырақтарды жинау). Мақсат-міндеттер. Қарапайым тапсырмаларды орындау іскерліктерін жетілдіру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: “Қоймадағы тышқандар”.**

	- Күн қалай қыздырады? (Күн қатты қыздырады. Бүгін күн ыстық.) - Балалар, күннің ыстық екенін қайдан білдіңдер? Иә, балалар, біз күзгі киімдерімізді киіп жүрміз. Күндіз күн жоғарыда тұрғандықтан, күн ыстық болады. Таңертең және кешке күн салқын болады. **"Жұбыңды тап" ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Зейінділікке, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу. Ойыншылар тізіліп тұрады. Педагог әр балаға бір суретті таңбалауыштан (фишка) таратып береді. Педагогтің белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті таңбалауыштары (фишка) бар балалар жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек. Құралдары: таратпалы жеті түсті таңбалауыштар (фишка). Әрбір таңбалауыштың жұбы бар. Түрлі түсті таңбалауыштар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады. **Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды жинау.** Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбекке баулу, қол еңбегіне қажет материалдарды жинау. **"Допты ұстап ал" қимылды ойыны.** **(дене тәрбиесі)**	сыпырса, ал қыста басқаша. Қыста қар күрейді. **"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп, орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуғыншы бала орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. **Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау.** Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс істеуге баулу. **"Шеңберден шеңберге" жаттығуы.** **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжығанда мұқиятты болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.	Тақпақ. Желдет, желдет! Баласын жылат, Жетіқара, дауылдат! Тайтерісін қалтырат, Өрісін құлат, Науа-астауын жылтырат! **"Қол ұстасып жүру" ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру)** Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама-қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай); ұжымдық сезімге тәрбиелеу. **Еңбек әрекеті: үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен).** Үй өсімдігін отырғызуды бақылау. Мақсат-міндеттері. Жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауға үйрету. **"Ойлан, асықпа" ойыны. (қоршаған ортамен танысу)** Мақсат-міндеттері. Зеректікке, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне - айқын, ыстық, жарық., шуақты, нұрлы, жайдары .... «Аспан» сөзіне - бұлт, көгілдір, жаңбырлы, ашық, бұлтты ... сияқты сәйкес келетін сөз табу. Тапсырма. Су бойынша желдің күштілігін анықтау. **"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.** **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Балалардың кегли арасымен баяу және ептілікпен өтуге	салынған карточка-суреттері. **"Кім бірінші?" қимыл-қозғалыс ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: балаларды тура бағытта белгі бойынша жылдам жүгіруге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, достық қарым-қатынастарға тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагогтің белгісі бойынша балалар тура бағытта, белгіленген межеге дейін жүгіріп баруы керек. Ең бірінші болып межеге жеткен топ балалары, жеңіске жетеді. Педагог барлық жұптарды мақтайды. Жүгіру жолы балалар үшін қауіпсіз болуын педагог ескеру керек. **Еңбек әрекеті:** өскіндері суару. Мақсат-міндеттер: балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. **Балалардың еркін ойындары.**	**(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері.Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; ұжымда ойнауға тәрбиелеу. Барысы: алаңның ортасына 8-10 см арақашықтықта екі бірдей сызық сызылады. Алаңның шеттерінде 1-2 адым қашықтықта мысықтың үйі сызылады. Ойыншылар мысықты таңдап алады. Қалғандары тышқандар болады. Тышқандар қоймадағы дәндерді жинауға келе жатады. Ал мысық осы кезде оларды ұстауға тырысады. Ұстап алған тышқанды “мысық” үйіне апарады. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.

	Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен ұстап алуға дағдыландыру;ептілік пен шапшаңдықтарын дамыту.	Құралдары: үш-төрт шеңбер. **Балалардың еркін ойыны.** Мақсат-міндеттері: ойын түрлерін өз қалауларымен таңдау; ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу.	дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегли. **Балалардың еркін ойыны.** Ойында балалардың өз бетінше бір бірімен араласа білуін, өзінің іс әрекетімен қылығын білдіруге, өз пікірінде тұруға, құрдасының ұсынысымен келісе алмайтынын көрсетуге үйрету.		
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. *Суды үнемдеу дағдыларын қалыптастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету)*				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйрету керек?" ата-аналарға кеңес.	«Отбасының салауатты өмір салтын сақтауға бағытталған дәстүрлері» атты сұрақ-жауап.	Психолог кеңесі. Мысалы: «Көпшілік орындарында ЖРВИ кезінде балалар өздерін қалай ұстау керек?»	«Салауатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарында әңгіме жүргізу.	Ата-аналарға кеңес "Өрт қауіпсіздігі".



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ	
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	*Кентау қаласының білім бөлімі ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы*
Топ/сынып	***Ересек топ***
Тобы, топтың реттік саны, атауы	*«Қарлығаш»*
Балалардың жасы	***4 жастағы балалар***
Педагогтің аты-жөні	*Ташпенова Ұ.Б*
Жоспардың құрылу	**20.10-24.10.2025ж.**

	«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	Апта дәйексөзі: «Отанды сүю, отбасынан басталады!»				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға кеңес: "Үйдегі жағдайда балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру". Серуен кезінде балалармен бірге жолда жүру ережесін сақтауға, автоинспектордың жұмысына назар аударту. ***Ата-аналармен әңгімелесу*** ***Неге ұлттық тәрбие маңызды?*** *Өнегелі 15 минут*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Асхана бойынша кезекшілік». Мақсаты: балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалаңыз. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. **(еңбек дағдылары)**	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсаты: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият, жылдам орындау. **(еңбек дағдылары)**	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсаты: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. **(еңбек дағдылары)**	"Төсектерді төсеуде күтушіге көмек көрсету". Мақсаты: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге қолдарынан келетін көмектерін көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**"Бөлме өсімдіктеріне бүріккіш пистолеттен су бүрку".** Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың жапырақтарға ылғалдың қажеттігі туралы түсініктерді бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(қоршағанәлеммен таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, сурет салу)**
	"Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу. (тіл дамыту, қазақ тілі) Мақсаты: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген	**«Зообаққа орналастыр». (математика негіздері)** Мақсаты: заттың көлеміне қарап, салыстырып, талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен жануарлары, құстардың дене бітіміне қарап зообаққа	***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; *«Домбыра»* Ұлттық музыкалық аспаптардың түрлері, оның	***Қауіпсіздік сабағы «Бала қауіпсіздігі-басты назарда»*** ***Тапсырмалар:*** *үйде орын алуы мүмкін қауіпті жағдайлар туралы түсініктерді бекіту,*	*«Достық» шеңбері.* Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Табиғатты қорғаймыз. Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.

	қызығушылықты арттыру. Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. "Халық ауыз әдебиеті.) **«Сипап сезу арқылы санау» дидактикалық ойыны (математика негіздері)** Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу ***Қауіпсіздік сабағы*** *Балаларды жедел қызмет нөмірлерімен (полиция, өрт сөндіру, жедел жәрдем, газ қызметі) таныстыру.* *Төтенше жағдай кезінде телефон соғу нұсқауларының негізгі элементтерін көрсету.* *Әртүрлі төтенше жағдайларда телефон соғу скриптерін әзірлеуге және есте сақтауға үйрету, жедел қызметтерге телефон соғу жаттығуларын жүргізу.*	орналастырып, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту, ауызекі сөйлеу тілін жетілдіру. Көрнекіліктер: зообақ торлары, әртүрлі жануарлар, аңдар, құстар. Ойын шарты: зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торларға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін, т.б.. кіші торға орналастыруы керек. Бала неліктен олай орналастырғанының себебін пілдің үлкен, қоянның кішкентай екенін, сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастырғанын айтады ***Қауіпсіздік сабағы*** ***Дидактикалық ойын «Қауіпті заттар»*** ***Мақсаты:*** *Балалардың өмірімізге, денсаулығымызға қауіпті заттар туралы түсініктерін қалыптастыру, бекіту.* ***Ойынның жүрісі:*** *Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттердің ішінен қауіпті заттарды табуды ұсынады және оның қандай қауіп әкелетінін сұрайды.*	қызметі туралы түсінік беру; әртүрлі тәсілді қолдана отырып құрастыруға үйретуді жалғастыру; эстетикалық талғамдарын қалыптастыру; *асықтарды орналасуына қарай сәйкестендіру, тілін дамыту,* саусақтың ұсақ бұлшық етінің қозғалысын жетілдіру. Ұқыпты жұмыс істеуге, әдемілікке, еңбекті бағалауға тәрбиелеу. **(музыка, құрастыру)** *Ұлттық ойын* ***Арқан тарту.*** *Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады.* *Қай топ арқанды өз жағына тартып алып, кетсе сол топ жеңіске жетеді.* *Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса , құламаған бала жеңіске* жетеді.	*күнделікті өмірде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйрету; есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту; жәбірленушіге жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.* ***Материал:*** *үйде қауіпті жағдайда тұрған балалардың суреттері.* **"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны. (тіл дамыту, қазақ тілі)** Мақсаты: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың суреттері. Мысалы. Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді. Құрт - жорғалайды, жатады. Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады. Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады. Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді. Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды. Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді. Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды.	Қазақстан Республикасының алғашқы Елбасы және қазіргі президенті жайлы әңгімелесу. **(қоршаған әлеммен таныстыру , тіл дамыту, қазақ тілі)** **«Қос дабыл» музыкалық-дидактикалық ойын (дыбыстың биіктігін ажыратуға арналған ойын)** Ойынның мақсаты: балаларға аспаптар арқылы дыбыстың биіктігін ажыратуға үйрету. Ойынның барысы: балалар екі шеңбер жасап тұрады. Сыртқы (үлкен) және ішкі (кішкентай.) Ойын кезінде тәрбиеші керменің әр жағында тұрады. Балаларға көрсетпей, үлкен немесе кішкентай дабылда ойнайды. Үлкен дабылда ойнағанда сыртқы шеңбердегі балалар айналып жүріп әндетеді, кіші дабылда ойнағанда ішкі шеңбердегі балалар айналып жүріп ән салады. **(музыка)**
Таңертенгі жаттығу	Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, екіге бөлінген секіртпе төменде. 1-2-секіртпені жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру;				

	3-4-бастапқы қалып: аяқтарын сәл ашып тұру, секіртпе төменде. 1-оң жаққа бір қадам жасап, секіртпені жоғары көтеру; 2-оңға иілу; 3-тік түзелу, секіртпені жоғары көтеру; 4-бастапқы қалып. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секіртпені екі бүктеп ұстап, төмен түсіріп тұру. 1-2- отыру, секіртпені жоғары көтеру; 3-4-бастапқы қалып. Бастапқы қалып: аяқты иықтың деңгейңнде қою, секіртпе иықта. 1- денені оңға бұру; 2-бастапқы қалып. Бастапқы қалып: аяқты сәл ашып, секіртпені арт жаққа ұстап тұру. Секіртпені алға қарай айналдыра отырып, кішкене үзіліс жасап, екі аяқты ауыстыра отырып, бір орында қос аяқпен секіру. **(дене тәрбиесі)**				
Таңғы ас	Таңғы асқа дайындық ***«Үнемді тұтыну»*** *Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету* ***«Судың тамшылары»*** *Мақсаты: суды бағалауды үйрету.* *Барысы: балалар қолдарын біріктіріп, тамшы пішінін жасайды.* *Тәрбиеші: • «Кранды жапсақ – тамшы сақталады», • «Ашық қалдырсақ – тамшы жоғалады».* Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Ойын жаттығу: Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар, Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету,көркем сөз)*				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. *ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу.* *ҚР Әнұранын шырқау.* (тіл дамыту, қазақ тілі) .	***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; *«Менің Отаным» әңгімелеу* *«Отан» әр адамның туып-өскен жері, атамекені екенін түсіндіру.Отан туралы әңгімелеп айтуға үйрету. Туған жерді құрметтеуге тәрбиелеу*	*Бір тал кессең, он тал ек!* *Ағаштың қоршаған ортаға пайдасы туралы айту.* *Балаларға базарлық* ***«Табиғатты аялап жүрсің бе?»*** *https://youtu.be/sdMwvuy03tQ* **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)**	*- Сәлем, саған, ыстық жерім!* *Сәлем, саған, туыс елім!* *Ыстық маған ошақ үйім,* *Домбыраның қоңыр күйі!* *Бір-біріне жылулық сыйлап, еліміз туралы, достық туралы, әңгімелесу.* **(тіл дамыту, қазақ тілі**	***«Күй күмбірі»*** *Іс-әрекет басталар алдында қазақ күйін қойып, балалардың назарын шоғырландырып, жұмысқа ынталы көңіл-күй қалыптастыру* *Туған ел, Отан туралы мақал-мәтел жаттау.*
Білім беру ұйымының кестесі	**Дене тәрбиесі** "Кедергілерден сүрінбей өтіп	**Музыка** "Көгершіндер әні".	**Дене тәрбиесі** "Кедергілерден секіру".	**Музыка** "Көгершіндер әні"пысықтау	**Дене тәрбиесі** "Кедергілерден сүрінбей өтіп

бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	көр". Мақсаты: балаларды қимылды ойындар арқылы түрлі бағытта жүгіруге; допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыруға үйрету. "Допты қуалап ұста!" қимылды ойыны. **Тіл дамыту** "Жыл құстары жылы жаққа ұшты. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ұ], [ү] дыбыстары". Мақсаты: балаларға жыл құстары туралы түсіндіру; [Ұ], [Ү] дауысты дыбыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болып естілуін түсіндіру. Қозғалмалы ойын: "Қаздар! Ұшыңдар!". ***Күй күмбірі*** ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; *«Домбыра»* Ұлттық музыкалық аспаптардың түрлері, оның қызметі туралы түсінік беру; әртүрлі тәсілді қолдана отырып құрастыруға үйретуді жалғастыру; эстетикалық талғамдарын қалыптастыру; *асықтарды орналасуына қарай сәйкестендіру, тілін дамыту,* саусақтың ұсақ бұлшық етінің қозғалысын жетілдіру. Ұқыпты жұмыс істеуге, әдемілікке, еңбекті бағалауға тәрбиелеу. **(музыка, құрастыру)** ***Ұлттық ойын*** ***«Қыз қуу»***	Мақсаты: балалардың көгершіндер туралы әуенді қабылдауға қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбысты есту қабілетін жетілдіру. Дидактикалық ойын: "Көңілді паровоз". **Қазақ тілі** Қазақ тілі "Сиқырлы бауырсақтар". Ыдыстар. Мақсаты: балаларды "Сиқырлы бауырсақтар" әңгімесімен, бауырсақтың дайындалу реттілігімен таныстыру; нан туралы түсініктерін дамыту; ыдыстың жана түрлерімен олардың қолданысымен таныстыру. Сюжетті тірек суреттер бойынша мәнерлеп әңгімелеу "Сиқырлы бауырсақтар". Сергіту сәті "Астық егемін". Көлеңкелі көрнекіліктер бойынша әңгіме құрастыру. Дидактикалық ойын "Дастархан әзірлеу". Есте сақтауға арналған сөздік жаттығу "*Есте сақта". "Ас атасы - нан".* **Шығармашылық жұмыс** **«Құстарға ұя жасаймыз»** тақырыбында балалар қалаулары бойынша ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру,құрастыру)*** іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті* бойынша кеңістікті дұрыс пайдаланып,дәптердің ортасына қарай нүктелер салу арқылы, геометриялық пішіндерден үшбұрыш,шаршы, дөңгелек ұя жасау дағдыларын дамыту.	Мақсаты: бір қатарға қойылған (5 м) кеглилардың арасымен оң және сол аяқпен кезек секіру дағдысына үйрету. "Қоян" қимылды ойыны. **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Бұлбұл". Мақсаты: балаларды бұлбұлдың сыртқы келбетімен таныстыра отырып, бұлбұл туралы түсініктерін кеңейту. Дидактикалық ойын: "Құстар қалай дыбыстайды?". **Шығармашылық жұмыс** «Жыл құстары» тақырыбында балалар қалаулары бойынша ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)*** іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* құсты салу барысында басы, денесі, қанаты, құйрығы сияқты дене бөлшектерін үйлесімділікте салу техникасына машықтау. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* құстың сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, пропорциясын сақтап, құрылымдық тәсілмен бөлшектерді біріктіру арқылы құсты мүсіндеуді үйрету. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* дайын пішіндерден құстар пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту.	Мақсаты: балалардың көгершіндер туралы әуенді қабылдауға қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбысты есту қабілетін жетілдіру. Дидактикалық ойын: "Көңілді паровоз". **Көркем әдебиет** "Мысық, қораз және түлкі" ертегісі. Мақсаты: балаларды "Мысық, қораз және түлкі" орыс халқының ертегісі мазмұнымен таныстыру. Дидактикалық ойын: "Жыл құстарын тап". **Ертегі желісі бойынша шығармашылық іс-әрекет ұйымдастыру.** ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)*** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* мысықтың денесін трафарет арқылы құрастырып, екінші жағына стақандағы сүтті салуға дағдыландыру; *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* ертегілердің қарапайым сюжеттерін бейнелеуге үйрету; алақан арасына салып домалақтау тәсілін үйрету; бөлшектерді бір-біріне біріктіру іскерліктерін жетілдіру; ертегі кейіпкерлерін мүсіндеуге қызығушылықтарын арттыру *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* үлкен үшбұрышты шаршыдан денесін қиып аламыз.Кішірек үшбұрышты алып,түлкінің басын жасаймыз.Енді құлақтарын желімдейміз. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* қағазды бұру арқылы конусты,	көр". Мақсаты: балаларды қимылды ойындар арқылы түрлі бағытта жүгіруге; допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыруға үйрету. "Допты қуалап ұста!" қимылды ойыны. **Музыка** "Күз әуені". Мақсат-міндеттері. Балаларды әннің сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; дауыс жаттығуларын орындау кезінде дұрыс ән айту дағдысын үйрету. ***Арқан тарту.*** *Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады.* *Қай топ арқанды өз жағына тартып алып, кетсе сол топ жеңіске жетеді.* *Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса , құламаған бал***а жеңіске жетеді.** **(дене шынықтыру)** **Шығармашылық жұмыс** «Күзгі ағаш» тақырыбында балалар қалаулары бойынша ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)*** іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып

	Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды (ағаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады, қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса сол бала жеңіске жетеді.	*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* ұяның мүсінделу жолдарын көрсете отырып, пропорциясын сақтап, құрылымдық тәсілмен бөлшектерді біріктіру арқылы ұяны мүсіндеуді үйрету. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* дайын геометриялық пішіндерден ұяны жапсыруға қажетті элементтерді таңдап қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша*геометриялық пішіндерді пайдалана отырып ұя құрастыру дағдыларын дамыту. Балалар сопақша тік төртбұрыштың үстіңгі жағына үшбұрышты орналастырады да, тіктөртбұрыштың ортасына		«оригами» әдісі бойынша түлкінің басын жасап, түлкіні құрастыруды үйрету; желім арқылы түлкінің басы мен денесін жапсыру іскерліктерін жетілдіру; құрастыра отырып, түлкі жабайы жануары туралы білімдерін толықтыру; «оригами» әдісі туралы мағлұмат беру. ***«Күй күмбірі»*** *Іс-әрекет басталар алдында қазақ күйін қойып, балалардың назарын шоғырландырып, жұмысқа ынталы көңіл-күй қалыптастыру*	жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* дәстүрден тыс сурет салу техникасымен пекин орамжапырағы арқылы, беттестіру әдісімен бейнелеу техникасын қалыптастыру. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* бірнеше бөлектен тұратын 2-3 заттарды бір біріне біріктіруді, саусақ ептілігімен пішінді бұзбай, таза, ұқыпты орындауға қол жеткізу. Жапырақтың түрлі-түсті гаммасын беруде әр түрлі ермексазды пайдалану *Жапсыру және құрастыру іс-әрекеті бойынша* ағаштың қиылған үлгісінің үстіне өзде рі қалаған жерге түрлі-түсті макарондарды құрастырып, жапсыруды үйрету;
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. *(өзіне қызмет ету)*				
Серуен	**Сауысқанды бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсаты: балалардың сауысқан құсы туралы түсініктерін тиянақтау; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. "Сауысқан". Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқаңдатқан сауысқан. (Ел аузынан). **Еңбек әрекеті:** шығарылған	**Құстың ұшуын бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсаты: құстардың түрлілігі, олардың қозғалу тәсілі жайлы түсініктерін нақтылау. Педагог ұшып-қонып жүрген құстардың қимылдарына көңіл аударады, балалардан құстар неге дәл осылай қимылдайтынын анықтайды. Қанаттардың көмегімен құстар бір орыннан, екінші орынға, жерді баспай, ұшып, қалықтайды. Құстардың қанаттары қауырсындардан тұрады.	**Торғайды бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсаты: торғайдың тіршілігі, сыртқы ерекшеліктері жайындағы түсінік пен білімді тиянақтау, құстарды аялау сезімін тәрбиелеу. Торғайдың адамға жақын, бір топ болып мекендейтінін байқату; торғайдың, қыстағы тіршілігі мысалында көрсетіп, өте төзімді, батыл құс екеніне көңіл аудару. Торғайдың сыртқы дене пішініне қарағанда, қоңыр, сұр, қара түстерді байқауға болатынын көрсету.	**Құстарды бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсаты: балалардың аула құстары, олардың тіршілігі жайлы білімдерін кеңейту; құстарға деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға ойын аланыңа, бау-бақшаға ұшып келген құстардың дыбыстарын тыңдап, ажыратуды ұсынады. Құстардың түрі көп болмаса, педагог смартфонына жазылған құстардың дыбыстарын тыңдатып, дұрыс атауды ұсынады.	**Топырақты бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар, тіл дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)** Мақсат-міндеттері. Ауа райына байланысты топырақтың қасиеті әртүрлі болатынын көруді үйрету. **Тақпақ. Асқаржан Сәрсеков «Күзгі көрініс».** Күздің салқын самалы Аймалайды маңдайдан. Алып қашып барады Жапырақты сарғайған. Тыныстаған ырғалып Бақ-бау қандай, гүл қандай?

Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды үйрету; - өз бетінше жылдам және дұрыс киінуді (шешіне) әдетке айналдыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалау, киімді, аяқ-киімді таза ұстау; - көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. *(өзіне қызмет ету)*				
Серуен	**Көліктерді бақылауды жалғастыру. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларға	**Автобустарды бақылауды жалғастыру. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)**	**Жеңіл көлікті бақылауды жалғастыру. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)**	**Жүк автокөлігін бақылауды жалғастыру. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)**	**Ересек балаларды бақылауды жалғастыру. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)**

	балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауды, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) айтқызу; түсін, бір-бірінен айырмашылықтарын табуға машықтандыру. **"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы. (тіл дамыту, қазақ тілі)** Мақсат-міндеттері. Балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл мәшине тағы басқа. Балаларға суреттер көрсетіледі: - Балалар, суретке қарайық. Балалар, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз. Ойынды екі топтарға бөлініп ойнауға болады. **Еңбек әрекеті:** алаңды тастардан тазалау. Мақсат-міндеттер: тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру. Тастар арнайы жерге немесе ыдысқа жиналады. Сол тастарды бояп, қызықты құрылымдар жасауға болады. **"Тым-тырақай" ойыны. (дене тәрбиесі)**	Мақсат-міндеттері. Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейту және тереңдету; жеке көлік (тасымалдайтын) оларды ажырата білу. *Қоғамдық көлікте өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру (үлкендерге орын беру, ақырын сөйлеу, жол ақысын төлеу).* **Жұмбақ.** Жүргіздім бұл үйімді, Жүйткісе, жұрт сүйінді. Бар жолмен жұртты тасып жүр Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус.) **Қимылды ойын. «Бос орын». (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша (жүргізуші ойыншыға қолын тигізеді) ойын ережелерін сақтап (шеңберді айналып жүгіреді) босатылған орынға тез отыруды үйрету. **"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. балаларды бір бағытта жылжып секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар сызықтарды баспай, алға секіруді үйренеді. **Еңбек:** күркедегі жолды қардан тазалау. Тапсырма орындауда мақсаттылықты, күш-жігер салуға,ептілікке тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар. «Қардан құрылыстар жасау».** Қарды жиып, оларды күрекпен нығыздап, қажетті пішін құрауды үйрету. Бірігіп ойнауға тәрбиелеу.	Мақсат-міндеттері. Жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің қосалқы бөліктері жөнінде білімдерін кеңейту. Жүк мәшинесі мен жеңіл мәшинеңің айырмашылықтарын атап көрсету. **Жұмбақтар.** Арқасында алып жүр, ала тайым шауып жүр. (Автобус.) Табанында жолы бар, төбесінде қолы бар. (Трамвай.) **Қимылды ойын. «Такси». (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Екі аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен гимнастикалық шеңберді алып (обруч), қосақтасып жүгіру. Бір-бірін итермеу, ойын ережесін сақтау. **"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушісін мұқият тындай білуге, мықтылыққа, шапшаңдыққа баулу. Екі бала бір-біріне арқаларын сүйеп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші: Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт! Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, орындарынан жылдам тұруы керек. Қайсы	Мақсат-міндеттері. Жүргізуші мамандығы туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Жүк мәшинесінің құрылысы туралы білімді бекіту (кузов, кабина және тағы басқа), олардың атауын білу; жеңіл автокөліктен ажыратудыүйрету. (сүт таситын мәшине, жүк таситын мәшине) **Жұмбақ.** Резеңке аяқты жануармын, Барлық жолдарды кезіп өтемін, Құрылыста іске жараймын, Жұмыстан мен қорықпаймын. (Мәшине) ***Қимылды ойын. «Оқтау тартыс».*** ***Қазақ халқының ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі)*** Мақсат-міндеттері. Балаларды шағын топтарда бірігіп, келісе әрекет етуге (белгі бойынша арқанды және қарама-қарсы топтың балаларын өзіне тарту) үйрету. **"Кім жылдам?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Кедергілерді жойып, жан-жаққа жүгіру біліктіліктерін бекіту. **Еңбек:** әткеншектерді қардан тазалау. Балаларды күрекпен жұмыс істеуге үйрету (қарды шанаға тиеп, арнаулы орындарға апару). Еңбектің маңыздылығын түсіндіру. **Өз бетімен ойналатын ойындар:** әткеншек тебу. Мақсат-міндеттері. Бірігіп жұмыс ітеу үшін балалардың шағын топтар құруын қолдау;	Мақсат-міндеттері. Ересек балаларды (мінез-құлықтары, ойындары), киімін бақылауды; киім түрлерін, оларды жеке атауды (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім және ауа райы арасындағы байланыс орнатуды үйрету. Ересек балалар арасында мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Балдырған баламыз, Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да. Достар бір-біріне Сенімді боламыз. Екі деген екі дос, Бірін-бірі қимайтын. Артық-кемді етпей сөз, Бірін-бірі сыйлайтын. **Қимылды ойын. «Ақ аюлар». (дене тәрбиесі)** Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, өзара достық қарым-қатынас қабілеттілігін қалыптастыру. **Еңбек:***сырғанау жолын әзірлеу.* *Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келген көмектерін беруге тәрбиелеу.* Өз бетімен ойындар: ересек балалармен бірлескен ойындар Жүргізуші рөлін өзіне алуды қалыптастыру; белсенділікті, дербестікті тәрбиелеу. Балалардың бастамашылдығын ынталандыру. *Ойынға жауапкершілікпен*

	Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында санамақ сөздерінен кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі-үш бала ұсталып қалғаннан кейін, тәрбиеші "Бір, екі, үш!" деп санағанша, балалар шеңбер құрып тұра қалады. Ойын қайта басталады. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу.		қарсыласын арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді. **Еңбек:** берілген жеке тапсырманы мұқият орындауды үйрету. Еңбекке дұрыс көзқарастары тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар: «Секіргішпен ойна».** Ұялшақ және өзіне сенімсіз балалардың өзгелермен бірлесіп ойнауларына қолайлы жағдай жасау.	біріккен қызметтегі тәртіп ережелерін орындауды үйрету.	*қарауға, тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу.*
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін ожинау, қолдарын жуу. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету)*				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Жол жүру ережелері», «Қауіпсіздік әліппесі» тақырыптарында әңгімелесу.	"Балаңызға ертегі оқисыз ба?" тақырыбында ата-аналарға сауалнама жүргізу.	Ата-аналарға кеңес беру. "Ішек ауруларының алдын алу».	"Балабақшадағы жетістіктеріміз" тақырыбында көрме ұйымдастыру.	«Баланың үйдегі және балабақшадағы тәртібі» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізу.



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ	
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	*Кентау қаласының білім бөлімі* *ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай балабақшасы*

Топ/сынып	***Ересек топ***				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	*«Қарлығаш»*				
Балалардың жасы	***4 жастағы балалар***				
Педагогтің аты-жөні	*Ташпенова Ұ.Б*				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**10.11-14.11.2025ж.**				
	«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАКЕРШІЛІК АЙЫ				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	Апта дәйексөзі: «Тура биде туған жоқ!»				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы қалпын тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы". Балалар отбасында өздігінен не істей алатыны туралы әңгіме "Баланың сұрағына шыдамдылықпен жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру. Ата-аналарға кеңес. "Егер бала төбелесе беретін болса". ***Ата-анаға кеңес:Аттың балаға пайдасы*** *1. Дене дамуына: • Атқа міну – денені тік ұстауға, бұлшық етті шынықтыруға көмектеседі.* *2. • Тепе-теңдікті сақтауды үйретеді.* *3. • Омыртқа мен буындарға пайдалы (гиппотерапия әдісі қолданылады).* "Музыка және балалардың психикалық денсаулығы" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. *Өнегелі 15 минут*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық". Мақсат-міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау, тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою, қажітіне қарай оларды сабақтан кейін орындарына жинау.	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балалардың сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауды үйрету.	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру) Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауды, жұмыс істеуді үйрету, тәртіп сақтауға тәрбиелеу.	"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету, оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге деген ынтасын, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам және мұқият орындау.

	Қ.Р Әнұраны ***«Үнемді тұтыну» «Жарық керек пе?»*** *Мақсаты: жарықты дұрыс пайдалануды үйрету. Құралдар: суреттер (күндіз терезеден күн түсіп тұр, қараңғы бөлме, теледидарды өшірмей кеткен). Барысы: • Тәрбиеші суретті көрсетеді.* *• Балалар «жарықты қосу керек пе, өшіру керек пе?» деп айтады.* ***Ұлттық ойын: «Орамал»*** *Қазақ халқында мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ұлттық ойындар да болған.* **Ойынның ережесі:** Қатысушылардың біріне түйін болып байланған орамалды жүргізушіге беретін адамды таңдайды. Ойыншылар шеңбер жасап тұрады, ал жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Қатысушылар жүргізушіні айнала бастайды. Ал жүргізуші " Тоқта!" дегенде, ойыншылар шашырап кетеді. Осылайша жүргізуші орамалы бар қатысушыны ұстауға тырысады. Ал орамалы бар ойыншы оны басқа қатысушыға бере алады. Орамалмен ұсталған қатысушы ән немесе айту айтуы керек. ***Топтағы тәртіп ережелерімен таныстыруды жалғастыру:*** **1-** ***ереже.*** *Тәрбиешіні және басқа балаларды тыңда. Түсіндіру: «Біреу сөйлегенде, біз мұқият тыңдап, түсінуге кедергі*	***«Күй күмбірі»*** *"Күй тыңдайық, балақай!"* балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру*;* **Киізбен танысу** *Киіз жасау әдістерімен, жүннің қасиеттерімен таныстыру. Киізден жасалған заттарды тани білуге үйрету. Ұлттық қолөнерге құрметін, қол еңбегіне қызығушылығын арттыру* Киіз тек қана жүннен жасалады. Бұл жұмыстың барысы киіз басу деп аталады. Киізді жасау үшін жүн талшықтарын бір-бірімен араластырып, дымқылдап, қатты басу керек. Сонда киіз болып шығады. – Балалар, дайын киізді алып қараңдаршы, қысып, тартып көріңдер. Ол өте тығыз, бірақ жұмсақ әрі жылы. Жүн ылғалды жақсы сіңіреді және жылуды жақсы сақтайды. Киіз жасау үшін жүнді басамыз. Дайын киізден ойыншықтар немесе әдемі ою-өрнектер жасау үшін құрғақ киіз басу қолайлы. Ал киім немесе кілем жасау үшін дымқыл киіз басу әдісі қолданылады. Сонымен, балалар, киіз басудың екі әдісі бар екен: 1) құрғақ киіз басу; 2) дымқыл киіз басу	***«Үнемді тұтыну» «Жарық керек пе?»*** *Мақсаты: жарықты дұрыс пайдалануды үйрету. Құралдар: суреттер (күндіз терезеден күн түсіп тұр, қараңғы бөлме, теледидарды өшірмей кеткен). Барысы: • Тәрбиеші суретті көрсетеді.* *• Балалар «жарықты қосу керек пе, өшіру керек пе?» деп айтады.* ***Қауіпсіздік сабағы «Біл және көшеде жүру ережесін орында»*** *Мақсаты: Балалармен көшеде жүру ережелерін бекіту; бағдаршамның мағынасын қайталау.* *Қолданылатын көрнекіліктер:* *Қала көшелері сапатталған суреттер.* *Ойын барысы: Тақтада адамдар әр түрлі жағдайда тұрған суреттер ілініп тұрады. Тәрбиеші балаларға оларды қарауға ұсынады. Балалар сол суреттерге қарап, кез-келгенін тандап алып, жол жүру ережесін естеріне түсіріп, не істеуге болатынын, қалай жағдайдан шығуға болатынын айтып береді* **"Көліктерді тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлануға тәрбиелеу. Ойынның барысы: балаларға қиылған әртүрлі көліктердің дайын суреттері беріледі.	***«Күй күмбірі»*** *"Күй тыңдайық, балақай!"* **Орамалдағы ою-өрнек** Орамалды безендіру үшін дайын тіктөртбұрышты киіз және түрлі түсті жүн қажет. Өзіміз қалаған, мысалы, жасыл түсті жүннен жұқалап тарта отырып, киіздің үстін толтырып шығамыз. Жүнді қалыңдата тығыздап орналастырамыз. Енді осы жасыл түсті жүннің үстіне өздеріңе ұнайтын дайын ою-өрнектерді орналастырамыз. Ою-өрнектерді орамалдың ортасына немесе шетіне орналастыруға да болады ***Ұлттық ойын: «Орамал»*** *Қазақ халқында мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ұлттық ойындар да болған.* **Ойынның ережесі:** Қатысушылардың біріне түйін болып байланған орамалды жүргізушіге беретін адамды таңдайды. Ойыншылар шеңбер жасап тұрады, ал жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Қатысушылар жүргізушіні айнала бастайды. Ал жүргізуші " Тоқта!" дегенде, ойыншылар шашырап кетеді. Осылайша жүргізуші орамалы бар қатысушыны ұстауға тырысады. Ал орамалы бар ойыншы оны басқа қатысушыға бере алады. Орамалмен ұсталған қатысушы ән немесе айту айтуы керек.	***Әділдік туралы мақал-мәтел жаттау, мағынасын ашуды жалғастыру*** *Әділдік бар жерде, татулық та бар.* *Татулық бар жерде, бақыт та бар.* *Бақыт бар жерде, керемет өмір бар.* **"Зымыранды жинайық". (танымдық және шығармашылық, зияткерлік дағдылар)** Дидактикалық тапсырма: балаларды жеке бөліктерден бүкіл тақырыпты құрастыруды үйрету. Дизайн қабілеттерін дамыту. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. Ойын ережелері: зымыран бөлшектерін дұрыс таңдаңдар, бүктеңдер. Ойын әрекеті: зымыранның жеке бөліктерінің қажетті орнын табу. Дизайнды тек сызба немесе үлгі бойынша орындау. Дидактикалық материал: үлгілер, зымыранның сызбалары. Әр балаға дизайнер. Ойын барысы. Балалар дизайнерден зымыранды үлгі бойынша жинайды. Педагог балаларға бұл үлгі, зымыранның сызбасы екенін айтады. - Біз сізбен бірге конструктор боламыз.

	жасамауымыз керек». **2-** ***ереже.*** *Барлық адаммен сыпайы сөйлес.* *Түсіндіру: «Сөйлегенде сықырлы сөздерді қолданамыз: «өтінемін, рақмет, кешіріңіз».* **3-** ***ереже.*** *Ойыншықтар мен заттарға ұқыпты бол.* *Түсіндіру: «Ойыншықтар мен заттар жалпыға ортақ, сондықтан біз барлығына жеткілікті болуы үшін ұқыпты қарауымыз керек».* **4-** ***ереже.*** *Ұрыспа және ешкімді итерме.* *Түсіндіру: «Бір-бірімізге мейірімді боламыз және бір-бірімізді ренжітпейміз».* **5-** ***ереже.*** *Бөліс және бірге ойна.* *Түсіндіру: «Бірге ойнау да қызық, ойыншықтармен* бөлісу де қызық».		Педагог бір көліктің суретін көрсетеді, балалар қандай көлік екенін табады. **(тіл дамыту, қазақ тілі)**		Дизайнерлер сызбаларын қарап, содан кейін зымыран жасайды.
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)** 1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында 1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады. 3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында. 1-2 оң аяқты көтеріп, бүгілген оң аяқтың астынан допты сол қолға салады. 3-4 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында 1 отыру, қолдарын алдына созып, допты сол қолдарына салу. 2 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: тізені бүгіп, өкшемен отыру, доп оң қолдарында. 1-3 допты өзінен оң жаққа түзу домалату. 4 допты алу, тіктелу, допты сол қолға салу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқты бірге түзу қою, доп аяқ жақта, қолдарымен артқа қарай жер тіреу. 1-2 аяқты түзу жоғары көтеру, допты домалату және ұстап алу, 3-4 Бастапқы қалып: жаттығу орташа қарқынмен орындалады (жаттығу 5 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: дене тік, допты екі қолмен төменде ұстау; допты лақтыру және ұстап алу (жаттығу 5 рет қайталанады). 7. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында. Оң және сол аяқтарымен айнала оңға, солға педагогтің 1-8 дейін санау және секіру. *(дене тәрбиесі)*				
Таңғы ас	***«Үнемді тұтыну»***				

	Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге, жарықты үнемдеуге үйрету Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма) "Мөлдір су". Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, Екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті*,көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	***«Күй күмбірі»*** *Іс-әрекет басталар алдында қазақ күйін қойып, балалардың назарын шоғырландырып, жұмысқа ынталы көңіл-күй қалыптастыру*	Жабайы аңдар туралы әңгімелесу. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)**	Аңдардың қысқа дайындығы туралы суретке қарап әңгімелесу. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)**	Аңдар туралы мақал-мәтелдер жаттау. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)**	***«Күй күмбірі»*** *Іс-әрекет басталар алдында қазақ күйін қойып, балалардың назарын шоғырландырып, жұмысқа ынталы көңіл-күй қалыптастыру*
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** "Бір жанымен, шапшаң қадаммен жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларды сапта бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін шашырап жүру мен жүгіруді үйрету. *«Әділдік» қазақша ертегі* *Ертегі мағынасын ашу* *https://youtu.be/uzkHjK2E5tw* **Дидактикалық ойын.** «Қайсысы қайда орналасқан?» Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау. Оң жақты және сол жақты ажырату. **(математика негіздері, тіл дамыту)**	**Музыка** "Ойыншықтар". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар туралы әнге ықыласын ояту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауды пысықтау. **Қазақ тілі** "Көліктер. Қала мен ауыл. Көп - аз". Мақсат-міндеттері. Балалардың көлік түрлері, олардың ерекшеліктері мен қозғалыс ортасы туралы білімдерін кеңейту; "қала", "ауыл", сондай-ақ, "аз" және "көп" мөлшер ұғымдарын, "жылдам - баяу" сын сипат белгілерін, карт адамдарға деген құрмет пен қамқорлық туралы түсініктерін дамыту. (қазақ тілі, тіл дамыту, көркем әдебиет) **Шығармашылық жұмыс**	**Дене тәрбиесі** "Аңдардың жүрістеріне еліктейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің нұсқаулары бойынша жүгіруге үйрету. **"Ұстап ал" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Белгілі бір қарқынмен және ырғақпен секіруге дағдыландыру. **(дене тәрбиесі)** **Театрды сахналау.** **«Ақымақ қасқыр»** ертегі желісін қуыршақ театрымен сахналау.**(көркем әдебтет)** **«Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта».** **(математика негіздері)** Мақсат-міндеттері: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар.	**Музыка** "Кірпі". Мақсат-міндеттері. Балалардың кірпі туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдай білуге үйрету. **"Әнді орналастыру" музыкалық-дидактикалық ойын.** Мақсат-міндеттері. Әуенді тыңдау арқылы әннің атауын табу. **(музыка, тіл дамыту)** **Шығармашылық іс-әрекет** "Түлкі деген қу болар". (пысықтау) Балалар қалаулары бойыншаіс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. ***(сурет салу, мүсіндеу,***	**Дене тәрбиесі** "Ойын жүргізуші". Мақсат-міндеттері. Балаларға бір орында оңға және солға бұрылып секіруді; допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алуды (қатарынан 3–4 рет) үйрету. **"Ұстап ал" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Белгілі бір қарқынмен және ырғақпен секіруге дағдыландыру. **Шығармашылық іс-әрекет** "Аю бауырсақпен кездесті". Балалар қалаулары бойыншаіс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)*** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* қағаз бетіне басып шығарылған аю мен

		"Кірпі". тақырыбында балалар қалаулары бойынша ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру,құрастыру)*** іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеттері бойынша*шанышқыны тұрған сұр сияға малып, кірпінің суретінің үстіне бастырсақ тікенек пайда болады. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* кірпіні мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* қағаз бетіне басып шығарылған кірпінің тікенектеріне жемістерді желімдеу. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* ермексаздан кірпіні мүсіндеп, тікенектерін пісте дәнінен жасау **"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін шашырап жүру мен жүгіруді дағдыландыру. **(дене тәрбиесі)**	Ойынның мазмұны: балалар сипап сезу арқылы заттың ұзын немесе қысқалығын анықтайды. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзіңді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта» деген тапсырма береді. ***Топтағы тәртіп ережелерімен таныстыруды жалғастыру:*** **1-** ***ереже.*** *Тәрбиешіні және басқа балаларды тыңда.* *Түсіндіру: «Біреу сөйлегенде, біз мұқият тыңдап, түсінуге кедергі жасамауымыз керек».* **2-** ***ереже.*** *Барлық адаммен сыпайы сөйлес.* *Түсіндіру: «Сөйлегенде сықырлы сөздерді қолданамыз: «өтінемін, рақмет, кешіріңіз».* **3-** ***ереже.*** *Ойыншықтар мен заттарға ұқыпты бол.* *Түсіндіру: «Ойыншықтар мен заттар жалпыға ортақ, сондықтан біз барлығына жеткілікті болуы үшін ұқыпты қарауымыз керек».* **4-** ***ереже.*** *Ұрыспа және ешкімді итерме.* *Түсіндіру: «Бір-бірімізге мейірімді боламыз және бір-бірімізді ренжітпейміз».* **5-** ***ереже.*** *Бөліс және бірге ойна.* *Түсіндіру: «Бірге ойнау да қызық, ойыншықтармен* бөліс	***жапсыру, құрастыру)*** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге машықтандыру. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша*домаланған пішінді екі алақанның арасына салып, жалпақтау тәсілін пайдалана отырып, бауырсақты мүсіндеуді үйрету; Бет бейнесін дәндерден жасау. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* жазуға арналған жабысқақ қағазды бүктеу арқылы шырша, жүрекше және шеңбер пішіндерін қиып алуға, оларды жіпке шеттерінен жапсыруға, қуыршақ театры шымылдығын безендіруге үйрету; қайшымен жұмыс жасау іскерліктерін дамыту; *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балаларға қағазды бұру арқылы конус жасап, оригами әдісі бойынша түлкінің басын құрастыруға, желім арқылы түлкінің басы мен денесін жапсыруды үйрету.	бауырсақты бояп, зерттеулер жүргізеді. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* балаларды ертегілерден қарапайым сюжетті бейнелеуге ынталандыру; алақан арасына салып домалақтау тәсілін үйрету. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* дайын пішіндерден жануарлар пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балаларды геометриялық пішіндерді пайдаланып, қағаз бетіне құрастыруға үйрету **«До – ре – ми» ойыны. (музыка)** Мақсат-міндеттері. Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажыратуды үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру. **Дидактикалық ойын. "Ненің басы , ненің құйрығы?".** Мақсат-міндеттері. Суреттен жабайы жануарларды тауып, атай білу іскерліктерін жетілдіру.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету *(өзіне қызмет ету,*)				
Серуен	**Алғашқы түскен қарды бақылау.**	**Жансыз табиғаттағы құбылыстарды бақылау.**	**Бұлттарды бақылау. (экологиялық мәдени**	**Бұлттарды бақылау. (экологиялық мәдени**	**Бұлттарды бақылау. (экологиялық мәдени**

	(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы қар ақ болады, ол тез ериді. Қысқы табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу. Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге. Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар.) **Қимылды ойыны. «Сұр қоян жуынды».** **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту. Алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыру дағдыларын дамыту. **"Табиғат құбылыстарын ажырату, олардың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Қасиетіне қарай қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады. Ойын барысы. Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсету, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек. **Еңбек:** «Бөлме өсімдіктерін	**(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, көркем сөз, тіл дамыту)** Мақсат-міндеттері. Кемпірқосақ туралы айту арқылы балалардың қызығушылығын дамытуды жалғастыру. ***Экологиялық міндет:***өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі жаңбырдың маңызы туралы айту, табиғатқа сүйіспеншілікті дамыту. **Көркемсөз.** М. Әлімбаев «Жаңбыр». Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Көкте қызыл-жасылды Кемпірқосақ асылды. Құлпырғаны қызық-ақ Жеті түрлі бояумен. Бір кесегін үзіп ап, Үйіме әкеп қояр ма ем. **Табиғат құбылыстарын болжау.** Ыстық жел соқса, жаңбыр жауады. Торғайлар топтасып ұшса, күн ашық болады. ***Тәжірибе:*** *топырақ салынған бар-екі ыдыс дайындау, сумен суару және бақылау. Ауа көпіршіктері пайда болады, ол өсімдіктердің өсуіне септігін тигізеді.* **(қоршаған ортамен танысу, тіл дамыту, қазақ тілі)** Қорытынды: топырақты қопсыту керек. ***Экологиялық ойын. "Өсіру".*** *Топырақта өсетін өсімдік түрін алып келу.* ***Еңбек:*** *гүл отырғызуға ыдыс дайындау (жерді қазу,	**дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, көркем сөз, тіл дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларға бұлттарды бақылауға қызықтыру және аспанға қарап ауа райының қандай екенін білуді үйрету. ***Экологиялық міндет:*** жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және тағы басқа) Сұрақтар: - Бүгін ауа райы қандай? Бүгін аспан қандай? Сен аспаннан не көріп тұрсың? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар бір орында тұр ма? Жел бұлттарға қалай әсер етеді? Бұлттар көшіп бара ма? Бұлттар аспанда қалқып жүр ме? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауды, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінен ұқсастықтарды табуға қызықтыру. Балалардың айтқан сөздері және бейнелі сөздері үшін мақтау. **Көркемсөз** Ақсың, сұрсың қарасың, Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін, Өссін гүлдер, көп егін. Гүл-гүл жайнап өсер көп, Нөсерлетсең нөсерлет. **Жұмбақ** Көз жасты – жылауық, Келе жатыр бір алып. Жабырқаса жылайды, Жадыраса тарайды. (Бұлт.) **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Балаларды	**дағдылар, жаңбыр қалай пайда болады). (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғаттағы су айналымы туралы түсінік беру; қорытынды жасауды үйрену. ***Экологиялық міндет:*** таза ауа барлық тіршілік иелерінің өмір сүруі үшін өте маңызды. Түзету міндеті: "Бұлтты тарат" сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуын дамыту. Сұрақтар: - Жаңбырдан кейін шалшық қайда жоғалады? Суға не болады? Бұлт қайдан пайда болады? Егер балаларға жауап беру қиын болса, онда өзендердегі, теңіздердегі, шалшықтардағы және басқалардағы судың буланuынан ауада әрдайым су буы болатындығын түсіндіріңіз, бірақ біз оны көрмейтінімізді айтыңыз. Бу көтеріліп, көрінетін болады - бұлттар пайда болады. Олар кішкентай су тамшыларынан тұрады. Егер мұндай бұлт салқындаса, тамшылар бірге жиналып, үлкен, ауыр болып жерге түседі - жаңбыр жауады. **Көркемсөз (тіл дамыту)** Күзгі көк бұлт мен болам, Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын, Қаласам қазір сендерге, Жаңбыр болып жауамын. **"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері.	**дағдылар, бұршақ қалай пайда болады) (қоршаған әлеммен таныстыру, көркем сөз, тіл дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды аспаннан бұршақ жаууы құбылысымен таныстыруды жалғастыру. Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді. Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл мұз бөліктері ауырлап, ауа ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты шашылып үлгермейді. Бұршақ - табиғи апат, ол егіндер мен өсімдіктерді құртады. ***Экологиялық міндет:*** судың әртүрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау. *Суды дағдыларын қалыптастыру, түсінік беру* **Көркемсөз** Ақсың, сұрсың қарасың, Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін Өссін гүлдер, көп егін. Гүл, гүл жайнап өсер көп Нөсерлетсең нөсерлет. **"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойынды әділ ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке,

	күту». Мақсат-міндеттері. Тәрбиешінің басқаруымен балалар оранжереяларда, қысқы бақтарда пайдалы еңбекпен айналыса алады. Бөлме өсімдіктерін күтуге тәрбиелеу: қажетіне қарай суару, гүлсауыттағы шартты белгіге қарау, жапырақтарды дұрыс сүрту. **Өз бетімен ойындар:** шашақтармен ойын. Мақсат-міндеттері. Таза ауада ойын ойнау. Өзіне қызық ойындарға қатысуға ынталандыру.	*топырақты дайындау).* *Мақсат-міндеттері. Балаларды жер өңдеу жұмыстарымен таныстырып, еңбек дағдыларын жетілдіру.* ***Ұлттық ойын*** ***Қыз –қуу*** *Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды (ағаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады, қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса сол бала жеңіске жетеді.* **"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттері. Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. **(дене тәрбиесі, тіл дамыту)** Басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Балалар өз туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. Далаға шығарылатын материалмен ойын ойнау.	шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппатарын дамыту;ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. **Еңбек:** балалармен бірге гүлзарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақтарын бұтақтарын жинау. Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **Еркін ойын. "Күн мен жаңбыр".** **(танымдық дағдылар)** Мақсат-міндеттері. Балалардың шығармашылығын, кеңістікті бағдарлауын, қимыл жылдамдығын, зейінін дамыту.	Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі, “Мен - түлкі!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үлестіруге, ептілікке, жігерлілікке тәрбиелеу. Балалар кішкентай шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші (педагог) балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы ақырын түртіп қалады. Педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ойыншы балалар жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған қу түлкі:"Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар "қу түлкіден" жан-жаққа қашып құтылуы керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. **Еңбек:** алаңды тазарту ұжымдық еңбегі. Мақсат-міндеттері. Жалпы жұмысқа қатысу, жұмысты соңына дейін жеткізуге баулу. **Қозғалыстарды дамыту жыттығулары:** жүгіріп келіп ұзындыққа секіру (кемінде 1м). Мақсат-міндеттері. Ұшу ауқымын дамыту. Далаға шығарылатын материалмен ойын ойнау.	шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасап жүріп сөздерді айтады: Мысығымыз момақан, Жүреді аулада аңдамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарын төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болуы керек, қолды біресе жоғары көтеріп, біресе төмен түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұру өте маңызды. "Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады. Тышқан мен мысықтың диалогін қосуға болады. Тышқан: - Бұтақты да кемірдім, Кітапты да кемірдім, Мен осындай жемірмін, Шиық-шиық, шиық-шиық.

			Ойын барысы. Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуалайжы, секіреді, жүгіреді. Тәрбиеші "Жаңбыр жауды!" дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Бұнда жерден жоғары тұрған құрылғылардың үстіне шығып кету туралы келісуге болады (мысалы, бөренелер, орындықтар, сатылар). Тәрбиеші "Күн шықты!" дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді. Бұнда келісілген негізгі қимылдың бірін орындап жүруге болады (мысалы, тек қана секіру, арқамен теріс қарап жүгіру және тағы басқа) Далаға шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар.		Секектеймін ыршып та, Кезікпеймін қырсыққа, Ұстатпаймын мысыққа, Түк-түк, түк-түк, Қане, ортаға шық-шық! Мысық: - Мияу! Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей, "Шық-шық!" - дейді? Бұл тышқанның өнерін, Қане, байқап көрейін. **Еңбек:** гүлзарларды суару. Мақсат-міндеттері. Ересектерге көмек көрсетуге; өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.** **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжып, екі аяқпен, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1) сызықтардан жылдам секіруге шақыру. Далаға шығарылатын материалмен ойын ойнау.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу ***«Үнемді тұтыну»*** *Суды және энергияны үнемді тұтыну дағдыларын қалыптастыру, түсінік беру* *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету*)				
Түскі ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. "Мөлдір су". Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма) Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын,				

	Екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету,*көркем сөз)				
Күндізгі ұйқы	«Арыстан мен түлкі» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Балаларды ақырын сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабанның алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу. Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын жақсы уқалайды, аяқтың бұлшықеттерін нығайтады, денені тұтастай қорғайды. **Көркемсөз** Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті,көркем сөз, дене шынықтыру)*				
Бесін ас	Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты ұқыпты, таза жеу. Дастарқанның басында, Өзіңді жақсы ұста! Дұрыс отыр! Асыңды іш! Денене көп жина күш. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті*,көркем сөз)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***Қауіпсіздік сабағы*** ***Сюжеттік-рөлдік ойын: «Жолда жүру»*** *Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережесін сақтауға, бағдаршам мен жол белгілерін дұрыс қолдануға үйрету.* *Қатысушылардың рөлі:* *• Жаяу жүргіншілер – балалар, жолдан өтуге дайындалады* *. • Көлік жүргізушілері – балалар машинаны жүргізіп ойнайды.* *• Бағдаршам – бір бала үш түсті көрсетеді.* *• Жол полициясы – ережені қадағалап тұрады.* —— *Қажетті құралдар: • Бағдаршам макеті немесе*	***Әділдік туралы мақал-мәтел жаттау, мағынасын ашуды жалғастыру*** *Әділдік бар жерде, татулық та бар.* *Татулық бар жерде, бақыт та бар.* *Бақыт бар жерде, керемет өмір бар.* **Тіл дамыту** "Зообақ тұрғындары туралы жұмбақ жасыру жаттығулары". Мақсат-міндеттері. Балаларды көркемсөздің жұмбақ формасымен таныстыру, жұмбақтың тақпақтан негізгі айырмашылығын түсіндіру; ортақ қасиеті бар заттардың жалпылауыш сөзбен аталатыны туралы түсініктерін бекіту.	**Шығармашылық іс-әрекет** "Түлкі деген қу болар". Балалар қалаулары бойыншаіс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)*** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге машықтандыру. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша*доманған пішінді екі алақанның арасына салып, жалпақтау тәсілін пайдалана отырып, бауырсақты мүсіндеуді үйрету; Бет бейнесін дәндерден жасау. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* жазуға арналған жабысқақ қағазды бүктеу арқылы шырша, жүрекше және шеңбер пішіндерін қиып алуға, оларды	**Вариативтік компонент** **Қызықты математика** "Көліктер жүретін ұзын және қысқа жолдар". Мақсат-міндеттері. Балаларға заттардың ұзындығының қасиеттері жөнінде білім беру. **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Мыршай". Мақсат-міндеттері. Балаларға түлкі туралы түсінік бере отырып, түлкінің сыртқы түрі мен тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. **"Қай жануардың құйрығы екенін таба аласың ба?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту, түстерді,	***Қауіпсіздік сабағы*** ***"Жол белгілерін қою" дидактикалық ойыны.*** *Мақсат-міндеттері. Балалардың жолда жүру туралы алған білімдерін тиянақтау, жол белгілерін айыра білу. Балаларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.* **Математика негіздері** "Қояндар отбасы қысқа дайындалады". Мақсат-міндеттері. Балаларды заттардың саны кем болған топқа, бірін қосып, үстемелеу немесе артық топтан бір затты алып тастау сияқты теңдікті орнату тәсіліне үйрету. **Көркем әдебиет**

	түсті дөңгелектер (қызыл, сары, жасыл). • Жол белгілері (жаяу жүргінші жолы, тоқта, аялдама). • Ойыншық көліктер немесе картоннан жасалған «көлік». • Еденге сызылған «жаяу жүргінші жолы» (зебра). *Ойын барысы: 1. Балалар рөлдерін таңдап алады (жүргізуші, жаяу жүргінші, бағдаршам, полиция). 2. Жолда «көліктер» жүреді, «бағдаршам» түстерді көрсетеді. 3. Бағдаршам жасыл жақққанда – жаяу жүргіншілер жолдан өтеді. 4. Жүргізуші тоқтамай кетсе, «жол полициясы» тоқтатып, ережені түсіндіреді. 5. Соңында барлық балалар бірге: – «Жолда жүру ережесін сақтау керек!» – деп ұран айтады.* **Шығармашылық іс-әрекет** "Алманы тапқан қоян". Балалар қалаулары бойыншаіс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)*** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* балаларды күзгі алма ағашының жанындағы қоянның бейнесін салу техникасына үйрету; "Алма" қазақ ертегісінің сюжетін пысықтау; қарындашпен қағаздың бір жағына қоянның денесін трафарет арқылы құрастырып, екінші жағына, өз қалаулары бойынша	**Үстел үсті ойындары «Бұл қай кезде болады?»** Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері, оларға тән белгілер туралы білімдерін бекіту; мәнерлеп сөйлеуді, зейінді, тапқырлықты, шыдамдылықты дамыту. **(тіл дамыту, қазақ тілі)** **Сюжетті-рөлдік ойын "Цирк".** Мақсат-міндеттері. Балалардың циркте жұмыс жасайтын өнерпаздар (сайқымазақ, гимнасшы, сиқыршы, жонглер, аңдарды жаттықтырушы) туралы түсініктерін қалыптастыру; цирк әртістерінің жұмысын түсіндіру; еңбексүйгіштікке, төзімділікке, әдептілікке, саламатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық құралдар мен модельдер, циркте жұмыс істейтін әртістерге қажет (доптар, ойыншық аңдар, бас киімдер, таяқтар, спорттық киімдер үлгісі, гимнастикалық сылдырмақтар, костюмдер). Барысы. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің басында педагог балалармен бірге цирктің (сурет) алатын орны, онда жұмыс істейтін әртістер жайлы әңгімелеседі; әр әртіспен мамандар қандай құралдарды пайдалатынын, олардың жұмыстары қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Балалар циркте жұмыс істейтін әртістерге: сайқымазақтар, гимнасшылар, сиқыршылар, жонглерлер, аңдарды жаттықтырушыларға болып бөлінеді, топтасып, белгілі	жіпке шеттерінен жапсыруға, қуыршақ театры шымылдығын безендіруге үйрету; қайшымен жұмыс жасау іскерліктерін дамыту; *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балаларға қағазды бұру арқылы конус жасап, оригами әдісі бойынша түлкінің басын құрастыруға, желім арқылы түлкінің басы мен денесін жапсыруды үйрету. ***Күй күмбірі*** *"Күй тыңдайық, балақай!"* *Күйді тыңдата отырып шығармашылық іс-әрекетті орындауға дағдыландыру.* **Сюжетті-рөлдік ойын.** "Хайуанаттар бағы". Мақсат-міндеттері. Балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай қызмет атқаратынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға арналған тор пішіндер. Барысы. Педагог ойын алдында	көлемді дұрыс ажыратуға үйрету. **(тіл дамыту, математика негіздері)** **Сюжеттік-рөлді ойын. (тіл дамыту,қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)** "Табиғи қорық". Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғи қорықтар туралы түсінік беру, "Қызыл кітап", қорықта қызмет ететін орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер жайлы түсініктерін бекіту; орман қызметкерлері орманды, ондағы тіршілік ететін аңдарды қорғауда қандай рөл атқаратынын анықтау; еңбексүйгіштікке, аңдарға қамқорлық таныту сезімдерін тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Табиғи қорық қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; жасанды орман, бұлақ, тау үлгісі. Барысы. Педагог балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде табиғи қорық жайлы суреттер қарастырады, Қазақстанның табиғи қорықтары жайлы бейнежазба көру. Балалар табиғи қорықта орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер сияқты мамандар не істейтінін (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге шабуға тапсырма береді, ауырған аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны артқан	"Батпан құйрық". Мақсат-міндеттері. Балаларды «Батпан құйрық» ертегісінің мазмұнымен таныстыру және ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мұқият тыңдай отырып, қайталауды үйрету. **Дидактикалық ойын. "Батпан құйрық қай жануардың құйрығы?"** Мақсат-міндеттері. Жануарлардың дене мүшелерін тауып, дұрыс атауды үйрету. **(қазақ тілі, тіл дамыту)** ***Ұлттық ойын*** ***Асау мәстек*** *Ойын бастаушы арқанды жерден 50 см –дей биік етіп керіп байлайды да қасындағы балаларға* *Былай дейді.* *Ер екеніңді білейін* *Ешкі сойып берейін* *Тақия алсаң еңкейіп* *Құламасаң теңкейіп* **Ерлігіңе сенейін** **Ойын шартын қабылдап , ортаға шыққан бала:** **Асау мәстек бұл болса** **Үйретейін көріңіз** **Маған таяқ беріңіз!- дейді де, таяқпен арқаннан асылып жердегі тақияны іліп алуы керек. Ойынды келесі бала осылай жалғастырады.**

	алманы не сәбізді, басқа да жеуге жарамды қоректі салуды дағдыландыру. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* аңның сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, пропорциясын сақтап, құрылымдық тәсілмен бөлшектерді біріктіру арқылы мүсіндеуді үйрету *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* дайын пішіндерден жануарлар пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* мақта табақшаларынан қоянды құрастыруға үйрету; қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіре отырып, бүтін мақта табақшасын тең ортасынан қайшының көмегімен екіге бөлу іскерліктеріне дағдыландыру; Музыкалық аспаптармен ойындар. Аспаптармен таныстыру. *Күйлерді тыңдату.***(музыка)**	тапсырмаларды орындайды. Педагог цирк қойылымдары жайлы хабарлайды да, қалған балаларды орындықтарға жайғасуға шақырады. Әр орындаушы өзінің шығуын үлкен құрметпен хабарлайды және өзін қолдап, қошемет көрсетуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында әртістер көрермендерге бас иітіндерін, ал көрермендер қол шапалақтап, мақтайтынын айтып қою қажет. Педагог ойын барысын өзі түзетеді, балалар әрекетінің белсенділігін арттыру үшін қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балармен бірге қорытынды жасайды: әртістің шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында цирк қойылымдары әсерлі және қызықты болады. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)**	балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттерді қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты мамандардың қызметінің маңызы, олар қолданатын құралдар жайлы талқылау қажет. Балалар хайуанаттар бағында жұмыс істейтін қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. *Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін* ***жауапкершілікті*** *сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту.* **(тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)**	жыртқыштарды атады); қандай құралдарды қолданатынын талқылау керек. Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін қызметкерлердің қандай қызмет атқаратынын өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адам тірі табиғаттың тіршілік заңын бұзбау керек, оларға көмектесу және қорғау керек. *сиреп бара жатқан құстар, аңдар үшін* ***жауапкершілікті*** *сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту.*	
Балалармен жеке жұмыс	**Дидактикалық ойын. «Артығын тап».** Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттен артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін сұрайды.	**«Суреттерді орналастыр». (математика негіздері)** Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.	***Әділдік туралы мақал-мәтел жаттау, мағынасын ашуды жалғастыру*** *Әділдік бар жерде, татулық та бар.* *Татулық бар жерде, бақыт та бар.*	**«Жоғарыда, төменде». (математика негіздері)** Мақсат-міндеттері. Жоғары – төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейінді, қиялды дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары.	**«Оң және сол». (математика негіздері)** Мақсат-міндеттері. Үлкен және кішкентай заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі

Серуен	**Желдің соғуын бақылауды жалғастыру. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаш жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. **Жұмбақ.** Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел.) ***Тәжірибе.***Желге қарсы жүгіру. **Қорытынды.** Желге қарсы жүгіру қиын. **"Өз үйіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету білігін дамыту, ойын ережесін нақты орындауға дағдыландыру. Балаларға әртүрлі таңбалауыштар үлестіріледі.	**Жапырақтың түсуін бақылауды жалғастыру. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Күздің ерекшеліктері туралы ойын толық жеткізуді, сұраққа толық жауап беруді үйрету. Бақылау барысы: күз мезгілінің келгені, ағаштардан жапырақтары сарғайып жерге түсуінен байқауға болатынын айту. Жапырақтар жерге түсіп, айналаның барлығы сары алтынға боялғанын байқату. Сары ағаштар, сары жапырақтар, гүлзарлардың барлығы сап-сары екенін айту, күз мезгілін «алтын күз» деп атайды. - Жапырақтардың сыбырлағанын естідіңдер ме? - Жел соққанда жапырақтар ағаштан үзіліп, ауада қалықтап, баяу жерге түседі. Байқадыңдар ма? Бұл жапырақтың түсуі. Қоңыр күз, қоңыр күз. Жапырақтар желге баяу ұшады, жапырақтар жеп-жеңіл. Барлық ағаштар жапырақтардың түсін өзгертті ме? - Жазда ағаштар мен бұталар қандай болды? - Күздің келуімен олар қалай	**Шалшық суды бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың жерге жылдам сіңетініне, ал күзде салқын түскенде жерге ұзақ уақыт сіңбей, батпақ болып жататынына мән беру. **Көркем сөз.** Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға бетіңді жу. Тазалықтың досы, Су дегенім осы. ***Тәжірибе.*** Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру. Мақсат-міндеттері. Кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбірулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау. **Қимылды ойын. «Бір аяқпен жолдан секіру». (дене шынықтыру)** Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету.	**Аула сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру , тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Мақал-мәтел.** Еңбексіз өмір – сөнген көмір. **Қимылды ойын. «Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны).** **(дене тәрбиесі)** Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету.	**Ауа райын бақылауды жалғастыру. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Алдымен, күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі, күннің суытуы; бұлтты және жаңбырлы күндер, аспанның сұрланып бұлыңғыр тартуы, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтардың сарғайып жерге түсуі. Табиғатты сүюге баулу. **Қимылды ойын. «Қыз қуу» қазақ халқының ұлттық ойыны).** **(дене тәрбиесі)** Балаларға ойын ережелерін сақтауды үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару. **Еңбек:** гүлдерден гүлшоғын жасау. Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу. **Өз бетімен ойындар.** «Сүйікті ойыншықтармен ойнау».

	Белгі бойынша балалар алаңның түрлі жерлерінде жапсырылған белгілі үлкен таңбалауыштарға, өздерінің таңбалауыштарына сай жүгіреді. Кім өз орнын бірден таба алмаса, балалардың қалаулары бойынша тақпақ немесе ән айтып береді. Ойынды екінші рет өткізу үшін таңбалауыштарды қайта тарату керек. **Қимылды ойын. «Желбезекпен жүгіру». (дене тәрбиесі)** Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол бала жеңімпаз болады. **Еңбек:** тәрбиешіге көмек. Үлкендерге қызмет көрсету, ауланы тазартуға қатысу, жапырақтарды жинау. *Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу* **Өз бетімен ойын ойнау.** «Желбезекпен ойын». Ыңғайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл күйде болу.	өзгерді? Қайыңның жапырақтары қандай түсті? (Алтын сары.) **"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс. **Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** құрғақ жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке үйрету; топпен жұмыс жасау біліктілігін бекіту. *Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу* **"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	**Қимылды ойын. «Айна» (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Қимылдардың мәнерлілігі мен шеберлігіне тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойыншылар алаңда тұрады, жүргізуші оларға қарсы жағында болады. Балалар жүргізушінің айнадағы көрінісі болады. Жүргізуші «айна алдында» әртүрлі еліктеу әрекеттерін орындайды (тарау, киімді түзету және тағы басқа). Ойыншылар жүргізушімен бір уақытта оның қимыл-әрекетін, тек қимылдарды ғана емес, сонымен қатар мимикасын да дәл жеткізуге тырысу керек. Жүргізушінің рөлін тәрбиеші де, бала да орындай алады. **Еңбек:** «Балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау». Еңбектің маңыздылығын сезінуге және үлкендерге көмектесуге үйрету. **Өз бетімен ойналатын ойындар.** Гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ және тағы басқа). Балалардың қосалқы ойындарға қызығушылықтарын дамытып, тату ойнауларын қадағалау.	Жылдамдықпен күш жігерді дамыту. **"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейіндікке тәрбиелеу, қозғалыс үйлесімділігін дамыту. **Еңбек:** аула сыпырушыға көмектесу. Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. *Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу* Еңбектенуге құштарлықтарын дамытып, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар.** Доппен ойын. Әр балаға доппен ойнауға мүмкіндік беру. Ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезімін ояту.	Қуанышты жағдайлардың туындауына жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына мүмкіндік беру.
Серуеннен оралу	Балаларға киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету)*.				

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру» тақырыбына әңгімелесу.	Баланың өздігінен орындайтын жұмыстары туралы әңгімелесу.	"Баланың сұрағына ашуланбай жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру.	"Бала - біздің айнамыз" тақырыбында әңгімелесу.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің бір апталық жұмысы туралы әңгімелесу.



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ	
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын	*Кентау қаласының білім бөлімі* *ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы*

орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	***Ересек топ***				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	*«Қарлығаш»*				
Балалардың жасы	***4 жастағы балалар***				
Педагогтің аты-жөні	*Ташпенова Ұ.Б*				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**24.11. - 28.11.2025.**				
	«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАКЕРШІЛІК АЙЫ				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	Апта дәйексөзі: «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!»				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	"Баланың сұрағына ашуланбай жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру. "Ата-аналарға арналған жеке әңгімелер. Көзге арналған түзету гимнастикасы. Баланың қабілеті жайлы әңгімелесу *«Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру» тақырыбына әңгімелесу.* «Тұмаудан сақтану жолдары» тақырыбында кеңес *Өнегелі 15 минут*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Бөлме өсімдіктерін жуу".** Мақсат-міндеттері. Балаларға суару әдістері және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасауға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды үлкендерге өз қолдарынан келетін көмек көрсетуге тарту, бөлме өсімдіктері туралы балалардың идеяларын нақтылау.	**"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп».** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету, шкафты киім және аяққиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбеккорлыққа тәрбиелеу, тәртіп сақтауды үйрету. Ұжымда тату-тәтті еңбектенуге үйрету.	**"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсек-орнын ұқыпты ұстау дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.	**"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты және тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; *сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту.* Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	**"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".** Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау.
	Қ.Р.Әнұраны	***Күй күмбірі***	***Қауіпсіздік сабағы***	***Күй күмбірі***	**«Заттарды салыстыру».**

	Ұлттық ойын ***Сақина салу*** *Сақина салу – арнайы жеребе тартылып, бір қыз бен жігіт ортаға шығады, ал қалғандары қолдарын уыстап тізіліп отырады. Қыз осы отырғандарды алақандарына сақина тастағандай аралап шығады. Әрине, солардың біріне қолындағы олжасын тастап кетуі тиіс. Ал жігіт қыздың кімге қалдырғанын табуы шарт. Дұрыс таба алса, отырған ойыншы айып ретінде өнер көрсетеді, ал жігіт қателессе өзі айыпты болады. Бұл ойында айыпты түрлі жолдар арқылы өтеуге болады, мәселен, жұмбақ шешу, жаңылтпаш айту, би билеп, ән салу. Не айып тартатындығын қатысушылардың өздері бұйырады.* ***Қауіпсіздік сабағы*** *Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, суреттер қарау.*	*"Күй тыңдайық, балақай!"* ***Ожау*** *ожаумен әртүрлі сусындарды құятыны туралы түсінік беру. Ожаудың басы домалақ, сабы ұзын, қайқы болатынын түсіндіру. Асықтың бүк жағын пайдалана отырып құрастыруды түсіндіру. Ұлттық құндылықты дәріптеуге тәрбиелеу, айырмашылығын анықтау; сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, табиғатты аялауға тәрбиелеу* ***«Асықпен кел, ойнайық!»*** *Ата-бабаларымыздың асықты ойын ойнау үшін пайдаланғанын түсіндіру. Асықты жан-жақты түрлендіріп, оларды тізіп, түрлі ойыншықтар құрастыруды үйрету, жұмыс істегенде қолдарының ұсақ моторикасын, зейінін дамыту. Қазақ халқының мәдениетіне қызығушылыққа тәрбиелеу*	*Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, суреттер қарау.* **Дидактикалық ойын.** "Менің қайда және кім болып жұмыс істейтінімді тап". Мақсат-міндеттері. Мамандық түрлерінің атауын еске сақтауды үйрету, ой-қиялын, ынтасын дамыту. **(тіл дамыту)**	*"Күй тыңдайық, балақай!"* ***Қымыз құюға арналған ожау*** ожаудың бірнеше түрі болатынын түсіндіру. Қымыз құюға арналған ожау туралы мағлұмат беру; асықтан құрастырудың әртүрлі тәсілін меңгеру, тілін дамыту, саусақтың ұсақ бұлшық етінің қозғалысын жетілдіру, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. **(құрастыру)** ***Асық қаршу (бестас).*** *Екі одан да көп бала ойнайды. Қаршуға ықшам асықтар таңдап алынады. Ойыншылар асықтарын иіріп кімнің асығы көп алшы түссе сол ойынды бастайды. Бес асықты жерге тастап, бірін жоғары лақтырып, жердегі асықтың бірін іліп алып, жоғарыдағы асықты қағып үлгереді. Осылай бір-бірден, одан кейін екі-екіден, соңында жердегі төрт асықты бірдей сыпырып алу керек. Келесі кезекте «көпірден өткізу» түріне ауысады. Соңында асықтарды қолдың сыртымен қағып, қол сыртына түскен асықтарды қаршиды. Осылай күрделенген түрде* жалғаса береді.	Мақсат-міндеттері. Балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. Ұғымдардың мағынасын түсіндіру, оларды бір-бірінен ажыратуға баулу. Ойын-тілін танымдық әрекетін дамытып, баланы өзін қоршаған ортаға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: суреттер, ойыншықтар. Ойынның барысы: балалар әртүрлі заттарды салыстырады, суретін салады, айырмашылығын белгілері бойынша айтады. Жуан - жіңішке. Кең - тар. Биік - аласа. Үлкен -кішкентай. Ұзын -қысқа . Ұғымдарын үйрету. **(математика негіздері)**
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары** 1.Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 1.2. Қолды алға көтеру. 1.3. Саусақтарын бүгу, қолдарын айналдыра қимылдау. 1.4. Бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, қол белде. 2.1. Кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. 2.2. Оңға және солға иілу. 2.3. Қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. 2.4. Бастапқы қалыпқа келу.				

	3. Аяқтың ұшына көтерілу. 3.1. Екі аяқтың өкшесін кезек-кезек топылдату. 3.2. Аяқтың ұшымен топылдату. 3.3. Бастапқы қалыпқа келу. *(дене тәрбиесі)*				
Таңғы ас	***«Үнемді тұтыну»*** *Суды және энергияны үнемді тұтыну дағдыларын қалыптастыру, түсінік беру* Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досыңдай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету,көркем сөз)*				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	***Қоршаған ортаны сақтаудағы адамзаттың жауапкершілігі.*** *Мақал-мәтел* *Ағашты кесу — 5 минут, өсіру — 100 жыл.* *Мағынасын ашу, түсіндіру.* **(тіл дамыту)**	Қыс мезгілінің мнемотехникасына қарап әңгімелесу. **(тіл дамыту)** **Дидактикалық ойын. "Үлкен – кішкентай".** Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзақ және қысқа дыбыстарды ажыратуды; музыканың ырғағын сезінуді үйрету. **(музыка, тіл дамыту)**	***Қоршаған ортаны сақтаудағы адамзаттың жауапкершілігі.*** *Мақал-мәтел* *Ағашты кесу — 5 минут, өсіру — 100 жыл.* *Мағынасын ашу, түсіндіру* Қыс мезгіліне байланысты тақпақтар жаттау. **(тіл дамыту, көркем әдебиет)**	"Қысқы тіршілік" туралы әңгімелесу. *Қыс мезгілінде үйде, көшеде, табиғатта қауіпсіздік ережесінсақтай білу жөніндегі білімдерін бекіту* **(тіл дамыту)**	Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. *Қыс мезгілінде үйде, көшеде, табиғатта қауіпсіздік ережесінсақтай білу жөніндегі білімдерін бекіту* **(тіл дамыту)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** "Еңіс тақтайдың үстімен жүру". Мақсат-міндеттері. Еңіс тақтайдың үстімен қолдарын жанына жіберіп, тура жүруге, жердегі кедергі жолақтардан (жолақтар арақашықтығы 50 см) екі аяқпен екі аяқпен аттап, секіру және бір-біріне қарама-қарсы тұрып, допты бастарынан асыра лақтыруды үйрету. **Қ. Шілдебаевтың әні «Қыс.** Музыкалық жетекші балалармен бірге ән айтуды бастайды. Әнді хор мінбесіне барып айтады. Үнтаспаға қосылып,	**Музыка** "Қоңыраулар сыңғыры". Мақсат-міндеттері. Балалардың нәзік те сырлы классикалық музыкаға деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуге үйрету. **Қазақ тілі** "Үш аю" ертегісін оқу. Үлкен, орташа, кішкентай". Мақсат-міндеттері. "Үш аю" танымал ертегісінің сюжетін еске түсіру; үш түрлі көлем жайлы "үлкен", "орташа", "кішкентай" түсініктерін бекіту; адамдардың	**Дене тәрбиесі** "Тепе-теңдікті сақтайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға қатарға екеуден тұруға; допты алысқа дәлдеп лақтыруды (3,5–6,5 м кем емес); сызықтардың арасымен (15 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету. **"Кедергілерден оңай өтеміз" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалар кедергілерден "жылан" тәрізді жорғалап өтулері керек. **(дене тәрбиесі)**	**Музыка** "Қыс әні". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс туралы әннің сипатын түсініп, ажырата білу қабілетін дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырату қабілетін қалыптастыру. . **Дидактикалық ойын. "Қояндар".** Мақсат-міндеттері. Балаларға музыканың көңілді не мұңлы, баяу түрлерін ажырата білуге	**Дене тәрбиесі** "Досқа нені үйретемін?" Мақсат-міндеттері. Балаларға аяқтың ұшымен тұру; қолын беліне қойып, бір аяқпен тұруды; көлбеу тақтайдың үсітмен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүруді үйрету. **"Баскетбол" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөліп, баскетбол добына арналған торға белгіленген нысанадан аспай, допты көкірек тұсынан дәлдеп лақтыруды

	шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. **(музыка)** **«Оң және сол».** **(математика негіздер, *жапсыру*)** Мақсат-міндеттері. Үлкен және кішкентай заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді. Сонымен қатар бааларға үлкен затты үлкен ағашқа , кішкентай затты кішкентай ағашқа желімдеу тапсырылды. **«Суреттер құрастыру».** Мақсат-міндеттері. Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын дамыту. **(тіл дамыту,құрастыру)**	қонақтағы әдепті мінез-құлқы жайлы білімдерін кеңейту. **(тіл дамыту, математика негіздері, құрастыру)** **Шығармашылық іс-әрекет** **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** «Кемпірқосақ» тақырыбы бойынша балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу бойынша*аулаға жауған қар туралы сюжеттібор мен қылқалам арқылы салды үйрету; суреттегі ағаш пен үйдің сұлбасын салып, суреттегі қарды әр жерге қылқаламның ұшымен жақпалау техникасын пысықтау; қар туралы білімдерін тиянақтау; қағаз бетін бағдарлау, қабылдау және елестету қабілеттерін дамыту, әсемдікті түйсіну сезімін қалыптастыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* ермексаздан аққаланы мүсіндеуді үйрету; бір бөлшекті екінші бөлшекке сылап тегістеу жолымен біріктіру ептілігін бекіту; шығармашылықтарын дамыту; табиғаттың сұлулығын сүйе білуге тәрбиелеу; аққаланың құрылысын бекіту, қисынды ойлауды және себеп-салдар байланыстардын орналастыруды үйрету. *Жапсыру бойынша* балаларды аққала бейнесін көлемі түрлі дөңгелектер арқылы құрастырып, жапсыруға үйрету; көзбен мөлшерлеу мүмкіндіктерін қалыптастыру; қысқы ойындар,	**"Аңдардың іздерін зерттейік"** **(математика негіздері).** Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың жуандығы туралы білімдерін кеңейту, "ең жуан", "жіңішкелеу", "ең жіңішке" ұғымдарын жетілдіру.	баулу. **(музыка, тіл дамыту)** **Шығармашылық іс-әрекет** **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** «Өнерпаз балалар» тақырыбы бойынша балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу бойынша*аулаға жауған қар туралы сюжеттібор мен қылқалам арқылы салды үйрету; суреттегі ағаш пен үйдің сұлбасын салып, суреттегі қарды әр жерге қылқаламның ұшымен жақпалау техникасын пысықтау; қар туралы білімдерін тиянақтау; қағаз бетін бағдарлау, қабылдау және елестету қабілеттерін дамыту, әсемдікті түйсіну сезімін қалыптастыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* Балаларға тұзды қамырдан аққала сомдауды үйрету; бір бөлшекті екінші бөлшекке қосып тегістеу жолымен біріктіру ептілігін бекіту. *Жапсыру бойынша* балаларды аққала бейнесін көлемі түрлі дөңгелектер арқылы құрастырып, жапсыруға үйрету; көзбен мөлшерлеу мүмкіндіктерін қалыптастыру; қысқы ойындар, мерекелер жөнінде түсініктерін кеңейту. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* макарон өнімдерін	үйрету. **(дене тәрбиесі)** **Тіл дамыту** "Қыс келді" тақпағын жаттау". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында"тақпақ" түсінігін қалыптастыру, қыс туралы көркемсөз үлгісімен таныстыру; қыс мезгілі туралы ұғымдарды көркемдеуіш сөздер арқылы толықтыру. ***Ұлттық ойын*** ***Құмар түсті.*** *Ең алдымен, барлық А. о.-на тән ұтыстың негізгі шарты болып табылатын төрт асықтың иіріліп, жерге түскеннен кейінгі* құмар деп аталатын ұпай әкелетін «жатысы» жөнінде. Егер иірілген төрт асық қатарынан кілең алшы немесе кілең тәйке немесе кілең бүк немесе шіге түссе оны құмар түсті деп атайды. Алайда төрт асығы алшы түсіп, құмар түсті жасаған ойыншы ғана бірден төрт ұпайға ие болады. Басқа «құмар түскендер» екі ұпайды ғана иеленеді. Бірақ, төрт асықта талапайға түседі. Асыққа ие болған ойыншылар ойынға қайтадан кіріседі. Алайда бұрын әбжіл қимылдаған ойыншы төрт асықты бірдей иемденіп кетсе, қалған ойыншылар өз асықтарын көнге қайтадан тігуге мәжбүр болады. Ал төрт

		мерекелер жөнінде түсініктерін кеңейту. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балалар мақтадан қардың бейнесін үстел үстінде құрастырады. қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Балалардың мақтамен жұмыс істеуге деген құштарлығын қалыптастыру, **"Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөліну, бір сызыққа тұрғызу, белгіленген межеге дейін сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге дағдыландыру. **(дене тәрбиесі)**		трафаретке қойып "Бәйтеректі" құрастыруды үйрету; дайын трафаретке макарон өнімін беттестіру әдісі бойынша іскерліктерін дамыту; сары түсті жылтырлақтармен безендіргенде желімді пайдалану техникасын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	асық әлгі бұрын қимылдаған ойыншының меншігі болып саналады
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету *(өзіне қызмет ету)*.				
Серуен	**Қарға мен сауысқанды бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар,қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)** Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерешеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру. Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, оның өзге құстарға өте ұқсамайтынын байқайды. **Еңбек әрекеті:** құраған жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. *Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу* Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа	**Қардың түсуін бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар,қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)** Мақсат-міндеттері. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. **Зерттеу.** *Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау.* **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаштардың тамырларын қармен жабу. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене тәрбиесі)** "Аққала ойыны".	**Шыршаларды бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар,қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балалардың таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу қабілетін бекіту; шыршаның ерекшеліктерін және оны басқа ағаштардан ажырату іскерліктерін дамыту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ұсақ қоқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру. *Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу* **Қимыл-қозғалыс ойындары."Бос орын".**	**Қар мен мұзды бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар,қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)** Мақсат-міндеттері. Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру. **Зерттеу.** *Үлкен және кішкентай қаңылтырдағы, таза және боялған судың қату уақытын салыстыру; ыдысқа тығыз немесе еркін салынған қардың еру жылдамдығын салыстыру.* **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** алаңда өсетін өсімдіктерге күтім жасау.	**Қайың мен шетенді бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар,қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)** Мақсат-міндеттері. Ағаштардың сыртқы түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; ағаштарға сипаттама беру, ағаштың өсуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін бекіту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (қоқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. *Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін*

	тәрбиелеу. **"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы.** **(дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, тіл дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін. Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жоғары көтеру) Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдарын бұлғау) Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Оңға ұшады, ұмтылып. (Екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру) Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жоғары көтеру) Д. Ахметова. **"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **"Кім жылдам?" ойын-жаттығуы.** **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Жүгіруді,	Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. **"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы.** **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері." Қақпаға"допті өткізе білуге, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Ойынға 5-6 бала қатысады. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Қар лақтыруды үйрету.	**(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Шапшаңдықты, ептілікті дамыту. ***Ұлттық ойын*** ***Атқаума*** *Ойынды 6 бала 3-3-тен бөлініп ойнайды. Бір бала сол қолымен өзінің оң қолының білезігінен ұстайды. Содан кейінгілері де солай істейді де, бір-бірімен қолдарын айқастырады. Үшінші бала көзі таңулы күйде екінші баланың айқасқан қолына отырады. Қолдасып тұрған балалар: -Атқаума, атқаума –деп қаумалай көтерген бойы мөлшерлі жерге дейін жетеді. Бірінші бала ақ сандық, көк сандық десе, көзі таңулы бала -көк сандық , көк сандық деп жауап береді. Қаумалап келе жатақан балалар :* *Бақа,бақа балпақ* *басың неге жалпақ?* *Бұтың неге талтақ* *Көзің неге тостақ* *Бұған көзі таңулы бала былай деп жауап береді.:-* *Темір терсек көп киіп* *Басым содан жалпақ* *Теуіп , теуіп қашырды* *Бұтым содан тостақ!* *Балалар қолдарын жіберген кезде бала құлап түссе, айып тартады. Құламай тік түссе қалған текі бала көтеріп жүре береді.* **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жалаушаға тезірек жет".** Мақсат-міндеттері. Шеңбер бойымен сап түзей білу, төрт аяғымен жорғалай білу	Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы еңбектенуді, қоршаған ортаға қызығушылықты қалыптастыру. *Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу* **Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қарға мен торғай".** **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту. **"Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын.** **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Балаларға ойын ережелерін қатаң сақтауды үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынға 3 - 10 немесе одан да көп ойыншы қатысады. Көбінесе ойынға қара зат таңдап алынады (ескі малақай, құм салған дорба және тағы басқа). Ойынға қатысушылар шеңбер құрып, көздерін жұмуға тырысады. Ойын басқарушының берген бұйрығымен бір ойыншы шеңберден шығып, тығуға әзірленген затты алып оны тығады. Ойынға қатысушылардың міндеті — сол тыққан затты іздеп табу. Егер тығылған зат табылса, ойын жүргізуші ойынға қатысушылардың барлығына еститіндей дауыстап жариялайды да, барлығын	*тәрбиелеу* **Қимыл-қозғалыс ойындары. "Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады).** **(дене тәрбиесі)** **"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.** **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын шарты бойынша ойнауды, мұқият және белсенді болуды; батылдыққа, шапшаңдыққа, жылдам жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады: Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп әкетіп, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау

	секіруді, өрмелеуді пысықтау. **(дене тәрбиесі)** **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, құрдастарымен өзара әрекет ету біліктерін қалыптастыру.		жаттығулары.	табылған заттың төңірегіне жинайды. Заттың иесі өз затын қорғайды да, басқалары оны алдап-сулап, көңілін басқа жаққа бұрып, әлгі затты тартып алуға тырысады. Затты кім ала алатын болса, сол затты тығушы қызметін атқарушы болады да, қалғандары қайта шеңбер құрып, көздерін жұмып тұрады. Ойын осы тәртіппен жалғаса береді. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** еңбектеу. Мақсат-міндеттері. Қимылдарды үйлестіруді, батылдықты дамыту, шешім қабылдай алуға тәрбиелеу.	беруі тиіс. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, қозғалыстарды дамыту.** Мақсат-міндеттері. Жүгіру техникасын жетілдіру, жеңіл, жігерлі қимылдарды қалыптастыру.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу ***«Үнемді тұтыну»*** *Суды және энергияны үнемді тұтыну дағдыларын қалыптастыру, түсінік беру* *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету)*.				
Түскі ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досыңдай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету,көркем сөз)*				
Күндізгі ұйқы	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім". Мақсат-міндеттері. Тыныш ұйқыға қолайлы жағдай жасау. ***«Күй күмбірі»*** *Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру*				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Балаларды ақырын сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу. Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды. **Көркемсөз** Түскі ұйқы уақыты,				

	Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. *(дене тәрбиесі,көркем сөз)*				
Бесін ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досыңдай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету,көркем сөз)*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Қоршаған әлеммен таныстыру** "Аппақ қыс". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейту; қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын байқау дағдыларын жетілдіру. **«Табиғат құбылыстары» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың табиғат құбылыстары жөнінде түсініктерін нығайту. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, сурет салу)** **Дидактикалық ойын. "Қыста не болады?"** Мақсат-міндеттері. Күз бен қыс мезгілдерінің құбылыстарын ажырату. Барысы: педагог балалардың алдына әр жыл мезгілінде болатын табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді таратады. Осы суреттердің ішінен бала, күз мезгіліне байланысты суретті таңдап алады және суретті	**Математика негіздері** "Сыңарлы және сыңарсыз киімдер". Мақсат-міндеттері. Балаларды заттардың көлемінің қасиеттері жөніндегі білімдерін тиянақтау, "ені", "ұзындығы", "көлемі" ұғымдарын бекіту. ***Рөлдік ойын "Қала жолдарында"*** Мақсаты: *жол қозғалысы ережелері бойынша білімдерін бекіту.* *Алдын ала жұмыс: жүріс бөлігінің, жол белгілерінің, бағдаршамның иллюстрацияларын қарау;* "Степа ағай – полиция қызметкері" мультфильмін қарау, "Біз қауіпсіз жерде жолдан өтеміз" әңгімесі. Қаражат: көшелерді, үйлерді, жол белгілерін, автокөліктерді, адамдардың фигураларын белгілейтін дидактикалық ойындар жиынтығы. Барысы: -Балалар, сендер қызықты ойын ойнағың келеді. Күнде таңертең үйіміздің шығып, асығамыз: кім жұмысқа, кім мектепке, кім	**Қ. Шілдебаевтың әні «Қыс.** Музыкалық жетекші балалармен бірге ән айтуды бастайды. Әнді хор мінбесіне барып айтады. Үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. **(музыка)** **Шығармашылық іс-әрекет *(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)*** Аулаға қар жауды". тақырыбы бойынша балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу бойынша* " балаларға бор мен қылқалам арқылы аулаға қардың жауғаны туралы суретті салуды үйрету; бормен сурет бейнелерінің, ағаш пен үйдің сұлбасын салып, қардың суреттің әр жеріне қылқаламның ұшымен жақпалау техникасын пысықтау. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* ермексаздан	**Варитативтік компонент** **Қызықты математика** Шаршы, дөңгелек, үшбұрыш". ***«Жас эколог»*** *Топқа хат келеді. Хатты Эколог жіберіпті. Балалар біздің планетамызда ауа, сулар ластанып, орман ағаштары өртеніп, кесіліп жатыр. ауа ластануынан балалардың демалысы қиындап* көп ауыра береді. Завод, фабрикалар, түрлі өндіріс орындары және машиналар, космос корабльдері көбейді. Бірақ та, бұлар бізді қуантпайды. Біздер бақтардың гүлдегенін, құстардың сайрағаннан, ағаштардың жайқалып өскенін, жәндіктердің жыбырлап жүргенін өзендерден сылдырлап таза су аққанын, көбелектердің қанатын қағып ұшқанын қалаймыз. Балалар, сіздер де бізге көмекке келіңіздер. Балалар, қоршаған ортаны	***Қауіпсіздік сабағы*** *Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, суреттер қарау.* *«Адалдықтың өтемі»* *Мультфильм қарауhtthttps://youtu.be/5E8l18lOBe8ps8* **Шығармашылық іс-әрекет *(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)*** "Ақтөске үйшік құрастырамыз". тақырыбы бойынша балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балаларды құрамында: тақтайша, үшбұрыш, білеу бар құрылыс материалдары жинағын пайдаланып, Ақтөске қыс мезгілінде тұруға арналған үйшікті құрастыруды үйрету. **(құрастыру, тіл дамыту)** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* түзу сызықтарды дұрыс сызу және бояй білу дағдыларын қалыптастыру. Бояу түсіп таңдай білу, сурет салуға қызығушылығын арттыру. *Мүсіндеу іс-әрекеті*

	бейнелеп береді. Мысалы: күн бұлттардың артында жасырынып тұр. **(тіл і дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, сурет салу)** **Жыл мезгілі жайлы мнемокестемен жұмыс істеу немесе әңгімелесу.** Мақсаты: мнемокестеге қарап жыл ерекшеліктерін айтып, толық сөйлем құруға үйрету. **(көркем әдебиет, қазақ тілі)**	балабақшаға барады. Үйден шыққан кезде біз бірден жетеміз ...? көшеге. Көше деген не? Балалардың жауаптары. Дұрыс. Көше - тротуармен жүретін жол; үйлер, көгалдар. Көшелер қалада. Мен қаланың осындай бөлігін макет бойынша салуды ұсынамын. Балалар қағаз үйлерді, адамдардың мүсіндерін қояды. Балалар, жолда не жетіспейді. - Көліктер, жол белгілері, бағдаршам ... (балалардың жауаптары). Жарайсыңдар, байқадыңдар. Еске сала кетейік, көшеде бағдаршам не үшін қажет? Балалардың жауаптары. - Жақсы. ….., жаяу жүргінші немесе жүргізуші ретінде кіммен ойнағың келеді. Керемет,….. бұл жаяу жүргінші бала болады. (басқа бала велосипедтегі баланың фигурасын таңдайды, 3-ші - ананың мүсіні, 4-ші жүк көлігін басқарады, 5-ші жедел жәрдем көлігін басқарады). - Ал мен автобус жүргізушісі боламын. Сонымен қаламызымыз өмірге келеді. ….. ,велосипедпен қайда барасың? Баланың жауабы. Есіңізде болсын, тек аулада, тротуарда немесе саябақта. ….., ал таңертең жұмысқа барғанда жолды қай жерден кесіп өтесің. Баланың жауабы. - Әрине, жаяу жүргіншілер өткелінде. ……, бағдаршамда көлікті тоқтату керек. Баланың жауабы. Иә, қызыл шамда. Менің автобусым жолға шығады…….қонуға асығыңыз, әйтпесе жұмысқа кешігіп	домалақтарды біріктіру арқылы бейне құрастыра білуді дамыту *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* текшеден үш түрлі көлемдегі дөңгелек пішінді қиып, қағаз бетіне аққала мүсінін орналастыру дағдыларын қалыптастыру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* әртүрлі қиып дайындалған геометриялық қиындылардан аққала құрастыру керек. **"Мозаика", "Лото" үстел үсті ойындары.** Мақсат-міндеттері. Ақыл-ой қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(танымдық дағдылар)**	қорғауға, ластамауға, көркейтуге бізді эколог мамандары шақырып жатыр екен, көмектесеміз бе? Біздер де экологтар сияқты табиғатты қорғауға көмектеейік.Балалар Эколог адамның өмірімен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауға ондағы құстар, өсімдіктер, жануарлар және адамдар өмірін қорғайтын, ауа мен судың ластанбауына көмектесіп, қорғайды. Соңғы кезде табиғат көп өзгеріске ұшырады. Себебі, көп машиналар лас газды ауаға шығарып, заводтар мен фабрикалар қалдықтарын ауа мен суларға төгеді. Д/О « Құстарды қорғау» Д/О: "Экологиялық белгілер" Тиым сөздер Құстың ұясын бұзуға болмайды. Орманда от жағуға болмайды. Суды ластауға болмайды. Құстың ұясын бұзуға болмайды. Д/О: «Жануарларды қорғау»: Қисынын тап (Суреттерді құрастыру) Эколог келеді балалар сендер табиғатты қорғауға көп көмектестіңдер, көп біледі екенсіздер. Мен сіздердің топтарыңды осы қоғамның мүшесі етіп қабылдап значок тапсырамын - деп балаларға значокты кеуделеріне тағады. "Жасыл әлем"	*бойынша*ермексазды жұмсарту, тұтас бөлікті созу арқылы ит мүсінін жасау дағдыларын қалыптастыру. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша*дайын пішіндерден жапсыру дағдыларын қалыптастыру, пішіндерді қағазға дұрыс орналастыруға үйрету Музыкалық аспаптармен ойындар. Жаңа жыл ертеңгілігіне дайындықты бастау. **(музыка)**

		қаласыз. Ал келесі аялдама қайда? Балалар, "Аялдама" белгісін қойыңдар. ….. жедел жәрдем көлігінің "Мен науқасқа асығамын!" Деген дыбыстық сигналын шығарады. Жарайды, мен өзімді жолдың оң жағына басып, жол беремін. Дәл осылай жасайды ……., жүк көлігінің менеджері. - ……, бағдаршамның қызыл түсіне де өтуге болады. Бұған арнайы көліктерге рұқсат етілген. Тағы қандай арнайы көлікті білесіз? Сіздің ойыңызша, бұл көлік неге арнайы деп аталды? Міне, "Қалалық саябақ" аялдамасы, соңғы. Автобус, көліктің қай түріне жатады? Балалар, автобус жүргізушісінің жұмыс ауысымы аяқталды, сендер ойынды жалғастырасыңдар.		қоғамына қабылдау..	
Балалармен жеке жұмыс	Пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу **(мүсіндеу)**	**"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлауға тәрбиелеу. Ойынның барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнаймыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Олардың арасынан қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, балалар, бастайық! Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. **(тіл дамыту, қазақ тілі, құрастыру)**	**Шешуін тап, заттарды ата. (тіл дамыту, қазақ тілі, құрастыру)** Көрнекі құралдар. Алуан түрлі суреттер: тышқан, мысық, шелек, шана, фланелеграф. Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетеді, онда бейнеленген заттар мен жануарларды атауды сұрайды. Осы суреттерді кез келген реттілікпен фланелеграфқа бекітеді де, балаларға сұрақтар қоя бастайды. Балалар сұрақтарға жауап бере отырып, фланелеграфтан қажетті суретті табуы және онда бейнеленген заттарды атауы тиіс. Тәрбиеші:	**Жыл мезгілі жайлы мнемокестемен жұмыс істеу немесе әңгімелесу.** Мақсаты: мнемокестеге қарап жыл ерекшеліктерін айтып, толық сөйлем құруға үйрету. **(көркем әдебиет, қазақ тілі)**	**"Сипаттамадан тап" дидактикалық ойыны.** **(тіл дамыту, қазақ тілі,)** Мақсат-міндеттері. Сөйлеуді дамыту (сын есімдер мен зат есімдерді үйлестіру мүмкіндігі); белгілі бір заттарды, тіршілік иелерін біріктіретін ұғымдар туралы білімді бекіту. Сипаттама: балалар жауап беруге тиіс ұсыныстар мен жұмбақтарды алдын ала дайындау. Мысалы: * түрлі-түсті қанаттары бар әдемі жәндік, ұшуды ұнатады, балшырынмен қоректенеді. (Көбелек.) * көлік, ұзын, бірнеше бөліктен тұрады, темір рельстермен жүреді. (Пойыз.) * жабайы жануар, орманда тұрады, айға қарап ұлиды. (Қасқыр.)

			- Інде не тұрады? - Тышқан. - Тышқан неден қорқады? - Мысықтан. - Суды қайда құямыз? - Шелекке. - Қыста немен сырғанаймыз? - Шанамен. - Қуыршаққа не тағамыз? - Моншақ. - Алманы (гүлді) қайда жинаймыз? - Себетке. Тәрбиеші барлық балалардың сұрақтарға дәл жауап беруін, яғни фланелеграфтан сәйкес келетін заттарды табуын және сөздегі - ш, - с дыбыстарын дұрыс айта білуін қадағалайды. Осы тектес ойын арқылы сөздегі - ж, - з дыбыстарын дұрыс айтуды жаттықтыруға болады.		* жабайы жануар, қызыл шашты, ертегілерде әрқашан алдайды. (Түлкі.) * сары қабығы бар жеміс. (Лимон.)
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. *(өзіне қызмет ету)*				
Серуен	**Қарға мен сауысқанды бақылауды жалғастыру. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)** Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін	**Қардың түсуін бақылауды жалғастыру. (экологиялық мәдени дағдылар, әлеммен таныстыру, тіл дамыту)** Мақсат-міндеттері. Қарды, қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қардың түсуі маусымдық құбылысқа жататынын түсіндіру, қыс туралы білімдерін кеңейту. **Зерттеу.** Ақ қағазға ұшып	**Шыршаларды бақылауды жалғастыру. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балалардың таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу қабілетін бекіту; шыршаның ерекшеліктерін еске сақтауды үйрету, шыршаныбасқа	**Қар мен мұзды бақылауды жалғастыру. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)** Мақсат-міндеттер. Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру.	**Қайың мен шетенді бақылауды жалғастыру. (экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)** Мақсат-міндеттері. Ағаштардың сыртқы түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; ағаштарға сипаттама беру, ағаштың өсуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін бекіту.

	бекіту, өзіндік ерешеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру. Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдайды, оның сыртқы пішіні өзге құстарға өте ұқсамайтынын байқайды. **Еңбек әрекеті:** қураған жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін. Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жоғары көтеру) Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдарын бұлғау) Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды жоғары көтеру) Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды жоғары көтеру) Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру) Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жоғары көтеру) Д. Ахметова. **"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Балаларды	келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаштардың тамырларын қармен жабу. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене тәрбиесі)** "Аққала ойыны". Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. **"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. "Қақпаға"допты кіргізуді үйрету, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Ойынға 5-6 бала қатысады. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Қар лақтыруды үйрету.	ағаштардан ажырату іскерліктерін дамыту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ұсақ қоқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары."Бос орын". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Шапшаңдықты, ептілікті дамыту. **Аз қимылды ойын. "Суық-ыстық". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері: есту қабілетін, физикалық қасиеттерін дамыту. Жүргізуші затты жасырған кезде қарауға тыйым салынады. Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші залға оралады, затты іздей бастайды. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... сөздерін айтып, жасырылған затты табуға көмектеседі. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жалаушаға тезірек жет".** Мақсат-міндеттері. Шеңбер бойымен сап түзей білу, төрт аяғымен жорғалай білу жаттығулары.	**Зерттеу.** Үлкен және кішкентай қаңылтырдағы, таза және боялған судың қату уақытын салыстыру; ыдысқа тығыз немесе еркін салынған қардың еру жылдамдығын салыстыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** алаңда өсетін өсімдіктерге күтім жасау. Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы еңбекке, қоршаған ортаға қызығушылықты қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қарға мен торғай". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту. **"Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын. (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері: балаларға ойын ережелерін қатаң сақтауды үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** еңбектеу. Мақсат-міндеттері. Қимылдарды үйлестіруді дамыту; батылдықты, шешім қабылдай алуға тәрбиелеу.	**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (қоқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары. "Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру)** **"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, шапшаң жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 м жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады. Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беруі тиіс. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,**

	ойын шарты бойынша белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **"Кім жылдам?" ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, құрдастарымен өзара әрекет ету біліктерін қалыптастыру.				**қозғалыстарды дамыту.** Мақсат-міндеттері. Жүгіру техникасын жетілдіру, жеңіл, жігерлі қимылдарды қалыптастыру.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ет).*				
	геометриялық пішіндерді жасап шығару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру. **(құрастыру, математика негіздері)** ***Ұлттық ойын*** ***Асық қаршу (бестас).*** *Екі одан да көп бала ойнайды. Қаршуға ықшам* асықтар таңдап алынады. Ойыншылар асықтарын иіріп кімнің асығы көп алшы түссе сол ойынды бастайды. Бес асықты жерге тастап, бірін жоғары лақтырып, жердегі асықтың бірін іліп алып, жоғарыдағы асықты қағып үлгереді. Осылай бір-бірден, одан кейін екі-екіден, соңында жердегі төрт асықты бірдей сыпырып алу керек. Келесі кезекте «көпірден өткізу» түріне ауысады. Соңында асықтарды қолдың сыртымен қағып, қол сыртына түскен асықтарды қаршиды. Осылай күрделенген түрде жалғаса береді.	техникасымен таныстыру; қос қолғаптың біріне қылқалам мен бояу арқылы қарапайым ою элементтерін салып, екінші жаққа, қағазды екіге бүктеп, басып, тура сондай оюлар бейнесін шығаруға үйрету. *Жапсыру бойынша* балаларды қиылған ою-өнек дайындамаларын қағаз бетіне орналастырып, жапсыруға үйрету. *Мүсіндеу бойынша* өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем-эстетикалық талғамды дамыту, фланеграф бетінде әсемдеуге үйрету Құрастыру іс-әрекет бойынша композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.	тәрбиелеу. Рөлдер: дәрігер, медбике, жедел жәрдем жүргізушісі, науқас. Ойын әрекеттері: Науқас 03 нөміріне қоңырау шалып, жедел жәрдем шақырады: аты-жөнін айтады, жасын, мекен-жайын, шағымдарын хабарлайды. Жедел жәрдем келеді. Дәрігер мен медбике науқасқа барады. Дәрігер науқасты тексереді, шағымдарын мұқият тыңдайды, сұрақтар қояды, фонендоскоппен тыңдайды, қан қысымын өлшейді, тамағын қарайды. Медбике температураны өлшейді, дәрігердің нұсқауларын орындайды: дәрі береді, инъекция жасайды, жараны емдейді және таңады және т.б. Егер науқас өзін нашар сезінсе, оны алып, ауруханаға жеткізеді. Алдын ала жұмыс: Медициналық кабинетке экскурсия. Дәрігердің жұмысын бақылау (фонендоскоппен тыңдайды, тамағын қарайды, сұрақтар қояды). К.Чуковскийдің "Доктор Айболит" ертегісін грамматикалық жазбада тыңдау. Балалар ауруханасына экскурсия. Жедел жәрдем көлігін бақылау. Медициналық құралдарды тексеру (фонендоскоп, шпатель, термометр, тонометр, пинцет және т.б.). "Аянаға суық тиді"	тәрбиелеу. Қарым-қатынас барысында сыпайы қарым-қатынасқа үйрету *"жүргізуші – жолаушы", "жүргізуші – полицей"*. Сөздікті белсендіру: *жол қозғалысы ережелері, жол полициясы бекеті, диспетчер, жол қиылысы, бағдаршам, жаяу жүргіншілер өткелі, жолаушы, жаяу жүргінші.* Ойын әрекеттері: Қуыршақтар, құрылыс материалдары машиналармен тасымалданады. Жүргізуші адамдардың үстінен өтіп кетпес үшін көлікті абайлап жүргізеді. Автокөліктерге бензин құйылады, құрылыс алаңына айдалады, құрылыс материалдары түсіріледі, құм құйылады. Жүргізуші бағдаршамның жасыл шамында, қызыл шамда жүреді. Такси жүргізушісі - адамдарды жұмысқа, театрға, киноға апарады. Жүк көлігінің жүргізушісі - көлікке бензин құйып, жуып, гаражға қояды. Автобус жүргізушісі - көлікті абайлап, ұқыпты жүргізеді, кондуктор билеттерді сатады. Автобус адамдарды тасымалдайды, олар қайда керек: қонаққа, жұмысқа, үйге. Жол қиылысында полицей тұр – жол қозғалысын реттейді. Жаяу жүргіншілер тротуармен келе жатыр. Жол жасыл шамға ауысады. Жаяу жүргіншілер үшін арнайы өткел – *"зебра"*. Біз жол қозғалысы ережелерін сақтаймыз.	***(экологиялық мәдени дағдыларды қалыптастыру, тіл дамыту, танымдық дағдылар)*** **Сюжеттік-рөлдік ойын "Жаяу жүргіншілер мен жүргізушілер" рөлдік ойыны** **Мақсаты:** *Жол қозғалысы ережелері туралы білімдерін кеңейту.* **Атрибуттар** Жол белгілерінің, жаяу жүргіншілер жолдарының жиынтығы; костюмдер; рульдер; Жұмыс сипаттамасы: -Балалар, жаяу жүргіншілер кімдер екенін еске түсірейік? (Жаяу жүргіншілер - бұл көшеде жаяу жүріп, жолды кесіп өтетін адамдар). Жаяу жүргіншілер жолды қалай кесіп өтеді? (жерасты өткелі, жаяу жүргіншілер жолы, жер үсті өткелі). Жаяу жүргіншілердің қандай міндеттері бар (жол қозғалысы ережелерін сақтау) Балалар екі топқа бөлінеді: жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер. Жүргізушілер, диспетчер таңдалады. Жаяу жүргіншілер жасыл сигналға, қызыл сигнал жүргізушілердің рөлін атқаратын балаларға беріледі. Жүргізушілердің рульдері қолдарында. Жаяу жүргіншілер сауда жасау үшін ойыншықтар дүкеніне барады. Содан кейін аналар, балалары бар әкелер, арбалар жол қиылысына

			дидактикалық ойыны. Балалармен дәрігердің, медбикенің жұмысы туралы әңгімелесу. Дәрігер, бал туралы иллюстрацияларды қарастыру. әпке. Модельдеу "Науқас Аянаға сыйлық". Ойын материалы: телефон, халаттар, бас киімдер, рецепт бойынша қарындаш пен қағаз, фонендоскоп, тонометр, термометр, мақта, бинт, пинцет, қайшы, губка, шприц, жақпа, таблетка, ұнтақ және т.б.	Өрт сөндіру көлігінің жүргізушісі - өрт сөндірушілерді отқа әкеледі, баспалдақтарды ұзартуға, өрт сөндіру шлангісін ашуға көмектеседі. Жүргізуші *"Жедел жәрдем"* - науқастарды көлікке тиеуге көмектеседі, зембілмен қамтамасыз етеді, абайлап жүреді.	қарай жүреді. Жүргізушілер көліктерге "отырады" және бағдаршаммен реттелетін жол қиылысына қарай жүреді. Дүкеннен жаяу жүргіншілер де осы қиылысқа қарай жүреді. Жол қиылысында: – Назар аударыңыз! Қазір көшеде көлік қозғалысы басталады. Бағдаршамды қадағалаңыз, (Бағдаршам жанады: көліктер жүреді / тұрады, жаяу жүргіншілер жүреді / тұрады).Біраз уақыттан кейін балалар рөлдерді ауыстырады. Қателескен балалар ойыннан шығады. Медицина қызметкерлері көмекке асығуда.
Балалармен жеке жұмыс	**Үшінші артық** Дидактикалық материал: үй және жабайы жануарлары бейнеленген карталар. Ойын барысы. Балаларға жануарлар бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар қай жануардың артық екенін анықтауы керек. - Қой, сиыр - үй жануарлары. Олар адамның жанында тұрады. Түлкі - жабайы жануар, ол орманда тұрады. Түлкі - бұл орман жануары, жабайы аң және т. б. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)**	**Жаңылтпаштар жаттау.** 1) Пеш үстінде бес мысық, Пеш ішінде бес мысық. Бес күзетші, бес пысық. 2) Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім. Неше кіші ішік піштім? 3) Ұшып кетті үш құс, Ұшып келді ұшқыш. **(тіл дамыту, көркем әдебиет)**	***Қауіпсіздік ережелері «Бала қауіпсіздігі-басты назарда»*** *Теледидардан балалармен көрсету, сұрақ-жауап әдістері арқылы білімдерін тиянақтау* ***https://youtu.be/oCPp_7Rbrao***	**Математикалық ойын «Аюлар мен қонжықтар»** Мақсат-міндеттер:Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. **(математика негіздері)**	Математикалық ойын «Қапқа жасырынған сыйлықтар» Мақсат-міндеттер:Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. **(математика негіздері)**
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;				

	- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.**(дербес әрекет)**				
Серуен	**Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау.** ***(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)*** Болжау. Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын. Мақал-мәтел Қыс қандай болса, жаз да осындай. **Байқау:** Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады , қар жабысқақ , аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру , ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. **Қимылды ойын: «Бәйге»** ***(дене тәрбиесі)*** Мақсат-міндеттері. Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді) Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. **Еңбек:** Мақсат-міндеттері. Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру. Тәжірибе. Қардың қасиеттері. 1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады.	**Күннің ұзақтығын байқау.** ***(экологиялық мәдени дағдыларқоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)*** Мақал-мәтел. Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ. Бақылау: желтоқсанда күн қысқа, түн ұзақ, соған назар аудару. Балалардың сөздік қорының құрамына көніл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру. **Қимылды ойын. «Бермеймін».** ***(дене тәрбиесі)*** Мақсат-міндеттер. Қалың қар үстінде шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. Балаларды күшті болуға, шыдамдылықпен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу. **Еңбек:** ауланы түскен бұтақтардан жинастыруға, тәрбиешіге көмектесуге ынталандыру, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету. ***(еңбек іс-әрекеті)*** **Өз бетімен ойындар:** балалардың ойын уақытында бір-біріне деген қарым-қатынасын түзету, қылықтарымен істерін айқындау, өз көзқарасында тұрақты болу; құрдасының ойы мен өзінің ойын сәикестендіріп,	**Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай?** ***(экологиялық мәдени дағдыларқоршаған әлеммен таныстыру,тіл дамыту, көркем әдебиет)*** Мақал-мәтел. Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады. **Бақылау**: қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүюге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету. **Қимылды ойын «Аю апанында».** ***(дене тәрбиесі)*** Балаларды әртүрлі бағытта жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету. **Еңбек:** бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту. **(еңбек іс-**	**Ағаш пен бұталарды бақылау (ағаштар: қайың, шырша, алма ағашы; бұталар: жұпаргүл, шие).** ***(экологиялық мәдени дағдыларқоршаған әлеммен таныстыру,тіл дамыту, көркем әдебиет)*** Көркем сөз. «Қарағай». Тау баурайын - жағалай, Биік-биік қарағай. Оқтай түзу бойлары, Шымыр өскен баладай. **Бақылау**. Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы сұлулығына аудару (жапырақ жоқ). Ағаштың сыртқы түрлерін ажырата білуге жаттықтыру (ағаштың пішіні, бұтаның орналасуы, тамырдың түрі мен сыртқы пішіні); ағаштар: терек, қайың, шырша, гүлшетен, алма ағашы; бұталар: долана, жұпаргүл, шие. Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының тез сынғыш болатынын түсіндіру. Балаларды ағаштарға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын «Шаңғы жарысы».** ***(дене тәрбиесі)*** Дыбыс белгісіне көңіл бөлу (шанада отырып, аяқпен итеру; үстінде отырып, қолмен итеру).	**Құстарды бақылау (сары шымшық, бозторғай, сауысқан, торғай, көгершін).** ***(экологиялық мәдени дағдылар қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)*** Көркем сөз. Шыр-шыр еткен торғайды. Қорғамасаң болмайды, Кіп-кішкентай торғайлар, Бақшамызды қорғайды. Жұмбақ. Қалқып тұрып аспанда, Үн шығарып сан қилы, Өнеріне басқанда, Тұла бойың балқиды. (Бозторғай) **Бақылау:** құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу (көлемі және түстеріне байланысты). Әр түрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктерін ескере білуге үйрету (сауысқанның қадамы үлкен; торғай екі аяғымен секіреді; көгершін - жиі, ұсақ қадамдар жасайды т.б.) Құстар ұшып жүргенде немесе отырғанда жақсы көрінеді, егер олар ағаштың бұталарында отырса ажырату қиынға соғады. Құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Оларды қосымша тамақтандырып тұру керектігін түсіндіру. **Қимылды ойын «Қарғалар».** ***(дене тәрбиесі)*** Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру

	2. Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады. Қортынды. Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық. **(еңбек іс-әрекеті)**	ойыншықтарды, рөлді және міндеттерді бөлісудегі қимыл іс-әрекеттерін сыпайы түрде аңғарта білуін дамыту.	**әрекеті)** **Өз бетімен ойындар:** өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту.	Дене шынықтыру әрекетінде алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатысуға ынталандыру. **Еңбек:** ағаш және бұта түптеріне қарды үю және еңбектің маңыздылығын білуге үйрету. Жақсы ынтамен еңбектенуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** **Өз бетімен ойындар:** алдын-ала ойын тақырыбына келісіп, рөлдерді бөлу, 3-4 баладан тұратын ойын топтарында бастаушылардың қимыл-әрекеттеріне басшылық жасау.	**Еңбек:** қыстың күні құстарға далада тамақ беруге баулу. **(еңбек іс-әрекеті)** Берілген тапсырмаға жауапты болу: өз еңбегіне қанағаттана білу. **Өз бетімен ойындар.** Балаларға өз рөлдерін және құрбыларының рөлдерінің мазмұнын есте сақтай білуге үйрету; ойын барысында балаларды 2-3 рөлде ойнауға баулу; бағыну, басқару, теңдік қарым-қатынас ережелерін білу.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Ашық ой мен сұрақ-жауап күні» ата-аналармен жиналыс.	«Ата-аналар балалары ауырмау үшін не істеу керек» кеңес беру.	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту.	Балаларға арналған кеңестер: "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзін қалай ұстау керек?"	Экологиялық қайырымдылық шарасы «Гүл отырғызайық». Ата-аналармен топ бөлмесін безендіру



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	*Кентау қаласының білім бөлімі* *ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы*				
Топ/сынып	***Ересек топ***				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	*«Қарлығаш»*				
Балалардың жасы	***4 жастағы балалар***				
Педагогтің аты-жөні	*Ташпенова Ұ.Б*				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**29.12-31.12.2025ж.**				
	«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» АЙЫ				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	Апта дәйексөзі:«Талап бар жерде тәртіп бар»				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)**				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу, кеңес беру. «Тұмаудың алдын алу жолдары». «Ата-аналар балалары ауырмау үшін не істеу керек» кеңес беру. Балаларға арналған кеңестер: "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзін қалай ұстау керек?" *Экологиялық қайырымдылық шарасы «Гүл отырғызайық». Ата-аналармен топ бөлмесін безендіру* *Өнегелі 15 минут*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***"Бөлме өсімдіктерін суғару".*** *Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.* ***(экологиялық мәдени дағдылар, еңбек іс-әрекеті)***	***"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".*** *Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау.* ***(еңбек дағдылары)***	***"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".*** *Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне ұқыпты қарау біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбектенуге тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.* ***(еңбек дағдылары)***		
	Қ.Р Әнұраны ***«Аққала»*** ***(киізбен және жүнмен)*** *Міндеттері: Домалақ пішіндермен композиция құруды үйрету. Көркемдік және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Алғырлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.* *Педагог жұмыстың орындалу ретін түсіндіреді. – Аққала жасау үшін бізге аққаланың киізден қиылған бейнесі, тор, субүріккіш, клеенка, түрлі түсті жүн қажет. Аққала негізін клеенканың үстіне жайғастырып, ақ түсті жүнмен толтырамыз. Екінші қабатын көлденеңінен тығыздап орналастырамыз. Сұр түсті жүнді ширатып, қайшымен*	***Күй күмбірі*** ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** *балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;Күйді тыңдай отырып қимылдар жасау.* ***Күй «Табиғат үні»*** ***(музыка)*** **Үстел үсті ойыны "Лото".** Жалғасын тап. Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, байқампыздықты дамытады. **(танымдық дағдылар)** **Дидактикалық ойын.** «Сипаттамасы бойынша тап». Ойынның мақсат-міндеттер: ұзын - қысқа, кең - тар, биік - аласа ұғымдарын бекіту.	***"Күй тыңдайық, балақай!"*** *балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;Күйді тыңдай отырып қимылдар жасау.* ***Күй «Табиғат үні»*** ***(музыка)*** ***Қауіпсіздік сабағы*** ***Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіз****дік* *Балаларға түсіндіретін негізгі ережелер:* *1. Қорықпаймыз, жыламаймыз. Үлкендердің айтқанын тыңдаймыз.* *2. Жер сілкінсе: • үстелдің астына немесе есік жақтауының қасына тығыламыз; • терезеден, үлкен шкафтардан алыс боламыз; • басымызды қолмен немесе жастықпен жабамыз.* *4. Үлкендермен бірге сыртқа шыққанда: •*		

	ұсақтап, аққаланың көздері мен ауызын, ал мұрынын қызыл жүннен келтіреміз. Кез келген ашық түсті жүннен алып, аққаланың қалпағы мен мойынорағышын жасаймыз. Дәл солай түймелерін, аяққиімін де жасап шығамыз. Дайын жұмыстың бетіне торды жабамыз. Бүріккішпен сабынды суды себелеп, қолмен бастыра отырыпсипаймыз. Торды абайлап алып тастаймыз. ***Ұлттық ойын*** ***«Көтермек» ойыны*** *Ойын мақсаты: Балаларды ептілікке баулу* *Ойын шарты:Ортаға екі ойыншы шығады. Бір-біріне арқаларын тақап тұрып ,* *қолдарын айқастырады. Белгіден кейін қайсысы екіншісін көтере алса, сол жеңімпаз болып есептеледі.*	Ойынның құрал-жабдықтары: ойыншық жануарлар мен құстар. Ойынның мазмұны: балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтап атын атайды. Ойыншылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді, басқа ойыншылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады. Жұмбақ құрастырғаннан кейін жұмбақты шешетін баланы шақырады. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** **«Үй құрылысының ретін көрсет».** Мақсат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту. Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі. Мазмұны: балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну. **(құрастыру)**	*шуламаймыз, • бір-бірімізді итермейміз, • ұстаздың/ата-ананың қолынан ұстап жүреміз.* *5. Жер сілкінісі тоқтаған соң – қауіпсіз жерге жиналамыз.* **Үстел үсті ойыны.** «Көңілді құрылыс». Мақсат-міндеттер: үлгі бойынша геометриялық фигуралардан композиция құруға үйрету. Геометриялық фигуралар, негізгі түстер туралы білімді кеңейту. Көрнекі қабылдауын, назарын, ойлау қабілетін дамыту. **(құрастыру)**		
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (доппен)** 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде. 1- допты екі қолдарымен жоғары көтереді, допқа қарап тыныс алу; 2- допты төмен түсіріп, тыныс шығару; 3- допты жоғары көтереді; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 8-10 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде. 1- оңға бұрылу, оң аяғының өкше тұсында жерге допты ұру және секірген допты ұстап алу; 2- бастапқы калыпқа келу; 3-4 - осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, доп жерде. 1-4- допты табанмен алға-артқа жібермей, домалату; 3-4 - аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: отыру, аяқты алшақ қойып, допты жоғары ұстау. 1-3- иірім жасап, алға иілу, допты 3 рет аяғына ұру; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 3-4 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге. 1- тез жерге отырып, тізені алшақ ұстау және допты лақтыру; 2- тез тұрып, допты ұтып алу. Жаттығу 8 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, допты бір қолымен ұстау, допты екі қолымен кезек-кезек жерге ұру. Жаттығуды 8 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолымен допты ұстау. Тізені жоғары көтеріп, орнында тұрып, секіру. Жаттығу 4 рет қайталанады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)**				
Таңғы ас	***«Үнемді тұтыну»***				

	Суды және энергияны үнемді тұтыну дағдыларын қалыптастыру **Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Геометриялық пішіндер» Мақсат-міндеттер: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу **(математика негіздері)**	Көңілді ойындар ойнап, аққала жасайық. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі)**	Қыс қызығы суретіне қарап, әңгіме, мәтін құрау. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**		
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** "Қысқы эстафеталар". Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіруге үйрету. **Шығармашылық іс-әрекет** ***(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрстыру)*** «Қыстап қалатын құстар» тақырыбында балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. Мақсат-міндеттер: Балаларға құстардың түрлерін соның ішінде қыстап қалатын құстар туралы білімдерін бекіту, сөздік қорларын молайтып, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* қылқаламмен сары шымшық бейнесін салуды үйрету; құсты салу барысында басы, денесі, қанаты, құйрығы сияқты дене бөлшектерін үйлесімділікте салу техникасына машықтау; акварельді	**Музыка** "Аққаламен достасайық" Тақырыбы: балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыруды пыс **Қазақ тілі** "Жаңа жылды қарсы алайық". Мақсат-міндеттер. Балалардың қыстық мерекелер жайлы білімдерін кеңейту; жаңа жылдық мереке туралы түсініктерін дамыту; сөз таптарын білдіретін сын есім, үстеу сөздер жайлы түсініктерін қалыптастыру. **Шығармашылық іс-әрекет** ***(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру)*** «Жапалақтап қар жауды» тақырыбында балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап,	**Дене тәрбиесі** "Қысқы эстафеталар". Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіруге үйрету. ***"ҮЙДЕГІ ТӘРТІП" ертегісі*** ***(экологиялық мәдени дағдыла)*** *Түлкі орманда серуендеп келе жатып, кәмпит орамдарын көріп, басын шайқайды.* ***Түлкі:*** *Неткен сұмдық! Айналаның барлығы шашылған, кәмпит орамдары, қоқыстар. Орман біздің үйіміз емес пе? Неге тазалық сақтамаймыз?! Ата-аналар балаларына не үйретеді екен.?* ***Қасқыр:*** *Сәлем, түлкі! Иә, айналаның барлығы лас. Бұлай жалғаса берсе үйсіз қаламыз. Орман біздің үйіміз ғой. Айналамыз ластанып, әдемі табиғатымыз құрып бара жатыр.* ***Түлкі****:Иа, қасқыр, біздің орман лас болып кетті, тазалықты ешкім сақтамайды, тәртіпті ешкім қадағаламайды. Ал біздің орман қандай таза еді. Бүкіл аудандағы ең әдемі орман еді. Қабағы түйілген, ашулы тиін келеді.* ***Қасқыр:*** *Сәлеметсіз бе, Тиін, сен неге*		

	бояуды қылқаламға қою реңкке келтіріп, қағаз бетіне көп мөлшерде салуға *Мүсіндеу бойынша* балаларға бөліктерден құстарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру дағдыларын қалыптастыру талпындтыру; *Жапсыру бойынша* алдын-ала дайындалған ағаш бұтағының, суықторғай, ұлпа қарлар қимаүлгісін қағаз бетіне жапсыру арқылы, суықторғай жапсырмасын жасауға үйрету; қызыл түсті майлықты шеңбер етіп қиып алып, суықторғайдың денесіне жапсыруға үйрету; мақталарды үзіп алып ағаш бұтағының үстіне жапсырып, ағаштарды қар басты деп қабылдау; ұлпа қарларды қағаз бетіне жапсыру арқылы балалардың қол саусақ моторикаларын дамыту; *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* табиғи материалдан құрылыс салуға үйрету. ***"Терезеден аулақ бол"*** *Материал туралы қысқаша түсінік* *Мақсаты: Балаларға терезелердің жанында қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйрету. Балаларға ашық терезелер қандай қауіп төндіретіні туралы түсіндіру. Балалардың қауіпсіздік туралы білімдерін бекіту.* **«Аппақ қар»** **Мақсат-міндеттер:** Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.	орталықтарға барып жұмыс жасайды. Мақсат-міндеттер: Балаларғақыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы түсінік беру, сөздік қорларын молайтып, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. *Сурет салу бойынша* қазақтың ою-өрнектерінің элементтерімен тіктөртбұрышты жолдарды безендіру тәсілін таныстыру; «қарға ізі», «құс тұмсығы», «қаңқа» сияқты ою элементтерін белгілі ырғақты сақтап, қағазға қарындашпен салу техникасын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, ой-қиялын, елестету қабілеттерін дамыту; *Жапсыру бойынша* ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу дағдыларын қалыптастыру. *Мүсіндеу бойынша* қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шыршықтап, көлемді пішіндерге ***Ұлттық ойын*** ***Құмар түсті.*** *Ең алдымен, барлық А. о.-на тән ұтыстың негізгі шарты болып табылатын төрт асықтың иіріліп, жерге түскеннен кейінгі* құмар деп аталатын ұпай әкелетін «жатысы» жөнінде. Егер иірілген төрт асық қатарынан кілең алшы немесе кілең тәйке немесе кілең бүк немесе шіге түссе оны құмар түсті деп атайды. Алайда төрт асығы алшы түсіп, құмар түсті жасаған ойыншы ғана бірден төрт ұпайға ие болады. Басқа «құмар түскендер» екі ұпайды ғана иеленеді. Бірақ, төрт асықта талапайға түседі. Асыққа ие болған ойыншылар ойынға	*мұңайып, ашуланасың?* ***Ақ тиін:*** *Қалай ашуланбаймын, айналаның бәрі қоқыс, сынған бұтақтар үйіліп жатыр, қоқыстар толып жатыр, ағаштар да сынған. Біз өз орманымызды қорғамаймыз, қоқыс тастаймыз.* ***Тәртіп жоқ орманда****.* *Кірпі жүреді қолында қабы, айналасындағы қоқыстарды жинап.* ***Ақ тиін:*** *Сәлеметсіз бе, кірпі . Сіз не істеп жүрсіз?* ***Кірпі:*** *Сәлеметсіздер ме, қымбатты көршілер! Иә, міне, біз орманды аралап жүрміз – кәмпит орамдары жатыр, біз оларды жинадық. Әрі қарай жүрейік – жаяу жүргіншілер жолындағы қоқыс үйіндісін де жинау керек. Орманымызды тазалап, ластанудан сақтауымыз керек.* ***Түлкі:*** *Біз де ормандағы тазалық, оның ластануы жайлы айтып отырмыз. Тәртіпті ешкім қадағаламайды. Аю да тазалықты қадағаламай қойды.* ***Кірпі:*** *Ал біздің үйдегі тәртіпті кім қадағалауы керек, біз өз орманымызды таза ұстауымыз керек және балаларымызды тәртіпке үйретуіміз керек.* *Орман маңында кәмпит жеп, оның орамдарын шашып, ағаштарды сындырып, жаңғақтарды шашаып жүрген жануарларды кірпі көрсетеді. Тәртіп бар жерде, тазалық бар! Балаларымызды тазалыққа үйретуіміз керек.* *Орман жануарлары ойынап жүрген балаларын шақырып , түсіндіріп айтып, тәртіпке шақырады.* ***Жануарлардың балалары*** *(салбырап тұр): Кешіріңіз, аналар.* ***Кірпі*** *(барлығына қаптарды шығарады): Ал орманымызда сенбілік ұйымдастырып, үйімізді ретке келтірейік! Барлығы бірлесіп жан-жақты жинайды.* ***Түлкі:*** *О, біздің ормандағы тазалық,*		

	(музыка)	қайтадан кіріседі. Алайда бұрын әбжіл қимылдаған ойыншы төрт асықты бірдей иемденіп кетсе, қалған ойыншылар өз асықтарын көнге қайтадан тігуге мәжбүр болады. Ал төрт асық әлгі бұрын қимылдаған ойыншының меншігі болып саналады	*бұрынғыдай!* ***Қасқыр:*** *Біздің орман ең таза, ең әдемі!* ***Ақ тиін:*** *Тек осы тәртіпті сақтау керек, орманның тазалығын қадағалау керек.* ***Жануарлар:*** *Біз тәртіпті қадағалаймыз!* ***Кірпі:*** *Тәртіп бар жерде тазалық бар! Орманымызды таза үстайық!* *Арқасынан ұстап қорбаңдап аю келеді..* ***Аю:*** *Сәлеметсіздер ме, көршілер, орманда осындай тәртіпті орнатқан сіз бе едіңіз?* *Ал мен ауырып қалдым, орманда серуендеуге, тәртіп орнатуға, орманда қоқыс тастайтындармен сөйлесуге және оларға сабақ өткізуге дайындала алмадым.* ***Түлкі:*** *Аю бүгін бәріміз жақсы сабақ алдық!* ***Аю:*** *Ол қандай сабақтар?* ***Түлкі:*** *Үйіңізде қоқыс тастауға болмайды.* ***Жасөспірім қасқыр:*** *Орманды қорғау керек!* ***Қасқыр:*** *Біз өз балаларымызға жақсы қарауымыз керек,тәртіпке шақыруымыз керек. Басқаларды айыптамай, өзіміздің бастауымыз керек.* ***Барлығы бірге: Орман – бұл біздің үй - бәріміз тәртіпті қадағалауымыз керек!***		
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуен	**Мұзды бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Көркем сөз. Дала аппақ, жапалақтап, Қар жауып тұр тынбастан. Қалың орман, қар жамылған, Маужырайды түнгі аспан. Жұмбақ. Отқа жанбайды, Суға батпайды. (мұз) **Бақылау:** ауа температурасының	**Бұлт пен тұманды бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Көркем сөз. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды Соқыр, мылқау танымас тірі жанды, Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. Жұмбақта. Көшіп жүріп желменен, Сеуіп шықты тамшысын. Қыраттарға шөлдеген. (бұлт)	**Қар тазалайтын машинаны бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Жұмбақ. Ол бензинді сүтше ішеді, Тез арада сыпыра алады, Қарды жолдан тазартып, Жолдарға топырақ себеді. (Қар тазалаушы көлік) Мақал-мәтелдер. Еңбек түбі –береке. Көптің түбі –мереке.		

	күрт өзгеруіне байланысты судың қатты күйге айналуын анықтау, балаларға не себепті ауа температурасы өзгергенде судың қататындығын түсіндіру. Мұз бұл – қатты су құрамы екендігін түсіндіру; мұз медицинада тағамды салқын қалпында сақтап тұруға қолданылады. Мұз құрамы - тұнық, суық, қатты екендігін атау. **Қимылды ойын.«Мұзды аулаға кіргіз».** **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Таяқшаның көмегімен мұзды берілген бағытта сырғанату. Спорттың басқа да түрлерімен таныстыру. **Еңбек.** Табиғат бұрышында құсты тамақтандыру Табиғат бұрышында құсты өз беттерінше тамақтандыруға үйрету (тамақтандыру, суларын ауыстыру). Табиғат аясындағы құстарды аялай білуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар:** ойын барысында бір-бірімен араласа білуге, өз ойларын айта білуге, достарының ойымен келісіп, тату ойнау дағдыларын қалыптастыру. **(тіл дамыту)**	Аспан түйді қабағын, Сұр пердесін керді де, Жапты жердің табанын. (тұман) **Бақылау:** қыс кезіндегі табиғат көріністері туралы білімдерін кеңейту; қыс мезгілінде аспанды жиі бұлт басады; ақырын қар жауа бастайды. Байқампаздықты арттыру. **Қимылды ойын. «Бірінші болу».** **(дене тәрбиесі)** Бір-бірін қуалау арқылы жүгіруді бекіту (көкпарға дейін жүгіріп, мәреге келу); ойын ережесін сақтау (киімнен ұстауға, итеруге, дөрекілікке рұқсат жоқ). Батырлыққа, күштілікке, икемділікке тәрбиелеу. **Еңбек:** ойын үшін қардан жасалған құрылыс (ұшақ, қалашық, машина). **(еңбек дағдылары)** Біріккен іс-әрекет арқылы жақсы көңіл-күй сыйлау; құрастыру қабілетін дамыту. **Өз бетімен ойындар:** ойынға керекті құралдармен жабдықтандыру үйрету; ойын барысында табиғи заттарды қолдануға үйрету.	**Бақылау:** адамдардың еңбегін жеңілдету үшін түрлі техниканы қолданады; адамдарға оның тиімді екенін көрсету. Қар жауғаннан кейін қардың көп болатынына назар аудару. Қолмен қарды тазалау өте қиын және көп уақыт кетеді. Сол себепті адамдар қар тазалайтын машина ойлап тапты, олар жұмысты тез істейді, машиналар да қарды тиеуге үлгермей кешігіп келіп жатады. Қарды машинамен қала шетіндегі арнайы орынға апарады. Ол көктемде еріп, өсімдіктің өсуіне ылғалы көп болады. **Қимылды ойын. «Таяқпен сыпыру» (қалмақ халқының ұлттық ойыны).** **(дене тәрбиесі)** Көрсетілген бағыт бойынша таяқпен сыпыру қабілеттерін бекіту (сырғанақ тебетін жерге, сырғанақ тебетін жерден соңына дейін). Топтағы жолдастарының жетістіктері мен істей алмаған істерін қобалжымай, қолдай білуге тәрбиелеу. **Еңбек.** Түрлі түсті мұз айдынын жасау. **(еңбек дағдылары)** **Судың қасиетін бекіту:** ыдысқа су құйып бояу араластырып аязға қатыру; берілген тапсырманы өздері орындау (суды керек түске бояу, пішінін келтіру); бастаған істі соңына дейін жеткізу (жұмыс орнын жинау, столды сүртіп, жинау, ретке келтіру және т.б.). **Өз бетімен ойындар:** таңдалған тақырыпқа сай ойын барысында ойыншықтарды айырбастап, ойын көмегімен құрастырып, түрлілігін анықтай білуге үйрету.		
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Күндізгі ұйқы	Музыка әуенімен балаларды ұйықтату **(музыка)** «Дос іздеген бота» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату **(көркем әдебиет)**				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Балаларды сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу. Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын керемет уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды. Көркем сөз Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. **(дене тәрбиесі)**				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***«Күй күмбірі»*** *Іс-әрекет басталар алдында қазақ күйін қойып, балалардың назарын шоғырландырып, жұмысқа ынталы көңіл-күй қалыптастыру* **«Табиғат жайлы әңгімелесу».** Мақсат-міндеттер: балалардың дүние танымын, тіл байлығын дамыту. - Табиғат дегеніміз не? Табиғат – жер, тау, ағаш, су, орман, өсімдіктерден және жан-жануарлардан тұратын қоршаған орта. ***(****экологиялық мәдени дағдылар****)*** **Сюжетті-рөлдік ойын.** "Киімдер" дүкені. Мақсат-міндеттері. Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысы ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық	***Қауіпсіздік сабағы*** ***Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіз****дік* *Балаларға түсіндіретін негізгі ережелер:* *1. Қорықпаймыз, жыламаймыз. Үлкендердің айтқанын тыңдаймыз.* *2. Жер сілкінсе: • үстелдің астына немесе есік жақтауының қасына тығыламыз; • терезеден, үлкен шкафтардан алыс боламыз; • басымызды қолмен немесе жастықпен жабамыз.* *4. Үлкендермен бірге сыртқа шыққанда: • шуламаймыз, • бір-бірімізді итермейміз, • ұстаздың/ата-ананың қолынан ұстап жүреміз.* *5. Жер сілкінісі тоқтаған соң – қауіпсіз жерге жиналамыз* .**Сюжетті-рөлдік ойын.** **"Супермаркет".** **«Ақшаны жұмсауды үйренеміз»** *Мақсат-міндеттері.Қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым*	***Дидактикалық ойын:*** ***«Айырмашылығын тап»*** *Ойын барысы:* Балаға бір заттың суреті ұсынылады, кейбір бөлшектерімен ерекшеленеді. Иллюстрацияны қарастыру кезінде баладан табуды сұрайды айырмашылықтар. Ұсынылған нысандарды қарастыруда қиындықтар туындаған жағдайда балаға сұрақтар қоюға көмек көрсетілуі мүмкін. *Сұрақтар.* - Суретте кімдер бейнеленген? - Басқа суретте кімдер бейнеленген? - Олар әртүрлі ме, әлде бірдей ме? - Ұқсастықтары қандай? - Олар немен айналысады ерекшеленеді? - Қандай түсті айырмашылықтар? - Қай жаққа бұрылды? - Қанша екенін сана айырмашылықтар және т.**б**. **(тіл дамыту)** Шығармашылық іс-әрекет ***(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)*** «Құс қанаты» тақырыбында балалар		

	тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен бірге дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балаларға дүкен туралы суреттер мен бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" ұғымына киімдер де жататыны, киімдердің маусымдық киім және сырт киім, ішкиім болып бөлінетіні жайында түсіндіреді. Киімдердің үтіктеліп, сатып алушының алдына әдемі күйінде ұсынылуы керектігі жайында айтылуы тиіс. Сатушы немесе бірнеше сатушы өз қалаулары (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды өз орындарына орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтыд, аларға тауарларды сатады. Ойынды ұйымдастырғанда киімді өлшейтін орынды да ескеру керек. Балалар өз қуыршақтарын алып, белгіленген жерге киімдерін кигізіп жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Ойынның соңында қорытынды	*білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте түрлі тауарлар сатылатыны туралы мәлімет беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяқкиім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азықтар, ойыншықтар; ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу машинасының макеттері. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен әңгімелесулер, супермаркет жайында суреттерді, бейнежазбалар мен жарнамалар көрсетіп, супермаркетте кез келген тауарды табуға мүмкіндігі барын түсіндіреді. Супермаркеттің іші кең болатыны, тауарлар көптеген сөрелерде топтасып орналасатыны жайында айтылуы тиіс. Супермаркетте сатушы емес, кеңесші мен есепшілер (есептеу машинасы) көп болатыны, кеңесшілер тауарларды сөрелерге уақытында орналастырып, сатып алушыларға тауарды таңдауға көмектесетіні, есепшілер тек таңдалған тауарларды санап беріп, қанша қаражат төлеу керектігін айтатыны туралы балалар білу керек. Балалар ойынға қатысатын кейіпкерлерді санамақ арқылы*	қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. Мақсат-міндеттер: Құс қанаты өрнегімен таныстыру. Ұлттық сәндік-қолтаңбалы өнерге деген қызығушылықтарын дамыту. *Сурет салу бойынша*түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру. *Жапсыру бойынша* балаларды тақырып бойынша дайындалған қималарды қағаз бетіне орналастырып, жапсыруға үйрету. *Мүсіндеу бойынша* өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем- эстетикалық талғамды дамыту.Тақырыпқа сай мүсіндеу *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* ***Ұлттық ойын*** ***Бөрік жасырмақ*** *Ойын мақсаты: балаларды алғырлыққа баулу. Ойын шарты: Тәрбиеші балалардың арасынан бір ойыншыны шығарып, ол алыстау жерге барып, бөрік немесе басқа бір белгілі затын жасыруға жібереді және өзі де сол маңайда жасырынуы керек. Қалған ойыншылар жасырған ойыншының тыққан затын іздеуге кіріседі. Кімде-кім тығылған бөрікті көріп қойып, алуға қам жасаса, онда иесі бермеуге тырысады, ал иесі қорып, бөрікке жібермеуге тырысады.. Қайткенде де алдап жүріп алып, оны тәрбиешіге ертіп келулері керек. Келесі жолы бөрікті жасыруға бөрікті әкелген ойыншы барады да, ойынжалғаса береді.*		

	жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, олардың сапасы сақталады, жылдам сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі)**	*таңдайды, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, арба, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады; кеңесшілер балаларға не таңдау керектігі туралы кеңес айтып жатады, есепшілер есептейді. Педагог диалогтарды, қатынастарды, сөйлеу тізбектерін реттеп отырады, қосымша және тиянақтау сұрақтарын қойып жатады.* *Ойын соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жылдам сатылады; супермаркет - қоғамдық орын болғандықтан, ол жерде де әдептілік ережелерін ұстану керек; супермаркетте жүрген барлық адам бір-бірінің уақытын, еңбегін бағалау қажет.* ***(қоршаған әлеммен таныстыру,м тіл дамыту, математиканегіздері, қазақ тілі)***			
Балалармен жеке жұмыс	**Көркем сөз жаттау** "Қар". Жауды міне, қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды: Тегістепті орларды. Үстін жауып көлдердің, Бетін бүркеп белдердің. Жастық етіп тауды асқақ Жаңтайыпты жамбастап. Жаңтайыпты жамбастап. (Тіліген Шопаев) **(көркем әдебиет)**	**«Суреттерді орналастыр».** Ойынның мақсат-міндеттері: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: тор көз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер. Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді әр бағанмен жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы тор көздерге орналастырады. **(танымдық дағдылар)**	**«Геометриялық пішіндер»** Мақсат-міндеттер: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу **(математика негіздері)**		
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.				

	(дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу	**Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Көркем сөз. Күн мұңайып тұр бүгін, Қыс ызғары келеді. Жұмбақтар. Жаңа жыл күні Төріңде тұрар. Басқа күні Өскен жерінде тұрар. (шырша) **Бақылау:** қылқан жапырақты ағаштарды еске түсіру. Шырша мен қарағай ағаштарын ажырата білу. Шырша ағаштарының бұтағы бүкіл бойына, жоғарыдан төменге салбырап өседі; түбірі - қара; қылқан - бір-бірден өседі; жаңғақ - көп өмір сүргіш, дөңгелекше тәрізді. Жаңғақтың тұқымы бар. Білімдерін анықтау, қарағай мен шырша - үнемі жасыл түсті, қыста да сол түсін сақтайды. Шырша мен қарағай - қылқан жапырақты ағаш. Ағаштардың ерекшелігі мен белгілерін және ұқсастықтарын айыра білу, салыстырған сөздерін нақты жеткізу. **Қимылды ойын.** **«Қақпа».** Алаңда қозғалып жүру. «Бір, екі, үш - ұста» дегенде, бәрі алаңға жүгіреді. Бір-біріне көмек беруге тәрбиелеу. **Еңбек:** ағаштың қасына түскен бұталарды жинау. Балаларға алаңда жүрген кезде қоқысты жинату (ағаш жанындағы бұталар), содан кейін арнайы орынға апаруға үйрету. Өз ойларын	**Қар мен мұзды бақылауды жалғастыру.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)* Мақсат-міндеттер. Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру. **Зерттеу.** Үлкен және кішкентай қаңылтырдағы, таза және боялған судың қату уақытын салыстыру; ыдысқа тығыз немесе еркін салынған қардың еру жылдамдығын салыстыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** алаңда өсетін өсімдіктерге күтім жасау. Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы еңбекке, қоршаған ортаға қызығушылықты қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары.** **"Қарға мен торғай". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту. **"Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын.** **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері: балаларға ойын ережелерін қатаң сақтауды үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынға 3-10 немесе одан да көп ойыншы қатысады. Көбінесе ойынға қара зат таңдап алынады (ескі малақай, құм салған дорба және тағы басқа). Ойынға қатысушылар шеңбер құрып,	**Қардың түсуін бақылауды жалғастыру.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)* Мақсат-міндеттері. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қардың түсуі маусымдық құбылысқа жататынын түсіндіру, қыс туралы білімдерін кеңейту. **Зерттеу.** Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаштардың тамырларын қармен жабу. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары.** **(дене тәрбиесі)** "Аққала ойыны". Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. **"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы.** **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттері. "Қақпаға"допты кіргізуді үйрету, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Ойынға 5-6 бала қатысады. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. ***Ата-аналарының (заңды өкілдердің) телефон нөмірлерін есте сақтауды үйрету:***		

	жолдастарының ойларымен ұштастыра білуге үйрету. **Өз бетімен ойындар.** Ойынға өз беттерінше тақырып таңдап үйрену, қоршаған ортаның жақсы жақтарынан көрсетіп, алған білімдерін көрсете білу.	көздерін жұмып тұруға тырысады. Ойынды басқарушының берген бұйрығымен бір ойыншы шеңберден шығып, тығуға әзірленген затты алып тығылады. Ойынға қатысушылардың міндеті — сол тыққан затты іздеп табу. Егер тығылған зат табылса, ойын жүргізуші ойынға қатысушылардың барлығы естітіндей дауыстап жариялайды да, барлығын табылған заттың төңірегіне жинайды. Заттың иесі өз затын қорғайды, басқалары оны алдап-сулап, көңілін басқа жаққа бұрып, әлгі затты тартып алуға тырысады. Затты кім ала алатын болса, сол затты тығушы қызметін атқарушы болады да, қалғандары қайта шеңбер құрып, көздерін жұмып тұрады. Ойын осы тәртіппен жалғаса береді. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** еңбектеу. Мақсат-міндеттері. Қимылдарды үйлестіруді дамыту; батылдықты, шешім қабылдай алуға тәрбиелеу.	*Тәрбиешіәртелефондаата-анамызғақоңырау шалуғаболатын нөмірбар екенін түсіндіреді. Мысалы: «Менің анамның телефон нөмірі: 8701 980 5665»* *Тәрбиеші Ата-анасыныңтелефоннөмірінбілмейтінбалаларғаестесақтауғакөмектесу. Педагогтүсініктіболуүшінсандарберілгенкарточкалардыпайдаланады.* ***«Хатжолда»ойыны*** *Балалар шеңбер бойымен отырады. Педагог балалардың біріне «хат» (ойыншықнемесе қағаз) береді. Балалар хатты ата-аналарының мекенжайын немесе телефон нөмірін айта отырып,шеңбербойымен бір-біріне жібереді.* ***«Телефон»ойыны*** *Балалар сапқа тұрады.Тәрбиешібалалардыңбіріниңқұлағынамекенжай немесетелефоннөмірінайтады.Балалар бұлақпараттысоңғыбалағажеткенше тізбек бойынша сыбырлапайтады,олестігеніндауыстап айтуы керек***.** Қар лақтыруды үйрету.		
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Отбасының денсаулық бағдарламасы».	Баяндама «Бала неге өтірік айтады?»	Кеңес «Тұмаудың алдын алу жолдары»		

Әдіскер: Қалдыбек Ж

Тәрбиеші: Ташпенова Ұ

Саз жетекші Баратова Г.Д

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы*				
Топ/сынып	***Ересек топ***				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	*«Қарлығаш»*				
Балалардың жасы	***4 жастағы балалар***				
Педагогтің аты-жөні	*Ташпенова Ұ.Б*				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**05.01-09.01.2026 ж.** *«Адал азамат»* *Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында* *ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ*				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	Апта дәйексөзі: «Талап бар жерде тәртіп бар»				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналарға кеңес: «Ашық терезе балалар үшін қауіпті»** Баяндама. «Баланың дамуы мен тәрбиесінде күн тәртібінің маңызы». Психолог кеңесі. Мысалы: **«Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?»** Егерде бала ауырған болса, оның келмеуінің себебін ата-анасының балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігі туралы түсіндіру *Өнегелі 15 минут*				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	**Жаяу борасынды бақылау.** *(экологиялық мәдениет дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру , тіл дамыту, көркем әдебиет)* Көркем сөз. Боран гулеп соғады, Қайсар қалай тоңады? Мақта, мейлі. Айналаны орады. Аяғында саптама, Мақтама. Баста тымақ, Өзіңе дәл, шақ қана. Қайсар бейне атамдай, Үсте тон. Қолда қамшы, астында ат. Қой қайырған шопандай. **Бақылау:** жансыз табиғаттағы қыстың белгілерімен танысу. Қыстың суық күнінде жолда қар	**Қар басуын бақылау.** *(экологиялық мәдениет дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру , тіл дамыту, көркем әдебиет)* Жұмбақ. Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) **Болжау.** Қар түссе - күн жылынады Бақылау: балаларға қардың түсуі жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы айту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді жерді қымтайды. **Қимылды ойын. «Қармен ойнау». (дене тәрбиесі)** Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру. Ойын	**Қардың тереңдігін бақылау.** *(экологиялық мәдениет дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру , тіл дамыту, көркем әдебиет)* Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). **Бақылау:** балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға өлшеуішті көрсету және әр жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. **Қимылды ойын:**	**Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау.** *(экологиялық мәдениет дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру , тіл дамыту, көркем әдебиет)* Болжау. Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын. Мақал-мәтел. Қыс қандай болса, жаз да осындай. **Байқау:** жылы күндері жауған қар жабысқақ болады, қар жабысқақ, аққала жасауға ыңғайлы болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін	**"Көшені бақылау".** *(экологиялық мәдениет дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру , тіл дамыту, көркем әдебиет)* Көркем сөз. Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Өміріңді күзеткен, Ысқырығы күшті адам. (жол инспекторы) **Бақылау:** қалада көшелердің көптігін, олардың атауы әртүрлі екендігі және балабақша қай көшеде орналасқандығы туралы түсінік беру. Балабақша жанында қандай мекемелер орналасқандығын айыра білу (дүкен, дәріхана, банк, пошта, колледж, кітап баспасы және т.б..). Барлық жерде адамдар

	борасыны болады, ауада қатты жел көтеріліп, жолды ақ борасын басады. Борасын қарды ойшыққа, бос жерлерге апарады. Балалардың сөздік қорларын молайту. **Қимылды ойын: «Қайсардың киімін ата». (дене тәрбиесі)** Қысқы киім атауын атай білуді бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту (киім атауларын есте сақтау), дабылға назар аудару (ортаға тұрған кезде бос орынға тұру). Нақтылыққа, сенімділікке тәрбиелеу. **Еңбек. (еңбек дағдылары)** «Төбешікке су құю». Судың қасиеті туралы білімдерін бекіту (аязды күндері ол қатып қалады). Тәрбиешіге көмектесуге үйрету; өз еңбегіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар:** ойын түрін анықтау арқылы өз бетімен жұмыс істеу қабілетін анықтау. Ойын әрекеттерін қалыптастыру және дамыту белсенділіктеріне тәрбиелеу.	ережесін орындауға дағдыландыру. **Еңбек. (еңбек дағдылары)** Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу. **Өз бетімен ойындар.** Тыныш қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; дербестілігін және бастамашылдығын көтермелеу.	**«Ақшақарды ізде». (дене тәрбиесі)** Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Еңбек. (еңбек дағдылары)** Гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. **Өз бетімен ойындар.** Өз құрдастарымен 2-3 рольден тұратын ойын ойнағанда, бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету.	бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. **Қимылды ойын. «Бәйге». (дене тәрбиесі)** Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді). Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. **Еңбек.** Тәрбиешіге қардан жолды тазартуға көмектесуге тарту. **(еңбек дағдылары)** Тәжірибе. Қардың қасиеттері. 1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады. 2. Қарға су құйсаң, ол мұз болып қатады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады. Қортынды. Қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық.	жұмыс істейді, әрқайсысы істеген жұмысы басқаларға жақсы және ыңғайлы болғанын қалайды. Есейгенде олар да жұмыс істейді, ол үшін балаларға көп оқу керектігін ескерту қажет. Адамдардың еңбектеріне сыйластықпен қарай білуге үйрету. **Қимылды ойын. «Бірінші бол». (дене тәрбиесі)** Әртүрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіруге үйрету (біреуі оң жаққа, басқасы сол жаққа қарай), ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. Ойын талаптарын орындауға үйрету. **Еңбек.** Алаңдағы құралдарды қардан тазарту (сырғанайтын жер, алтыбақан және т.б..). Өз беттерімен алаңдағы құралдарды қардан тазартып, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар:** балаларға өз рольдерін біліп, 2-3 рольде кезекпен ойнап; бағыну, басқару, теңдік-қарым-қатынас ретінде рольдік ойын ережесін білу.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. ***«Үнемді тұтыну»*** *Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету* **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық сақтау). Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Дайын қасық, дәмді ас. Еш нәрсені қалдырмас. Балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта түзу отырмаса, педагог оған				

	орындықта дұрыс отыру керектігін айтады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	***«Күй күмбірі»*** *Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру* «Алдар көсе мен Шық бермес Шығайбай» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	"Мейірімді мысық"; (белді бүгіп, басты жоғары көтеру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)**				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Театраландырылған қойылым.** "Үйшік" ертегісі. Мақсат-міндеттер: танымал ертегі мазмұнын балалар естеріне түсіру, есте сақтау, ойлау, эмоционалды, ым-ишаралық, қабілеттерін дамыту. Керекті құрал-жадықтар. Киім-кешектер, "Үйшік" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің бетперделері. Барысы. Педагог алдын-ала балаларға "Үйшік" ертегісін мазмұндап береді. Балалар өз қалаулары бойынша ертегі кейіпкерлерін ойнайтын балаларды таңдап алады, кейіпкерлер сәйкес костюмдарын киіп, орындарына барады. Басында автор сөздерін педагог өзі айтады, ал кейінгі бөлімдерде автор рөліне балалардың бірін ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге кім ненің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс-балалар , көрермендерге құрмет	**Математика негіздері** "Аңдардың іздерін зерттейік". Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың жуандығы туралы білімдерін кеңейту, "ең жуан", "жіңішкелеу", "ең жіңішке" ұғымдарын жетілдіру. қорытындылай келе педагог балаларды шығармашылық орталықтарына шақырады. Балалар қалаулары бойынша ***(сурет салу, мүсіндеу,жапсыру)*** іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* балаларды үлкен аю мен қонжықтың қағаз бетіне басып шығарылған іздерін бояп , салыстырады. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* аңның сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, пропорциясын сақтап, құрылымдық тәсілмен бөлшектерді біріктіру арқылы қонжықты мүсіндеуді үйретуді жалғастыру. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу дағдыларын қалыптастыру. дағдыларын қалыптастыру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша*	***Қауіпсіздік сабағы*** ***«Тайғақ жер» тәжірибесі*** *Мақсаты: балаларға абайлап жүру, тайғанақ жерден аулақ болуды үйрету.* *Құралдар: резеңке төсеніш, су шашылған орын (белгіленген).* *Барысы: • Балалар төсеніштен және “су шашылған” жерде жүруді байқайды. • Тәрбиеші: «Қай жермен жүру қауіпсіз?» – деп сұрайды. • Балалар резеңке жолмен жүреді.* *Қорытынды: абайлап жүру керек, тайғанақ жер қауіпті.* **Тіл дамыту** "Көзі қорқақ Қоян ертегісін мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттер: балаларды "Көзі қорқақ қоян" ертегісімен таныстыру; жабайы аңдардың бойындағы адам қасиеттерінің ерекшеліктерін көрсету; жануарлар туралы ертегі жанры туралы ұғымдарын қалыптастыру; "көз қорқақ" фразеологизімінің мағынасын түсіндіру. **Сюжетті-рөлдік ойын.** "Ветеринарлық емхана". Мақсаты: балалардың жан-жануарлар дәрігері, медбикелер, күтушілер, ветеринарлық	**Вариативтік компонент** **Қызықты математика** **Уақыт түсінігі** Балаларды уақыттың бөліктері туралы (таңертең, күндіз, кеш, түн) түсінік беру; тәулік бөліктерінің атауын; табиғат құбылыстарымен байланыстыруға үйрету; аптадағы күндердің атауын жаттау; балалардың бойында уақыт туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру. **Сюжетті-рөлдік ойын.** "Театр". Мақсат-міндеттер: ойын барысында балалар мен бірге театрдың орны, адам өміріне қандай пайдасы бар екенін анықтау; әртіс, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюм бойынша декоратор, суретші, лицеист сияқты мамандар туралы білімдерін бекіту; ағымды қарым-қатынас орнату; мәдениет орындарындағы тәртіп ережелерін пысықтау; сөйлеу мәнерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Сахна орны. "Театр" жазбасы; сахна	**Қоршаған әлеммен таныстыру** "Жабайы жануарларға қамқорлық". Мақсат-міндеттер: қыста тіршілік ететін жабайы жануарларды жатқа білуге үйрету. **Үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы.** «Ормандағы аң мен құсты санайық». **(математика негіздері)** Жаттығуды ұйымдастырғанда әр балаға ыдысына саны төрт қасқырдың және саны бес құстың іздерінің кескіндері салынады. Екі жолақты карточка мен бөлек ыдысқа салынған бірден беске дейінгі сандар жинақтары да қажет болады. Карточкалардың екі жолақтағы соңғы шақпақтары жеке қоршалған. **Сюжетті-рөлдік ойын.** "Хайуанаттар бағы". Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-

	білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мадақтауларға ие болады. Қойылым соңында педагог балалардан, шығарманың олай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетіне қысқаша талдау жасайды. **(көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)** ***Қауіпсіздік сабағы Тайғақта қалай жүреміз*** *Мақсаты: Тайғақ беттерде қауіпсіз қозғалысты үйрету Ойын барысы: Балаларға тайғақ жерлердің суретін көрсетіп, ережесін түсіндіреміз: — Тайғақта жүгіруге болмайды, абайлап жүреміз. Балалар ересектің қимылын қайталап, ойын алаңында абайлап жүреді. Күтілетін нәтиже: Балалар тайғақта қауіпсіз қозғала алады.* **Үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы.** «Ормандағы аң мен құсты санайық». **(математика негіздері)** Жаттығуды ұйымдастырғанда әр балаға ыдысына саны төрт қасқырдың және саны бес құстың іздерінің кескіндері салынады. Екі жолақты карточка мен бөлек ыдысқа салынған бірден беске дейінгі сандар жинақтары да қажет болады. Карточкалардың екі жолақтағы соңғы шақпақтары жеке қоршалған.	геометриялық пішіндерді пайдаланып, қағаз бетіне аюды құрастыруды үйрету; **Рөлдік ойын: «Аурухана» + қаржылық сауаттылық** Мақсаты: • Ақ халатты абзалжандардың қамқорлығы мен мейірімділігін таныстыру • Балаларды кішіпейілдікке, достарына көмектесуге тәрбиелеу • Балаларды ұжымдық ойнауға және сөйлеуге үйрету • Қаржылық сауаттылықтың алғашқы ұғымдарын енгізу: ақша, зат алмасу, еңбек нәтижесін бағалау Құралдар: • Ақ халат, стетоскоп, ойыншық дәрі-дәрмек • Ойыншық ақша, чек немесе билет • Төсек немесе орындықтар (емхана бөлмесі ретінде) • Қағаздан жасалған рецептер, ақшаға баламалы «емхана қызметтері» Ойын барысы 1 Ұйымдастыру кезеңі • Балаларды шеңберге жинау. • Тәрбиеші қысқаша түсіндіреді:	емхананың қызмет көрсетушісі жайлы түсініктерін бекіту; емханада медициналық жұмысшылар қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; ақ халаттар, перчаткалар, жиһаз, сөмкелер, емханаға керек; ойыншық жан-жануарлар мен құстар. Барысы. Педагог балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде ветеринардың жұмысы жайлы фотосуреттер қарастыру керек, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін оқып, еске түсіру, сонымен қатар ветеринарлық емхана жайлы әңгімелесу. Балалар аңдар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтінін ғана емес, сондай-ақ қандай құралдарды қолданатындарын, ветеринарға қандай сұрақтар қою керектігін талқылау керек. Балалар өзара ветеринарлық емханада кімдер, қандай қызметкерлер болатынын таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. Соңында педагог балармен бірге қорытынды жасайды: *адам жанында тіршілік ететін аңдар мен құстардың денсаулығы мен тірі табиғаттағы жануарлардың*	макеті, сахналық қойылымдарға қажет (үй, ағаш, қоршау және мүмкіншілік болса перделер т.б.), кейіпкерлер костюмдері, кейіпкерлер қолына ұстайтын құралдар. Барысы. Педагог балалармен бірге театрда қандай қойылымдар қойылатыны жайлы суреттер қарастырады, көрермендер мен әртістер арасындағы айырмашылықтарды анықтайды. Көрермендер алдында қойылым орнында режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарық беруші, костюм әрлеуші, суретші, әрлеуші сияқты мамандар еңбек ететінін айтылады. Балалар алдын-ала әр маман сахналық қойылымға дайындық алдында қандай қимыл-қозғалыс орындайтынын кішігірім жаттығулар арқылы көрсетеді. Кейін балалар белгілі рөлдердің қайсысын орындағысы келетін тілектерін білдіреді, орындарына орналасады. Әртістерді біріктіру үшін педагог алдымен режиссер қызметін өзіне алады, белгілі ертегі сюжетін таңдайды. Педагог ойын барысын белгілі сөз тіркестерімен сүйемелдейді, ойыншыларға қосымша сұрақтар қояды, ары қарай ойын тізбегінің жалғасуына ықпал етеді . Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сахналық қойылымдар	жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға арналған тор пішіндер. Барысы. Педагог ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты мамандардың қызметінің маңызы, олар қолданатын құралдар жайлы талқылау қажет. Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді.

		— Бүгін біз ауруханамызда дәрігер, медбике, науқас рөлдерін ойнаймыз. — Дәрігер балаларға көмектеседі, медбике рецепт береді. Қаржылық сауаттылық кіріктірілуі: — Науқас «ем қабылдау» үшін ойынды «ақша» немесе «токен» арқылы төлейді. — Бұл арқылы балалар ақша мен қызмет арасындағы байланысты көріп, түсінеді. 2. Негізгі бөлім (рөлдерді бөлу) • Дәрігер: балаларға тексеру жасайды, стетоскоппен «құлақ тыңдайды», «температура өлшейді». • Медбике: рецепт береді, қандай ем қажет екенін көрсетеді. • Науқас: «шипалы болғым келеді», қызмет үшін ойша «ақша» немесе «токен» береді. • Қабылдау бөлімі: науқастар келіп тіркеледі, «көмек алу үшін» ақша береді. ***Қаржылық сауаттылық кіріктірілуі:*** • Балалар «ақшаны»	*қауіпсіздігіне жауапты екенін.* **(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі)**	көрермендерге қызық болу үшін, тек қана әртістер ғана емес, сонымен қатар басқа да көптеген мамандар қызмет етеді; еңбекті бағалау керек; театр - әдептілік ережелері сақталатын мәдени орындардың бірі. **(көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)** *Театрда немесе кинотеатрда өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру, сұрақ-жауап әдісі арқылы диалог құру, қорытындылау*	Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)** ***Қауіпсіздік сабағы*** *Хайуанаттар бағында өзін-өзі ұстау , қауіпсіздік ережелерімен хайуанаттар бағындағы тәртіппен таныстыру, сұрақ-жауап әдісі арқылы диалог құру, қорытындылау*

		қалай есептеуге, бөлуге, төлеуге үйренеді . • Ақша немесе токен – ойын ресурсы ретінде, қызмет алудың қажеттілігін көрсетеді. 3 Ойын барысы (құралдармен) 1. Науқас ойыншық ақша немесе токенді береді. 2. Дәрігер тексеру жүргізеді, медбике рецепті береді. 3. Науқас «емделгеннен кейін» өз ойын айтып, ризашылығын білдіреді. 4. Балалар кезекпен рөлдерге ауысады. Қаржылық сауаттылық кіріктірілуі: • Рөлді ауыстыру кезінде балалар «ақшаны жинау, бөлу, дұрыс пайдалану» әрекетін тәжірибелейді. • Мысалы, медбике әрбір қызмет үшін «токен алады» → кейін оны «шоколадқа немесе ойыншыққа» айырбастауға болады. 4. Сергіту немесе қимылды сәт • Дәрігерлер мен науқастар «жылы жүру» немесе «сергіту жаттығуы» жасайды: қолды көтеру, орындықтан тұрып			

		жүру. • Балалар қозғалыс арқылы энергияларын шығарып, ойынға қайта оралады. 5. Қорытынды • Балалар бір-бірімен сенімді қарым-қатынас жасап, қызметке «ақша» төлей отырып» қаржылық ұғымдармен танысады. • Тәрбиеші қысқаша сұрақтар қояды: — Дәрігерге қалай көмектестік? — Ақшаны қалай пайдаландым? — Кімге көмектестік? Күтілетін нәтиже: • Балалар ақ халатты абзалжандардың қамқорлығын түсінеді. • Мейірімділік пен кішіпейілділік дамиды. • Ұжымдық ойнауға, сөйлеуге үйренеді. • Ақша мен қызмет арасындағы қарапайым байланыс көрініс табады. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі, қаржылық сауаттылық)**			
Балалармен жеке жұмыс	**Театрды сахналау.** «Күшік пен мысық» ертегісін сахналау. Балалармен бірге ертегі қойылымын қуыршақ театры арқылы ойнап көрсету және үй жануарларын қорғай білуге	**Дидактикалық ойын.** «Қайсысы қайда орналасқан?» Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау. Оң жақты және сол жақты ажырату. **(математика негіздері, тіл дамыту)**	**"Көңілді қоянның суретін тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарай отырып, тез тауып беру іскерліктерін жетілдіру. Барысы.	**Дидактикалық ойын.** «Қайсысы қайда орналасқан?» Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау. Оң жақты және сол жақты ажырату. **(математика негіздері, тіл дамыту)**	Балаларды геометриялық пішіндерді пайдаланып, қағаз бетіне аңдарды құрастыруға үйрету. **(құрастыру)**

	үйрету. **(көркем әдебиет)**		Педагог балалардың назарын өзіне аударып: - Балалар, мен сендерге қояндардың бірнеше көңіл-күйін (смайликтер) көрсетемін, сол көңіл-күйлерді (смайликтер) мұқият қарап отырып, маған көңілді қоянның суретін тауып беріңдер! Педагог еденге қояндардың бірнеше көңіл-күйін (смайликтер) жайып береді. Балалар тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарай отырып, тез тауып берулері тиіс. Педагог балалар қиналған жағдайда қоянға сипаттама береді. Жақсы қатысқан балаларға қоян бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. **(тіл дамыту, танымдық дағдылар)**		
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер:- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу**(дербес әрекет)**				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру.***(экологиялық мәдениет дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)***				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту» баяндама.	«Тұйық бала қайдан шығады?» баяндама.	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аудару, ескерту.	«Ата-аналарға тұмау жөнінде» денсаулық бұрышына кеңес (медбике)	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуларына тілек білдіру.

Әдіскер: Қалдыбек Ж

Тәрбиеші: Ташпенова Ұ

Саз жетекші Баратова Г.Д

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы*				
Топ/сынып	***Ересек топ***				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	*«Қарлығаш»*				
Балалардың жасы	***4 жастағы балалар***				
Педагогтің аты-жөні	*Ташпенова Ұ.Б.*				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**19.01-23.01.2026ж.**				
	«Адал азамат» *Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында* *ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ*				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	Апта дәйексөзі: «Тәртіп - тәрбие бастауы»				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалармен демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. «Ата-аналарға тұмау жөнінде» денсаулық бұрышына кеңес (медбике) Баланың денсаулығы туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу, сондай-ақ осы бағанда кеңес беруді немесе жеке әңгімелесуді көрсетуге болады (мысалы, күзде ЖРВИ кезеңінде және ЖРВИ алдын алу шаралары, егер карантин тобында, мысалы, желшешек ауруы болса осы тақырып бойынша кеңес беруді немесе жеке кеңес беруді көрсету). «Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес. *Өнегелі 15 минут*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	***"Бөлме өсімдіктерінің топырақты қопсыту".*** *Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не*	***"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".*** *Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс*	***Ойыншықтар және тәртіп.*** *Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру,*	***"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп»*** *(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)* *Мақсат-міндеттер: балаларды жеке киім*	***"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".*** *Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;*

кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	*үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.* ***(экологиялық мәдениет дағдыларын, еңбек іс-әрекеті)***	*кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.* ***(еңбек іс-әрекеті)***	*сүрту және орнына қою. Еңбекке баулу, тәртіпсіздікті байқауды; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.* ***(еңбек іс-әрекеті)***	*шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбеккорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда ынтымақта еңбек етуге үйрету.* ***(еңбек іс-әрекеті)***	*ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.* ***(еңбек іс-әрекеті)***
	Қ.Р. Әнұраны ***«Қар жамылған ағаштар»*** *Жүнмен қардың суретін салу техникасын үйрету. Жүнді жұлу, созу әдісін қолдануды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табиғатқа қызығушылығын тәрбиелеу. Алдын ала дайындалған көгілдір түсті киіз бен қоңыр киізден жасалған ағаш негізі қажет. Көгілдір түсті киіздің үстіне қоңыр түсті киізден жасалған ағаш негізін орналастырамыз. Ақ түсті жүннің кішкене бөлігін түтіп, үлпілдетіп, ағаш бұтақтарының үстіне қар жасаймыз. Ақ жүнді үлкендеу етіп бөліп алып, онымен жердегі қар үйіндісін бейнелейміз. Тағы да созып, үлбіретіп алған жүнді киіздің үстіңгі жағына орналастырып, ақша бұлттарды келтіреміз.* **Ұлттық ойын** ***Хан «алшы»*** *Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы.* *Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көзден құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер*	*Күй күмбірі қандайды* *Барша сәби тыңдайды* *Саусақтарым бірігіп* *Домбырада ойнайды* *Балабақша өз үйі* *Тәрбиеге жалғайды* *Ата-баба дәстүрі* *Ұмыт болып қалмайды* ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** *Балалармен күй тыңдау* ***Құрманғазы «Адай» күйі*** **Санамақ.** Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ. Оң аяқта бес бақай, Сол аяқта бес бақай. Қосып едім екеуін, Болып шықты он бақай. **(тіл дамыту)** ***Лото*** ***"Үйді ретке келтірейік"*** *Балаға үйдің бөлмелерін тазалау үшін қолданылатын заттарды таңдау ұсынылады. Бала суретті таңдап, осы затты қалай пайдалануға болатындығын және үйді ретке келтіруге болатындығын түсіндіреді. Мысалға:*	***«Адалдық шеңбері»*** *Ойынның мақсаты: балаларды адалдыққа тәрбиелеу, зейінді дамыту.* *Педагог балаларды екі командаға бөледі.* *Бір команданың қатысушылары қолдарынан ұстап, «адалдық шеңберін» құра отырып, қолдарын жоғары көтереді. Екінші команданың мүшелері бірінің артынан бірі сапқа тұрып, көңілді музыкамен «адалдық шеңберінің» ішіне кіріп, шығады. Музыка тоқтағанда «адалдық шеңберін» құрып тұрған балалар қолдарын төмен түсіреді. Шеңбердің ішінде қалып қойған қатысушылар өздерінің адал әрекеттері туралы кезекпен айтып береді. Содан кейін командалар орындарымен алмасады, ойын қайта басталады.* ***(адалдық шеңбері)*** ***Қауіпсіздік сабағы*** ***Бала қауіпсіздігі басты назарда*** *Өрт қауіпсіздігі* *«101»-ге телефон шалуға үйрету.* *«101» өрт сөндіру орталығы екенін түсіндіру*	*Күй күмбірі қандайды* *Барша сәби тыңдайды* *Саусақтарым бірігіп* *Домбырада ойнайды* *Балабақша өз үйі* *Тәрбиеге жалғайды* *Ата-баба дәстүрі* *Ұмыт болып қалмайды* ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** *Балалармен күй тыңдау* ***Құрманғазы «Адай» күйі*** **"Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. "Халық ауыз әдебиеті. **(көркем әдебиет, қазақ тілі, тіл дамыту)** ***Ұлттық ойын*** ***Хан «алшы»*** *Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы.*	***Қауіпсіздік сабағы*** ***Бала қауіпсіздігі басты назарда*** *Өрт қауіпсіздігі* *«101»-ге телефон шалуға үйрету.* *«101» өрт сөндіру орталығы екенін түсіндіру* **https://youtu.be/EfLEBCfEy5g?si=xgl_lWqdNB9gUo9z** ***Мен тәртіпті баламын*** *Мәнерлеп оқу.* *Мен тәртіпті баламын,* *Айтқан тілді аламын.* *Анам нанға кеткенде,* *Үйде ойнап қаламын.* *Шкафтарды ашпаймын,* *Кітаптарды шашпаймын.* *Текшелерден үй жасап,* *Қызық ойын бастаймын.* *Ой қозғау: Тәртіптілік деген не?* *Тәртіптілік – адамгершілік туралы әңгімелей отырып, балаларға мынадай сұрақтар қою.* *Тәртіпті бала қандай болу керек?* *Тәртіпсіз бала қандай бала? (балаларды сөйлете отырып сұрақтарға жауап алу)* **"Жоғалған зат" үстел үсті**

	хан асығы бүк, шік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді. *Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады.*	*шаңсорғыш бөлмелердегі кілемдер мен төсеніштерді тазалау үшін қажет. Баланың алдына қателіктермен толтырылған карточкалар қойылады. Бала қателіктерін түзетіп, карточкаларын дұрыс орналастыруы керек. Баладан тағы қандай тұрмыстық заттарды білетінін және олардың қалай қолданылатынын сұрау. Үйде тәртіп пен тазалықты сақтау, үлкендерге көмектесу қаншалықты маңызды екендігі туралы сұрау, сюжетті суреттер қарау. Ойын үйдегі жайлылыққа, үйдегі тәртіп пен тазалыққа қамқорлық жасауға үйретеді.*	**https://youtu.be/EfLEBCfEy5g?si=xgl_lWqdNB9gUo9z** **Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап».** Мақсат-міндеттер: балаларды әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атап, сипаттауға үйрету. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** **Театрландырылған қойылым "Аққу-қаздар".** Мақсат-міндеттер: балалардың өз бетінше театрландырылған ойындарды ұйымдастыруын үйрету, рөлдер мен міндеттерді өзара бөлісу біліктіліктерін жетілдіру, шығармашылық дербестікті дамыту. **(қоршаған әлеммен таныстыру, көркем әдебиет)**	*Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көзден құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк, шік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.* *Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен ба*	**ойыны.** Барысы: педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады. **(танымдық дағдылар)**
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (таспалармен)** 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде. 1-4- таспаны екі қолдарымен ақырын жоғары көтеріп, саусақтарын қимылдату арқылы таспамен толқынды қимылдар жасайды; 5-6 - таспаларды қолымен тік ұстап, бір жанына екі шеңбер жасайды; 7-8- осы жаттығуды келесі жаққа жасайды. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таспа ұстаған қолдары жанында. 1- оңға бұрылу, сол қолын оң қолына тигізу; 2- бастапқы калыпқа келу; 3-4- осы жаттығуды сол жаққа қайталау. 5-8 - таспа ұстаған қолдарымен саусақ бастарын қимылдата отырып, аяқтың ұшымен өзін айнала адымдау бұру; Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын жанына жіберу. 1- аяқты түзу ұстап, бір жанына қарай бұру, осы қимылмен бірге таспа ұстаған қолды төмен түсіріп, айқастырып қою; 2 - бастапқы қалып. 3- 4- аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығуды жасау кезінде аяқты бүкпей, тік ұстау керек. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде. 1-3- алға сәл иіліп, еңкею, қолды алдына түзу ұстап, таспа ұстаған қолдарының саусақтарын қимылдатып, таспаларды толқындату; 4 - тез тіктеліп, таспа ұстаған қолдарын артына жіберу. Жаттығу 8 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын артына түзу ұстау. 1- тізені бүге отырып, аяғын алдына қойып, таспа ұстаған қолдарын толқындатып, жоғары көтеру; 2- бастапқы қалып. 3-4- келесі аяғымен жаттығуды қайталау. Жаттығуды әр жағына 5-6 реттен қайталау. 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таспа ұстаған қолдары төменде. 1-4 - таспа ұстаған қолдарын оңға - жоғары, солға - төмен қимылдата отырып, өзін айналу. Таспамен толқынды қимылдар жасау. Жаттығуды 4-5 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде. 1 - оң қолын жоғары, сол қолын артқа жіберу; 2 - қолдарын алмастырып, жаттығуды қайталау. Жаттығу 8-10 рет қайталанады. **(дене тәрбиесі)**			
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар**				

	Мақсат-міндеттер: өолдарын жуу, балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту. ***«Үнемді тұтыну»*** ***«Қажет пе, артық па?»*** *Мақсаты: үнемшілдікті үйрету. Барысы: тәрбиеші заттарды көрсетеді* *(су краннан ағып тұр, жанып тұрған шам, толық табақ тамақ). Балалар «қажет пе – артық па» деп жауап береді.* Көркем сөз Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп , Торғайларға тастаңдар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	***«Әдепті сөздер шеңбері»*** *Ойынның мақсаты: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.* *Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.* *(адалдық әліппесі)*	Қыстайтын құстардың суреттеріне қарап әңгіме құру. **(тілдамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)**	Құстар туралы жұмбақтар шешу. Қыстайтын құстар туралы әңгімелесу **(тіл дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)**	Құстар туралы тақпақтар жаттау. **(тіл дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)**	***«Менің көңіл-күйім»*** *Ойынның мақсаты: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу.* *Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады.* *Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады.* *Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады.* *Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек.* ***(адалдық әліппесі)***
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** "Құстардай қайраттымыз". Мақсат-міндеттер: ұйымдастырылған іс-әрекетінде бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлерін пайдалана отырып, құстардың қимылдарын бейнебаян бойынша қайталауға	**Музыка** "Құстар әні". Мақсат-міндеттер: балаларды құстар туралы әндерді тыңдап және айтуда әндердің сипатын ажырата білуге үйрету; құстар туралы әнді сезімталдықпен қабылдай білу қабілетін	**Дене тәрбиесі** "Жылдам және епті құстар". Мақсат-міндеттер: балаларды алға ұмтыла секіруге; сызықтар арасымен (10 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. **Нұрғиса Тілендиевтің**	**Музыка** "Тауықтар" биі Мақсат-міндеттер. Балаларды үй жануарлары туралы әндерді тыңдауға және айтуға үйрету; музыканың сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін	**Дене тәрбиесі** "Қамқоршылар тобы". Мақсат-міндеттер: балаларды допты еденге ұруға; допты жоғары лақтыруға үйрету. **Шығармашылық іс-әрекет** "Сары шымшық".(пысықтау)

	үйрету. **Нұрғиса Тілендиевтің «Құстар әні» тыңдату.** Әннің әуенін жазған Н. Тілендиев, сөзін жазған Т. Молдағалиев. **(музыка)** **Шығармашылық іс-әрекет** «Құстар біздің досымыз» **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті* бойынша балалардың қылқаламмен құстар бейнесін салуға үйрету; құсты салу барысында басы, денесі, қанаты, құйрығы сияқты дене бөлшектерін үйлесімділікте салу техникасына машықтау. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* құстың сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, пропорциясын сақтап, құрылымдық тәсілмен бөлшектерді біріктіру арқылы құсты мүсіндеуді үйрету. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* дайын пішіндерден құстар пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балаларды геометриялық пішіндерді пайдаланып, қағаз бетіне құстарды құрастыруға үйрету ***«Күй күмбірі»*** *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*	қалыптастыру. **Қазақ тілі** "Үш торай" ертігісін оқу." Балаларды «Үш торай» ертегісімен таныстыру; сөздердің түрленуі, зат есім, сын есім, негізгі және туынды сөздер жайлы білімдерін дамыту; мезгілдік өзгерістер туралы, адамдар мен жан-жануарлардың өміріндегі әртүрлі жыл мезгіліндегі ерекшеліктер жайлы түсініктерін дамыту; еңбектің маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Балаларды ертегі тыңдауға, ертегі желісін еске сақтауға үйрету; жиі қайталанатын сөз тіркестерін сызбалы суреттер негізінде дыбыстауға жаттықтыру; негізгі сөз бен туынды сөз тізбегін түсініп, өз бетінше құрау біліктіліктерін дамыту; есту, ойлау, еске сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілін, қиялдарын дамыту. Еңбексүйгіштікке, жанашырлыққа, ертегілерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. .	**«Құстар әні» тыңдату.** Әннің әуенін жазған Н. Тілендиев, сөзін жазған Т. Молдағалиев. **(музыка)** **Шығармашылық іс-әрекет** «Құстың ұясы» **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Мақсат-міндеттер: құстар туралы түсініктерін кеңейту, адам құстарға қалай қамқорлық жасай алатынын түсіндіру. Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті* бойынша кеңістікті дұрыс пайдаланып,дәптердің ортасына қарай нүктелер салу арқылы, геометриялық пішіндерден үшбұрыш,шаршы, дөңгелек ұя жасау дағдыларын дамыту. , қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* ұяның мүсінделу жолдарын көрсете отырып, пропорциясын сақтап, құрылымдық тәсілмен бөлшектерді біріктіру арқылы ұяны мүсіндеуді үйрету. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* дайын геометриялық пішіндерден ұяны жапсыруға қажетті элементтерді таңдап қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. *Құрастыру іс-әрекеті*	қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапты әуенге ілесе отырып, дыбысты дұрыс қайталай білу қабілетін жетілдіру; үй жануарлары жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен зейінін дамыту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау. **Көркем әдебиет** "Бұлбұл мен тоқылдақ". Мақсат-міндеттер: балаларды "Бұлбұл мен тоқылдақ" әңгімесінің мазмұнымен таныстыру; мәтіні қысқа әңгімені бар ықыластарымен мұқият тыңдауға үйрету.	**(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті* бойынша қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Балалардың қылқаламмен сары шымшық бейнесін салуға үйрету; құсты салу барысында басы, денесі, қанаты, құйрығы сияқты дене бөлшектерін үйлесімділікте салу техникасына машықтау. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* құстың сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, пропорциясын сақтап, құрылымдық тәсілмен бөлшектерді біріктіру арқылы құсты мүсіндеуді үйрету. Қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* дайын пішіндерден құстар пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу дағдыларын қалыптастыру.

			*бойынша*геометриялық пішіндерді пайдалана отырып ұя құрастыру дағдыларын дамыту. Балалар сопақша тік төртбұрыштың үстіңгі жағына үшбұрышты орналастырады да, тіктөртбұрыштың ортасына дөңгелекті қояды. ***«Күй күмбірі»*** *Балаларды сергіту үшін күйді тыңдай отырып, қимылдар жасауға үйрету.* ***Д.Нүрпейсова «Бұлбұл» күйі***		***«Күй күмбірі»*** *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою* **Балаларды сергіту үйшін балалармен ұлттық ойын ойнату.** ***Ұлттық ойын*** ***Теңге ілу.*** *Ойын шарты:Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінелі.Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді.* *Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады.Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады.Шұңқырға он-оннан тас салынады.Содан екі топтан екі саыскер шығады.сызыққа келіп қатарласып тұрады.Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйыңғытып,шаба жөнееді.Сол беттерімен әлгі шұңқырға тжетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып,әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды.* *Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарайесептеледі.Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.*
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуен	**Қар басуын бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)*	**Ауа райын бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)*	**Торғайларды бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)*	**Қар үстіндегі іздерді бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен*	**Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу.** *(экологиялық мәдени дағдылар,*

	Жұмбақ. Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) **Болжау.** Қар түссе - күн жылынады **Бақылау:** балаларға қар түсуі жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы айту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді, жерді қымтайды. **Қимылды ойын.** «Қармен ойнау». **(дене тәрбиесі)** Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды атуға жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру. **Еңбек:** күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу. **Өз бетімен ойындар. (дене тәрбиесі)** Тыныш, қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; дербестілігін және бастамашылдығын көтермелеу.	Жаңылтпаш. Қыс қыспаса, қыс па, Құс ұшпаса, құс па? Өлең. «Қыс» О. Иманәлиев. Көкті бұлт тұмшалап, Жер ақ тонын киеді. Шұнақ аяз шымшылап, Ақ бетіңнен сүйеді. **Бақылау:** балаларға жансыз табиғаттағы қыс мезгіліндегі өзгеріс туралы түсінік беру. **Қимылды ойын: «Кегліні құлат».** **(дене тәрбиесі)** Кегліні құлата отырып, клюшканың көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту. Белсенділікке тәрбиелеу. **Еңбек. (еңбек іс-әрекеті)** Демалыс орнын қардан тазарту. **Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету.** Еңбекті ынтамен істеуге тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар.** Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру.	Мақсат-міндеттер: қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойыны. «Нысанаға тигіз». (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: ұшып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу. **Еңбек.** Топтың ойын ауласын қоқыстардан тазарту. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу. **Өз бетімен ойындар.** Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру.	*таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Мақсат-міндеттер: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыштық, ойлау қаситтерін қалыптастырып, толықтыра түсу. Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді? Көркем сөз: Ақ киімді денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау танымас тірі жанды, Үсті-басы ақ қырау түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Абай) **Еңбек:** құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: қыстайтын құстарға, хайуанаттарға қамқоршы болуға тәрбиелеу. **Қимылды ойын: «Ақ қоян». (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: балаларды ептілікке баулу. **Жеке жұмыс:** бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру. Мақал. Жем берсең құсқа қыста, сауабы тиер оның жазда.	*қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Мақсат-міндеттер: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауды ұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір-біріне өте ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі. Көркем сөз. Жазда көлге мұз қатты, Табанымды мұздатты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. **Қимылды ойын. «Ортаға түспек». (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: тез жүгіруге, секіруге, ептілікке үйрету. **Еңбек:** қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)** **Жеке жұмыс:** шаңғыда жүре білуге машықтану. Мақал. Қар көп болса, астық көп болады. Жұмбақ. Қолы жоқ, сурет салады Тісі жоқ, тістеп алады. (Аяз)

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. ***«Үнемді тұтыну»*** ***«Қажет пе, артық па?»*** *Мақсаты: үнемшілдікті үйрету. Барысы: тәрбиеші заттарды көрсетеді (су кранынан ағып тұр, жанып тұрған шам, толық табақ тамақ). Балалар «қажет пе – артық па» деп жауап береді.* **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту. Көркем сөз Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп , Торғайларға тастаңдар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	«Қорыққанға қос көрінеді» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу (музыка ақырын ойнайды). Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі**)				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Тіл дамыту** "Құстарға жемшашар" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттер: балалардың "тақпақ" ұғымын жетілдіру, қыстайтын құстар туралы көркем сөз үлгісімен таныстырып, құстарға қыста қамқорлық жасау жөнінде білімдер жиынтығын тиянақтау. **Дамытушы ойын.** "Суретшінің қатесін тап". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жайлы түсініктерін пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына қызығушылықтарын арттыру,	***«Үнемді тұтыну»*** ***«Энергияны сақтаймыз»*** *Мақсаты: энергияны үнемдеуді үйрету.* *Барысы: •* *Тәрбиеші: «Күн шықты – бөлме жарық» → балалар жарықты өшіру қимылын жасайды.* *• «Түн болды – бөлме қараңғы» → шамды жағу қимылын жасайды.* **Шығармашылық іс-әрекет**"Сары шымшық". **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті* бойынша қоршаған заттар	**Математика негіздері** "Дорбадағы құмалақтар" Мақсат-міндеттер: балалардың заттарды тура және кері санау туралы ұғымдарын қалыптастыру, көзбен көрмей-ақ бірден беске дейін санау амалы туралы, екі заттардың сандарын тең ету амалдары туралы білімдерін тиянақтау. ***Дидактикалық ойын: «Бір ақша – бір зат»*** *Мақсаты: Ақша мен тауар саны арасындағы байланысты көрсету. Көрнекілік: 3 ойыншық (алма, доп, машина), 3 фишка. Ойын барысы: 1. Үстелге 3 зат қойылады. 2. Тәрбиеші: «Әр зат үшін – бір ақша» – деп түсіндіреді. 3. Бала бір фишканы береді – бір зат алады. 4. «Ақша бітсе – зат та бітеді» деген*	**Вариативті компонент** **Қызықты математика** **Кел, салыстырайық!** балаларда заттардың қасиеттері-пішіні, шамасы туралы түсінік қалыптастыру; заттарды биіктігі, ұзындығы, ені, қалыңдығы бойынша салыстырып, олардың арасындағы айырмашылықты түсіндіруге үйрету; шамасын көз мөлшермен анықтауға, ұзындығы, ені, биіктігі әртүрлі көрсеткіштері өсе беретін тәртіппен орналастыруға жаттықтыру; геометриялық пішіндер туралы білімдерін пысықтау. **Шығармашылық іс-әрекет** «Үй құстары» (тауық) **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Мақсат-міндеттер:үй құстар туралы түсініктерін кеңейту,	**Қоршаған әлеммен таныстыру** "Аялайық құстарды". Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың қысқы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту; қыстайтын құстар тіршілігі жайлы балалардың ой-өрісін дамытып, сөздік қорын молайту. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін

	зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қояннның құлағы тышқанның құлағындай кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары қарай емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаштағы ұяда емес, ауладағы ағаш үйшікте тұрады", "Жазда өзенге мұз қатпайды, өйткені жазда күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады" және тағы басқа. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)** **Үстел басында орындалатын «Құстарға бұршақтар» зерттеу жаттығуы.** **(математика негіздері)** Жаттығуды ұйымдастырғанда түсі мөлдір емес целофаннан тігілген дорбалар ұсынылады. Дорбалардың ішіне саны бірден беске дейінгі бұршақ салынған. Дорбалардың пішіні цилиндр тәрізді. Дорбаның ішіндегі бұршақтар ішінде еркін домалап жатады. Санауға бес шымшықтың кескіні және беске дейінгі сандар жинағы қажет болады. Бұршақ санын және құстарды тізу үшін бір жолақты	мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Балалардың қылқаламмен сары шымшық бейнесін салуға үйрету; құсты салу барысында басы, денесі, қанаты, құйрығы сияқты дене бөлшектерін үйлесімділікте салу техникасына машықтау. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* құстың сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, пропорциясын сақтап, құрылымдық тәсілмен бөлшектерді біріктіру арқылы құсты мүсіндеуді үйрету. Қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* дайын пішіндерден құстар пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу дағдыларын қалыптастыру. **Балаларды ұлттық ойын ойнату арқылы сергіту** ***Ұлттық ойын***	*қорытынды жасалады. Күтілетін нәтиже: – Балаларда «әр заттың құны бар» деген үлгі қалыптасады. – 1:1 сәйкестік, санау дағдысы дамиды.* **Сюжетті-рөлдік ойын "Экологтар".** Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту. Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін:	адам құстарға қалай қамқорлық жасай алатынын түсіндіру. *Сурет салу іс-әрекеті* бойынша балалардың қылқаламмен құстар бейнесін салуға үйрету; тауықты салу барысында басы, денесі, қанаты, құйрығы сияқты дене бөлшектерін үйлесімділікте салу техникасына машықтау. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* тауықтың сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, пропорциясын сақтап, құрылымдық тәсілмен бөлшектерді біріктіру арқылы құсты мүсіндеуді үйрету. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* дайын пішіндерден тауықтың пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балаларды геометриялық пішіндерді пайдаланып, қағаз бетіне тауықты құрастыру **Сюжетті-рөлдік ойын: «Цирк»** Мақсат-міндеттері: • Балаларға циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) туралы түсінік қалыптастыру. • Цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. • Билетті сатып алу, ақшаны жұмсау арқылы қаржылық сауаттылықты дамыту. • Төзімділікке, сыпайылыққа, саламатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар: • Рөлдік костюмдер: сайқымазақ қалпағы, гимнастикалық снарядтар,	диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. **(қазақ тілі)** **Дамытушы жаттығу. «Құсты өз ұясына орналастыр».** **(математика негіздері, музыка)** Жаттығу алаңда өткізіледі. Жаттығуға құлаққа жағымды, ырғағы орташа, дыбысы бәсең әуенжазбасы қосылады. Балалардың алдындағы панноға тіктөртбұрышты пішіннің сұлбасы қойылады. Оның ішіне көлемі әртүрлі бірнеше геометриялық пішінді, ойықты дақтар салынған жемшашардың бейнесі жапсырылады. Үстелде қыстайтын әртүрлі құстардың үлкен және кішкентай кескіндері араласып жатады. Әрбір құстың сұлбасы белгілі геометриялық пішінге сәйкес болады. **Сюжетті-рөлдік ойын: «Хайуанаттар бағы» + қаржылық сауаттылық** Мақсат-міндеттер: • Балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман) туралы түсініктерін бекіту. • Хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл атқаратынын анықтау. • Еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. • *Қаржылық сауаттылықты дамыту:* билетті сатып алу, ақша жұмсау арқылы қызметке баға беру, қарапайым ақша мен қызмет

	математикалық панно дайындалады. Әр балаға құралдардың үлестірмелі пішіндері қажет болады. ***Қауіпсіздік сабағы*** ***Мен үйде жалғыз қалғанда*** *Балаларды үйде қауіпсіздік ережелерін сақтап, жауапкершілікке тәрбиелеу, қауіпті жағдайларды ескере отырып, үлкендердің айтқанын тыңдауға баулу* *Үйде жалғыз қалғанда ешкімге есік ашпа.* *Электр құралдарын тоққа қосуға болмайды.* *Қолына сірінке алма, өрт шығуы мүмкін.* *Газдан абай бол! Ол тереземұтанып жарылады*	***«Тақия тастамақ»*** *Ойын мақсаты: балаларды шапшандыққа , ептілікке ойын арқылы баулу. Ойын шарты:Балалар шеңбер жасап отырады. Ойын жүргізуші шеңберді айнала жүріп, өзі таңдаған бір ойыншының артына тақиясын тастап кетеді де, қаша жөнеледі. Арқасына тақия тасталған ойыншы оны қуалайды. Ойын жүргізуші шеңберді айнала келіп өзін қуалаған баланың орнына келіп отыруы қажет. Егер үлгере алмаса ән немесе би орын дап береді*	адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. **(қоршаған әлеммен таныстыру, көркем әдебиет)** ***Ұлттық ойын «Шертпек»*** *Ұлттық ойын мақсаты, ойын шарты.https://youtu.be/C6GL_3jL7UQ*	сиқырлы таяқ, ойыншық жануарлар, жонглер заттары • Музыкалық сүйемелдеу • Билеттер немесе токендер (ойыншық ақша) • Арнайы «цирк алаңы» (аяқпен белгілеп, орындықтар қою) Ойын барысы 1.Ұйымдастыру кезеңі • Балаларды шеңберге жинап, цирктің қандай орын екенін көрсетеміз. • Тәрбиеші: — Бүгін біз циркте өнерпаз боламыз. Кім сайқымазақ болады? Кім гимнаст? Кім сиқыршы? Кім жонглер? Кім жануарларды жаттықтырушы болғысы келеді? • Балалар өз рөлдерін таңдайды. • *Қаржылық сауаттылық кіріктірілуі:* — Көрермен балалар циркке «билет» сатып алады, осылайша қызмет пен ақша арасындағы байланысты түсінеді. 2. Негізгі бөлім 1. Сайқымазақ: • Балалар көңілді қимылдар көрсетеді, күлкілі әрекеттер жасайды. • Көрермендер «билет» арқылы оның өнерін тамашалайды. 2. Гимнаст: • Балалар гимнастикалық жаттығулар жасайды (секіру, айналу). • Тәрбиеші: «Гимнасттің өнерін көретіндер билетті төлейді». 3. Сиқыршы: • Сиқырлы әрекеттер, қарапайым фокус көрсету. • Көрермендер «токен немесе билет» береді. 4. Жонглер: • Шар немесе доптармен ойын көрсету. • Балалар кезекпен айналысады, көрермендер ақысын төлейді. 5. Жануарларды жаттықтырушы: • Ойыншық жануарларды	арасындағы байланысты көрсету. Құралдар: • Ветеринар, орнитолог, зоолог рөлдеріне арналған киім үлгілері мен құралдар • Ойыншық аңдар мен құстар • Белгіленген орындар («қойма», «зоо-клеткалар») • Билеттер немесе токендер (ойыншық ақша) • Суреттер, бейнероликтер (қорғауға алынған аңдар туралы) Ойын барысы 1. Ұйымдастыру • Тәрбиеші балалармен бірге хайуанаттар бағының суреттерін қарайды, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнеролик көрсетеді. • Ветеринар, орнитолог, зоолог сияқты мамандардың қызметінің маңыздылығын түсіндіреді. • Қаржылық сауаттылық кіріктірілуі: — Көрермендер немесе балалардың бір бөлігі хайуанаттар бағына «кіріс билетін» алады, осылайша қызмет пен ақша арасындағы байланыс таныстырылады. 2. Рөлдерді таңдау • Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын мамандардың рөлін таңдайды: ветеринар дәрігері, орнитолог, зоолог. • Кейіпкерлер өздеріне керек киім мен құралдарды алады, орындарына барады. 3. Науқастарды қарау (ойыншық жануарлар мен құстар) • Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстар алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. • Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, қажет кезде «медицина

				жаттықтыру. • Көрермендерге көрсету арқылы «ақша алады». Қаржылық сауаттылық кіріктірілуі: • Билетті сатып алу – ақша мен қызмет арасындағы байланысты көрсету. • Бір бала «кассир» рөлін ойнап, ақшаны жинайды, есептейді. 3. Әлеуметтік дағдылар мен тәрбие • Балалар бір-бірін қолдап, өнерін мақтайды (сыпайылық, төзімділік). • Қимыл ойындары арқылы саламатты өмір салты нығаяды. • Ақшаны дұрыс пайдалану арқылы балаларға қарапайым қаржылық дағдылар түсіндіріледі. 4. Қорытынды бөлім • Тәрбиеші сұрақ қояды: — Кім қандай өнерпаз болды? — Билет сатып алған балалар не істеді? — Ақшаны қалай пайдалану керек? • Балалар өз әсерлерін айтып, бір-бірін мадақтайды. Күтілетін нәтиже: • Балалар циркте қызмет ететін өнерпаздардың жұмысын түсінеді. • Еңбекқорлық, төзімділік, сыпайылық қасиеттері қалыптасады. • Билетті сатып алу және ақша жұмсау арқылы қаржылық сауаттылықтың алғашқы ұғымдары беріледі. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қаржылық сауаттылық)**	көмек» көрсетеді немесе «қоршаған ортаны түзету» арқылы әрекет жасайды. Қаржылық сауаттылық кіріктірілуі: • Хайуанаттар бағының әр қызметі «билеттермен» бағаланады. • Мысалы: ветеринар диагноз қояды → ақша алады; орнитолог құстарға қарау жүргізеді → билетті алады. • Балалар қызмет пен баға арасындағы байланысты тәжірибелейді. 4.Қорытынды • Тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды: • Сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну. • Тірі табиғат заңдылығын бұзбау. • Қамқорлық таныту және жануарлар үшін қолайлы жағдай туғызу. • Ақшаны қызмет үшін дұрыс жұмсау арқылы қаржылық сауаттылықты көрсету. Күтілетін нәтиже: • Балалар хайуанаттар бағы мен мамандардың қызметін түсінеді. • Еңбексүйгіштік, төзімділік, сыпайылық, жануарларға қамқорлық қасиеттері дамиды. • Ақша мен қызмет арасындағы қарапайым байланыс көрініс **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, математика негіздері, қазақ тілі қаржылық сауаттылық)**
Балалармен жеке жұмыс	**«Табиғат құбылыстары» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылыстары жөнінде түсініктерін нығайту.	**Жеке жұмыс.** Қыс келгенде, торғайым, Үй алдына қон дәйім. Ойна, жүгір, желкілде, Тисем саған оңбаймын. Мақсат-міндеттер: тақпақты	Қағаз бетінде бағдарлай білуді, апта күндерін, жыл мезгілдерін ретімен атау. **(тіл дамыту)** **"Жағдаятты шешу:** ""Егер	**"Бұл ұяда не тұрады?" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Барысы. Тәрбиеші ұядағы	**Дидактикалық ойын. «Бұл қай кезде болады?»** Мақсат-міндеттер: жылдың төрт мезгілін бір-бірінен ажырата алу қабілеттерін дамыту.

	Шарты. Педагогтің ауызша сипаттамасы бойынша суреттер тізбегінің арасынан сәйкес келетін табиғат құбылысының суретін табу.	жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру. **(көркем әдебиет)**	сен, құстың ұясын бұзып жатқандарды көрсең не істейсің?"". Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, табиғатты аялау сезімдерін дамыту." **(қоршаған әлеммен таныстыру)**	құстардың суреттерін көрсетеді. Балалар оларды атайды, құстарға сипаттама береді. **(тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)**	Шарты: тақтаға төрт мезгілдің суретін іледі. Әр мезгілге байланысты әңгіме құрастырып айтады, қай жыл мезгілі екендігін жасырады. Қалған балалар қай жыл мезгілі екенін тауып айтады.
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(дербес әрекет)**				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу.	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу.	«Өзіңіздің балалық шағыңыз туралы балаңызға айтасыз ба?»	«Балаңыздың денсаулығына қалай көңіл бөлесіз?» сауалнама.	Ата-аналар жиналысы. Тақырып: «Бала тәрбиесіндегі ата-аналардың рөлі».

Әдіскер: _____ Қалдыбек Ж

Тәрбиеші: _____ Ташпенова Ұ

Саз жетекші _____ Баратова Г.Д

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы*				
Топ/сынып	***Ересек топ***				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	*«Қарлығаш»*				
Балалардың жасы	***4 жастағы балалар***				
Педагогтің аты-жөні	*Ташпенова Ұ.Б.*				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**26.01-30.01.2026 ж.**				
	«Адал азамат» *Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында* *ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ*				
Апта күндері	***Сәрсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	Апта дәйексөзі: «Тәртіпсіз ел болмайды»				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың жеке басының гигиенасы туралы әңгімелесу. **Ата-аналарға кеңес: «Ашық терезе балалар үшін қауіпті»** Баяндама. «Баланың дамуы мен тәрбиесінде күн тәртібінің маңызы». Психолог кеңесі. Мысалы: **«Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?»** Егерде бала ауырған болса, оның келмеуінің себебін ата-анасының балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігі туралы түсіндіру *Өнегелі 15 минут*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***"Бөлме өсімдіктерін суғару".*** *Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғады сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге*	***"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".*** *Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Балаларға*	***"Кір сүлгілерді ауыстыру".*** *Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету.*	***"Төсектерді төсеуде күтушіге көмек көрсету"*** *Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген*	***"Бөлме өсімдіктерін суғару".*** *Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғал ды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді*

	төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. ***(экологиялық мәдениет дағдылар, еңбек іс-әрекеті)***	*өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.* ***(экологиялық мәдениет дағдылар, еңбек іс-әрекеті)***	***(еңбек іс-әрекеті)***	*ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.* ***(еңбек іс-әрекеті)***	*өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.* ***(экологиялық мәдениет дағдылар, еңбек іс-әрекеті)***
	Қ.Р Әнұраны ***Қауіпсіздік сабағы*** ***Жол қауіпсіздігі (ролик)*** ***https://youtu.be/O6iGfEAkRzE?si=qEYtOjVIFNYJVpwG*** *Балаларға жол қауіпсіздігі ережелерін таныстыруды жалғастыру* **Тіл ұстарту жаттығулары.** **(тіл дамыту, қазақ тілі)** Мақсат-міндеттер. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. ра-ра-ра-ара ор-ор-ор-тор ро-ро-ро-рома ру-ру-ру-қару ар-ар-ар-қар ур-ур-ур-ура Р- дыбысын буында, сөзде қайталаймыз: Ра-ра-ра- қозыға жақсы қара. Ры-ры-ры- жинап алдым тары. Ар-ар-ар- далада қалың қар. Ыр-ыр-ыр- жаттап алдым жыр. Ра-ра-ра- Айжан шашыңды тара. Ыр-ыр-ыр- ырылдайды қасқыр. Ра-ра-ра- бал жинайды ара. Мір-мір-мір-қап- қара көмір. Тоқылдақ ағашты қалай тоқылдатады? Тр-тр-тр.	Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. **(тіл дамыту, қазақ тілі)** **Р. Тышқанбаевтың «Қыс» өлеңін оқу.** **(көркем әдебиет)** Педагог өлең оқи бастайды: Шыңнан сырғып түсті де, Келді етекке қыс, міне. Ақ қарлар ақ көбелек, Қонды үйлердің үстіне. Боран соғып бірде өкпек, Үйге айдады «кір» деп тек. Мұз көрпеге оранды, Сулар тоңып дірдектеп. Аулаға қар үйгізді, Бетті аязға сүйгізді. Тоңбасын деп теректер, Қырау ішік кигізді. Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(сурет салу)** *Шығармашылық іс-әрекет*	**"Қыста қандай жануарлар ұйықтайды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың қыстайтын аңдар арасынан ұйқыға бататындарды ажыратып, аңдардың қысқы тіршілігі жөніндегі білімдерін пысықтау. Шарты: аңдардың суреттеріне қарап арасынан қысқы ұйқыға бататындардың суреттерін бөліп алу. Таңдауларының себебін түсіндіру. **(қоршағанәлеммен таныстыру , тіл дамыту)** ***Ұлттық ойын*** ***Алақан соқпақ*** *Ойынға қатысушы балалар үйге немесе оңаша жерге жиналады да, дөңгелене отырады. Орталарынан бастаушы белгілейді. Оған сүлгі (орамал) беріледі. Бастаушы шеңбер ішін айнала жүріп біреуге – Алақанды тос!-дейді. Ол тосқан кезде бастаушы оның алақанына сүлгіні тигізіп -Сүлгі қайда?- деп сұрайды. Сонда ойыншы «анада» -деп*	***Қауіпсіздік сабағы*** ***«Бала қауіпсіздігі-басты назарда»*** ***Тапсырмалар:*** *үйде орын алуы мүмкін қауіпті жағдайлар туралы түсініктерді бекіту, күнделікті өмірде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйрету; есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту; жәбірленушіге жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.* ***Материал:*** *үйде қауіпті жағдайда тұрған балалардың суреттері.* Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). **(математика негіздері)**	***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; *«Домбыра»* Ұлттық музыкалық аспаптардың түрлері, оның қызметі туралы түсінік беру; әртүрлі тәсілді қолдана отырып құрастыруға үйретуді жалғастыру; эстетикалық талғамдарын қалыптастыру; *асықтарды орналасуына қарай сәйкестендіру, тілін дамыту,* саусақтың ұсақ бұлшық етінің қозғалысын жетілдіру. Ұқыпты жұмыс істеуге, әдемілікке, еңбекті бағалауға тәрбиелеу. **(музыка, құрастыру)** ***Қауіпсіздік сабағы*** *ҚЫСҚЫ ҚАУІПСІЗДІК* *Ережелері туралы әңгімелесу* ***«Ақшаларды жинаймыз»*** *Балаға ұсақ монеталарды жинап, банкаларға (қораптарға) салуды тапсыру. Баламен бірге апта ішінде жинаған ақшасын санау. Осы сомаға не сатып алуға болатынын айту. Балаға еңбегі*

	Мысық қалай дыбыстайды? Мр-мр-мр. Қарға қалай қаркылдайды? Қаррр-қаррр-қаррр.	*барысында балаларға күй қойып беру, балалар күйді тыңдай отырып іс-әрекеттер жасайды.*	*бір баланың атын атайды. Аты аталған ойыншы орнынан тұрып алақанын тосады. Бастаушы-сүлгі қайда?- деп атын айтады. Ойын осы ретпен жалғаса береді. Жақсы өлең айтып ән салғандар ұпай жинайды.* **(қарым-қатынас іс-әрекеті,)**		*үшін төленген ақша туралы және оларға құрметпен қарау керек екені туралы әңгімелеу.* ***(қаржылық сауаттылық)***
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен)** Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу; 2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру; 3-таяқшаны алдыға созып ұстау; 4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру; 5-таяқшаны алдыға созып ұстау; 6-бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау. 1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу; 3-4- бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау; 2-сол аяқты оның қасына алып келу; 3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау; 4-сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру; 2-оңға иілу; 3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру; 4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады. **(дене тәрбиесі)**				
Таңғы ас	**Мәдени-гигеналық дағдылар.** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. ***«Үнемді тұтыну»*** *Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету* ***«Судың тамшылары»*** *Мақсаты: суды бағалауды үйрету.* *Барысы: балалар қолдарын біріктіріп, тамшы пішінін жасайды.* *Тәрбиеші:* • *«Кранды жапсақ – тамшы сақталады»,* • *«Ашық қалдырсақ – тамшы жоғалады».* Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досыңдай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым,				

	Жақсы болар жағдайың. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Математикалық ойын «Геометриялық фигуралар»** Мақсат-міндеттер: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).	**«Көңіл - күйдің кездесуі»** Ойынның мақсаты: мейірімділікке, өзгенің көңіл-күйін түсінуге тәрбиелеу. Педагог эмоциялар бейнеленген карточкалардың екі тобын (пиктограммалар) орналастырады және балалардан әртүрлі эмоциялар қалай кездесетінін, жағымды және жағымсыз эмоцияларды елестетуді сұрайды. Тәрбиеші «жағымды» эмоцияны, ал бала «жағымсыз» эмоцияны көрсетеді, содан кейін карточкалардың орнын ауыстырады. Эмоцияларды қалай татуластыруға болатындығы туралы талқылайды. **(адалдық әліппесі)**	«Табиғатпен үндестік» Шөліркемей гүл тұрсын! Жерім жайнап құлпырсын! Нұрын сыйлап біздерге Көкте мәңгі гүл тұрсын! Нұр сыйлаған күн ыстық Ыстық бізге кең өлке Ыстық бізге тыныштық! Шеңбер құрып, барлығы бірге қайталайды. **(тіл дамыту)**	**«Тек жақсы қасиеттерді ата»** Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сараңдық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады. **(адалдық әліппесі)**	**«Мозаика».** Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары. Ойынның барысы: Тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, оның мозаика деп аталатынын, одан геометриялық пішіндер, заттар құрастыруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсінің үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі. **(математика негіздері, құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** "Допты екі қолымен лақтыру". Мақсат-міндеттер: балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүру және жүгіруге дағдыландыру; педагогтің белгі беруі бойынша 1,5 мин қалыпты жағдайда жүгіруге үйрету **Көркем әдебиет** "Бақша ағаштары". Мақсат-міндеттер: балаларды "Бақша ағаштары" әңгімесімен таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылыққа баулу; әңгімедегі ағаштардың қимылдары мен сөздерін қайталап айтуға жаттықтыру.	**Музыка** "Мысығым". Мақсат-міндеттер: балалардың мысық туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру **Қазақ тілі** "Қыстайтын құстар. Көп, аз, тең." Балалардың ұғымындағы қыстайтын құстар туралы түсініктерін кеңейту, адам құстарға қалай қамқорлық жасай алатынын түсіндіру,	**Дене тәрбиесі** "Доппен жаттығулар түрлері". Мақсат-міндеттер: балаларды табанның ішкі жағымен жүруге; тізені жоғары көтеріп жүгіруге; көлбеу орындықта төрттағандап еңбектеуге үйрету. **Шығармашылық іс-әрекет** "Мысығым менің мысығым". *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* мысықтың суретін геометриялық фигуралар арқылы салу, дене бөліктерін ретімен сызу жолдарын үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша*ермексаздан мысық	**Музыка** "Мысықтың жасырған құпиялары". Мақсат-міндеттер: балалардың мысық туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру. **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Террариумдағы тасбақа". Мақсат-міндеттер: балалардың тасбақаның тіршілігі мен оған күтім жасау туралы білімдерін қалыптастыру; тасбақаның	**Дене тәрбиесі** "Доппен ойындар". Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа тұру, сап құрылымын өзгертіп қайта тұруға; допты екі қолымен басынан асыра лақтыруға үйрету. **Шығармашылық іс-әрекет** "Тасбақа". *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* балаларды үлкен және кішкентай тасбақалардың бейнелерін, дөңгелек пен сопақша, үшбұрыш пішінді трафареттерді бастырып салу техникасына үйрету; балықтардың бейнелерін қағаз бетіне үйлесімділікте орналастыру.

	Ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша шығармашылық жұмыс. «Орманшы атайдың үйі» балалар өз қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, жұмыс жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті* бойынша ормандағы орманшы атайдың ағаштан салынған үйін, ағаштардың суретін салуға қызығушылықтарын арттыру. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* дайын пішіндерден үйдің бейнесін құрастыру және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру, олардан үй бейнесін құрастыру ***«Күй күмбірі»*** *Шығармашылық іс-әрекет барысында балаларға күй қойып беру, балалар күйді тыңдай отырып іс-әрекеттер жасайды.* ***Күй «Ақ жауын»***	құстардың дыбыстарын білдіретін сөздердің ерекшеліктері туралы түсінік беру; түбірлес сөздер туралы білімдерін мысал келтіру арқылы қалыптастыру (қыс - қыстау - қыстайтын); заттардың санын анықтайтын «артық» ,«кем», «тең» түсініктерін бекіту. **(математика негіздері)** Балаларға қыстайтын құстарды ажыратып, дұрыс атауға үйрету, құстардың дыбыстауын айқындайтын (шіп-шіп, шыр-шыр, шырылдайды) сөздері арқылы артикуляциялық аппараттарын дамыту; заттар тобының санын анықтау ұғымдарын білдіретін «артық» ,«кем», «тең» сөздерін дыбыстауға жаттықтыру; еске сақтау, ойлау қабілеттерін, қатынастық дағдыларын дамыту. Қыстайтын құстарға қамқор болуға, мейірімділікке, байқампаздыққа тәрбиелеу . **Музыкалық аспаптармен ойындар.** Мақсат-міндеттер. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және	мүсінін жасау дағдыларын дөңгелек жасау, оны жалпайту, «шұжық тәрізді» созу әдістерін үйрету. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша*айқын түстерді қолдану; Балалардың көз мөлшерін,ырғақ пен түсті сезіне білулерін дамыту; *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* мақта табақшаларынан мысықты құрастыруға үйрету; қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіре отырып, бүтін мақта табақшасын тең ортасынан қайшының көмегімен екіге бөлу іскерліктеріне дағдыландыру; қайшымен жұмыс істегенде қауіпсіздік техникасын сақтауды үйрету; **Ө. Байділдаев «Мысығым» әні.(әні: Ө. Байділдаев) (музыка)** ***Қауіпсіздік сабағы*** *ҚЫСҚЫ ҚАУІПСІЗДІК* *Ережелері туралы әңгімелесу*	құрлықтағы әрекеттері жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, үй жағдайындағы тіршілік ету ортасы, мекені, азығы) кеңейту. ***«Ауамен тәжірибе» (экологиялық мәдениет дағдылар)*** *Ауа түссіз, мөлдір.Ауаны әр түрлі тәжірибемен тексеруге болады екен.Сол үшін сиқырлы қалташа бізге тапсырмалар дайындап қойыпты, орындасақ күшті сыйлық беремін дейді.* *Тәжірибе жасау үшін біз зертхаға баруымыз керек.Зертханаға бару үшін мына бас киімдерді киіп аламыз.* ***1-тәжірибе:** Адамдарда ауа барма? Қалай ойлайсындар? Білу үшін мына тәжірибені өткіземіз. Балалар, стаканның ішінде не бар? Су. Мына таяқшаларды алып үрлейміз. Не болып жатыр? Көпіршік шығып жатыр.* *Бұл көпіршіктер қайдан шықты ? Бізден.* *Қалай? Ауаны жұтып таяқшаға үрледік* *Демек адамдарда ауа бар! Біз ауамен дем аламыз. Ал сендер дұрыс дем алып білесіңдерме? Көрсетейік: Дұрыс дем алу үшін, мыналарды білу керек: Мұрынмен дем алып тұрып иығымызды көтермейміз. , ішіміз жұмыс істеу керек.* ***2- тәжірбие:** Ауамен сурет салуға да болады екен. Гуашты құйып, ортасына қатты үрлейміз. Бұл суретті тағы толықтырамыз. Парағымыз кепкесін.* *Алақанымызға үйрлейік . Не*	*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* тасбақаны тұтас қызғылт сары түсті ермексаздан мүсіндеуге үйрету; мүсіндеудің созу, шымшу, есу әдістерін пайдалану. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* дайын пішіндерден тасбақаның пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру **Музыкалық аспаптармен ойындар.** Мақсат-міндеттер. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).

		жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).		*пайда болды? Жел.* ***Сергіту сәті:*** *Тербеледі ағаштар* *Алдымнан жел еседі.* *Кіп-кішкентай ағаштар* *Үп-үлкен боп өседі.* ***3- тәжірбие:*** *Не жеңіл ? Ауа жеңіл ма әлде ауыр ма қалай ойлайсыңдар ? Тексеріп көрейік. Банканың ішінде ауа барма? Қане тексеріп көрейік! Егер банканы тіп-тіке ұстасақ су кірмейді, ал егер қисайтып ұсатасақ судан көпіршіктер шығады. Не болды? Су ауаны қуып шығып , ауаның орнын тартып алды. Су ауадан ауыр. Ауаны шығарып жібереді.*	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **(өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)**				
Серуен	**Қар жауып тұрған құбылысты бақылау.** *(экологиялық мәдениет дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Мақсат-міндеттер: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады, қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады. Тапсырма: «Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну. *Көркем сөз:* Тазалашы мұз болған, Есік алды тайғанақ жата берсін. Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ, Шыға беріп жалтақтай, Ұшып түсті қалпақтай. **Қимылды ойын: «Аңшы мен**	**Қырауды бақылау.** *(экологиялық мәдениет дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Мақсат-міндеттер: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды, сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнектің шынысына, ағаштың бұтақтарына, басқа заттарға қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашық кезінде пайда болады. *Көркем сөз.* Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. **Қимылды ойын. «Ақ қоян». (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: қимылды	**Мұз сүңгісін бақылау.** *(экологиялық мәдениет дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Мақсат-міндеттер: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қорытынды жасай білуге үйрету. Тапсырма: «Мұз» тақырыбына сурет салу. Сұрақтар: 1) Мұз қандай болады? 2) Оның пішіні қандай? Сәбіз сияқты. 3) Мұз қалай пайда болады? 4) Күнгей жақта ма, әлде терістік жақта ма? 5) Олар қайдан пайда болады? 6) Осыдан қандай қорытынды жасауға болады? *Көркем сөз.*	**Терезедегі өрнектерді бақылау.** *(экологиялық мәдениет дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Мақсат-міндеттер: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді бақылау. Тапсырма: трафареттің көмегімен «Аяз атаның терезеге салған көңілді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау. *Көркем сөз.* Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта қыр қалып. **Қимылды ойын. «Айлакер түлкі». (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: жан-жаққа шашырап жүгіруге жаттығу. **Еңбек:** қардан бекініс жасауды үйрету. Мақсат-міндеттер: күрекпен	**Желді бақылау.** *(экологиялық мәдениет дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)* Мақсат-міндеттер: желдің бағытын анықтау. Сұрақтар: 1. Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады? - үй мұржаларынан шыққан түтінінен - қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен т.б. жорамалдарынан анықтап білуге болады. 2. Қыста жел қандай болады? *Көркем сөз.* Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр. **Қимылды ойын. «Әткеншек». (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру. **Еңбек:** алаңды көркейту үшін

	қояндар». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. **Еңбек:** тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады. Мақсат-міндеттер: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру. **Жеке жұмыс. (көркем әдебиет)** «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру. Жұмбақ. Құм сияқты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (қар) **Еркін ойындар.** Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.	жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. **Еңбек:** бір-біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. **Жеке жұмыс:** тәжірибе жасау: мұз, бу, су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы). Жорамал. Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады. Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды. Жұмбақ. Қанат сияқты ақ, Ұлпа боп жерде жатады **Еркін ойындар.** Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.	Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұзафар Әлімбаев. **Қимылды ойын: «Қоянның үйшігі». (дене тәрбиесі)**Үйсіз қалған қоян. Ертегіні сахналап отырып, қимылды ойынды ойнату. Мақсат-міндеттер: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру. **Еркін ойындар.** Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.	қарды ойып, үй салуды, бекет тұрғызуды үйрету. **Жеке жұмыс:** қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету. **Жорамал:** қыс аязды болса, жаз ыстық болады. Жұмбақ. Отта жанбайды Суда батпайды. (Мұз) **Еркін ойындар.** Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.	түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою. Мақсат-міндеттер: суды қатырып, мұз қалпына келтіру, заттың алғашқы күйінен екінші күйге көшіру. **Жеке жұмыс:** екі аяқпен бірдей басып қарлы жолмен секіру. **Жорамал:** қарғалар мен шауқарғалар ағаштың төменгі бұтақтарына отырса, күн желді болады. **Еркін ойындар.** Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	**Мәдени-гигеналық дағдылар.** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досыңдай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	***«Күй күмбірі»*** *Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру* «Үш дос» ертегісн оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Велосипед жаттығуы. Аяқ-қолды жоғары көтеріп, кезек-кезек аяқпен сермеу. Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.				

	Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. **(дене тәрбиесі)**					
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Тіл дамыту** "Ауыл мен қала туралы әңгімелеу. Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-л] дыбысы." Мақсат-міндеттер: балаларды үнді дауыссыз [Л] дыбысымен таныстыру; сөздердің құрамында дыбыстың болуын түсіндіру; "ауыл" мен "қала" ұғымдарын тиянақтау. **«Банк» сюжетті-дидактикалық ойын** **Мақсаты:** банк жұмысымен таныстыру, банкте жұмыс істейтін қызметкерлер және банкте жүргізілетін операциялар туралы әңгімелеуге үйрету**.** **Материал:** ойыншық ақша: монеталар мен банкноттар. Ойынға арналған құрал-жабдықтар. Барысы: тәрбиеші балаларға банктегі жағдаятты ойнауды ұсынады. Балалар рөлдерге бөлінеді. Банк қызметкерлері өз орындарына отырады. Қалған балалар-клиенттер болады. Банкте кеңесшілер бар, олар әрбір клиентке карталар дайындайды, валюталар береді немесе оларды ауыстырады. Сондай-ақ банкте банкомат бар. Банкоматтан келушілер жинақ картасы арқылы ақша алады. Картаны арнайы терезеге қойып, пинкодты тереді, белгілі бір функцияларды орындайды (қолма-қол ақшаны алу), содан кейін картаны және терезедегі ақшаны алады. Сондай-ақ, банкте басқарушы	**Шығармашылық іс-әрекет,** қоршаған әлем тақырыбында **сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру** . Мақсат-міндеттер. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). **(сурет салу)** Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу**.(жапсыру)** Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. **(мүсіндеу)** Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра	**Математика негіздері** "Түрлі пішінді балықтар". Мақсат-міндеттер: балаларға салыстыру эквиваленті туралы түсінік беру; бірыңғай және әрқалай жатқан заттар топтарының теңдігі туралы білім беру. ***«Ақшаларды жинаймыз»*** *Балаға ұсақ монеталарды жинап, банкаларға (қораптарға) салуды тапсыру. Баламен бірге апта ішінде жинаған ақшасын санау. Осы сомаға не сатып алуға болатынын айту. Балаға еңбегі үшін төленген ақша туралы және оларға құрметпен қарау керек екені туралы әңгімелеу.* ***(қаржылық сауаттылық)*** **Сюжетті-рөлдік ойын "Тазабекте қонақта" (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі)** Мақсат-міндеттер: балалардың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тазалық құралдарын қолдану тәсілдері жайлы білімдерін кеңейту; гигиеналық шараларды күнделікті орындауды үйрету; тазалыққа, өз денсаулықтарын күтуге тәрбиелеу. Барысы. Ойын басында тәрбиеші балаларға топқа Тазабектен сыйлық келгенін хабарлайды. Ары қарай балалар ішіндегі заттармен танысады, әр заттың маңызын анықтайды. Тәрбиеші келген тазалық	**Вариативті компонент** **Қызықты математика** **Тапсырмаларды орындаймыз** Балаларды 5-ке дейін тура және кері санау; сан мен цифрларды сәйкестендіру дағдыларын жетілдіру; тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін анықтау және тану дағдыларын дамыту; танымдық қабілеттерін арттыру; **Шығармашылық іс-әрекет** "Тиін жаңғақ кеміріп отыр". **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Мүсіндеу іс-әрекеті* бойынша тиінді құрама амалдармен мүсіндеуді үйрету; аңның сыртқы түрінің сипаттық белгілерін көрсетуді үйрету. *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* аңдардың негізгі бөлшектерін сопақшалар мен дөңгелек пішіндерінде пропорциялық үйлесімділікте салу техникасын жетілдіру. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* дайын пішіндерден жануарлар пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балаларды геометриялық пішіндерді пайдаланып, қағаз бетіне тиінді құрастыруға үйрету **Балаларды ұлттық ойын**	**Сюжетті-рөлдік ойын: «Хайуанаттар бағы» + қаржылық сауаттылық** Мақсат-міндеттер: • Балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман) туралы түсініктерін бекіту. • Хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл атқаратынын анықтау. • Еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. • *Қаржылық сауаттылықты дамыту:* билетті сатып алу, ақша жұмсау арқылы қызметке баға беру, қарапайым ақша мен қызмет арасындағы байланысты көрсету. Құралдар: • Ветеринар, орнитолог, зоолог рөлдеріне арналған киім үлгілері мен құралдар • Ойыншық аңдар мен құстар • Белгіленген орындар («қойма», «зоо-клеткалар») • Билеттер немесе токендер (ойыншық ақша) • Суреттер, бейнероликтер (қорғауға алынған аңдар туралы) Ойын барысы 1. Ұйымдастыру • Тәрбиеші балалармен бірге хайуанаттар бағының суреттерін қарайды, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнеролик көрсетеді. • Ветеринар, орнитолог, зоолог сияқты мамандардың қызметінің маңыздылығын түсіндіреді. • Қаржылық сауаттылық кіріктірілуі: — Көрермендер немесе

	бар. Банк басқарушысы қызметкерлерге міндеттерін ескертеді. Жаңа қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды, оларды жұмыс істеуге ынталандырады. Ойын барысында әртүрлі жағдяттар ойналады. ***(қаржылық сауаттылық)*** ***"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны.*** ***(дене тәрбиесі)*** *Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.* *Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі. Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі.* *Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).* *Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.* *Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады.* *Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.* *Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы*	білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу **(құрастыру)** **Балаларды ұлттық ойын ойнату арқылы сергіту** ***Ұлттық ойын «Шертпек»*** *Ұлттық ойын мақсаты, ойын шарты.https://youtu.be/C6GL_3jL7UQ* **«Үй жануарлары мен төлдері».** Мақсат-міндеттер: балаларды үй жануарларымен таныстыру, төлдерін айыра білуге үйрету. Ойынның шарты: үй жануарларының төлдерін айыра білу. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)**	құралдарын қолданып, қуыршақты олармен пайдалануды үйретуді ұсынады. Балаларға балабақшадағы таңғы жиынды немесе түскі ұйқы алдындағы гигиеналық шараларды көрсетуді ұсынуға болады.	**ойнату арқылы сергіту** ***Ұлттық ойын «Қарамырза»*** *Ойын мақсаты: сандардың реттілігін тез жаттауға ықпал етеді.* *Ойын шарты: Тәрбиеші балаларға бірден «Ойнаймыз» дейді. Барлығы «Ойнаймыз» деп дабырласып отырып, қатарлас отырған бірі екіншісіне «Ассалаумағалейкум, қарамырза»— деп қалады. Сәлем алушы байқамай «Уағалайкуммуссәләм»,— дейді. Ал ойын тәртібі бойынша «Уағалайкуммуссәләм, бірінші қарамырза»—деп жауап беруі керек. Олай демеген әлгі бала жазаланады да, айып тартады.* *Осылай шатастыру үшін қатар отырғандар бірін-бірі аңдиды.* *Әр амандасу сайын қарамырзалардың саны екінші, үшінші, төртінші т. б. болып көбейе береді, ал жауап берушілер санынан жаңылмаулары керек.* *Сөйтіп, аздан соң ойыншылар дұрыс жауап бергендері — «Тазалар» деп, дұрыс жуап бермегендері— «Қаралар» болып екі топқа бөлінеді. Содан «Тазалар» «келісіп», «Қараларға» жаза белгілейді. «Қаралар» өнерлерін көрсетіп, жазасын орындаған соң, ойын қайта басталады да, одан әрі жалғаса береді.*	балалардың бір бөлігі хайуанаттар бағына «кіріс билетін» алады, осылайша қызмет пен ақша арасындағы байланыс таныстырылады. 2. Рөлдерді таңдау • Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын мамандардың рөлін таңдайды: ветеринар дәрігері, орнитолог, зоолог. • Кейіпкерлер өздеріне керек киім мен құралдарды алады, орындарына барады. 3. Науқастарды қарау (ойыншық жануарлар мен құстар) • Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстар алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. • Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, қажет кезде «медицина көмек» көрсетеді немесе «қоршаған ортаны түзету» арқылы әрекет жасайды. Қаржылық сауаттылық кіріктірілуі: • Хайуанаттар бағының әр қызметі «билеттермен» бағаланады. • Мысалы: ветеринар диагноз қояды → ақша алады; орнитолог құстарға қарау жүргізеді → билетті алады. • Балалар қызмет пен баға арасындағы байланысты тәжірибелейді. 4.Қорытынды • Тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды: • Сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну. • Тірі табиғат заңдылығын бұзбау. • Қамқорлық таныту және жануарлар үшін қолайлы жағдай туғызу. • Ақшаны қызмет үшін дұрыс жұмсау арқылы қаржылық сауаттылықты көрсету.

	қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді. Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді. Ұтылған бала ойыннан шығып қалады. *Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі.*				Күтілетін нәтиже: • Балалар хайуанаттар бағы мен мамандардың қызметін түсінеді. • Еңбексүйгіштік, төзімділік, сыпайылық, жануарларға қамқорлық қасиеттері дамиды. • Ақша мен қызмет арасындағы қарапайым байланыс көрініс **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, математика негіздері, қазақ тілі қаржылық сауаттылық)** ***Ұлттық ойын "Бес тас"*** *«Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады.* *Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады.* *Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады.* *Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар.*
Балалармен жеке жұмыс	**«[р] дыбысын ұстап ал» ойыны.** **(тіл дамыту, қазақ тілі)**	**Математикалық ойын «Геометриялық фигуралар»** Мақсат-міндеттер: Балаларды	Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі,	**«Не артық?» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың	Баламен еркін таңдаған кез келген ертегінің кейіпкерлері, мазмұны жайлы әңгімелесу.

	Мақсат-міндеттер. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Балалардың дыбыстарды есту, ажырату қабілетін жетілдіру; шапшаңдыққа, мұқияттылыққа баулу. - Балалар, сендер [р] дыбысы бар буынды немесе сөзді байқасаңдар, қол шапалақтаңдар. Буындарда: та, па, ра, ро, пе ал, ар, со, ре, шу, су, ру, бақ, бар, бел, бір, сым, сыр, тек, тер, тал, тар, тыс, тыр, көл, көр. Сөздерде: кітап, парта, қалам, сызғыш, өшіргіш, дәптер, күнделік, қарындаш, алма, сарымсақ, робот, тақия. Арман, Марал, Құндыз, Арай, Қайрат, Қуат, Ажар.	геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).	адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту **(қоршаған әлеммен таныстыру)**	логикалық ойын дамыту. Сиыр, ешкі, жылқы, аю. Жолбарыс, арыстан, сиыр, қасқыр. Бұзау, құлын, қозы, түлкі. Бүркіт, қарға, сауысқан, торғай.	**(көркем әдебиет)**
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(дербес әрекет)**				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. ***«Үнемді тұтыну»*** *Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету* ***«Судың тамшылары»*** *Мақсаты: суды бағалауды үйрету.* *Барысы: балалар қолдарын біріктіріп, тамшы пішінін жасайды.* *Тәрбиеші:* • *«Кранды жапсақ – тамшы сақталады»,* • *«Ашық қалдырсақ – тамшы жоғалады».*				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналармен тренинг жүргізу. Тақырыбы: «Сіз қандай ата-анасыз?»	Балаға қандай жиһаз қауіпсіз екендігі туралы ата-аналармен әңгімелесу.	Баланы «таяқсыз» да тәрбиелеуге болады.	«Біздің қысқы демалысымыз» тақырыбында газет шығару.	Әңгімелесу. «Туған жерім тамаша».



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы*				
Топ/сынып	***Ересек топ***				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	*«Қарлығаш»*				
Балалардың жасы	***4 жастағы балалар***				
Педагогтің аты-жөні	*Ташпенова Ұ.Б.*				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**02.02-06.02.2026 ж.**				
	«Адал азамат» *Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында* *ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ*				
Апта күндері	***Сәрсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	Апта дәйексөзі: Жасампаздық - бәрімізге өнеге»				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл-күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту. Ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарға жауап беру «Біздің қысқы демалысымыз» тақырыбында газет шығару. *Қауіпсіздік туралы ескертулер:Балалар қауіпсіздігі: химиялық заттар мен дәрілерді қол жетпейтін жерде сақтаңыз!* *Өнегелі 15 минут*				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".*** *Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.* ***(экологиялық мәдени дағдылар, еңбек іс-әрекеті)***	***"Бөлме өсімдіктерінің топырағын қопсыту".*** *Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.* ***(экологиялық мәдени дағдылар, еңбек іс-әрекеті)***	***"Бөлме өсімдіктерін суғару".*** *Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу.* ***(экологиялық мәдени дағдылар, еңбек іс-әрекеті)***	***"Ойыншықтардағы тәртіп".*** *Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбеккорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.* ***(еңбек іс-әрекеті)***	***"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".*** *Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.* ***(еңбек іс-әрекеті)***
	Қ.Р.Әнұраны **«Дүкенші».** Мақсат-міндеттер: балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Рольге бөліп ойнауға үйрету және оларды айыра білуге баулу.Қаржылық сауаттылық дағдыларын дамыту. Ойынның шарты: тәрбиеші дүкенші болып ойнайды. Балалар сатып алушы болады. Балаларға заттың түсін және қай жерде қолданылатынын білгізу. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі, қаржылық сауаттылық)** **Артикуляциялық жаттығу** Мақсат-міндеттер. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты	***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; **Құрманғазы «Ақсақ киік» (музыка)** ***Қауіпсіздік сабағы*** ***«От – дос па, жау ма?»*** *Мақсаты: Оттың қауіпті екенін түсіндіру.* *Әрекет: От суретін көрсетіп: "От – күйдіреді, абай бол!"* *1. Отпен ойнауға болмайды.* *2. Сіріңкені ұстама.* *3. Пеш пен шамға жақындама.* *4. Үлкендерге айтпай от жақпау. 5. Өрт болса — дереу үлкенге айт.* *Қимылды ойын:* *«Оттан қаш!» • Тәрбиеші «От!» дегенде балалар қауіпсіз жаққа жүгіреді. • «Қауіпсіз жер!» дегенде тоқтап, тізерлеп отырады. • Ойын 2–3 рет қайталанады.*	***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; **Құрманғазы «Ақсақ киік» (музыка)** **Сюжеттік – рөлдік ойын «Тігінші»** Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммуникативті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу. Көрнекіліктер: Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар. Сабақ барысы: Ұйымдастыру кезеңі.	**«Көңіл - күйдің кездесуі»** Ойынның мақсаты: мейірімділікке, өзгенің көңіл-күйін түсінуге тәрбиелеу. Педагог эмоциялар бейнеленген карточкалардың екі тобын (пиктограммалар) орналастырады және балалардан әртүрлі эмоциялар қалай кездесетінін, жағымды және жағымсыз эмоцияларды елестетуді сұрайды. Тәрбиеші «жағымды» эмоцияны, ал бала «жағымсыз» эмоцияны көрсетеді, содан кейін карточкалардың орнын ауыстырады. Эмоцияларды қалай татуластыруға болатындығы туралы талқылайды. **(адалдық әліппесі)** **«Біз құрылысшымыз».** Балаларға құрылыс материалды ұсынамын, үлгі бойынша заттарды құрастыру. Құрастырылған заттардан	**«Дүкен» сюжеттік-рөлдік ойыны.** Мақсаты: Азық-түлік, көкөніс, кітап дүкені, әмбебап дүкендеріндегі ересектердің еңбегімен таныстыру. Ойынға деген қызығушылығын дамыту. Балалар арасында өзара жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру. Балаларды дүкеншілердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Ойын материалы: Құрылыс материалдары, ойыншықтар, азық-түлік муляжы, қуыршақтар, қуыршақтарға арналған киімдер, киім ілгіштер, айна, касса, сөре, қолдан жасалған кітапшалар, әмиандар. Ойын барысы: «Дүкен» ойынына дайындық барысында тәрбиеші түрлі себептермен дүкенге бару қажеттігін хабарлайды. Мәселен, бір баланың туған күніне сыйлық алу үшін, не болмаса жәй дүкеннен қандай да бір тауар алу қажет болады. Осындай жағдайларда балалар дүкенге қандай да бір

	қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө,қ" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. өс-өс-өс Жігіт болып өс. Ұстаның құралы төс. қа-қа-қа Менде үлкен сақа. **(қазақ тілі, тіл дамыту)**	***Ұлттық ойын.*** ***Аударыспақ*** *«Аударыспақ» ─ өте көне дәуірден келе жатқан қазақ халқының ұлттық спорт ойыны. «Аударыспақ» – қазақ халқының арасында кеңінен таралған ойын. Балалар екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай), ұзындығы 70-80 сантиметрдей ағаш аттарға мінеді. Бір-біріне қапталдас орналасқан ағаш аттардың ара қашықтығы екі жақтан созылған қол жететіндей болса жеткілікті. Оларға мінген шабандоз балалар бір- біріне қарама-қарсы отырып қол ұстасады. Төрешінің белгісімен бірін-бірі тартып, не итеріп, әйтеуір қай айласын, не күшін асырғаны қарсыласын ағаш аттан аударып түсуі шарт. Аяқты жерге ағаш атқа тіреуге болмайды. Онда ойын шарты бұзылады. Ойын алаңының айналасына құм немесе жұмсақ кілем төселуі керек. Қай топ жеңсе сол топ жеңімпаз атанады.* ***(дене тәрбиесі, қазақ тілі)***	Өнерім қол ұшында, Боламын мен тігінші Тігіншінің ішінде, Бас бармақтай бірінші. Ойын: «Дұрысын тап» Мақсаты: Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру. Тәрбиеші: Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кисе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табыңдар. Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады. Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді? Шаштараз не киеді? Балалар белгілеп береді. - Ендеше, сендер түсінген боларсыңдар. Бұл - ойынды біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз қандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер. Ойын «Тігінші» Тәрбиеші: Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді) Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек. Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды. Диляра қайшысын алып қиып, тігіп береді. Ал Сәния болса көйлекті үтіктеп береді. Келесі бала шалбар әкеледі. Одан қуыршаққа желетке тігеді. Ұшы жоқ қайшы болуы керек. Ойынды балалар өз қиялдары мен қалаулары бойынша әрі қарай жалғастырады. Бір - бірімен рөлдерді бөлісіп,	көрме ұйымдастыру. **(құрастыру)** **«Мозаика».** Мақсат-міндеттер: балаларға әртурлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбесүйгіштікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары. Ойынның барысы: тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, бұл-мозаика деп аталатынын, одан геометриялық пішіндер, заттар құрастыруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсі үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі. **(математика негіздері, тіл дамыту)** ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; **Құрманғазы «Ақсақ киік» (музыка)**	қажеттілікпен баратынын түсінуі тиіс. Тәрбиеші балаларға: «Бүгін Санаттың туған күні. Санат 1 жасқа өсті, ол енді 5 жаста. Біз дүкенге барып, оған сыйлық сатып алайық» немесе «8 Наурыз мерекесі таяп қалды, жалаушалар жасап, бөлмені безендіру қажет. Бірақ бізде қағаз жоқ. Біз дүкенге барып түрлі-түсті қағаз сатып аламыз да, одан жалаушалар жасаймыз. Содан соң бөлмені жалаушалармен безендіреміз, біздің тобымыз өте әдемі болады»- дейді. Дүкенге саяхатқа аттана отырып, тәрбиеші балалардың тағы да қайда және не үшін бара жатырғандарын еске түсіреді («Біз дүкенге Санатқа сыйлық алуға бара жатырмыз» немесе «Біз дүкенге қағаз сатып алуға барамыз»). Дүкенге саяхат жасағанда ондағы сөрелерді, тауарларды көрсетіп, осының бәрі дүкенге тән бұйымдар екенін түсіндіру қажет. Балалар дүкеннен қажет деген тауарларын таңдайды, кейде сипаттайды және сатып алады. Дүкендегі қарым-қатынасты балалардың өздері атқарғаны дұрыс. Тәрбиеші бір балаға дүкеншіден өзіне қажет тауар бар ма, әлде жоқ па, егер бар болса қанша тұратынын сұрауға тапсырма береді. Енді біріне тауарды таңдап алып, *кассадан төлем жасауды ұсынады. Ал үшінші балаға дүкеншіден тауар алуды тапсырады. Бұл жағдайда балалар ересектермен қарым-қатынас жасайды, еңбек әрекетін орындайды, сатып алушы не тұтынушы ретінде ойынға қатысады.* Осы орайда балалар ересектердің қызметіне араласа

			ұйымшылдықпен ойнайды. Тәрбиеші әр уақытта балаларға көмек көрсетуі тиіс. «Сән үлгісі»ойыны Балалар «сән үлгісі» ойынын ойнау арқылы өз киімдерін, қуыршақтарының киімдерін көрсетеді. Өз қалаулары бойынша киімдерін киіп, жүріп өтіп, үлгілерді көрсетеді. Бағаны балалар өздері береді. Кімнің қуыршағының киімі ұнайды? Неге ұнайды? Ойынды балалар әрі қарай жалғастырды**.** **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі)**		отырып, оның мәнін, мақсатын, оны орындау тәсілдерін айқындайды.19:16 **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қаржылық сауаттылық)** ***Қауіпсіздік сабағы Қауіпсіздік ережелері*** *https://youtu.be/oCPp_7Rbrao?si=z3cEanVYIC1zAiK1* *Томпи каналы балаларға арналған жолда, көшеде, үйдегі қауіпсіздік ережелерін ұсынады. Балаларға арналған қауіпсіздік ережелері*
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен)** Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу; 2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру; 3-таяқшаны алдыға созып ұстау; 4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру; 5-таяқшаны алдыға созып ұстау; 6-бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау. 1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу; 3-4- бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау; 2-сол аяқты оның қасына алып келу; 3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау; 4-сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру; 2-оңға иілу; 3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру; 4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады. **(дене тәрбиесі)**			
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. *Көркем сөз*			

	Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың. ***«Үнемді тұтыну»*** *Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету* ***Кранды жабу ойыны*** *Мақсаты: Су ресурстарын үнемдеуге үйрету. Материалдар: Кран макеті немесе сурет. Ойын барысы: Балалар кранды дұрыс жабуды үйренеді. Үйрететін дағды: Жауапкершілік, қоршаған ортаны қорғау.* *Салт-дәстүр. Жолаяқ.* Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Алуан-алуан кәсіп" тақырыбында әңгімелесу. **(тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)**	Мамандықтар туралы тақпақтар жаттау. Құрылысшы Қолда темір қалағым, Саздан сарай қаладым. Алматыдан аумайтын Әсем қала саламын. Ш.Садыханов **(тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)**	Мамандықтардың құралдары суретіне қарап әңгімелесу. **(тіл дамыту, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)**	Мамандықтарға байланысты дидактикалық ойындар ойнау. **(тіл дамыту, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері)**	Менің арманымдағы мамандығым. **(тіл дамыту, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** "Доғадан өрмелеу". Мақсат-міндеттер: бір орыннан (қашықтығы 50 см) ұзындыққа секіру (8-10 рет); 6 м қашықтыққа дейін допты жерге ұрып, жүру (2-3 рет) және топпен қолын жерге тигізбей доғадан (биіктігі 40 см) өрмелеп (2-3 рет) өтуге жаттықтыру. **Музыкалық-ырғақты сөздік жаттығу.** **(музыка)** **«Үлкен», «орташа», «кішкентай» туралы ән.** Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегідегі заттың көлемін анықтайтын үш сөзді дыбыстап айтуға жаттықтыру **Математикалық ойын «Геометриялық фигуралар»**	**Музыка** "Көңілді арбакеш". Мақсат-міндеттер: балаларды арбакеш туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білуге дағдыландыру **Қазақ тілі** "Жиһаз. Балықты бақылау". Жиһаз түрлері мен қолданысы, адам өміріндегі орны туралы түсініктерін нақтылау; "жайлылық" сөзінің мағынасын түсіндіру; әңгімені зейін қойып тыңдауды, мәтіннен таныс сөздерді тауып айтуды үйрету айналасындағы заттарға деген қызығушылықтарын арттыру;	**Дене тәрбиесі** "Жұптасып шынығайық". Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіруге үйрету. **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Мамандықтың бәрі жақсы". Мақсат-міндеттер: балаларды мамандықтар маңызымен таныстыра отырып, оларды ажыратып, атай білуге үйрету. **Шығармашылық іс-әрекет** «Аспазшының заттары» **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Мақсат-міндеттер: аспазшы туралы түсініктерін кеңейту. *Сурет салу іс-әрекеті* ақ қағаз бетіне бастырылып шығарылған суретті бояу.	**Музыка** "Көңілді арбакеш". Мақсат-міндеттер: балаларды арбакеш туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білуге дағдыландыру. **Кім болғың келеді: Дәрігер** https://youtu.be/tJ0euQci18A?si=cLxfnd5vMnjdHuII **Көркем әдебиет** "Мен дәрігер боламын". Мақсат-міндеттер: балаларды "Мен дәрігер боламын" өлеңімен таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылыққа баулу және жатқа айтқызу; сахналау	**Дене тәрбиесі** "Мықтылар жарысы". Мақсат-міндеттер: балаларды аяқты бірге қойып секіру; допты бір қолымен кедергі арқылы лақтыруға үйрету. **Шығармашылық іс-әрекет** «Қойшы атаның қошақандары» **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті* балалардың қылқаламмен қошақан бейнесін салуға үйрету; қошақанды салу барысында дене бөлшектерін үйлесімділікте салу техникасына машықтау. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* қошақанның сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, пропорциясын сақтап, құрылымдық тәсілмен бөлшектерді біріктіру арқылы қошақанды мүсіндеуді үйрету

	Мақсат-міндеттер: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). ***Бес табан.*** ***(асық ойыны)*** *Ойыншылар тегіс жерді таңдайды. Ортасына түзу сызық сызады. Оған жағалай асық тізеді. Ойынды бастаушы асық тізілген жерден бес табанға тең аралықты белгілеп алып, шеңбер тартады. Ойыншылар шеңберге кірмей (баспай) ортадағы асықты атады. Сақа тиген асық міндетті түрде шеңберден шығуы керек. Кім көп асықты атып шеңберден шығарса сол ұтады.*	көру мен тәжірибені қортындылау арқылы заттарды сәйкестендіру мен жіктеу барысында (киімдер мен ыдыстар) логикалық шешім табуға үйрету. **Үстел басында зерттеу жаттығуы**. **(математика негіздері)** «Геометриялық денелер». денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу	*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша*.ермексаздың бөлшектерін домалату, созу, есу, жалпайту, жіңішкерту әдістерін пайдалана отырып аспазшыны мүсіндеуге үйрету; адамның пішінін мүсіндеу үшін созу, жалпақтау, шымшып алу тәсілдерін пайдалана отырып, жұмыстың тұрақтылығын тексеруге дағдыландыру; *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша*қағаздан құрастыру дағдыларын қалыптастыру.	арқылы дәрігердің қимылдары мен сөздерін айтуға жаттықтыру. **«Тек жақсы қасиеттерді ата»** *Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сараңдық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады.* **(адалдық әліппесі)**	және қысу, тарту, басу әдістерін қолдану дағдыларын дамыту. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* дайын пішіндерден жануарлар, пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру *Құрастыру іс-әрекеті бойынша*қағаздан құрастыру дағдыларын қалыптастыру. **Үстел басында зерттеу жаттығуы**. **(математика негіздері)** «Геометриялық денелер». денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	**Алаңдағы ағаштарды бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)* Мақсат-міндеттер: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу. Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай	**Қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау.** (*экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Мақсат-міндеттер: адам еңбегін жеңілдететін машинамен таныстыруды жалғастырып, қоршаған орта білімдерін толықтыру. Тапсырма.	**Саябаққа саяхат.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Мақсат-міндеттер: қыстың (нышаны) белгілері туралы балалардың білімін анықтап, толықтыра түсу. Балалардың сөз құрамында: қыс, қар, мұз, аяз, қар қырш-қырш еттеді, жалтырайды, жылтылдайды басқа қысқа байланысты сөздер	**Күн көзін бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Мақсат-міндеттер: күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы, аяғы) байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру. Күн қысқарады. 22 желтоқсан ең қысқа күн болып есептеледі. Күндіз күн ұясынан көтеріледі, кешке ұясына	**Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Мақсат-міндеттер: балаларға ауа райының жағдайын бақылату. Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады, ұйтқыған боран мен бұрқасын борандар бір жерден бір жерге жөңкіліп жүреді.

	орналасуынан танып, айыруға үйрету. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Сұрақтар. 1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз? 2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады? 3. Ағаштар бір-біріне немен ұқсас? 4. Олардың айырмашылығы қандай? Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны. **Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр». (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. **Еңбек:** ағаштардың түбін қармен жабу. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: ағаштың түбін аяздан қардың қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** шаңғымен жаттығулар жасау. Екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға қозғау. **(дене тәрбиесі)**	«Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. Сұрақтар. 1. Бұл машинаның аты қалай? 2. Ол не істейді? 3. Ол қарды қалай жинайды? 4. Балалар сендер адам еңбегін жеңілдететін тағы қандай машиналарды білесіңдер? *Көркем сөз.* Кәне, кімнің бойы ұзын, Паровозы ол пойыздың. Қатар-қатар тұратын Пойызды біз құрайық. **Қимылды ойын. «Аңшы мен коян». (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: нысанаға затты лақтырып тигізу, жүгіру, өрмелеп жоғары шыға білу. **Еңбек:** гүлзарға,ыдысқа түрлі-түсті мұзды қатырып қою. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балалардың эстетикалық танымдарын арттыру. Айналаны әсем етіп көріктендіру. **Жеке жұмыс:** шаңғы тебе білуге үйрету. Шаңғы жолымен сырғанап отырып жүру. **Жорамал.** Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады.	қолдану. Балаларды табиғаттың қамқоршысы, жанашыры етіп тәрбиелеу. Тапсырма: «Қыс мезгілінің қызығы» атты тақырыпта шағын әңгіме құрастыру, қыстың жағымды, жағымсыз құбылыстары туралы әңгімелеу. *Көркем сөз.* Ақ қар жауды, Енді аппақ жер өңі Қардан таулар Көлеңкесін көреді. **Қимылды ойын. «Біз көңілді баламыз». (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: тез жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жатықтыру. **Жеке жұмыс.** Жүгіріп келіп қарды алысқа лақтыруға жатықтыру. **(дене тәрбиесі)** Кім бәрінен алысқа лақтырса, сол жеңімпаз. Жұмбақтар. Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ желеді, Аузы жоқ ұлиды. (боран) Мәтел. Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр жерге жауған нұр.	батады. Күн қысқа әрі суық. Көлеңке ұзарды. *Көркем сөз.* Батар күннің атар таңы бар. **Қимылды ойын. «Жұп болып эстафета ойының жүргізу». (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: шанамен сырғанақ тебу. Балаларды бір-біріне эстафетаны беруге үйрету. Жолдасы үшін жанашыр, жақсы жолдас болуға тәрбиелеу. **Еңбек.** Аққала жасау. Мақсат-міндеттер: қармен жұмыс істеуге үйрету. **Жеке жұмыс:** өз қиялдарымен әңгіме құрату. *Жұмбақ.* Таңмен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. *Мақал.* Мезгіл жетсе, мұз да ериді.	*Көркем сөз.* Қыстың кенже баласы ақпанбысың, Аспан астын ораған ақ қармысың. Алай-түлей бораның, аязың да, Әппағым-ау, аз-аздан шақтармысың?! **Қимылды ойын. «Үшінші артық». (дене тәрбиесі)** Мақсаты: шапшандыққа баулу. **Еңбек.** Ауланы қардан тазалау. Мақсат-міндеттер: күректі пайдалана білуге үйрету. *Көркем сөз* Ағашта биік, Бір құсты көрдік. Сайрайды сол құс, Сайрайды талмай. Кө-кек, кө-кек, Аты оның содан, Атанған кө-кек. Ән орындау. **Қимылды ойын:** денені тік ұстап, жатығуларды дұрыс орындау. *Жаңылпаштар:* Қар аппақ, дала аппақ-бәрі аппақ ... Қыс қыспаса, қыс па? Құс ұшпаса, құс па?
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. ***«Үнемді тұтыну»*** *Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету* ***Кранды жабу ойыны*** *Мақсаты: Су ресурстарын үнемдеуге үйрету. Материалдар: Кран макеті немесе сурет. Ойын барысы: Балалар кранды дұрыс жабуды үйренеді. Үйрететін дағды: Жауапкершілік, қоршаған ортаны қорғау.*				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар**				

	Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. *Көркем сөз* Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың. *Салт-дәстүр. Жолаяқ.* Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	Балаларға жағымды әуен қойып ұйықтату.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру. Көркем сөз Әдемі ирек жолдармен, Лақтарша біз ойнақтап, Тастан - тасқа секіріп, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру шаралары, дене тәрбиесі)**				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***«Күй күмбірі»*** *Іс-әрекет басталар алдында қазақ күйін қойып, балалардың назарын шоғырландырып, жұмысқа ынталы көңіл-күй қалыптастыру* **Тіл дамыту** "Кімнің қолынан не келеді?" диалогтар ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың "мамандық" ұғымын қалыптастыру; диалог пен монологтардың сөйлеу түрлері жөнінде мағлұматтар беру; жұмбақ пен тақпақ, мақал жөнінде түсініктерді пысықтау; болымсыз етістік туралы ұғымдар қалыптастыру.	**Шығармашылық іс-әрекет** "Етікшінің жаңа қос етігі". **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* балаларды қос етік сұлбасын қазақтың оюларымен безендіруге үйрету; етіктің қоншысына дөңгелек пішінді трафаретті басып, бастырылған дөңгелектің үстіне "мүйіз" оюын салу техникасын қалыптастыру. *Мүсіндеу іс-әрекеті* бойынша қағаз бетіндегі етік сұлбасын қазақтың оюларымен ермексазбен безендіруге	**Математика негіздері** "Аспаздың кесу тақталары". Мақсат-міндеттер: балаларда "реттік сан" ұғымын қалыптастыру; геометриялық пішіндердің қасиеттері жөнінде білімдерін толықтыру. ***Қауіпсіздік сабағы "Үйдегі қауіпті заттар"*** *Мақсаты: балалардың үйдегі қауіпті заттар туралы түсініктерін қалыптастыру және күнделікті өмірде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін бекіту.* *Тапсырмалар:* *- балаларды күнделікті өмірде кесетін, шаншитын және жанғыш заттарды пайдалану ережелерімен таныстыру;*	**Вариативтік компонент** **Қызықты математика** **Алан мен Дананың сүйікті кейіпкерлері** Балаларды көрші сандар ұғымымен таныстыру; 5 көлеміндегі сандардың көршілерін дұрыс тауып, оларды атауға үйрету; реттік санаудың мағынасын ашу және бес көлемдегі реттік санау дағдыларын қалыптастыру; 1-5 сандар мен олардың сандар қатарындағы орны туралы білімдерін бекіту. **Шығармашылық іс-әрекет** "Абзал жан - дәрігер". **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап,	***«Күй күмбірі»*** *Іс-әрекет басталар алдында қазақ күйін қойып, балалардың назарын шоғырландырып, жұмысқа ынталы көңіл-күй қалыптастыру* **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Жануарлар емшісі (мал дәрігері)" Мақсат-міндеттер: балалардың жануарлардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; жануарлардың қысқы дайындықтары туралы түсінік беру. ***Сюжетті-рөлдік ойын "Жас экологтар".*** *Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру.*

	Шығармашылық іс-әрекет "Бағдаршам". **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша*қара ермексаздан бөліп алып, алақанының тік қозғалысымен тегістеп, цилиндрдің пішінін қалыптастыру және жоғары және төмен есу дағдыларын, сигналдық оттарды түрлі-түсті ермексаздан алақандардың шеңберлі қозғалыстарымен жабу және бағдаршам корпусында сигналдық оттардың орналасу тәртібіне назар аударту және алдымен қызыл шеңбер, содан кейін сары және ақыр соңында жасылермексазды жапсырып мүсіндеу дағдыларын дамыту. *Жапсыруда* балалар бағдаршам сигналдарын түстері бойынша қиып, рет-ретімен желімдейді. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балаларды лего құрастыру материалдарынан бағдаршамды құрастыруға үйрету; жол белгілерін ажырату, жолда жүру ережелері жайлы білімдерін бекіту; көшеде қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу; бағдаршам және оның шығу тарихи, құрылымы жайлы ақпарат беру. ***«Біл және көшеде жүру ережесін орында»*** *Мақсаты: Балалармен көшеде жүру ережелерін бекіту; бағдаршамның мағынасын*	үйрету. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* қағазбен қайшымен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру **«Шаштараз» сюжеттік-рөлдік ойыны.** **Мақсаты:** "Шаштараз" ойынының сюжетін шығармашылықпен дамыта білуге тәрбиелеу. **Тапсырмалар:** **Тәрбиелік:** - балалардың шаштараз, онда жұмыс істейтін ересектердің жұмысы туралы білімдерін байыту; - балалардың рөлдік ойынға деген қызығушылығын қалыптастыру және ойын ортасын құруға көмектесу; - сюжет жоспарының өзгеруіне байланысты ойын кеңістігін өзгерту қабілетін қалыптастыру; - балаларға бірлескен ойын барысында өзара қарым-қатынас орнатуға көмектесу. **Дамытушылық:** - рөлдерді бөлу, ойдан шығарылған жағдайға ену және соған сәйкес әрекет ету қабілеттерін дамыту; - ойын жоспарына сәйкес рөлдік диалог жүргізу қабілетін жетілдіру; - балалардың сөздік қорын байыту және белсендіру. **Тәрбиелік:** - шаштараз қызметкерлерінің	*- балалардың үйдегі әртүрлі заттармен қауіптілігі туралы білімдерін дамыту;зейінді, ойлауды дамыту, өзіндік қорытынды жасау.* *Алдын ала жұмыс: балалармен "Үйдегі қауіпті және қауіпсіз заттар" тақырыбында әңгімелесу. "Үйдегі қауіпті заттар" дидактикалық ойыны, сюжеттік суреттерге шолу (сіріңке, газ плитасы, пышақ, ине, қайшы, түрлі электр аспаптары)* *Жұмбақтар жасыру* *Кигізіп ап ұзын жіпті көзіне,* *Киім тігіп береді ол өзіңе.* *(ине)* *Екі басты айдаһар, Бәрін қырып жояды. Екі аяқпен жер тіреп, Қағазды жеп қояды.* *(қайшы)* *Өткір жүзді келеді,* *Өте қажет құрал ол.* *Тұтас затты бөледі,* *Ұсақтап та тұрар ол.* *(пышақ)* *Қайнайды – бу шығады,* *Ысқырады да, ыстықтан пышақтайды,* *Қақпағы дірілдейді, қағады:* *– Эй! Мені шеш! – деп айқайлайды. (Шәйнек)* *Балалар, сендер қандай кереметсіңдер, барлық жұмбақтарды шештіңдер. Балалар, сендер бұл заттардың барлығы қауіпті деп ойлайсыңдар ма?* *Балалар: - Иә.* *Тәрбиеші: - Неліктен бұл қауіпті заттар, бірақ үйде олар бізге өте қажет. Балалар, бұл заттар не үшін қажет екенін айтайық.*	орталықтарға барып жұмыс жасайды *Сурет салу іс-әрекеті* бойынша достармен бірігіп дәрігердің бейнесін салуға бейімдеу; адамның денесін салғанда пропорцияларды ұстану техникасына үйрету; қағаздың бетінде бағдарлау қабілетін дамыту. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* қағазбен қайшымен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру. *Мүсіндеу бойынша* ермексаздың бөлшектерін домалату, созу, есу, жалпайту, жіңішкерту әдістерін пайдалана отырып дәрігерді мүсіндеуге үйрету; адамның пішінін мүсіндеу үшін созу, жалпақтау, шымшып алу тәсілдерін пайдалана отырып, жұмыстың тұрақтылығын тексеруге дағдыландыру; *Құрастыру іс-әрекеті бойыншақ*ағаздан құрастыру дағдыларын қалыптастыру. ***Асық ату (хан ату).*** *Ойынға бірнеше адам қатысады. Әрбір ойыншылар кезекпен қолдағы асықтарды сырмақ үстіне шашады. Арнайы белгілеген асықпан (сақамен) қалған асықтарды шертеп атады. Басты шарты ұқсас асықтарды ғана атады. Басқа асықтарға тигізбей атып алынған асық, ұпай ретінде олжаланады. Ойын осылай жалғаса береді…*	*Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту.* *Ойын барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек.* **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі)** Панно алдында және үстел басында зерттеу жаттығуы. **(математика негіздері)** «Пішіндердің айырмашылықтары».

	қайталау. Қолданылатын көрнекіліктер: Қала көшелері сапатталған суреттер. Ойын барысы: Тақтада адамдар әр түрлі жағдайда тұрған суреттер ілініп тұрады. Тәрбиеші балаларға оларды қарауға ұсынады. Балалар сол суреттерге қарап, кез-келгенін тандап алып, жол жүру ережесін естеріне түсіріп, не істеуге болатынын, қалай жағдайдан шығуға болатынын айтып береді	еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу; - тәрбиелеу ойын барысында бір-біріне деген достық қатынас. **Сөздікті белсендіру:** шаштараз, тапсырыс беруші (клиент), әкімшілік (администратор), фойе, қызметкерлер, қайшы, тарақ, шаш үлгісі, сәндеу, бояу, фен, шаш қию,курьер. *Қаржылық сауаттылықты дамыту*: қызметке ақы төлеу, ақша мен қызмет арасындағы байланысты көрсету. • Шаш үлгісін жасауға арналған құралдармен таныстыру: қысқаш, бұйралайтын құралдар. **Материал және ойын жабдықтары:** - фойе *(орындықтар, кофе үстелі, журналдар, каталогтар)*; - әкімшіліктің (администратор) жұмыс орны *(үстел, орындық, дәптер, қалам, телефон, шай қызметі, касса, ақша)*; - шаштараздың жұмыс орны (құралдар жиынтығы, орындық, айнасы бар үстел, көйлек, алжапқыш, майлықтар, косметика, бас жууға арналған құрал-жабдықтар, сүлгі); - техникалық персонал (швабра, сыпырғыш, шөміш, шелек және т.б.); - Ойынға арналған "ғажайып дорба", сандық, смайликтер, құм сағаты, курьерге арналған руль. **Алдын ала жұмыс:** - шаштараз мамандығы туралы әңгімелесу, балалармен әңгімелесу:	*Тәрбиеші:* *Өнімдерді пышақпен кесеміз.* *Киімді инемен тігеді* *Қайшымен – қағазды кесеміз.* *Шәйнек – суды қайнатады.* *Сіріңке – пешті жағады.* *Тәрбиеші: Бұл заттардың барлығы бізге үй ішінде қажет, олар бізге пайда әкеледі, бірақ олармен тек ересектер ғана айналыса алады және өте сақтықпен мұндай заттарды қауіпті деп атайды.* *Тәрбиеші: - Балалар, неге бұл заттардың қауіпті екенін түсіндірейік. Егер бала қолына пышақ алса, не болуы мүмкін,бір жерінкесіп, жарақан алуы мүмкін. Ине бір жерімізге кіруі мүмкін, ыстық үтік және шәйнекпен өзіңізді қатты күйдіріп алуыңыз мүмкін. Сіріңке өте қауіпті, сіріңке балаларға ойыншық емес. Сіріңкемен ойнасаң өрт шығуы мүмкін.* *Дидактикалық ойын: «Қауіпті заттар»* *Баалар алдындағы карточкалардан қауіпті заттарды бөлек жинауы тиіс.* *Тәрбиеші: Қорытынды: Ыстық шәйнек пен үтікті ұстай аламын ба? Пышақ пен инені алу керек пе? Ал сіріңкемен айналысу керек пе? Балалардың жауаптары (жоқ)* ***Ұлттық ойын «Шертпек»*** *Ұлттық ойын мақсаты, ойын шарты.https://youtu.be/C6GL_3jL7UQ*		***Ұлттық ойын «Шертпек»*** *Ұлттық ойын мақсаты, ойын шарты.https://youtu.be/C6GL_3jL7UQ*

		"Мен анаммен шаштаразға қалай бардым", балалармен әңгімелесу: "Шаштараздың қандай құралдары бар?", тақырыбы бойынша иллюстрацияларды қарастыру: "Шаштараз", "Шаш үлгісі " альбомына шолу Заттармен сөздік ойындар: "Жұмыс үшін кімге не керек?" Дидактикалық ойын: "Тарақ не үшін қажет" Саусақ ойыны: "Өру" Рөлдік ойынға қажетті атрибуттарды дайындау "Шаштараз", оқу С. Михалков "Жылы шаштараз", А.Вихордың "Мен таңертең шошқа өремін!" өлеңін оқу, Б.Житковтың "Мен не көрдім?", "Осындай әр түрлі шаш қыстырғыштарын" модельдеу, питомник рифмасын оқу "Өрімді белге дейін өсіріңіз ". **Рөлдік ойын барысы:** **Тәрбиеші:** Балалар, шаштараз деген сөзді қалай түсінесіңдер? Бұл не? (Балалардың жауаптары). Дұрыс. Шаштаразда сіз бен маған қажет адамдар жұмыс істейді! Олар туралы еске түсіріп, сұрақтарға жауап берейік: - Шаштаразда кім жұмыс істейді? - Олар қандай жұмыс істейді? - Шаштаразға қалай жетуге болады? **Шешім:** Шаштараз ашып, қызметкерлерді жалдау немесе қоңырау шалу қажет. **2. Ойынға деген қызығушылықты арттыру.**			

		Радиода шаштараздың ашылғаны туралы хабарланды: Назар аударыңыз! Назар аударыңыз! Сіздің тобыңызда шаштараз ашылады , онда өз ісінің шеберлері жұмыс істейтін болады! Олар барлығын қуана қабылдайды! Қызметтер әр түрлі: - шаш үлгісін жасау; - шаштараз, сәндеу; - шашты бояу. Қызметтерге 1-33-22 телефоны арқылы жазылуға болады. Келіңіздер! Асығыңыз! Шаштаразда сіздерді күтеміз! Бірінші күні жазылған адам бір ақысыз қызметті пайдалана алады. Біздің шаштаразға мамандар қажет: шаштараздар (әйелдер, ерлер және балалар шаштарын қиюға арналған), тазалаушы. Әкімшілікке хабарласыңыз. **3. Ойын әрекеттері, диалогтар:** **Тәрбиеші:** Біздің ойын үшін балалар біз шаштараз ашып, қызметкерлер жинауымыз керек. Шаштараз ашамыз ба балалар. Мен әкімшілік қызметшісі бола аламын ба? Бізге кадрлар жинау керек. Ол үшін "Ғажайып дорба"ойыны арқылы қызметкерлерді жинаймыз. Ол үшін дорба ішінен кезекпен суретпен бейнеленген карточкаларды аламыз. (*Балалар карточканы шығарады, осылайша әр бала қызметіне орналастырыладыОлар қажетті аттрибуттарды алып, өз орыдарына жайғасады.* **Тәрбиеші *(әкімшілік қызметкері)***: Біздің салонның			

		құрметті қонақтары біздің шаштараздағы жұмыс сапасын жақсарту үшін бір минут назар аударыңыз, сізден біздің шеберлердің жұмысын бағалауыңызды сұраймын, біздің шеберлер сізге қызмет көрсеткеннен кейін смайлик таңдап, оны қорапта қалдыру керек. . **Тәрбиеші *(әкімшік қызметкері)*** клиенттермен кездеседі: Қайырлы күн! Сіздерді шаштаразда көргенімізге қуаныштымыз Сізге қандай қызмет түрі керек? **Клиенттер:** Бүгін біз мерекеге жиналамыз. Біз әдемі шаш үлгісін жасағымыз келеді. **Тәрбиеші *(әкімшік қызметкері)*** клиенттермен кездеседі: Қайырлы күн! Сіздерді шаштаразда көргенімізге қуаныштымыз "*Ертегі*". Сізге не керек? **Клиент:** Мен шашымды бояғым келеді. **Тәрбиеші (әкімшілік қызметкері):** Біздің шаштаразда бүгінде өте тәжірибелі шеберлер жұмыс істейтінін білесіздер. Оларды таныстыруға рұқсат етіңіздер, біздің шаштараздар кез келген шаш үлгісін жасайды. Фойеде өтіңіз. Сіз каталогтар мен журналдарды қарай аласыз. Отырыңыз. Сонымен қатар, бізде сіз бір кесе сиқырлы шай іше аласыз. **Клиент:** Маған бір шыны шай беріңізші. *(клиенттер шаш үлгісін таңдайды)* **Шаштараз:** Өтінемін, өтіңіз. Сәлеметсіз бе! Сізге не керек?			

		Клиент: Сәлеметсіз бе! Мен осы шаш үлгісін алғым келеді. **Шаштараз:** Жарайды! Алдыме н басымызды жуайық. Өтінемін, раковинаға барыңыз. *(әрекеттер орындалады).* **Клиент:** Рахмет! Маған қатты ұнады! **Төлем енгізу (қаржылық сауаттылық)** Шаштараз: — Енді қызмет үшін төлем жасауды ұмытпаңыз. Билетті немесе ойнауға арналған токенді маған бересіз бе? Клиент: — Міне, менің токенім/ойыншық ақшам. Шаштараз: — Рақмет! Қызмет үшін төлем қабылданды. Енді шаш үлгісін жасаймыз. Оқиға барысында: • Клиенттің төлем жасауы арқылы балалар ақша мен қызмет арасындағы байланысты түсінеді. • Шаштараз қызметін орындап болған соң, клиент қанағаттану белгілері көрсетеді: — Рахмет! Маған қатты ұнады! Шаштараз: — Өтінемін! Тағы келіңіз. Мейірімді болыңыз, смайлик қалдыру үшін әкімшілікке хабарласыңыз. (*шаштараз әкімшілік қызметкеріне жақындап, шампунь, шаш бояуы біткенін хабарлайды*). **Тәрбиеші *(әкімшілік қызметкері)*** компанияға телефон соғып, қажетті тауарларға тапсырыс береді. Сәлеметсіз бе, шаштаразға сусабын, шаш бояуы, майлықтар және т.б.			

		әкелуіміз керек.) **Шаштараз:** Өтінемін, өтіңіз. Сәлеметсіз бе! Сізге не қандай қызмет түрі керек? **Клиент:** Сәлеметсіз бе! Мен шашымды бояғым келеді. **Шаштараз:** Жарайды! Алдыме н басымызды жуайық. Өтінемін, раковинаға барыңыз. *(әрекеттер орындалады)* **Клиент:** Рахмет! Маған қатты ұнады! **Шаштараз:** Өтінемін! Тағы келіңіз. Мейірімді болыңыз, смайлик қалдыру үшін әкімшіге хабарласыңыз. (*шаштараз әкімшілік қызметкеріне жақындап, шаш бояуы біткенін және т.б. хабарлайды.*) **4. Ілеспе ойын** **Жүргізуші-курьер** тізімдегі барлығын қорапқа салып, салонға әкеледі, тауарды әкімшіге тапсырады, ақша мен түбіртек алады, кетеді. **Техникалық персонал (тазалаушы)** салонның тазалығын қадағалайды. **5. Ойынның соңы.** Жұмыс күнінің соңында әкімшілік сағат сағатына назар аударады, бұл бес минуттан кейін жұмыс күні аяқталатынын білдіреді. **Тәрбиеші *(әкімшілік қызметкері)*:** Құрметті шаштараз қызметкерлері, және біздің қонақтар біздің шаштараздың жұмыс күні аяқталды, орындарыңызды ретке келтіріп, фойеге жиналуларыңызды сұраймыз. (*Олар өз орындарын жинап, фойеге жиналады*). **Тәрбиеші *(әкімшілік***		

		***қызметкері)*:** Бүгін бізде өте жақсы күн, өйткені барлық клиенттер көңілді смайликтерді таңдады, бұл біздің қызметкерлердің жақсы жұмысын көрсетеді. Мен де баршаңызға естеліктеріңізді суретке түсіруді ұсынғым келеді. *(әкімшілік қызметкері барлығын суретке түсіреді)*. **6. Ойынды бағалау:** 1. Қарым-қатынасты бағалау. Тәрбиеші балалардан тату ойнадың ба, ұрысып қалдың ба, жоқ па, әрқашан келісе аласың ба деп сұрайды. Балалардың жауаптарынан кейін ол қарым-қатынасқа өзіндік баға береді: балаларды мақтайды. 2. Қабылданған рөлге сәйкес іс-әрекеттерді бағалау. *Іс-әрекет соңында балалармен шашты моделдеу және шаш моделдеу үлгісімен , шашды моделдеуге арналған құралмен (қысқашпен-шаша бұйралайтын құрал) таныстыру.* Ерлер шаш үлгісін түрлі өрнектер салумен сәндесе, қыздар қауымы шашатарын бұйралап, түрлі үлгіде сәндейді.			
Балалармен жеке жұмыс	**Дәрігер** Дәрігермін мен деймін, Кәрі әжемді емдеймін. Көп-көп ішіп дәріні Кәрілікті жең деймін. **(көркем әдебиет)**	Панно алдында және үстел басында зерттеу жаттығуы. **(математика негіздері)** «Пішіндердің айырмашылықтары».	**Тақпақ жаттау** **Шахтер** Шахтерді ел біледі, Оған сарай – жер асты. Көмір қазып жүреді, Сорғалатып тер ащы. Бала оқитын зәулім үй Қалмауы үшін суынып, Үйіп көмір тауды ылғи, Береді ол жылылық. С.Мәуленов **(көркем әдебиет, қазақ тілі)**	**Театрды сахналау.** "Екі аяз" ертегі желісін маскалармен саханлау. **(көркем әдебиет)**	**Диалогтар ойыны.** **"Мамандықтар туралы жұмбақтар".** Мақсат-міндеттер: балалардың мамандықтар туралы білімдерін пысықтау, тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру. **(тіл дамыту)**
Серуенге	Мақсат-міндеттер:				

дайындық	- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(дербес әрекет)**				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)*				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(өзін-өзі басқару дағдылары)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Баяндама: «Бала дамуына керекті ойындар».	Айына бір рет отбасы күнін өткізу.	«Балаңызбен қандай ойындар ойнайсыз?» сауалнама.	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту.	«Теледидардан балаларға арналған қандай бағдарламаларды қарайсыздар?»



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы*				
Топ/сынып	***Ересек топ***				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	*«Қарлығаш»*				
Балалардың жасы	***4 жастағы балалар***				
Педагогтің аты-жөні	*Ташпенова Ұ.Б.*				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**09.02-13.02.2026 ж.**				
	«Адал азамат» *Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында* *ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ*				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	Апта дәйексөзі: «Шығармашыл бала - ойлы бала»				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес	Ата-аналарға кеңес. «Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар» «Балаңызбен қандай ойындар ойнайсыз?» сауалнама.				

беру	«Теледидардан балаларға арналған қандай бағдарламаларды қарайсыздар?» Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу. Ата-аналарға кеңес.«Балаларға жолда жүру ережесі туралы түсіндірудің маңызы». "Баланың сұрағына шыдамдылықпен жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру. *Өнегелі 15 минут*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***"Бөлме өсімдіктерін суғару".*** *Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.* ***(экологиялық мәдениет дағдыларын, еңбек іс-әрекеті)***	***"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".*** *Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.* ***(экологиялық мәдениет дағдыларын, еңбек іс-әрекеті)***	***"Кір сүлгілерді ауыстыру".*** *Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету.* ***(еңбек дағдылары)***	***"Бөлме өсімдіктерін суғару".*** *Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.* ***(экологиялық мәдениет дағдыларын, еңбек іс-әрекеті)***	***"Ойыншықтардағы тәртіп".*** *Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбеккорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.* ***(еңбек дағдылары)***
	Қ.Р. Әұраны **"Қайсы ең ауыр?" логикалық жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдары: заттар және олардың заттық суреттері	***"Күй тыңдайық, балақай!"*** *балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;* *«Көңіл ашар» күйіне келер болсақ, атауының өзі балалар үшін тартымды, себебі көңілді әуенімен тыңдарманын елітіп әкетер күшке ие.* **«Көңіл-күйді анықтау»** Ойынның мақсат-міндеттер: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге	**Текшелермен ойын.** Балаларға текшелер туралы тақпақты тыңдай отырып, оларды бір-бірінің үстіне қойып, бағанға қалауға ынталандыру. Қызыл, сары, көк текше, Әрбіреуі ерекше. Көлемдері бірдей, Бір-бірінің үстіне. **(құрастыру)** **«Мейірімділік туралы ойлайық»** *Ойынның мақсаты: ұжымда*	***"Күй тыңдайық, балақай!"*** *балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;* *«Көңіл ашар» күйіне келер болсақ, атауының өзі балалар үшін тартымды, себебі көңілді әуенімен тыңдарманын елітіп әкетер күшке ие.* ***Дидактикалық ойын: «Сыйлыққа ақша жұмсаймыз»****Мақсаты: Ақшаны тек өзіне емес, басқаларға да*	***Ұлттық ойын Асықтытігіпойнау*** *Біртопбала,жастаржиылыпкеліп,тегісжердітаңдапаладыдаонытазартып, ортадан төрт бұрышты сызық сызады. Сол төрт бұрышты ортасынантеңетіпекігебөледі. Әржағыныңқашықтығыбалалардыңжас мөлшерінеқарайбелгіленеді. Сонда 1-1,20 см немесе 1,5 метрге дейінболады. Мұны «көн» депатайды.Сондаойнаушылард*

	(алма, кесе, сопақ пішінді шар, дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа, қарбыз, лимон, доп, қияр) Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды салыстыруға ұсынады. Жауаптарын айтып болғаннан кейін балалар шынайы заттарды қолға алып, қайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады. Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады. Балалар заттың көлемі мен оның салмағы бірдей еместігін түсіндіреді. Педагог заттардың қасиеттеріне көңіл аудару туралы айтады. Мысалы: әуе шары жеңіл ауаға толған, қарбыз - жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су салмақты қосады). **(қоршаған әлеммен таныстру, математика негіздері)** ***Дидактикалық ойын: «Сыйлыққа ақша жұмсаймыз»****Мақсаты: Ақшаны тек өзіне емес, басқаларға да жұмсауға болатынын ұғындыру. Көрнекілік: Сыйлық суреттері (гүл, шар, кішкентай ойыншық), фишкалар. Ойын барысы: 1. Тәрбиеші: «Бүгін досымызға сыйлық алайық» – дейді. 2. Балалар сыйлық суретінің бірін таңдайды. 3. Әр бала 1 фишка беріп, «сыйлықты» алады. 4. Бір-біріне бергендей етіп ойнайды. Күтілетін	тәрбиелеу . Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады. Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады. Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды **(адалдық әліппесі)** . ***«Үнемді тұтыну»******Үнемділік күнделігі ойыны*** *Мақсаты: Үнемділікті күнделікті өмірде қолдануға үйрету. Материалдар: Суреттер, қарапайым дәптер немесе күнделік. Ойын барысы: Балалар күн сайын суды, жарықты немесе тамақты қалай үнемдегенін суреттеп немесе айтып көрсетеді. Үйрететін дағды: Жауапкершілік, табиғатты қорғау, бақылау.*	*тілектестік қарым-қатынасқа тәрбиелеу.* *Балалар шеңберге тұрады. Жүргізуші («мейірімділік») таңдалады. Педагог оған бөлмеден шығып, балалардың кез-келгеніне қандай қайырымдылық жасай алатындығы туралы ойлануды ұсынады.* *Педагогтің белгісі бойынша балалар «мейірімділікті» шақырады. Ол бөлмеге кіріп, балалардың біреуінің қолынан ұстап, оны шеңбердің ортасына апарады да, ол үшін қандай жақсылық жасай алатынын айтады. Содан кейін жүргізуші ауысады, ойын осылай жалғасады.* ***(адалдық әліппесі)*** **"Біздің көмекшілеріміз кім?" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер. Ересектердің жұмысын жеңілдететін тұрмыстық заттар туралы балалардың білімдерін бекіту. **(математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру)** ***Ұлттық ойын******Бес тас*** *«Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады. Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар*	*жұмсауға болатынын ұғындыру. Көрнекілік: Сыйлық суреттері (гүл, шар, кішкентай ойыншық), фишкалар. Ойын барысы: 1. Тәрбиеші: «Бүгін досымызға сыйлық алайық» – дейді. 2. Балалар сыйлық суретінің бірін таңдайды. 3. Әр бала 1 фишка беріп, «сыйлықты» алады. 4. Бір-біріне бергендей етіп ойнайды. Күтілетін нәтиже: – Бала ақшаның көмегімен жақын адамдарға қуаныш сыйлауға болатынын түсінеді. – ЫнтымақтастықМейірімділік дағдысы дамиды.****(қаржылық сауаттылық)*** **"Домино" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. **(математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру)**	*ыңғозаракелісімі бойыншакөннен4-5метрнеодандакөпмөлшердеасықатынорынбелгіленеді.Оны сызықпенбелгілейді.Ойыншылар осы жерден тұрып көндегі асықты ататын болады. Ойынды кімбірінші болып бастайтынын сақа иіру арқылы анықтайды. Сақасы алшы түскенойыншыбіріншіболыпатүкезегін алады. Ойыншы асыққа дәлтигізіп,оны көнбесызығынаншығарса,оныалады да,сақасы түскен жерден қайта атады. Сөйтіп көннен шығарғандарын ала береді. Егер оның сақасы көндегі асыққа тимей кетсе, асықты келесі ойыншы атады. Ал тігілген асықтарды бұзып, бірақ көннен шығара алмаса, қалған ойыншылар асықтарды сол жатқан қалыбында атып, көннен шығарып алуға тиіс. Ойын көндегі асықтар бойынша біткенше ойнала береді. Көндегі асық біткен соң, ойынға қатынасушылар бір-бірден көнге қайта асық тігіп, ойын қайта басталып, жалғаса береді* **"Үйдегі жиһаздар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету; бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуге жаттықтыру; жиһаздары күтуге тәрбиелеу. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, математика негіздері)**

	нәтиже: – Бала ақшаның көмегімен жақын адамдарға қуаныш сыйлауға болатынын түсінеді. – Ынтымақтастық, мейірімділік дағдысы дамиды. ***(қаржылық сауаттылық)***		*таңдалып алынады. Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады. Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар.*		
Таңертеңгі жаттығу	**"Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)** Педагог: - Балалар, қатарда түзу тұрамыз. Енді менімен бірге жаттығуларды орындаймыз. Қолдарыңдағы доптарыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші! Енді осы доптармен жаттығулар жасаймыз! Аудиозапись ритмичной мелодии для общеразвивающих упражнений. №11 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау. 1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу. 1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою. 1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау." **(дене тәрбиесі)**				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. ***«Үнемді тұтыну»*** *Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету* Көркем сөз Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы,				

	Су дегенің осы. *Салт-дәстүр. Жолаяқ.* Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Техника және біз" тақырыбында әңгімелесу. ***Қауіпсіздік сабағы*** *Техника құралдарын қауіпсіз қолдану ережелерімен таныстыру, сюжетті суреттер қарау.* **(тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі)**	*Заманауи техникалар туралы әңгіме айту, жаңалықтар ашу.* **(тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі)**	*Тұрмыстық техниканы қолдану жайлы және* ***қауіпсіздік ережелері*** *жайлы әңгімелесу.* ***Қауіпсіздік сабағы*** **(тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі)**	*Суретке қарап компьютер құрылғысы туралы, компьютермен қандай жұмыстар атқаруға болатыны туралы балалардың өздігінен әңгімелеулері.* **(тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі)**	Жиһаздар туралы әңгімелесу. **(тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** "Велотренажер". "Велосипед". Мақсат-міндеттер: құм салынған қапшаны 3 м қашықтықтан оң қолымен (иық тұсынан) тік ұстап, нысанаға лақтыру (5-6 рет); биіктігі 40 см таяқтың (арқанша) астынан еңбектеп өту (2-3 рет) және биіктігі 40 см арқаннан аттап жүруге (2-3 рет), велотренажер "Велосипедпен" жаттықтыру **Ән салу** **(музыка)** И. Сапарбай «Ойыншықтар» әні. (әні: И. Сапарбай) ***Ұлттық ойын.*** ***Түйілген орамал*** *Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі*	**Музыка** "Ойыншықтар". Мақсат-міндеттер: балалардың жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу және эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру. **Қазақ тілі** "Мамандықтар. Диалогтар." Балалардың ұғымындағы мамандықтар, олардың кәсіптік ерекшеліктері мен қызметі туралы түсініктерін кеңейту. Балаларды бірнеше мамандық иелерін қолданатын құрал-жабдықтары арқылы ажыратып, атауды үйрету; диалог сөйлеуді жаттықтыру; еске сақтау, ойлау қабілеттерін, көру және есту арқылы қабылдауларын, қатынастық дағылырын дамыту. Ұйымшылдыққа, әдептілікке, түрлі мамандық иелеріне деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу. ***Ұлттық ойын*** ***Омпы*** *Асық ойынының бір түрін «Омпы» деп атайды. Омпы –*	**Дене тәрбиесі** "Аяқпен жасалатын қимылдардың түрлері". Мақсат-міндеттер: балаларды ұсақ және алшақ адыммен жүру дағдыларын қалыптастыру; табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеуге үйрету. **Шығармашылық іс-әрекет** "Үтік". **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу бойынша* балаларды үтік суретін заттық салу техникасына үйрету; үтіктің негізгі құрылымы бөлшектеріне қарап, тұтас техника құралы бейнесін танып, атауға талпындырту; тұрмыстық техника құралдарының адамның өмірінде алатын орны туралы мәліметтерді тиянақтау. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем- эстетикалық талғамды	**Музыка** "Ойыншық аспаптар". Мақсат-міндеттер: балалардың жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу және эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру. ***Ұлттық ойын.*** ***Түйілген орамал*** *Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.*	**Дене тәрбиесі** "Жүгірушілердің жарыстары". Мақсат-міндеттер: балаларды аяқтарын алшақ қойып секіруге; 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету. **Көркем әдебиет** "Пойыз". Мақсат-міндеттер: балаларды "Пойыз" туралы өтірік өлеңмен таныстыра отырып, өтірік өлең мазмұны бойынша өлең жолдарын мәнерлеп оқу; өтірік өлең мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету **Артикуляциялық аппаратты жетілдіру** **(қазақ тілі)** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.. Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау барысында балалалр қалаған орталықтарына барып іс-әрекет

	орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады. ***(дене тәрбиесі)*** **Тіл дамыту** Тұрмыстық техника жөнінде "Не күшті?" әңгімесін мазмұндау. Мақсат-міндеттер: балалардың тұрмыстық техника жөнінде ұғымдарын дамыту; сөйлеудің әңгіме түрі мен оның құрылу мазмұны жөнінде білімдерін жетілдіру. Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау барысында балалалр қалаған орталықтарына барып іс-әрекет жасай алады. ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)*** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* тіктөртбұрыш арқылы теледидар салуға қолдарын дағдыландыру. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем- эстетикалық талғамды дамыту; Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіндегі теледидарғаорналастыру дағдыларын қалыптастыру	*асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түсуі. Бұл ойынды көбінесе бозбалалар ойнайды. Оны таза ауада жазық алаңда, не үлкен бөлмелерде ойнауға болады. Ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Ойынның мақсаты - асық ұту. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көн сызады да біріншісіне төрт бұрыш жасайды (оның көлемі өзара келісіледі) дәл ортасындағы сызыққа әрбір ойыншы өздерінің асықтарын тігеді. Тігілген асықтардың ортасына бір асық мұртынан «Омпы» тұрғызады. Ойнаушылар екінші белгіленген жерден бірінің артына бірі тұрып әркімнің өз кезектері бойынша, қолдарыңдағы сақаларымен «омпыны» ата бастайды. Егер кімде-кім омпаға тигізсе және оны төрт бұрыштың шетіне шығарса, онда көндегі асықты түгел алады. Ал омпыға тимей, жанындағы асықтарға тисе, оны да төрт бұрыштың шетіне шығара алса, онда сол атқан асығын ғана алады. Асық таусылған сайын, көнге асық қайтадан тігіліп отырылады. Ойын жалғаса береді.*	дамыту; Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. дағдыларын қалыптастыру *Құрастыруіс-әрекеті бойынша* қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, көлемді пішіндерге, орамдарға айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеу дағдыларын қалыптастыру.	***(дене тәрбиесі)*** **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Ауа баптағыш (кондиционер)". Мақсат-міндеттер: балалардың ауа баптағыш туралы білімдерін кеңейту; қыста жанды және жансыз табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсініктерін нығайту; адамдар мен техника құралдарының қысқы дайындықтары жөнінде түсінік беру.	жасай алады. ***<u>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)</u>*** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту. Пішіндерді пайдалана отырып пойыз вагондарын, дөңгелектерін салу. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем- эстетикалық талғамды дамыту; Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру *Жапсыру іс-әрекеті бойынша*ұсақ бөлшектерді қосу; шаршыдан дөңгелектерді қию; шығармашылық ойды дамыту. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, көлемді пішіндерге, орамдарға айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеу дағдыларын қалыптастыру. ***«Күй күмбірі»*** *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*

	Құрастыру іс-әрекеті бойынша қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, көлемді пішіндерге, орамдарға айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеу дағдыларын қалыптастыру. ***«Күй күмбірі»*** *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуен	**Қыстың негізгі белгілерін бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Мақсат-міндеттер: балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету. Көркем сөз. Аппақ, аппақ, ақшақар Бірін ұстап алайын ... Ұстадым! Жоқ, ақша қар, Қайдан іздеп табайын? (Жақан Смаков) Қимылды ойын. «Аяз». Мақсаты тез жүгіруге жаттықтыру. Еңбек: үйдің ауласын қардан тазартып қою. Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу. Қимылды жаттығулар: мұзды жолмен сырғанай білуге жаттықтыру. Жорамал. Түтін будақтап шықса, аяз	**Өзен, көл, су тоғандарына саяхат.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Мақсат-міндеттер: балаларды өзен, көл, су тоғандарының қыстағы өзгерістерімен таныстыру. Мұздың қасиетімен жете таныстыру. Мұз қауіпсіздігіне арналған ережелермен таныстыру? Тапсырма: «Сұңгі мұз» тақырыбына сурет салу. Сұрақтар. 1. Өзендегі суға не болды? 2. Су неге қатты? 3. Өзеннен нені көруге болады? 4. Қай кезде мұздың үстімен жүріп, коньки тебуге болады? *Көркем сөз.* Тез қарасын батырды, Қар жаңбырлы сиқыр бұлт. Жел көк мұзды қатырды, Жердің бетін типыл ғып. Балалардың берген жауабын қорытындылау.	**Қардың қасиетін бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Мақсат-міндеттер. Қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды. *Көркем сөз.* Аққала. Аула сырты баққа да, Тұрғызамыз аққала Аққаланы айналып, Ойлаймыз біз шаттана. **Қимылды ойын. «Ұстап ал». (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру. **Еңбек:** қарды күреу. **Жеке жұмыс:** қарды жұмырлап, қатты қысу. *Жұмбақтар.* Мамықтай ұлпа, Қанттай ақ. Қыста жер бетін басады, Жазда сайға қашады.	**Қардың түсуін бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Мақсат-міндеттер. Маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту.) **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру.	**Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Мақсат-міндеттер: өткен күндердегідей ауа райын бақылау. Ағаштарды анықтап зерттеу. Күзде олар қандай болғанын еске түсіру. Қандай өзгеріс бар? Бір ағашты анықтап, суретін салып, оны күнтізбеге сақтау. Балалар бала бақшада тәрбиешінің көмегімен ауа райының жағдайын күнтізбеге белгілеу. *Тапсырма.* «Ашық аспан» тақырыбында сурет салу. Қағаз түстерінің бояуын түстеп, бір бояудың үстіне екінші бояуды жаға отырып, түсін келтіруге үйрету. *Көркем сөз.* Бүрсең қағып жапырақтар, Көше кезіп көшіп жатыр. Тыныш қалған атыраптар, Аппақ қарға тосып жатыр.

	болады.	Мұздың жұқа кезінде оның үстімен жүгіруге, коньки тебуге болмайтынын балаларға айту. **Қимылды ойын. «Шортан мен табан балықтар». (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: тез жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жаттықтыру, айналаны бағдарлай білуге үйрету. **Жеке жұмыс:** денені тепе-теңдікте ұстап, мұз үстімен сырғанай білу. **(дене тәрбиесі)***Жұмбақтар.* Отқа жанбайды, Суға батпайды. (мұз)	*Мақал.* Сыртта тау болып жатса, Үйде су болып тұрады. Далада қар болса, Қамбада астық болады.	**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Нысанаға тигіз" **(дене тәрбиесі)**Мақсат-міндеттер: дәлдікті дамыту.	**Қимылды ойындар. «Соқыр теке». (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: шеңберде тез жүгіруге жаттықтыру,ептілікке үйрету, ойынның сөздерін дұрыс айтқызып жаттатқызу. **Еңбек**: қатқан мұз жолын тазалап, су құйып ретке келтіру. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: алаңшада тазалық, тәртіп сақтап, судың мұзға айналғанын көріп, қызықтау. **Жеке жұмыс.** «Кім алысқа лақтырады?» Қар түйіршіктерін алысқа лақтыруға жаттықтыру. *Жорамалдар.* 1. Қыс аязды болса, жаз ыстық болады. 2. Қыста қар мол болса, жазда жаңбыр мол болады. 3. Ағашқа қырау тұрса, күн жылы болады.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Көркем сөз Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы. *Салт-дәстүр. Жолаяқ.* Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	***«Күй күмбірі»*** *Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру* Балаларға жағымды әуен қойып ұйықтату.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Шынығу мақсатында деңсаулық жолдарымен жүру. Көзге арналған жаттығу. **(дене тәрбиесі)**				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***"Идеал конструктор" ойыны***(импровизацияланған құралдардан немесе тек дөңгелек заттардан құрастырамыз) *Шығармашылық тапсырмалар арқылы баланың бойында жаңа нәрселерге, білімге деген қызығушылықты ояту.Оның назарын өзін қоршаған ғажайыптарға аудару. Тәжірибе барысында сұрақ-жауап әдісі арқылы баланың зейінін, шығармашылық қиялын дамыту.* **Рөлдік ойын: «Аурухана» + қаржылық сауаттылық** Мақсаты: • Ақ халатты абзалжандардың қамқорлығы мен мейірімділігін таныстыру • Балаларды кішіпейілдікке, достарына көмектесуге тәрбиелеу • Балаларды ұжымдық ойнауға және сөйлеуге үйрету • Қаржылық сауаттылықтың алғашқы ұғымдарын енгізу: ақша, зат алмасу, еңбек нәтижесін бағалау Құралдар: • Ақ халат, стетоскоп, ойыншық дәрі-дәрмек • Ойыншық ақша, чек немесе билет • Төсек немесе	**Математика негіздері** "Үйді жинаудың әдебі". Мақсат-міндеттер: балаларға қағаз бетіндегі заттардың орналасу бағдары жөнінде жаңа білімдер беру, "үстіңгі сол жақ", "үстіңгі оң жақ", "төменгі сол жақ", "төменгі оң жақ" ұғымдарын қалыптастыру. **Үйдегі қауіпсіздік** **Мақсаты:** Үйдегі қауіпсіздік ережелерімен (үйде жалғыз болғанда танымайтын адамға есік ашпау, сіріңкені электр құралдарын қолданбау) таныстыру. ***Қауіпсіздік сабағы*** ***Үйде қауіпсіздік сақтау тәртібі:*** *Егер сен үйде жалғыз қалсаң, қауіпсіздік ережелерін сақтауды ұмытпа. Мынау – балкон мен терезе. Балконға асылуға, терезеден басыңды сыртқп шығаруға немесе терезе алдына шығып отыруға болмайды. Су қолмен электр құралдарына, розеткаға, тоқ қосқышқа жанасуға болмайды. Мынау – үтік. Оның шнурынан тартпа. Тоққа қосылғанда ол өте ыстық болады. Плитаның үстінде шәйнек, таба, кастрөл тұр. Олар – ыстық. Оларды алу үшін арнаулы қолғап не шүберек керек. Мынау – дәрі салатын қобдиша. Оған тиіспе және үлкендердің рұқсатынсыз ешбір дәріні ішпе! Сен үйде жалғыз қалғанда не істейсің? Тағы қандай қауіпсіздік ережелерін білесің? 101-өрт сөндіру қызметі 102-полиция қызметі 103- жедел жәрдем 104- газ қызметі 112-құтқару қызметі* **Шығармашылық іс-әрекет**	**Музыкалық аспаптармен ойындар**. Мақсат-міндеттер. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). **Математика негіздері** "Ғажайып сандық". Мақсат-міндеттер: балаларда геометриялық пішіндерді: дөңгелек, шаршы және үшбұрышты тану және атау; геометриялық пішіндерді бір-бірінен ажырата білу дағдыларын дамыту; пішіндерді сипап-сезу және көру тәсілдерімен зерттеу. **Қимылды ойын.** **Кетті, кетті орамал!** Ойынға қатысатын балалар шеңбер құрап отырады және бір-біріне иығын тірейді. Тізелерін аздап бүгеді. Жүргізуші шеңбердің сыртында қалады. «Кетті, кетті орамал!» деген сөздерді қайталап, орамалды тізенің астынан береді. Жүргізуші орамалдың кімнің қолында	**Варитативті компонент** **Қызықты математика** **Ғажайып сандық** Балаларда геометриялық пішіндерді: дөңгелек, шаршы және үшбұрышты тану және атау; геометриялық пішіндерді бір-бірінен ажырата білу дағдыларын дамыту; пішіндерді сипап-сезу және көру тәсілдерімен зерттеу; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту. **Шығармашылық іс-әрекет** "Тазалық - денсаулық кепілі". **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* балалар қалаулары бойынша үлгіге қарап тазалық заттарын бейнелейді. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем-эстетикалық талғамды дамыту;Үлгіге қарап тазалық заттарын мүсіндеу. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. дағдыларын қалыптастыр *Құрастыру бойынша* балаларды қалдық материал: йогурттың қалдық ыдысынан және қағаздан қолжуғышты құрастыруға үйрету. **Театрды сахналау.** "Қаңтар мен Ақпан" ертегісін сахналау. **(көркем әдебиет)**	**Ұлттық ойын.** **Кім жылдам?** Ежелгі ойындардың бірі - Кім жылдам? Ойын аулада, спорт залында, бөлмеде ойнала береді. Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі бала бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан соң ойын жүргізуші екеуінің аяғының арасына ұзыннан-ұзақ белбеу тастайды да «бір, екі, үш» деп санайды. «Үш дегенде кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені. Бұл адамның өз денесін еркін меңгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа ойыншылар шығады. Ойын жалғаса береді. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс болады. Ең соңында жеңген екі ойыншы қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады. **(дене тәрбиесі)** **Музыкалық аспаптармен ойындар**. Мақсат-міндеттер. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың

	орындықтар (емхана бөлмесі ретінде) • Қағаздан жасалған рецептер, ақшаға баламалы «емхана қызметтері» Ойын барысы 1 Ұйымдастыру кезеңі • Балаларды шеңберге жинау. • Тәрбиеші қысқаша түсіндіреді: — Бүгін біз ауруханамызда дәрігер, медбике, науқас рөлдерін ойнаймыз. — Дәрігер балаларға көмектеседі, медбике рецепт береді. Қаржылық сауаттылық кіріктірілуі: — Науқас «ем қабылдау» үшін ойынды «ақша» немесе «токен» арқылы төлейді. — Бұл арқылы балалар ақша мен қызмет арасындағы байланысты көріп, түсінеді. 2. Негізгі бөлім (рөлдерді бөлу) • Дәрігер: балаларға тексеру жасайды, стетоскоппен «құлақ тыңдайды», «температура өлшейді». • Медбике: рецепт	Орталықтарда техника және жиһаздар тақырыбында **сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру.** Балалалр қалаған орталықтарына барып алдын ала дайындалған орталықтарда іс-әрекет жасай алады Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). **(сурет салу)** Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. **(жапсыру)** Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру**. (мүсіндеу)** «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. **(құрастыру)**	екенін айтуы тиіс. Егер жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін тапса, сол ойыншымен орын алмасады. **(дене тәрбиесі)**		ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). **Тұрмыстық техника мультфильмін көру. (тіл дамыту)**

	береді, қандай ем қажет екенін көрсетеді. • Науқас: «шипалы болғым келеді», қызмет үшін ойша «ақша» немесе «токен» береді. • Қабылдау бөлімі: науқастар келіп тіркеледі, «көмек алу үшін» ақша береді. ***Қаржылық сауаттылық кіріктірілуі:*** • Балалар «ақшаны» қалай есептеуге, бөлуге, төлеуге үйренеді . • Ақша немесе токен – ойын ресурсы ретінде, қызмет алудың қажеттілігін көрсетеді. 3 Ойын барысы (құралдармен) 1. Науқас ойыншық ақша немесе токенді береді. 2. Дәрігер тексеру жүргізеді, медбике рецепті береді. 3. Науқас «емделгеннен кейін» өз ойын айтып, ризашылығын білдіреді. 4. Балалар кезекпен рөлдерге ауысады. Қаржылық сауаттылық кіріктірілуі: • Рөлді ауыстыру кезінде				

	балалар «ақшаны жинау, бөлу, дұрыс пайдалану» әрекетін тәжірибелейді. • Мысалы, медбике әрбір қызмет үшін «токен алады» → кейін оны «шоколадқа немесе ойыншыққа» айырбастауға болады. 4. Сергіту немесе қимылды сәт • Дәрігерлер мен науқастар «жылы жүру» немесе «сергіту жаттығуы» жасайды: қолды көтеру, орындықтан тұрып жүру. • Балалар қозғалыс арқылы энергияларын шығарып, ойынға қайта оралады. 5. Қорытынды • Балалар бір-бірімен сенімді қарым-қатынас жасап, қызметке «ақша» төлей отырып» қаржылық ұғымдармен танысады. • Тәрбиеші қысқаша сұрақтар қояды: — Дәрігерге қалай көмектестік? — Ақшаны қалай пайдаландым? — Кімге көмектестік? Күтілетін нәтиже: •				

	Балалар ақ халатты абзалжандардың қамқорлығын түсінеді. • Мейірімділік пен кішіпейілділік дамиды. • Ұжымдық ойнауға, сөйлеуге үйренеді. • Ақша мен қызмет арасындағы қарапайым байланыс көрініс табады. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі, қаржылық сауаттылық)**				
Балалармен жеке жұмыс	**Дидактикалық ойын «Артық затты тап».** Мақсат-міндеттер: үй жиһаздарын басқа заттардың арасынан ажырату іскерліктерін жетілдіру, танымдық қабілеттерін дамыту. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Барысы: педагог балаларға үй жиһаздарымен қатар басқа да заттардың суретін таратады. Артық заттарды алып тастайды. Алып тастаған затты атайды. Педагог жиһазға жатпайтын затты алып тастағанын айтады. **(қоршаған әлеммен таныстыру, , қазақ тілі)**	**«Луллий шеңбері» ойыны.** Балалар заттар мен заттардың түстерін сәйкестендіреді. Сол заттарды сипаттайды. Мысалы, теледидар - сұр түсті. Педагог балаларға теледидар жайлы ақпарат береді. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)**	**Зейінді дамытуға арналған жаттығу.** Бәрін байқау (елеу). Бір қатарға 5-7 (ең көбі - 10) зат немесе сурет орналастырып, оларды жауып қойыңыз. Заттарды 10 сек., ашып, қайта жабыңыз да, балаларға есінде қалған барлық заттарды атауын ұсыныңыз. Заттарды қайтадан 8-10 сек., ашып, балалардан заттардың қандай ретпен орналасқанын сұраңыз. Кез келген екі заттың орындарын ауыстырып, барлық заттарды қайтадан 10 сек., көрсетіңіз. Балалардан қандай заттардың орны ауысқанын сұраңыз. Заттарға қарамай, әр заттың түсін айтып беруді сұраңыз. **(қоршаған әлеммен таныстыру)**	**"Не зат, не үшін керек?" дидактикалық ойыны.** Педагог балалардың тапқан суреттерін тақтаға ілуді ұсынады. Барысы: Бірінші бала техника бұйымдарының атын атайды, ал екінші бала қажеттілігін, пайдасын айтады. - Бұл не? Бұл - үтік. - Үтікпен не істейміз? Оны алдымен тоққа қосамыз. Ол ысиды, содан кейін киім үтіктейміз. Онымен балаларға қолдануға болмайды. - Неге? Үтік қауіпті, онымен қолымызды күйдіріп аламыз. Үтік адам тұрмысына өте қажет. Егер үтік болмаса киімдеріміз мыжырылып, қыртыстанып тұрады. Педагог ойын кезінде балаларға қосымша сұрақтар қойып, балалардың жауаптарын толықтырады. - Осы заттардың барлығын тұрмыстық техника деп атаймыз. Техникаларды ойлап шығаратын адамдар, сондықтан үлкендердің еңбегіне құрметпен қараңдар. - Бұл заттарды адамдар не үшін ойлап тапты? Ғалымдар қазіргі	**Демалу гимнастикасы.** Педагог балаларды топтың ортасына шеңберге тұрып, демалу гимнастикасын жасауды ұсынады. Әр бала өздеріне ұнаған таяқшаға ілінген гүлді таңдайды. Сөздерді айтып, қимылдарды қайталайды. Қане, қане, балалар, (балалар тұрады) Шаршағанда ырғалып, (тербеліп тұрады) Гүлге ұқсап демалам. (отырады) Жұпар иісін бір искеп, (мұрнымен демді ішіне тартып, шығарады) Гүлдей болып жайқалам. (қолдарын жоғары көтереді) Балалар 2 рет қайталайды. **(дене тәрбиесі)**

				заман талабына сай жаңа технологияларды ойлап табуда. - Техникалардың бәрі бізге керек, олар бізге қызмет етеді. Тек қана, пайдаланған кезде абай болу керек. Педагог балаларға "Естеріңде болсын!" тақырыбында сурет бойынша қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді: - Сулы қолмен токты қосуға немесе ажыратуға болмайды. - Балаларға ересектерсіз электр токтарын ұстауға болмайды. - Ересектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды. **(қоршаған әлеммен таныстыру)**	
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер:- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.**(өзін-өзі басқару дағдылары)**				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(өзін-өзі басқару дағдылары)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Өзге қалаларға саяхат» тақырыбына фотокөрме ұйымдастыру.	Кеңес. «Баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдары».	Ата-аналарға кеңес. «Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар».	«Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңестер» қабырға газеті.	Жаднама. «Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады».



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ	
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы*
Топ/сынып	***Ересек топ***
Тобы, топтың реттік саны, атауы	*«Қарлығаш»*
Балалардың жасы	***4 жастағы балалар***
Педагогтің аты-жөні	*Ташпенова Ұ.Б.*
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды	**16.02-20.02.2026 ж.** *«Адал азамат»*

көрсету)	*Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында* ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	Апта дәйексөзі:«Өнерлі бала өрге жүзер»				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың балабақшаға бейімделуіне байланысты денсаулығын қадағалап отыру. Таңертең балаларды қабылдап, бала ауырған жағдайда балабақшаға ескертуі керектігін ата-аналарға айту. Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. Ата-аналарды үйде еңбек іс-әрекетіне баулуға кеңес беру "Баланың серуенін қалай ұйымдастырамыз" тақырыбында ата-аналарға кеңес. *Өнегелі 15 минут*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***"Бөлме өсімдіктерін суғару".*** *Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.* ***(экологиялық мәдениет дағдыларын, еңбек іс-әрекеті)***	***"Ойыншықтардағы тәртіп".*** *Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбеккорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.* ***(еңбек дағдылары)***	***"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".*** *Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.* ***(еңбек дағдылары)***	***"Бөлме өсімдіктерінің топырағын қопсыту".*** *Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.* ***(экологиялық мәдениет дағдыларын, еңбек іс-әрекеті)***	***"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық".*** *Мақсат-міндеттер: кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: сабақ үшін тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою; қажетіне қарай оларды сабақтан кейін орнына жинау.* ***(еңбек дағдылары)***
	Қ.Р Әнұраны **«Спорт-лото».** Мақсат-міндеттер: балаларға спорт түрлерін үйрету, олардың бір-бірінен	*Күй күмбірі қандайды* *Барша сәби тыңдайды* *Саусақтарым бірігіп* *Домбырада ойнайды* *Балабақша өз үйі* *Тәрбиеге жалғайды*	**Тақпақ жаттау** "Тазалықтың досы" Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолың жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің, маңдайың.	*Күй күмбірі қандайды* *Барша сәби тыңдайды* *Саусақтарым бірігіп* *Домбырада ойнайды* *Балабақша өз үйі* *Тәрбиеге жалғайды*	**«Тек жақсы қасиеттерді ата»** Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет»

	айырмашылығын танып білу; спортқа деген қызығушылығын арттыру. Ойын атрибуттары: спорт түрлеріне байланысты суреттер. Ойынның барысы: балаларға спорт түрлері салынған сурет карточкасы үлестіріліп беріледі. Оны балалар тиісті суреттермен жабады. Карточканы кім бұрын жауып таса, сол жеңіске жетеді. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)** ***Дидактикалық ойын: «Кімге ақша береміз?» (қызмет түрлері)*** *Мақсаты: Қызмет көрсететін адамдарға ақша төленетінін түсіндіру. Көрнекілік: Дәрігер, сатушы, шаштараз, жүргізуші суреттері, фишкалар. Ойын барысы: 1. Тәрбиеші суреттерді көрсетеді: – «Нан алдық – кімге ақша береміз?» (сатушы) – «Дәрігер қарады – кімге ақша береміз?» (дәрігер) 2. Балалар тиісті суреттің алдына фишка қояды. Күтілетін нәтиже: – Қызмет – ақша арқылы төленетінін ойын түрінде түсінеді. – Әртүрлі мамандықтарды тануға бастама болады.* **(қаржылық сауаттылық)**	*Ата-баба дәстүрі Ұмыт болып қалмайды* ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** *Балалармен күй тыңдау* Құрманғазы «Балбырауын» күйін халқының жайдары сәттеріне арнаған. Яғни, оны балаларға қазақ даласының табиғаты мен жайлаудағы өмірді суреттейтін шығарма ретінде айтып беруге болады. **«Адалдық шеңбері»** Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды адалдыққа тәрбиелеу, зейінді дамыту. Педагог балаларды екі командаға бөледі. Бір команданың қатысушылары қолдарынан ұстап, «адалдық шеңберін» құра отырып, қолдарын жоғары көтереді. Екінші команданың мүшелері бірінің артынан бірі сапқа тұрып, көңілді музыкамен «адалдық шеңберінің» ішіне кіріп, шығады. Музыка тоқтағанда «адалдық шеңберін» құрып тұрған балалар қолдарын төмен түсіреді. Шеңбердің ішінде қалып қойған қатысушылар өздерінің адал әрекеттері туралы кезекпен айтып береді. Содан кейін командалар орындарымен алмасады, ойын қайта басталады. **(адалдық әліппесі)** ***Ұлттық ойын «Шертпек»*** *Ұлттық ойын мақсаты, ойын шарты.https://youtu.be/C6GL_3jL7UQ*	Тазалықтың досы - Су дегенің осы. Бай! Бай! -Бұл бала Қай бала? Қарашы Үстіне, Өзіне - Не түсті Көзіңе? Бет-ауыз Кір айғыз. А.Меңжанова **(тіл дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** ***«Үнемді тұтыну»*** ***Су және энергия туралы әңгіме ойыны*** *Мақсаты: Су мен энергияның маңызын түсіндіру. Материалдар: Суреттер, макеттер. Ойын барысы: Балалар суреттер арқылы судың және жарықтың пайдасын әңгімелейді. Үйретін дағды: Сөйлеу дағдылары, логикалық ойлау, табиғатты қорғау.* ***Ұлттық ойын*** ***Хан «алшы»*** *Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы. Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көзден құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк, шік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді. Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады*	*Ата-баба дәстүрі Ұмыт болып қалмайды* ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** *Балалармен күй тыңдау* Құрманғазы «Балбырауын» күйін халқының жайдары сәттеріне арнаған. Яғни, оны балаларға қазақ даласының табиғаты мен жайлаудағы өмірді суреттейтін шығарма ретінде айтып беруге болады **Дидактикалық ойын. «Не артық?», «Спорт».** Мақсат-міндеттер: есте сақтау қабілеттерін дамыту, қызықтыру. Спорт атауларын бекіту. **(тіл дамыту)** **Үйдегі қауіпсіздік** **Мақсаты:** Үйдегі қауіпсіздік ережелерімен (үйде жалғыз болғанда танымайтын адамға есік ашпау, сіріңкені электр құралдарын қолданбау) таныстыру. ***Қауіпсіздік сабағы*** ***Үйде қауіпсіздік сақтау тәртібі:*** *Егер сен үйде жалғыз қалсаң, қауіпсіздік ережелерін сақтауды ұмытпа. Мынау – балкон мен терезе. Балконға асылуға, терезеден басыңды сыртқп шығаруға немесе терезе алдына шығып отыруға болмайды. Су қолмен электр құралдарына, розеткаға, тоқ қосқышқа жанасуға болмайды. Мынау – үтік. Оның шнурынан тартпа. Тоққа қосылғанда ол өте ыстық болады. Плитаның үстінде шәйнек, таба, кастрөл тұр. Олар – ыстық. Оларды алу үшін арнаулы қолғап не шүберек керек. Мынау – дәрі салатын қобдиша. Оған тиіспе*	(адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сараңдық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады. **(адалдық әліппесі)** ***Қауіпсіздік сабағы «Жануарлармен қауіпсіздік»*** *Мақсаты: • Балаларды үй жануарларын (мысық, ит, қоян т.б.) танып білуге үйрету. • Жануарлармен қатынаста сақ болу керектігін түсіндіру. • Жануарларды жақсы көруге, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. • Сөйлеу, есту және бақылау қабілеттерін дамыту. ——— Қажетті құралдар: • Үй жануарларының суреттері немесе ойыншықтары (ит, мысық, қоян). • Қауіпсіз және қауіпті әрекеттердің суреттері (мысалы: баланың итті сипауы – қауіпсіз; итке қолын созуы немесе үркітуі – қауіпті). • Қуыршақ немесе жұмсақ ойыншық. ——— Ойын барысы: Тәрбиеші: Балаларға суреттерді немесе ойыншықтарды көрсетіп, сұрақтар қояды: • "Бұл не?" (Мысық) • "Қалай дыбыстайды?" (Мяу-мяу) • "Мысықты қалай ұстауға болады?" Балалар жауап береді, тәрбиеші түсіндіреді: "Жануарды ұрмау керек." "Қатты дыбыс шығармау керек." "Жануар ұйықтап жатса, мазаламау керек."*

			Математика негіздері "Қатарға тұрайық, спортшылар". Мақсат-міндеттер: балалардың бірден беске дейінгі реттік сандар, тура және кері санау жөніндегі білімдерін нығайту.	*және үлкендердің рұқсатынсыз ешбір дәріні ішпе! Сен үйде жалғыз қалғанда не істейсің? Тағы қандай қауіпсіздік ережелерін білесің? 101-өрт сөндіру қызметі 102-полиция қызметі 103- жедел жәрдем 104- газ қызметі 112-құтқару қызметі*	
Таңертеңгі жаттығу	**"Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)** Педагог: - Балалар, қатарда түзу тұрамыз. Енді менімен бірге жаттығуларды орындаймыз. Қолдарыңдағы доптарыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші! Енді осы доптармен жаттығулар жасаймыз! Аудиозапись ритмичной мелодии для общеразвивающих упражнений. №11 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау. 1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу. 1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою. 1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау." **(дене тәрбиесі)**				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **Бата беру** Рахмет дәміңе, Ризалық берсін бәріңе. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсін жасыңыз. **Салт-дәстүр. Қонақасы** Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Дені саудың - жаны сау" тақырыбында әңгімелесу. **(тіл дамыту, қазақ тілі)**	"Спорт" түрлері туралы әңгімелесу. **(тіл дамыту)**	Жеке бастың гигиенасы туралы әңгімелесу. **(тіл дамыту)**	Денсаулық туралы мақал-мәтелдер жаттау. **(көркем әдебиет, қазақ тілі)**	Дәрумендер жайлы әңгімелесу. **(тіл дамыту, қазақ тілі)** Ойын: «Дәрумендер»

		Ойын: «Спортшылар» балалардың бірден беске дейінгі реттік сандар, тура және кері санау жөніндегі білімдерін нығайту. **(математика негіздері)**			балалардың бірден беске дейінгі реттік сандар, тура және кері санау жөніндегі білімдерін нығайту. **(математика негіздері)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** "Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу". Мақсат-міндеттер: гимнастикалық қабырғамен әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып, қолдарын жіңішке тақтайшалардан ажыратпай, төртінші жіңішке тақтайшаға дейін өрмелеп, қайта түсу (2 рет өрмелеу); гимнастикалық орындықтың үстімен қолды белге қойып, бір аяқтың өкшесін екінші аяқтың ұшына қойып, жүру (2-3 рет) және 6 м қашықтыққа дейін алға жылжи отырып, аяқтан аяққа секіру (2-3 рет), 8 м қашықтықта жүріп келе жатып, допты (баскетбол вариантындағы үлкен диаметрдегі доп) соғуға жаттықтыру. ***Ұлттық ойын «Алтыатар» ойыны*** *Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған)баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны*	**Музыка** "Зырлайды шанамыз". Мақсат-міндеттер: балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айрықша мән беруге үйрету; топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білуге жаттықтыру **Қазақ тілі** "Тұрмыстық техника. Жеңіл - ауыр. Суық - ыстық" Мақсат-міндеттер. Тұрмыстық техника туралы түсініктерін кеңейту, тұрмыстық техниканың адам өміріндегі рөлі туралы түсінік беру; «жеңіл - ауыр», «суық - ыстық» заттардың қасиеті жайлы түсініктерін бекіту; құрылғыларға күтім жасау ережелері туралы түсініктерін дамыту. Балаларға тұрмыстық техника туралы тақпақты мұқият тыңдап, таныс сөздерді тауып атауды үйрету; сөз тіркестеріндегі тұрмыстық техниканың қызметін бейнелейтін етістіктерді дұрыс айтуға жаттықтыру; сөз тіркестерін, антонимдік жұптар құрауға үйрету; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, заттардың сапасына қызығушылықтарын арттыру. Ізденімпаздылыққа, ұқыптылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.	**Дене тәрбиесі** "Қол мен аяқтарымыз шымыр". Мақсат-міндеттер: балаларды қозғалыс бағытын өзгертіп жүру; таяқтың астынан сол бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету. **Шығармашылық іс-әрекет** «Тазалықты сүйеміз» Балалар өздерінің қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап жұмыс жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті* тазалық заттарын балалар өз қалаулары бойынша таңдап, үлгіге қарап қылқаламмен салады. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша*мүсіндеудің қысу, тарту, басу әдістерін қолдана отырып тазалық заттарын қалаулары бойынша мүсіндейді. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* тазалық заттарының пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу тәсілдерін пайдалана отырып жұмыс жасау	**Музыка** "Зырлайды шанамыз". Мақсат-міндеттер: балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айрықша мән беруге үйрету; топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білуге жаттықтыру. **Ұлттық ойын** **Күш сынаспақ** *Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады.2 бала шынтақтарын столға тірек қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады.* **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Жалбыз өсімдігі". Мақсат-міндеттер: балаларды жалбыз емдік өсімдігімен таныстыру; жалбыздың шипалы қасиеттері жайлы түсініктерін нығайту. Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау барысында балалалр қалаған орталықтарына барып іс-әрекет жасай алады. ***<u>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)</u>***	**Дене тәрбиесі** "Қанатпен тарту ойыны". Мақсат-міндеттер: балаларды қатарға бір-бірден сапқа тұру; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүгіру; таяқтың астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету. **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Денсаулығым - байлығым". Мақсат-міндеттер: балалардың денсаулық туралы білімдерін кеңейту; денсаулықты сақтау үшін денсаулық ережелері мен қағидаларын бала бойына сіңіру; әркімнің өз денсаулығына өзі жауапкершілікпен қарауы туралы ұғым беру. ***Ұлттық ойын «Тымпи»*** *Тымпи – ойынға қатынасушылар шеңбер жасап, дөңгелене отырады. Бір баланы ойынды жүргізуге белгілейді. Ол: «Ал, ойынды бастаймыз,бәрің түгел тым-тырыс тымпи!» - деп бұйырады. Бұдан кейін бірде-бір ойыншы дыбыс шығармауы, үн қатпауы керек. Алайда бастаушы ғана сөйлеуге ерікті. Ол адам күлерлік қимыл-қозғалыспен әзіл-қалжың сөздерді айтып, қалай да біреуді күлдірудің амалын іздейді. Қалжың жыр да*

	ғана сонымен болып табылады. Ату саны ─ 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі. **Шығармашылық іс-әрекет** «Бөлме гүлдері» Балалар өздерінің қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап жұмыс жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті* поролон губкасымен сурет салуды үйрету. Бейнелеу өнерінің бұл әдісі суреттің анық шығуына әсері болады. Бейнелеу өнері барысында балалар өсімдікті қорғауға, аялауға тәрбиеленеді. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша*мүсіндеудің қысу, тарту, басу әдістерін тегістеу,сылау сияқты техникаляқ іскерлігін қалыптасытру,шығармашылық қабілетін, көркемдік ойлауын арттыру.қысу, тарту, басу әдістерін қолдану дағдыларын дамыту. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру дағдыларын қалыптастыру ***«Күй күмбірі»*** *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және*	***"Менің ой-қиялым" шабыттану сәті.*** *Мақсат-міндеттер: балалардың ой-қиялын дамыту; босаңсыту жағдайын жасау.* *- Балалар, қазір, сурет салу алдында, әрқайсымыз біраз ойнанып, әуенді тыңдап, шабыт алайық.* *Құралдары: әдемі әуен жазбасы.* *Жаттығу аяқталғаннан кейін педагог балаларды аралап, нені салуды ойлағандарын сұрайды.* ***(тіл дамыту, сурет салу***	**«Айналмалы дөңгелек» ойыны (музыка)** Ойынның мақсаты: шығарманы тыңдау арқылы балаларға музыка жанрларын ажырата білуді үйретеді. Ойынның шарты: дөңгелек бетіне көбелек, барабан, ай, доп суреттері салынған карточка ұсынылады. Балалар әуенді тыңдап, дөңгелекті айналдыру арқылы вальс ойналғанда - көбелекті, марш әуенінде - барабанды, бесік жыры ойналғанда - айдың, полька биінде - доптың суреттерін көрсетеді	*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* сурет салудың дәстүрден тыс әдісі-өсімдіктермен бастырып салу әдісін пайдалану. (қатты кеуіп кетпеген жапырақпен бастырып салу) *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша*мүсіндеудің жалпақтау, бедерлеу, шымшу дағдыларын қалаптастыру. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* дайын пішіндерден жалбыз жапырақтарын пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіндегі теледидарғаорналастыру дағдыларын қалыптастыру *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балаларға құрылыс материалды ұсыну, үлгі бойынша құрастыру дағдыларын қалыптастыру ***«Күй күмбірі»*** *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*	*айтады. Ешқайсы шамданбайды. Өйткені ойынға қатынасушылардың аты қалжың өлеңге қосылмауы керек. Әзілі де, сықағы да өтпесе, бет-аузын тыржыңдатып, әр түрлі құбылтады. Қолайсыз қимылдармен құбылыстар жасап қозғалады. Жаңылыстыру үшін неше алуан сұрақтар қояды. Біреу абайсыз жаңылып сөйлесе не күліп жіберсе, айып тартады. Өлең айтады, ән салады не би билейді. Сондықтан ойынды жүргізуші тілмәр, әзілкеш, күлдіргі бала болуы керек.* **«Bells» музыкалық-дидактикалық ойын (музыка)** Ойынның мақсаты: дауысты дыбыстар арқылы ажырата білу қабілетін дамыту. Ойын шарты: әуеннің сыр-сипатына қарай қоңырауларды пайдалану. Педагог балаларды үш топқа бөледі, балалардың әрқайсысында қоңыраудың үш түрі (үлкен, орташа және кішкентай). Егер, кең өлшемдегі әуен естілсе, ойыншылар үлкен қоңырауды көтеруі керек. Қалыпты әуенге орташасын көтеру керек. Тыныш, ақырын ойналатын әуенге кішкентай қоңырауды сылдырлату керек.

	шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою ***Табиғат бұрышында гүлдерді күтіп еңбектенесіңдер ме?*** *Балаларға гүлдің тұқымын отырғызуды үйрету.Күнделікті гүлдің өсуін бақылап отыру. Бөлме гүлдерінің негізгі бөліктерімен таныстырып, білімдерін нақтылау.Бөлме гүлдерін салыстыруға,сыртқы белгілеріндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға үйрету..* *2.Балаларға бөлме гүлдерін күтіп, суаруға тәрбиелеу.Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.Сөз қорын байыту.* *3. Табиғат бұрышындағы гүлдерге қамқорлық танытуға, аялауға тәрбиелеу.* *Табиғат бұрышында гүлдерді күтіп еңбектенесіңдер ме? Қай уақытта гүлдерге су құйып, шаңдарың сүртесіңдер?* ***(экологиялық мәдениет дағдысы, еңбек әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)***				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуен	**"Қырауды бақылау."** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тілдамыту, көркем әдебиет)* Мақсат-міндеттер: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен	**Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тілдамыту, көркем әдебиет)* **Болжау.** Аязды күні қар жауса, күн жылынады. Суықтан қорықпа, суық сумен жуын.	**Қардың тереңдігін бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді,	**Қарлы боранды бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Мақсат-міндеттер. Желді ауа райындағы қардың қозғалысы туралы түсінік беру. **Ересек адамдармен бірге**	**Қардың жауғанын бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Мақсат-міндеттер: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды

	ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарына, басқа заттарға қатып, қырауға айналған. Қырау күннің ашық кезінде пайда болады. *Көркем сөз.* Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. **Қимылды ойын. «Ақ қоян». (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. **Еңбек:** бір-біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. **Жеке жұмыс:** тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы). *Жорамал.* Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады. Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды. *Жұмбақ.* Қанат сияқты ақ, Ұлпа боп жерде жатады.	Мақал-мәтел, Қыс қандай болса, жаз да осындай. **Байқау:** жылы күндері жауған қар жабысқақ болатыны. Жабысқақ қардан аққала жасауғаыңғайлы екенін балаларға түсіндіру. Ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. **Қимылды ойын. «Бәйге». (дене тәрбиесі)** Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді). Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. **Еңбек. (еңбек дағдылары)** Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру. Тәжірибе. Қардың қасиеттері. 1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады. 2. Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ болады. **Қорытынды.** - Балалар, біз бұдан дымқыл қарды жабыстырудың оңайлығын байқадық.	Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). **Бақылау.** Балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және әр жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. **Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене тәрбиесі)** Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Еңбек.** Гүлзардың орнын жинастыруды ұйымдастыру. Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. **Өз бетімен ойындар.** Өз құрдастарымен, 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда, бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету.	**орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** желді қарауға арналған айналмалы бағыттаушыны жасау. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Бірлесіп шығармашылық жұмыспен айналысу қабілетін дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене тәрбиесі)** **"Ұшақ".** Мақсат-міндеттер. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру қабілеттерін дамыту; епті, жылдам болуға тәрбиелеу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Бір жерде тұрып және жүгіріп келіп ұзындыққа секіруді үйрету.	күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей ұшады, жылырақ күндері қар ауырлау тартады,-қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады. Тапсырма. «Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну. *Көркем сөз.* "Көкше мұз" Сейіл Боранбаев. Көл бетінде көкше мұз, Көкше мұзда қызық көп. Сырғанаймыз кеште біз, Айқыш-ұйқыш сызып кеп. Қыза-қыза келгенде, Құйын болып кетеміз. Жүйрік деген желден де , Басып озып кетеміз. **Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар». (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: жылжымалы лақтырған нысанаға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. **Еңбек:** тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады. Мақсат-міндеттер: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру. **Жеке жұмыс.** «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру. *Жұмбақ.* Құм сияқты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (қар)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(өзін-өзі басқару дағдылары)**				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.				

	Бата беру Рахмет дәміңе, Ризалық берсін бәріңе. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсін жасыңыз. **Салт-дәстүр. Қонақасы** Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	«Күн астындағы Күнекей қыз» әңгімесін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** ***«Күй күмбірі»*** ***Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру***				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім" Мақсат-міндеттер: тыныш ұйқыға қолайлы жағдай ояту. **(дене тәрбиесі)**				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***Қауіпсіздік сабағы «Жануарлармен қауіпсіздік»*** *Мақсаты: • Балаларды үй жануарларын (мысық, ит, қоян т.б.) танып білуге үйрету. • Жануарлармен қатынаста сақ болу керектігін түсіндіру. • Жануарларды жақсы көруге, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. • Сөйлеу, есту және бақылау қабілеттерін дамыту.* *——— Қажетті құралдар: • Үй жануарларының суреттері немесе ойыншықтары (ит, мысық, қоян). • Қауіпсіз және қауіпті әрекеттердің суреттері (мысалы: баланың итті сипауы – қауіпсіз; итке қолын созуы немесе үркітуі – қауіпті). • Қуыршақ немесе жұмсақ ойыншық. ———* *Ойын барысы: Тәрбиеші: Балаларға суреттерді немесе ойыншықтарды көрсетіп, сұрақтар қояды: • “Бұл не?” (Мысық) • “Қалай дыбыстайды?” (Мяу-мяу) • “Мысықты қалай ұстауға болады?” Балалар жауап*	**Шығармашылық іс-әрекет** "Қанекей, сапқа тұр!" Балалар өздерінің қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап жұмыс жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті* балалардың топтас достармен бірігіп таңертеңгі жаттығуды жасап жатқан балалар бейнесін салуға бейімдеу; адамның денесін салуда пропорцияларды ұстану техникасына үйрету. Сонымен қатар балалар басқа да орталықтардыөз қалаулары бойынша іс-әрекет жасайды **(мүсіндеу, жапсыру)** *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* таңертеңгі жаттығуды жасап жатқан балалар бейнесін мүсіндеуге бейімдеу. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* жаттығу жасап жатқан адам бейнесін алдымен құрастырып, содан кейін оны желімдеу. *Құрастыру бойынша* қағаз	**Көркем әдебиет** "Аурудан аяған күштірек". Мақсат-міндеттер: балаларды "Аурудан аяған күштірек"әңгімесімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша мәтіндегі жолдарды мәнерлеп оқу; әңгіме мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету **Сюжетті-рөлдік ойын "Аурухана"** Мақсат-міндеттер: дәрігер, медбике мамандығына қызығушылықтарын ояту; балалардың медицина қызметкерлерінің міндеттері жайлы білімдерін кеңейту; сауалнама жүргізу біліктіліктерін дамыту; жанашырлыққа, басқаларға қамқорлық танытуға, көмек көрсетуге талпынуға тәрбиелеу. Балалардың дәрігер (дәрігер), медбике, пациент мамандығына деген танымдық қызығушылығын қалыптастыру. **Тапсырмалар:** **Тәрбиелік:** балалардың дәрігер мен медбикенің жұмысы туралы	**Варитативті компонент** **Қызықты математика «Геометриялық пішіндер»** Геометриялық пішіндер және денелер туралы білімдерін толықтыру; 1-ден 5-ке дейінгі сандарды тура және кері санау дағдыларын дамыту; логикалық ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін, қол моторикасын жетілдіру; адамгершілікке тәрбиелеу. **«Шаштараз» сюжеттік-рөлдік ойыны.** **Мақсаты:** "Шаштараз" ойынының сюжетін шығармашылықпен дамыта білуге тәрбиелеу. **Тапсырмалар:** **Тәрбиелік:** - балалардың шаштараз, онда жұмыс істейтін ересектердің жұмысы туралы білімдерін байыту; - балалардың рөлдік ойынға деген қызығушылығын қалыптастыру және ойын ортасын құруға көмектесу;	***Дидактикалық ойын. «Жер, су, ауа, от.»*** ***Ойын мақсаты****: Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.* ***Ойын шарты****: Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып «Жер» деген кезде жердегі өсімдіктер, заттар, адам, үй, жануарларды атап айтады, «су» дегенде суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, «ауа» дегенде ұшақ түрлерін, құстардың атарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды.* ***Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады.*** *«Ауа» дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, «Су» дегенде қолдарын алға созып жүзеді, «от» дегенде қолдарын былғайды, «Жер» дегенде қолдарын төмен түсіреді.* ***«Үнемді тұтыну»***

	береді, тәрбиеші түсіндіреді: "Жануарды ұрмау керек." "Қатты дыбыс шығармау керек." "Жануар ұйықтап жатса, мазаламау керек." **Тіл дамыту** "Жеті ағайын тақпағын мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттер: балаларды "Жеті ағайын" тақпағымен таныстыру; денсаулыққа байланысты "жеті ағайын" сөз тіркесінің ауыспалы мағынасын түсіндіру. **Театрды сахналау.** "Қаңбақ шал" ертегісін сахналау. **(көркем әдебиет)** **Дидактикалық ойын: "Геометриялық мозаика" (математика негіздері)** Педагог балаларға тақтадан геометриялық пішіндерден құралған заттардың суретін көрсетеді және геометриялық пішіндерді үлестіріп береді.	бетіндегі заттардың орналасқан орны туралы жаңа білім беру, «үстіңгі сол жақ», «үстіңгі оң жақ», «төменгі сол жақ», «төменгі оң жақ» ұғымдарын қалыптастыру; эквивалентті заттар туралы түсініктерді жетілдіру; тұрмыстық техника түрлері, шаңсорғыш пен кір жуу машинасының қажеттілігі, тазалық ережелерін түсіндіру. Балаларға геометри ялық пішіндердің қағаз бетінде орналасқан орнын ажыратуды, сөзбен айтуды үйрету; әртүрлі заттарды эквиваленттерімен алмастырып, қорытынды жасағанда заттардың түрлеріне емес, жиын санына көңіл аударуды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, зейін, жазықтықты бағдарлау, кеңістікті бағдарлау, түс пен пішінді қабылдау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларды еңбексүйгіштікке және өзін-өзі басқаруға баулу; ұғымталдыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. ***Дидактикалық ойын: «Кімге ақша береміз?» (қызмет түрлері)*** *Мақсаты: Қызмет көрсететін адамдарға ақша төленетінін түсіндіру. Көрнекілік: Дәрігер, сатушы, шаштараз, жүргізуші суреттері, фишкалар. Ойын барысы: 1. Тәрбиеші суреттерді көрсетеді: – «Нан алдық – кімге ақша береміз?» (сатушы) – «Дәрігер қарады – кімге ақша*	түсініктерін кеңейту. **Дамытушылық:** балалардың зейінін және қабылдауының тұтастығын дамыту балалардың мамандық туралы түсініктерін байыту. Балалардың ойын рөлін (дәрігер, пациент) қабылдау қабілетін қалыптастыру. Балаларды таныс медициналық құралдарды (ойыншық) пайдалана отырып, таныс "Аурухана" ойынының сюжетін ойнауға ынталандыру. **Тәрбиелік:** ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, ұжымда, қоғамда мәдени мінез-құлық дағдыларын тәрбиелеу. Өз денсаулығына ұқыпты қарауды, сезімталдық таныта білуді, науқас адамға қамқорлықты қалыптастыру. **Нысан:** сюжеттік-рөлдік ойын **Қатысушылар:** тәрбиеші, 20 бала **Білім алушылардың жасы:** дайындық тобы 6-7 жас. **Алдын ала жұмыс:** дәрігердің, медбикенің жұмысы туралы әңгімелесу; иллюстрацияларды қарастыру; К.И.Чуковскийдің ертегісін оқу "Айболит"; дидактикалық ойын "Жақсы – жаман". **Жабдықтар мен материалдар:** дәрігерлер кабинетіне арналған үстелдер мен орындықтар, дәрігерлер мен медбикелерге арналған киімдер (халаттар, бас киімдер), балалар жиынтығы «Аурухана", дәрі-дәрмектер, касса, медициналық карталар, сақтандыру полюсі, қаламдар, дәптерлер, қағаздар, қуыршақтар. **Рөлдер:** дәрігер, медбике, науқастар. **Ойын барысы:**	- сюжет жоспарының өзгеруіне байланысты ойын кеңістігін өзгерту қабілетін қалыптастыру; - балаларға бірлескен ойын барысында өзара қарым-қатынас орнатуға көмектесу. **Дамытушылық:** - рөлдерді бөлу, ойдан шығарылған жағдайға ену және соған сәйкес әрекет ету қабілеттерін дамыту; - ойын жоспарына сәйкес рөлдік диалог жүргізу қабілетін жетілдіру; - балалардың сөздік қорын байыту және белсендіру. **Тәрбиелік:** - шаштараз қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу; - тәрбиелеу ойын барысында бір-біріне деген достық қатынас. **Сөздікті белсендіру:** шаштараз, тапсырыс беруші (клиент), әкімшілік (администратор), фойе, қызметкерлер, қайшы, тарақ, шаш үлгісі, сәндеу, бояу, фен, шаш қию,курьер. *Қаржылық сауаттылықты дамыту*: қызметке ақы төлеу, ақша мен қызмет арасындағы байланысты көрсету. • Шаш үлгісін жасауға арналған құралдармен таныстыру: қысқаш, бұйралайтын құралдар. **Материал және ойын жабдықтары:** - фойе *(орындықтар, кофе үстелі, журналдар, каталогтар)*; - әкімшіліктің (администратор) жұмыс орны *(үстел, орындық, дәптер, қалам, телефон, шай қызметі, касса, ақша)*; - шаштараздың жұмыс орны (құралдар жиынтығы, орындық, айнасы бар үстел, көйлек, алжапқыш, майлықтар,	***Су және энергия туралы әңгіме ойыны*** *Мақсаты: Су мен энергияның маңызын түсіндіру. Материалдар: Суреттер, макеттер. Ойын барысы: Балалар суреттер арқылы судың және жарықтың пайдасын әңгімелейді. Үйрететін дағды: Сөйлеу дағдылары, логикалық ойлау, табиғатты қорғау.* **Шығармашылық іс-әрекет** "Дәрумендер". Балалар өздерінің қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап жұмыс жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* сурет салудың дәстүрден тыс әдісі-жемістермен бастырып салу дағдыларын қалыптастыру. Екіге бөлінген алма бөлінген. Бөлінген алманың жартысын гуашқа батыру арқылы қағазға алма бейнесін бастырып шығару. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* балалар өз өалаулары бойынша дәруменге бай жемістерді мүсіндейді *Жапсыру бойынша* балаларды түрлі-түсті майлықтарды жырту, умаждау әдісі арқылы өздері таңдап алған жеміс қимаүлгісінің үстіне желімнің көмегімен жапсыруға, дайын жемістерді қағаздан жасалған себеттің үстіне жапсыруға үйрету. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп,

		береміз?» (дәрігер) 2. Балалар тиісті суреттің алдына фишка қояды. Күтілетін нәтиже: – Қызмет – ақша арқылы төленетінін ойын түрінде түсінеді. – Әртүрлі мамандықтарды тануға бастама болады. **(қаржылық сауаттылық)**	Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде қонақтар бар. Оларға сәлем айтайық. Тәрбиеші: Балалар, сендер "Сәлем" сөзінің мағынасын білесіңдер ме? "Сәлем" бұл бір-бірімізге денсаулық тілейтін кезіміз. Сіздің ойыңызша, бізге денсаулық не үшін қажет? Балалардың жауаптары. Тәрбиеші: Сендер қандай кереметсіңдер, денсаулығымыз болмаса, қолымыздан келмейді, біз ауырып, ойнай алмаймыз, серуендей алмаймыз, достарымызбен сөйлесе алмаймыз. Денсаулықты қалай сақтауға болады? Балалардың жауаптары. Тәрбиеші: Расында, дұрыс тамақтану, спортпен шұғылдану, т.б. Ал егер соған қарамастан адам ауырып қалса, не істеу керек? Балалардың жауаптары. Тәрбиеші: Әрине, ол ауруханаға дәрігерге қаралуы керек. Тәрбиеші: Егер біреудің денсаулығы нашар болса, Себеп ..... (дәрігерлер). - Күте тұр, балақай, жылама! Бүгін біз сіздермен "Емхана" ойынын ойнаймыз Емханада қандай дәрігерлер жұмыс істейді? Балалардың жауаптары. (ЛОР дәрігері, оптометр, педиатр, стоматолог, кардиолог және т.б. Дәрігер қандай жұмыс істейді? Дәрігерге кім көмектеседі? Балдың көмегі қандай. Әпкелер? Балалар, дәрігердің қабылдауына жолдама алу үшін қайда бара	косметика, бас жууға арналған құрал-жабдықтар, сүлгі); - техникалық персонал (швабра, сыпырғыш, шөміш, шелек және т.б.); - Ойынға арналған "ғажайып дорба", сандық, смайликтер, құм сағаты, курьерге арналған руль. **Алдын ала жұмыс:** - шаштараз мамандығы туралы әңгімелесу, балалармен әңгімелесу: "Мен анаммен шаштаразға қалай бардым", балалармен әңгімелесу: "Шаштараздың қандай құралдары бар?", тақырыбы бойынша иллюстрацияларды қарастыру: "Шаштараз", "Шаш үлгісі " альбомына шолу Заттармен сөздік ойындар: "Жұмыс үшін кімге не керек?" Дидактикалық ойын: "Тарақ не үшін қажет" Саусақ ойыны: "Өру" Рөлдік ойынға қажетті атрибуттарды дайындау "Шаштараз", оқу С. Михалков "Жылы шаштараз", А.Вихордың "Мен таңертең шошқа өремін!" өлеңін оқу, Б.Житковтың "Мен не көрдім?", "Осындай әр түрлі шаш қыстырғыштарын" модельдеу, питомник рифмасын оқу "Өрімді белге дейін өсіріңіз ". **Рөлдік ойын барысы:** **Тәрбиеші:** Балалар, шаштараз деген сөзді қалай түсінесіңдер? Бұл не? (Балалардың жауаптары). Дұрыс. Шаштаразда сіз бен маған қажет адамдар жұмыс істейді! Олар туралы еске түсіріп, сұрақтарға жауап берейік:	шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға *айналдыру дағдыларын қалыптастыру.* **Сюжеттік-рөлдік ойын «Өрт сөндірушілер»** **Ойынның мақсаты:** Балаларды үйде қауіпсіздік ережелерін сақтап, жауапкершілікке тәрбиелеу, қауіпті жағдайларды ескере отырып, үлкендердің айтқанын тыңдауға баулу. Тәрбиеші: енді балалар мен жұмбақ жасарғым келіп тұр. Жердің бәрін жейді, Жолда кезіккеннің, Аямай бәрін жейді, Бұл қандай алпауыт? (Өрт) Қимылы оңдырмас, Кішкентай қоңырбас (шырпы) Осы бір тал шырпыдан алапат өрт шығуы мүмкін. **Ойынның барысы:** Отбасы ас бөлмесінде отырады. Анасы ас дайындап жатып, күйеуіне: «Әкесі кешке қонаққа көршілерді шақырайық»−дейді. Әкесі: «Шақырсақ шақырайық» −дейді. Анасы газды сөндірмей қасына орамалды қойып, өзі көйлегін үтіктеуге кетеді. Көйлегін үтіктеп жатқанда қасына күйеуі келіп: «Үтікті сөндіруді ұмытпа» −дейді. «Әрине» −дейді анасы. Анасы көршілерлерді қонаққа шақыруға кетеді. Үйіне қайтып келсе, үйдің іші көк түтін. Күйеуі **101** нөмеріне хабарласады. Сосын сиренаның даусымен өрт сөндірушілер келеді. Олар өртті сөндіреді. Полиция,

			жатқанымызды айтыңдар ма? Дұрыс Бал. Тіркеуші. Дәрігерге жолдама алып, бал алу үшін нені жариялауымыз керек.карта? Ал енді сіздермен дене шынықтыру минутын өткізейік "Күн" Бұлттың артынан күн шықты, Біз қаламдарды күнге қарай созамыз. (Созылу — қолды жоғары көтеру.) Содан кейін екі жаққа қолдар Біз кеңірек ажырасамыз. (Қолды екі жаққа созу.) Жаттығуды аяқтадық. Аяқтар, арқалар демалды. Сонымен балалар емханаға барады. Бізде стоматолог, ЛОР дәрігері, оптометр, педиатр және бал, тіркеуші сияқты дәрігерлер жұмыс істейді, онда сіз дәрігердің қабылдауына жолдама ала аласыз. Өтінемін, жұмысыңызға орналасыңыз. Ал емделушілер ата-аналарымен бірге тіркеу бөліміне кезекке тұрады. Балалар өз орындарын алады. Дәрігер мен медбике үстелге, науқастар орындықтарға отырады. Дәрігер орындыққа отырады. Тәрбиеші: Аурухана тыныш болуы керек екенін ұмытпаңыз, шу шығармаңыз, дәрігердің науқас балаларды емдеуіне кедергі жасамаңыз. Дәрігер мен науқастың диалогы келесідей құрылады: Дәрігер: Сәлеметсіз бе, сіздің атыңыз кім? Науқас: Сәлем айтады, атын атайды. Дәрігер: Сізге не ауырады? Науқас: Ауырып жатқанын айтады. Медбике дәрігерге жазып,	- Шаштаразда кім жұмыс істейді? - Олар қандай жұмыс істейді? - Шаштаразға қалай жетуге болады? **Шешім:** Шаштараз ашып, қызметкерлерді жалдау немесе қоңырау шалу қажет. **2. Ойынға деген қызығушылықты арттыру.** Радиода шаштараздың ашылғаны туралы хабарланды: Назар аударыңыз! Назар аударыңыз! Сіздің тобыңызда шаштараз ашылады , онда өз ісінің шеберлері жұмыс істейтін болады! Олар барлығын қуана қабылдайды! Қызметтер әр түрлі: - шаш үлгісін жасау; - шаштараз, сәндеу; - шашты бояу. Қызметтерге 1-33-22 телефоны арқылы жазылуға болады. Келіңіздер! Асығыңыз! Шаштаразда сіздерді күтеміз! Бірінші күні жазылған адам бір ақысыз қызметті пайдалана алады. Біздің шаштаразға мамандар қажет: шаштараздар (әйелдер, ерлер және балалар шаштарын қиюға арналған), тазалаушы. Әкімшілікке хабарласыңыз. **3. Ойын әрекеттері, диалогтар:** **Тәрбиеші:** Біздің ойын үшін балалар біз шаштараз ашып, қызметкерлер жинауымыз керек. Шаштараз ашамыз ба балалар. Мен әкімшілік қызметшісі бола аламын ба? Бізге кадрлар жинау керек. Ол үшін "Ғажайып дорба"ойыны арқылы қызметкерлерді жинаймыз. Ол үшін дорба ішінен кезекпен суретпен бейнеленген карточкаларды аламыз.	дәрігер келеді. Дәрігер анасының қан қысымын өлшейді. Өрт сөндіру барлығын қасына жинап алып: «Өрт қауіпсізідігін қатаң сақтаңыздар! Өрт өте қауіпті Егер өрт шықса дереу **101** нөмеріне хабарласыңыздар» −дейді. Полиция: Егер бұзақылар келсе 102 нөміріне хабарласыңыздар. Дәрігер: Егер біреу ауырып қалса 103нөміріне хабарласыңыздар. Тәрбиеші: Балалар, өрт қауіпсіздігіне абай болумыз қажет.

			көмектеседі. Содан кейін дәрігер тексеруді бастайды. Науқас дәрігерге алғысын білдіреді, қоштасады, сыртқа шығады. Келесі науқас кіреді. Ойын жалғасуда. 2-3 пациенттен кейін дәрігердің рөлін өзгерту ұсынылады. (Мұғалім ойынға көмектеседі және қатысады). Қорытынды: Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар, тексерістен өттік, бәрі сау, медбике дәрумендер жазып берді! Ойын сізге ұнады ма? Біз бүгін не ойнадық? Балалар: ауруханаға. Тәрбиеші: Дұрыс! Әрқашан мұқият, сүйіспеншілікпен Біздің дәрігер сіздерді емдейді, балалар. Сіздің денсаулығыңыз жақсарған кезде - Ол бәрінен бұрын қуанады. Балалар ойынға өте белсенді және тату қатысты. Тәрбиешімен бірлескен ойыннан кейін балалар қуыршақтармен ойында жеңіліп қалады.	(*Балалар карточканы шығарады, осылайша әр бала қызметіне орналастырыладыОлар қажетті аттрибуттарды алып, өз орыдарына жайғасады.* **Тәрбиеші *(әкімшілік қызметкері)***: Біздің салонның құрметті қонақтары біздің шаштараздағы жұмыс сапасын жақсарту үшін бір минут назар аударыңыз, сізден біздің шеберлердің жұмысын бағалауыңызды сұраймын, біздің шеберлер сізге қызмет көрсеткеннен кейін смайлик таңдап, оны қорапта қалдыру керек. . **Тәрбиеші *(әкімшік қызметкері)*** клиенттермен кездеседі: Қайырлы күн! Сіздерді шаштаразда көргенімізге қуаныштымыз Сізге қандай қызмет түрі керек? **Клиенттер:** Бүгін біз мерекеге жиналамыз. Біз әдемі шаш үлгісін жасағымыз келеді. **Тәрбиеші *(әкімшік қызметкері)*** клиенттермен кездеседі: Қайырлы күн! Сіздерді шаштаразда көргенімізге қуаныштымыз "*Ертегі*". Сізге не керек? **Клиент:** Мен шашымды бояғым келеді. **Тәрбиеші (әкімшілік қызметкері):** Біздің шаштаразда бүгінде өте тәжірибелі шеберлер жұмыс істейтінін білесіздер. Оларды таныстыруға рұқсат етіңіздер, біздің шаштараздар кез келген шаш үлгісін жасайды. Фойеде өтіңіз. Сіз каталогтар мен журналдарды қарай аласыз. Отырыңыз. Сонымен қатар, бізде сіз бір кесе сиқырлы шай іше аласыз.	

				Клиент: Маған бір шыны шай беріңізші. *(клиенттер шаш үлгісін таңдайды)* **Шаштараз:** Өтінемін, өтіңіз. Сәлеметсіз бе! Сізге не керек? **Клиент:** Сәлеметсіз бе! Мен осы шаш үлгісін алғым келеді. **Шаштараз:** Жарайды! Алдымен басымызды жуайық. Өтінемін, раковинаға барыңыз. *(әрекеттер орындалады).* **Клиент:** Рахмет! Маған қатты ұнады! **Төлем енгізу (қаржылық сауаттылық)** Шаштараз: — Енді қызмет үшін төлем жасауды ұмытпаңыз. Билетті немесе ойнауға арналған токенді маған бересіз бе? Клиент: — Міне, менің токенім/ойыншық ақшам. Шаштараз: — Рақмет! Қызмет үшін төлем қабылданды. Енді шаш үлгісін жасаймыз. Оқиға барысында: • Клиенттің төлем жасауы арқылы балалар ақша мен қызмет арасындағы байланысты түсінеді. • Шаштараз қызметін орындап болған соң, клиент қанағаттану белгілері көрсетеді: — Рахмет! Маған қатты ұнады! Шаштараз: — Өтінемін! Тағы келіңіз. Мейірімді болыңыз, смайлик қалдыру үшін әкімшілікке хабарласыңыз. (*шаштараз әкімшілік қызметкеріне жақындап, шампунь, шаш бояуы біткенін хабарлайды*). **Тәрбиеші *(әкімшілік қызметкері)*** компанияға телефон соғып, қажетті	

				тауарларға тапсырыс береді. Сәлеметсіз бе, шаштаразға сусабын, шаш бояуы, майлықтар және т.б. әкелуіміз керек.) **Шаштараз:** Өтінемін, өтіңіз. Сәлеметсіз бе! Сізге не қандай қызмет түрі керек? **Клиент:** Сәлеметсіз бе! Мен шашымды бояғым келеді. **Шаштараз:** Жарайды! Алдымен басымызды жуайық. Өтінемін, раковинаға барыңыз. *(әрекеттер орындалады)* **Клиент:** Рахмет! Маған қатты ұнады! **Шаштараз:** Өтінемін! Тағы келіңіз. Мейірімді болыңыз, смайлик қалдыру үшін әкімшіге хабарласыңыз. (*шаштараз әкімшілік қызметкеріне жақындап, шаш бояуы біткенін және т.б. хабарлайды*.) **4. Ілеспе ойын** **Жүргізуші-курьер** тізімдегі барлығын қорапқа салып, салонға әкеледі, тауарды әкімшіге тапсырады, ақша мен түбіртек алады, кетеді. **Техникалық персонал (тазалаушы)** салонның тазалығын қадағалайды. **5. Ойынның соңы.** Жұмыс күнінің соңында әкімшілік сағат сағатына назар аударады, бұл бес минуттан кейін жұмыс күні аяқталатынын білдіреді. **Тәрбиеші *(әкімшілік қызметкері)*:** Құрметті шаштараз қызметкерлері, және біздің қонақтар біздің шаштараздың жұмыс күні аяқталды, орындарыңызды ретке келтіріп, фойеге жиналуларыңызды сұраймыз. (*Олар өз орындарын жинап*,	

				фойеге жиналады). **Тәрбиеші *(әкімшілік қызметкері)*:** Бүгін бізде өте жақсы күн, өйткені барлық клиенттер көңілді смайликтерді таңдады, бұл біздің қызметкерлердің жақсы жұмысын көрсетеді. Мен де баршаңызға естеліктеріңізді суретке түсіруді ұсынғым келеді. *(әкімшілік қызметкері барлығын суретке түсіреді)*. **6. Ойынды бағалау:** 1. Қарым-қатынасты бағалау. Тәрбиеші балалардан тату ойнадың ба, ұрысып қалдың ба, жоқ па, әрқашан келісе аласың ба деп сұрайды. Балалардың жауаптарынан кейін ол қарым-қатынасқа өзіндік баға береді: балаларды мақтайды. 2. Қабылданған рөлге сәйкес іс-әрекеттерді бағалау. *Іс-әрекет соңында балалармен шашты моделдеу және шаш моделдеу үлгісімен , шашды моделдеуге арналған құралмен (қысқашпен-шаша бұйралайтын құрал) таныстыру.* Ерлер шаш үлгісін түрлі өрнектер салумен сәндесе, қыздар қауымы шашатарын бұйралап, түрлі үлгіде сәндейді.	
Балалармен жеке жұмыс	**Ескен Елубай. Жаңа санамақ** Бір - Таңертен тұр. Екі - Шынығып, бекі. Үш - Тазала тіс. Төрт - Сабындап жу бет. Бес - Сүртін тез. Алты - Үйді жина жалпы.	**«Айналмалы дөңгелек» ойыны** **(музыка)** Ойынның мақсаты: шығарманы тыңдау арқылы балаларға музыка жанрларын ажырата білуді үйретеді. Ойынның шарты: дөңгелек бетіне көбелек, барабан, ай, доп суреттері салынған карточка ұсынылады. Балалар әуенді тыңдап, дөңгелекті айналдыру арқылы вальс	**«Өс, ұлан!»** Сау болсын десең, Он екі мүшең! Ерте тұр! Құлақ түр! Тыңда сыр, Жапырақтар сыбырлар. Күн нұрын күт! Таза ауа жұт! Бойыңа құт! Жүгір, желмен жарысып, Нұрға сылан, Болып қыран Өс ұлан! Ө. Тұрманжанов	**Мазақтамалар жаттау.** Мақсат-міндеттер. МАУБАС Маубас, маубас, маубассың! Мүлгігеннен танбассың, Қалғыңанға қанбассың… Өміріңде осылай Ұйықтап өтсең оңбассың! САЛАҚ Салақ, салақ, салақсың: Өз үйіңе қонақсың; Таза емесссің, кір- кірсің;	**"Дене мүшелері" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кеудеге қою) Бәрі осыдан басталған. Мынау – басым ақылды, (Екі алақанды басқа қою, сипау) Бәрін осы басқарған. (Сұқ

	Жеті - Киін енді. Сегіз - Асыңды жеп, іш. Тоғыз - Ыдысты жу тегіс. Он - Сабақ оқы Осыдан соң. Бұл санамақ жаңа, Күнде өстіп сана. **(тіл дамыту, математика негіздері)**	ойналғанда - көбелекті, марш әуенінде - барабанды, бесік жыры ойналғанда - айдың, полька биінде - доптың суреттерін көрсетеді.	**(көркем әдебиет)**	Ақ емесссің, жолақсың; Кейде қара күйесің; Кейде қызыл далапсың; Әй, салақсың, салақсың! ҚОМАҒАЙ Әй, қомағай, қомағай! Екі ұртың тола май, Екі уысың және май, Соғып жатсың қарамай, Болмайсың ғой Толағай! **(тіл дамыту, көркем әдебиет)**	саусақ жоғары) Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек-кезек екі жаққа сермеу Мынау – сол қолым. Барлық істі басқарған. (Шапалақтап) **(тіл дамыту, дене тәрбиесі)**
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, илуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(дербес әрекет)**				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(***экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет***)**				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Бала мінезін тәрбиелеу мәселелері» ата-аналарға кеңес.	«Отбасылық үлгі өнеге» ата-аналармен әңгімелесу.	«Бала құқығын қорғау парызымыз» ата-аналарға кеңес.	«Баланы ойлауға қалай үйретуге болады?» ата-анларға кеңес.	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ	
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы*
Топ/сынып	***Ересек топ***
Тобы, топтың реттік саны, атауы	*«Қарлығаш»*

Балалардың жасы	***4 жастағы балалар***				
Педагогтің аты-жөні	*Ташпенова Ұ.Б.*				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**23.02-27.02.2026 ж.**				
	«Адал азамат» *Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында* ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	Апта дәйексөзі:«Жаңашылдық - заман талабы»				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қайрымдылық пен қуаныш сыйлайтын күн» әңгімелесу. Әңгімелесу "Баланы еңбекке тәрбиелеу". Психолог кеңесі. Мысалы, «Ересектердің балаларға үлгі көрсетуі, салауатты өмір салтына баулуы». - балалармен бірге телехабарларды қарау және олардың пайдасы, маңыздылығы, алуан түрлілігі туралы әңгімелесу. ***Ата-анаға кеңес: «Ұлттық тағамның бал денсаулығына пайдасы»*** *Денсаулыққа: • ет тағамдары (бешбармақ, қазы, қарта) – күш-қуат береді, • сүт тағамдары (қымыз, шұбат, айран) – ас қорытуға пайдалы, дәрумендерге бай, • нан тағамдары (бауырсақ, шелпек) – қуат береді.* *Өнегелі 15 минут*				
		жаңашырлыққа, ертегілерге деген сүйспеншілікке тәрбиелеу. «Киіз үй жабдықтары» **(математика негіздері)** Мақсат-міндеттері: сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). ***Ұлттық ойын*** ***Ошақ*** *Ойын шарты: Балалар түгел сиятындай етіп, үлкен төрт бұрыш сызылады. Балалар тең екі топқа бөлінеді. Төрт бұрышты «Ошақ» деп атайды. Ошақтың ішінде қай топ қалатындығын жеребе тарту арқылы шешеді. Жеребеден ұтқан топ ошақтың сыртында қалады да, жеңілгені ішке кіреді. Сыртта қалған топтың қолында кішірек доп болады. Сол доппен сырттағылар сызықтың ішіндегілерді ұрады. Доп тиген ойыншы сыртқа шығады. Егер лақтырған допты іштегі ойыншы денесіне тигізбей немесе жерге түсірмей қағып алса, сыртқа шығарылғандардың біреуін қайта кіргізіп алады. Сызықтың ішінде жалғыз ойыншы қалса, ол ұтқан топтың бұйыруы бойынша 10 не 20 рет сызықты айнала жүгіреді. Ол ойын ережесін ойдағыдай орындаса, сызықтан шыққан өз тобының бәрін қайта ішке кіргізіп алады. Егер орындай алмай құлап қалса, өзі де сыртқа шығады. Бұл — топтың ұтылғаны. Мұндай жағдайда ойын қайта*	дағдыларын қалыптастыру *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.	***ойын*** ***Мақсаты:*** *балаларды еңбектің нәтижелері мен адамның мамандығы арасында байланыс орнатуға үйрету. Балаларға еңбек пен ақша табудың өзара байланысын түсінуге көмектеседі, сондай-ақ еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулиды. Балалардың әртүрлі мамандықтарға және олардың адам өміріндегі маңызын білуге қызығушылығын ояту.* ***Материал:*** *әртүрлі мамандықтар және мамандық иелері қолданатын құралдар мен заттар бейнеленген карточкалар.* *Барысы: бала мамандықты сол мамандық иесі қолданатын заттармен және құралдармен сәйкестендіреді. Карточкаларды сәйкестендіре отырып, бала осы мамандықтың маңыздылығы туралы немесе осы мамандық бойынша жұмыс істейтін ата- аналары туралы айтады.* ***(қаржылық сауаттылық)***	мүмкіндік беру.

		басталады.			
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуен		**Қарды, қар түсуін бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Жұмбақ. Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тоңады. (қар) Өлең. Көктен тартып күн нұрын, Жерден тартып жылылық. Әнін тыңдап бұлбұлдың, Қызғалдақтар тұр күліп. **Бақылау.** Қарды бақылауды жалғастыру, көктемгі қардың қасиеті туралы түсініктерін нақтылау. Қыста болған қармен көктемдегі қардың түстерін салыстыру (сұр, боз, лас). Балалардың назарын үстінде мұз қабаты пайда болып, оның астында боз қар болатынына; қар бірінен соң бірі еріп, суға айналады, сондықтан қардың шөгуіне назар аудару. **Қимылды ойын: «Таспаны ұстап ал». (дене тәрбиесі)** Балаларды (белбеуге артынан байланған) таспаны сақтай отырып жүргізушіден қашуға үйрету. **Еңбек.** Аулада өз беттерімен міндеттерін орындауға үйрету (ыдысына жем шашу). Табиғат мекендеушілеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Спорт алаңындағы ойындар. **(дене тәрбиесі)** Қозғалыс белсенділігін, шапшаңдығын дамыту. Алаңда өз бетімен ойынды таңдауға үйрету.	**Қар суын бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Жұмбақ. Жатты да жатты, Жылғаға жаратты. (Қардың еруі) **Бақылау.** Қар қалындығының өзгеруіне назар аудару. Күннің қыздыруымен қардың жұқа жері еріп, қар суына айналады. Қар суы күннің жарқырап тұрғанында және қыздырған жерінде пайда болады. Қар астынан пайда болған алғашқы көк шөпке назар аудару, көктемнің сұлулығына қызығушылығын арттыру. **Қимылды ойын. "Горелки" (орыс халқының ойыны). (дене тәрбиесі)** Жолдастарымен келісіп алаңда жүгіруге (және орындарына тұруды) үйрету. Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Өз бетімен ойындар.**	**Көктемдегі құбылыстарды бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Жұмбақ. Жылт-жылт еткен. Жырадан өткен. (су) **Бақылау.** Көктемдегі құбылыстар туралы білімдерін қалыптастыру. Жылғалардың пайда болуына назар аудару: неліктен су бір жерде ғана ағады, ал бір жерде ақпайтынын түсіндіру. Жинақталған тәжірибе арқылы табиғат құбылысының байланысын анықтау. **Қимылды ойын: «Қармақ». (дене тәрбиесі)** Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. Оның қолында «қармақ» (скакалка) қармақты төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа» түсіп қалмау үшін орында тұрып жоғары секіреді. Кімге қармақ тиіп кетсе, сол ойыннан шығады. **Еңбек.** Аула маңын қоқыстан тазарту. **(еңбек дағдылары)** Ұжымда еңбектене білуді қалыптастыру, жұмысты жоспарлау, бақылауды іске асыру. Ұқыптылық пен белсенділікке тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар: «Қайық станциясы». (дене тәрбиесі)** Қайықшалар жіберуге ұсыныс жасау. Өз еріктерімен пайда болған ойын тобын мадақтау.	**Күннің шұғыласын бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)* Жұмбақ. Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күнніңкөзі) **Бақылау.** Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. **Қимылды ойын. «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны). (дене тәрбиесі)** Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай, кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. **Еңбек.** Жолдарды қардан тазарту. **(еңбек дағдылары)** Берілген тапсырманы жауаптылықпен орындау. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға үйрету. **Өз бетімен ойындар.** Өз бетімен атрибуттар мен көмекші заттарды таңдай білуін, ойын шартын орындауға талаптандыру, мадақтау. **(дене тәрбиесі)**
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау,				

	құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. *Көркем сөз* Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. *Салт-дәстүр. Наурыз көже* Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	«Ай мен Күн» ертегіін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. «Пойыз» ойын жаттығулары. **(дене тәрбиесі)**				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		**Шығармашылық іс-әрекет** "Үй жиһаздары". Балалар өздерінің қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап жұмыс жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* сандықтың пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. қазақтың ұлттық жиаздарымен таныстыру; ермексаздан сандықты мүсіндеуге және қосымша бөлшектермен безендіруге, өрнекті қырнауыштың көмегімен бедерлер түсіру арқылы	"Жеті ата тақпағын мәнерлеп оқу". **(қазақ тілі)** Мақсат-міндеттер: балаларды халықтың дәстүрі, жеті ата туралы тақпақпен таныстыру, "жеті ата шежіресі" ұғымын түсіндіру; туыстық жөнінде түсініктер аясын кеңейту; сөйлеудің монолог және диалог мысалыдарын көрсету. **Қоршаған әлеммен таныстырудан** "Бәйшешек". Мақсат-міндеттер: балалардың бәйшешек туралы түсініктерін кеңейту; көктемде пайда болатын бәйшешектің ерекшеліктерімен таныстыру; наурыз айындағы көктемгі табиғаттың белгілерін ажыратып, атай білуге үйрету. **Дауысқа арналған жаттығулар**	**Вариативті компонент** **Қызықты математика** "Алдар Көсенің мерекелік сыйлары". Мақсат-міндеттер: балалардың сілтеуіш арқылы қатарда орналасқан геометриялық пішіндерді санап, жиынын асық эквивалентімен және санмен сәйкестеу туралы ұғымдарын жетілдіру. **Шығармашылық іс-әрекет** "Ұлттық әшекейлер". Балалар өздерінің қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап жұмыс жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* ұлттық әшекей бұйымдарымен таныстыру; дәстүрден тыс сурет салу-майшамды қолдану арқылы	***Қауіпсіздік сабағы «БӨТЕН АДАМ ЕСІК ҚАҚҚАНДА АШУҒА БОЛА МА?»*** *Балаларға есікті қағып жатқан бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету.* *Міндеттері:* *Бейтаныс адамдарға неге есікті ашуға болмайтынын түсіндіру. Балаларға есікті кімдерге ашуға болатынын үйрету.* *Балалардың білімін практикалық жаттығулар мен ойындар арқылы бекіту.* *Материалдар мен ресурстар: әртүрлі адамдарды бейнелейтін суреттер немесе карточкалар (таныс және бейтаныс).* ***«Кімге есік ашуға болады»***

		толықтыруға үйрету. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балаларды құрамында: тақтайша, білеу, текше бар құрылыс материалдар жинағынан үй жиһаздарын құрастыруға үйрету. ***«Жас эколог»*** *Топқа хат келеді. Хатты Эколог жіберіпті. Балалар біздің планетамызда ауа, сулар ластанып, орман ағаштары өртеніп, кесіліп жатыр. ауа ластануынан балалардың демалысы қиындап көп ауыра береді. Завод, фабрикалар, түрлі өндіріс орындары және машиналар, космос корабльдері көбейді. Бірақ та, бұлар бізді қуантпайды. Біздер бақтардың гүлдегенін, құстардың сайрағаннан, ағаштардың жайқалып өскенін, жәндіктердің жыбырлап жүргенін өзендерден сылдырлап таза су аққанын, көбелектердің қанатын қағып ұшқанын қалаймыз. Балалар, сіздер де бізге көмекке келіңіздер. Балалар, қоршаған ортаны қорғауға, ластамауға, көркейтуге бізді эколог мамандары шақырып жатыр екен, көмектесеміз бе? Біздер де экологтар сияқты табиғатты қорғауға көмектеейік.Балалар Эколог	**(музыка)** Педагог дауыс жаттықтырудың жаңаша тәсілін қолдану мақсатында ұршықты көрсетіп: - Балалар, ұршықтың не екенін ұмытып қалған жоқсыңдар ма? Жүннен жіп иіретін құрал. - Балалар, ұршық қолөнер бұйымы. - Балалар, ұршықтағы жіптің өзіне тән дыбысы бар. Естігілерің келе ме? Иә. - Олай болса, балалар, тыңдаймыз. Педагог микрофонды ұршықтың жібіне жақындатып, жіпті тартқан кезде «дың» деген дыбыс естіледі. Балалар дыбысты тыңдайды. - Балалар, ұршықтың жібін тартқан кезде қандай дыбыс шықты? «Дың». Жақсы. - Кәне, бәріміз қайталайықшы «Дың -дың -дың». Жарайсыңдар! - Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз. Жарайсыңдар! - Балалар, әнді айту үшін құлағымызға жаттығу жасаймыз. - Кәне, бәріміз мұрынмен дем алып, сол демді үнемді түрде гүлді үрлеу арқылы сыртқа шығарып үрлейміз. Жарайсыңдар! - Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз. - Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля - Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля - Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми - Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми Жарасып тұр сәніміз, Ән шырқайық бәріміз. Естіген жұрт таң қалсын, Әдемі ән шырқалсын. - Тамаша!	сурет салу, губкамен бояу техникасында іс-әрекет жасау дағдыларын дамыту. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* қазақтың ұлттық әшекей бұйымдарымен таныстыру; тұзды қамырдан мүсіндеуге және бұйымдарды қосымша бөлшектермен безендіруге, өрнекті қырнауыштың көмегімен бедерлер түсіру арқылы толықтыруға үйрету *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* ұлттық әшекей бұйымдарымен таныстыру ,ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (әшекей бұйымдары), таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру.	***ойыны*** *Тәрбиеші суреттерді көрсетеді немесе әртүрлі жағдайларды әңгімелейді, ал балалар есікті ашуға бола ма, жоқ болмайды ма туралы айту керек. Мысалы: «Әжем есік қағып жатыр», «Формадағы бейтаныс адам», «Анамның құрбысы» және т.б.* ***«Қауіпсіз қоңырау» ойыны*** *Тәрбиеші біреу есіктен қоңырау шалған жағдайды бейнелейді. Балалар неістеу керек деген сұраққа дұрыс жауап беруі керек (мысалы, «Алдымен ата-анадан сұрау керек», «Бейтаныс адамға* есік ашпау керек»). **Көркем әдебиет** "Баланы қырқынан шығару". Мақсат-міндеттер: балаларды "Баланы қырқынан шығару" рәсімімен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету. "Бесік жыры". **(музыка)** Мақсат-міндеттер: балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру. ***Ұлттық ойыны. Сиқырлы таяқ*** *Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның тәртібін түсіндіреді. Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады.*

		адамның өмірімен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауға ондағы құстар, өсімдіктер, жануарлар және адамдар өмірін қорғайтын, ауа мен судың ластанбауына көмектесіп, қорғайды. *Соңғы кезде табиғат көп өзгеріске ұшырады. Себебі, көп машиналар лас газды ауаға шығарып, заводтар мен фабрикалар қалдықтарын ауа мен суларға төгеді.* *Д/О « Құстарды қорғау»* *Д/О: "Экологиялық белгілер"* *Тиым сөздер* *Құстың ұясын бұзуға болмайды.* *Орманда от жағуға болмайды.* *Суды ластауға болмайды.* *Құстың ұясын бұзуға болмайды.* *Д/О: «Жануарларды қорғау»:* *Қисынын тап (Суреттерді құрастыру)* *Эколог келеді балалар сендер табиғатты қорғауға көп көмектестіңдер, көп біледі екенсіздер. Мен сіздердің топтарыңды осы қоғамның мүшесі етіп қабылдап значок тапсырамын - деп балаларға значокты кеуделеріне тағады.* *"Жасыл әлем" қоғамына қабылдау..*			*Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек. Ал одан әрі ойынды жалғастыру-жалғастырмау ойнаушылардың өз еркінде. Ойнаушылардыңсаны көп болса, ойын қызықты өтеді.* ***(дене шынықтыру)***
Балалармен жеке жұмыс		**Саусақ жаттығуы.** Дөңгеленіп тұрайық, (шеңбер құрайды) Керегені құрайық. (қолдарын жандарына созып бір-бірінің арқаларына қояды) Уықтар боп иіліп, (қолдарын жоғары созып, сәл иіледі) Киіз үйді құрайық (қолдарына жанына созып, шеңбер бойымен айналады) **(тіл дамыту)**	**Жаңылтпаштар жаттау.** Арқада алты арқар бар, Қырқада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марқа арқар бар. **(тіл дамыту, қазақ тілі)**	**"Наурыз" өленің жаттау.** Қарды ерітіп жылғасы, Наурыз келді – жыл басы. Шуақ төкті жарық күн, Мейрамында халықтың. Бата беріп атамыз, Бата беріп апамыз, Тәтті болып жасалған, Наурыз дәмін татамыз. Б.Жақып **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**	**Артикуляциялық жаттығу "Дәмді тосап".** Мақсат-міндеттер: тілдің жалпақ ұшын жоғары көтеріп, тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету. Қысқаша сипаттамасы. Жалпақ тілмен жоғарғы еріндіжалап, ауыз қуысына кіргізу. Әдістемелік нұсқау. 1. Жаттығуды орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау

					керек. 2. Тіл жалпақ болып бүйірлері ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек. 3. Тіл оңға және солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек. 4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя-пя-пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген соң шпательмен тілді жоғары еріннің үстіне қайыру керек. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.**(дербес әрекет)**				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)*				
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)		Әрбір баланың тәрбиесі жайында сөйлесу.	Мектепке дейінгі баланың жан-жақты дамуындағы театрлық іс-әрекет.	«Әкем, анам және мен – біз тату отбасымыз» жоба.	Ата-аналар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру.



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы*				
Топ/сынып	***Ересек топ***				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	*«Қарлығаш»*				
Балалардың жасы	***4 жастағы балалар***				
Педагогтің аты-жөні	*Ташпенова Ұ.Б*				
Жоспардың құрылу	**16.03-20.03.2026ж**				
кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында *ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ*				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	Апта дәйексөзі: «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың қабілеті жайлы әңгімелесу. Әрбір баланың тәрбиесі жайында сөйлесу Ата-аналарға кеңес: "Үйдегі жағдайда балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру". Серуен кезінде балалармен бірге жолда жүру ережесін сақтауға, автоинспектордың жұмысына назар аударту. *Өнегелі 15 минут*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***"Ойыншықтардағы тәртіп".*** *Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүртy және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз*	***"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".*** *Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Балаларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету*	***"Төсектерді төсеуде күтушіге көмек көрсету"*** *Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін*	***"Ойыншықтардағы тәртіп".*** *Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүртy және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз*	***"Төсектерді төсеуде күтушіге көмек көрсету"*** *Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге қолжетімді көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.*

	еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. ***(еңбек дағдылары)***	*(топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.* ***(экологиялық мәдени дағдылар, еңбек дағдылары)***	*тәрбиелеу.* ***(еңбек дағдылары)***	*еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.* ***(еңбек дағдылары)***	***(еңбек дағдылары)***
	Қ.Р Әнұраны **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Өнер алды - қызыл тіл". Мақсат-міндеттер: балаларды жаңылтпаштармен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету. ***Қауіпсіздік сабағы*** ***Тайғақ балшықтан сақ болу*** *Мақсаты: Жаңбырлы күндері тайғанап құламау ережесін үйрету. Міндеттері: – Қиын жағдайды алдын ала болжау дағдысын дамыту. Көрнекілік: Балшық жолдың суреті. Сабақ барысы: Балшықта жүгіру қауіпті екенін көрсету. Тәрбиеші: «Егер тайсақ, не болады?» – деп балаларға ойлантады. Ереже: Балшық жерде жүгірме. Ақырын жүр. Қолыңды бос ұста. Сұрақтар: – Балшық жерде неге жүгірмейміз? – Қалай құлап қалмауға болады? Бекіту ойыны: “Жылдам не ақырын?” — әрекеттерді салыстыру.*	***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; « К ө ң і л т о л қ ы н ы » ***«Достық көмек»*** *Ойынның мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу. Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіреді. Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді (бұл кез-келген құстың қауырсыны болуы мүмкін). Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды.* **(адалдық әліппесі)** **"Қазақ ою-өрнектерінің орнын тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларға қазақтың ою-өрнектерін ажыратып, кез келген кескіннің (тақия, етік, ыдыс, белдік, кілемше) бетіне дұрыс таңдап, орналастырып, безендіруге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын,	***Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; « К ө ң і л т о л қ ы н ы » ***Қауіпсіздік сабағы*** **Салқын көктемгі желден қорғану** Мақсаты: Балаларды дұрыс киінуге баулу. Міндеттері: – Ауа райын бақылауға үйрету; – Денсаулық сақтау мәдениетін қалыптастыру. Көрнекілік: Киім түрлерінің суреттері. Сабақ барысы: Тәрбиеші көктемде күн бірде жылы, бірде суық болатынын айтады. «Шығарда қалай киінеміз?» – деп балалардан сұрайды. Ереже: Желді күнде бас киім кию. Жеңіл киінбеу. Киімнің түймесін қадағалау. Сұрақтар: – Жел соққанда қандай киім керек? – Неге бас киім киеміз? Бекіту ойыны: “Дұрыс киін!” (балалар суреттен лайық киімді таңдайды). ***"Қыз қуу" ұлттық ойыны.*** *Мақсат-міндеттер: балалардың қозғалыс белсенділігін дамытуды жалғастыру; ережелерді өз бетінше орындауға үйрету, ұлттық ойындарға*	***«Паровоз»*** *Ойынның мақсаты: ұжымда үйлесімділікті, бірлікті қалыптастыру. Тәрбиеші балаларға өз тобының балалары тату, мейірімді, адал болуын тілейтінін айта отырып, паровоз ойынын ойнауды ұсынады, онда «вагондар» бір-бірін шынтағынан ұстайтынын көрсетеді. Паровоз әртүрлі қарқынмен, ырғақпен, кедергілер арқылы жүреді. Балалардың ырғақты ән айтуларына болады. Ойынның шарты қолдарынан жібермей, біртұтас команда ретінде әрекет ету.* **(адалдық әліппесі)** ***Ұлттық ойын «Сиқырлы таяқ».*** *Ойын шарты: Балалар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер құрып тұрады да, тәрбиеші ортаға шығады. Балаларға бір шетінен бастап барлығына рет қатарын білдіретін сандарын атайды. Сонан кейін тәрбиеші қолындағы таяғының бір басын жерге тіреп тік ұстайды да, кез келген бір ойыншының санын атап, таяқты қоя береді. Айталық, тәрбиешінің атаған саны төртінші, бесінші, онынші не жиырмасыншы бола ма, әйтеуір, рет саны аталған*	"Ән салып, құс келді". Мақсат-міндеттер: балалардың құстар туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, олардың көктемдегі мінез-құлқында болатын өзгерістермен таныстыру; жыл құстарының белгілері мен ерекшеліктерін ажыратып, атай білуге үйрету. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** ***Ұлттық ойын Алтыатаройыны*** *Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған)баланыңсақасытігі леді.Кенейдіңарасындасаңлауб олмайтіркестірілеқойылады. Көннің екіжағына1мжерденсу (сызық)ал5-6мжерденқарақшыбелгілейді. Кімдекімтүптегі сақаны жұлып кетсе(суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақағатимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана сонікі болып табылады. Атусаны─6рет.Алғашсақасы шыққанбала,қалғандарыоданк ейінгікезектеатады.Алтырет атыстанқалғанкенейдіңбәрін үптеқалғанбаланікіболыпесеп теледі.* ***Ойын: «Қай дүкенге барамыз?»*** *Мақсаты: Дүкен түрлерін ажырату.*

		ойлау қабілетін дамыту, қазақ ұлттық қолөнеріне қызығушылықты арттыру. Шарты. Педагог балалардың әрқайсына тақия, етік, ыдыс, белдік, кілемше кескінін және түрлі оюлардың үлестірмелі жинақтарын табақшаларға салып ұсынады. **(қоршаған әлеммен таныстыру)**	*деген қызығушылыққа тәрбиелеу.*	*бала ести салысымен жүгіріп барып таяқты құлатпай ұстауы керек. Егер ол дауысты аңғармай я болмаса жай басар болып, дереу алмай, таяқты құлатып алса, онда ол ортада тұрып, көптің ұйғаруымен өнер көрсетеді. Ол өнерін көрсетіп болған соң қайтадан орнына барып тұрады. Егер таяққа тез жетіп жерге құлатпай ұстап алса, онда тәрбиешімен ойын жүргізушісі болып орын ауыстырады.*	*Көрнекілік: «Ойыншық дүкені», «Киім дүкені», «Азық-түлік» суреттері. Ойын барысы: – Тәрбиеші зат суретін көрсетеді (ойыншық, жеміс, көйлек). – Бала оны қай дүкеннен алатынын табады. Нәтиже: Дүкен түрлерін ойын арқылы таниды.**(қаржылық сауаттылық)*** **"Суретті жина" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету. Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер. **(танымдық дағдылар)**
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен)** 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені екі бүктеп төменде ұстау. 1 - оң аяқты ұшына қойып, секіртпені жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені төменде ұстау. 1 - секіртпені жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстап, отыру, секіртпені жоғары ұстау. 1-2 - еңкейіп, секіртпені аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: тіземен отырып, секіртпені төменде ұстау. 1 - 2 - оң жамбасқа отыру, секіртпені алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбасқа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүгілген қолымен секіртпені ұстап, алдына қою. 1-2 - бүгіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіртпе жерде. Секіртпемен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпе төменде (секіртпенің екі жағынан екі қолымен ұстау). 1 - секіртпені алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады. **(дене тәрбиесі)**			
Таңғы ас	***«Үнемді тұтыну»*** *Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету* ***«Судың тамшылары»*** *Мақсаты: суды бағалауды үйрету.* *Барысы: балалар қолдарын біріктіріп, тамшы пішінін жасайды.* *Тәрбиеші: • «Кранды жапсақ – тамшы сақталады», • «Ашық қалдырсақ – тамшы жоғалады».* *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету,көркем сөз)* **Гигиеналық дағдылар**				

	Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. *Көркем сөз* М. Жаманбалиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Өнер көзі - халықта" тақырыбында әңгімелесу. **(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**	Туған ел, Отан туралы тақпақтар жаттау, өнерлерін көрсету. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**	Өнерлі, атақты тұлғалар жайлы әңгімелесу. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**	*Туған ел, Отан туралы мақал-мәтел жаттау.* **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**	Туған ел, Отан туралы тақпақтар жаттау, өнерлерін көрсету. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** "Қапшаны көлденең лақтыру". Мақсат-міндеттер: құм салынған қапшаны 3 м қашықтықтан бір қолымен төменнен көлденең лақтыру (5-6 рет); таяқтың (арқаншаның) астынан оң және сол жағымен еңбектеп шығуды (6 рет) және үрілген доптардың арасымен аяқтың ұшымен жүруге үйрету. **Шығармашылық іс-әрекет** «Берекелі дастархан» Балалар өздерінің қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап жұмыс жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* балаларды торсық сұлбасын қазақтың оюларының элементтерімен безендіруге үйрету; *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* қолдың , саусақтың	**Музыка** "Әжеміздің әні тамаша". Мақсат-міндеттер: балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру. **Қазақ тілі** "Музыкалық аспаптар шеберханасы. Наурыз мерекесі." Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы Наурыз мерекесі туралы түсініктерін дамыту, Қазақстан халықтарының ұлттық музыкалық аспаптары туралы түсініктерін қалыптастыру; қазақтың ұлттық аспаптары: домбыра, қобыз, сырнаймен	**Дене тәрбиесі** "Кімді мерген деп санаймыз?" Мақсат-міндеттер: балаларды жұппен түрлі бағытта жүгіру; заттарды алысқа дәлдеп сол қолмен лақтыруға (3,5–6,5 метрден кем емес) үйрету. **Шығармашылық іс-әрекет** "Кебежені безендіру". Балалар өздерінің қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап жұмыс жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* балаларды кебеже сұлбасын қазақтың оюларының элементтерімен безендіруге үйрету; тіктөртбұрышты ортасына "тышқан ізін", бұрыштарына "балтаны", шеттеріне "ботакөзді" салу және орналастыру техникасын қалыптастыру.	**Музыка** "Домбыра". Мақсат-міндеттер: Балалардың домбыра туралы түсініктерін кеңейту; домбыраның дыбысын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру; оркестрлық ұжымға деген қызығушылықтарын арттыру. **«Жайлаудағы киіз үй» (қазақ тілі)** Суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. ***Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін	**Дене тәрбиесі** "Қапшаны көлденең лақтыру". Мақсат-міндеттер: құм салынған қапшаны 3 м қашықтықтан бір қолымен төменнен көлденең лақтыру (5-6 рет); таяқтың (арқаншаның) астынан оң және сол жағымен еңбектеп шығуды (6 рет) және үрілген доптардың арасымен аяқтың ұшымен жүруге үйрету. **Шығармашылық іс-әрекет** «Әжемнің қоржыны» Балалар өздерінің қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап жұмыс жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* бойынша қоржын сұлбасын қазақтың

	бұлшықеттерін жетілдіру, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту. Түрлі –түсті ермексазды жұмсатып,домалақтау,жасалу тәсілін көрсету. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* геометриялық пішіндерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. **«Аспаптардың дыбыстарын ажырат» ойыны (музыка)** Ойынның мақсаты: балаларды музыкалық аспаптардың тембрын ажыратуға баулу, есту қабілеттерін дамыту, қызығушылықтарын арттыру. Ойынның шарты: карточкада пианино, скрипка, гитара, сырнай, домбыра, жетіген, қобыз, шертер аспаптарының суреттері бейнеленген. Үнтаспада аспаптардың орындауында пьесадан үзінді орындалып, балалар аспаптың үніне сәйкес суретін көрсетеді.	таныстыруды жалғастыру; балалайка, дутар жайлы түсінік беру; музыкалық аспаптар шеберінің еңбегі жайлы білімдерін қалыптастыру. Қазақтың ұлттық аспаптары мен Қазақстанда тұратын өзге ұлт аспаптарының атауларын еске сақтауды үйрету; ұлттық музыкалық аспаптарға, қазақтың ұлттық мәдениетіне деген қызығушылықтарын дамыту; аспаптардың шығаратын үндерін дыбыстау арқылы артикуляцияларын дамыту; еске сақтау қабілетін, ой-өрістерін дамыту. Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениетіне деген достық қарым-қатынасқа, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **Математика негіздері** "Жиһазға арналған қалың және жұқа тақтайшалар". Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың қалыңдығы туралы білімдерін кеңейту, "ең қалың", "жұқалау", "ең жұқа" ұғымдарын жетілдіру.	*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* қолдың , саусақтың бұлшықеттерін жетілдіру, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту. Түрлі –түсті ермексазды жұмсатып,домалақтау , созу, ширату арқылы ермексаздан ою-өрнектер мүсіндеу. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту. Кебежені қиылған ою-өрнектермен безендіру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* түрлі дәндерден ақ қағаз бетіндегі үзік сызықтармен бейнеленген оюларды құрастыру.	арттыру; « К ө ң і л т о л қ ы н ы » ***«Үнемді тұтыну»*** ***Су және энергия туралы әңгіме ойыны*** *Мақсаты: Су мен энергияның маңызын түсіндіру.* *Материалдар: Суреттер, макеттер. Ойын барысы: Балалар суреттер арқылы судың және жарықтың пайдасын әңгімелейді.* *Үйрететін дағды: Сөйлеу дағдылары, логикалық ойлау, табиғатты қорғау.*	оюларының элементтерімен безендіруді үйрету; тіктөртбұрыштың ортасына «тышқан ізі», бұрыштарына «балтаны», шеттеріне «ботагөзді» салып орналастыру техникасын қалыптастыру; қағаз бетін бағдарлау, пішіндерді қабылдау және ажырату біліктерін жетілдіру; қазақтың қолөнеріне деген қызығушылығын арттыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* сәндеу әдістерін пайдала (рельеф, илеу, кескішпен ойып алу немесе қырып із салу) отырып мүсіндеу *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту. Қоржынды қиылған ою-өрнектермен безендіру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* түрлі дәндерден ақ қағаз бетіндегі үзік сызықтармен бейнеленген оюларды құрастыру. ***«Күй күмбірі»*** *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	**Бұтақтардың бүршіктенуін бақылау.** ***(****экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем*	**Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және*	**Ағаштардың гүлденуін бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және* ***көркем***	**Қылқанды ағаштарды бақылау (қарағай, шырша).** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем*	**Аспанды бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)*

	әдебиет) Тақпақ. Көк орманда көп ағаш, Өскен жақсы аралас. Ең әдемі меніңше, Құс ұясы бар ағаш. **Бақылау.** Балалармен бүршіктерді бақылау. Балаларға ісініп бүр жарып тұрған бүрден жапырақтар шығып келе жатқанын көрсету. Күн жылынғанда ағаштардың бүршіктері ісінеді, содан жапырақтар пайда болатынын түсіндіру **Тәжірибе.** Құмырадағы бұтақ жылы жерде тез бүршік жарады. ***Ұлттық ойын. Ақсүйек*** *Ең алдымен, ойнаушылар өзара келісіп, жеңген топ үшін жүлде тағайындайды да, екі топқа бөлінеді. Топ басқарушылар ақсүйекті қайсысының лақтыратынын шешіп алу үшін кезектесіп таяқ ұстайды, таяқтың басына кімнің қолы бұрын шықса, сол ақсүйекті құлашы жеткенше лақтырады. Ақсүйек жерге түскеннен кейін ғана ойыншылар іздеуге шығады. Көмбеде топ басқарушылардан басқа ешкім қалмайды. Ақсүйекті тапқан ойыншы ешкімге білдірмей, көмбеге қашуға әрекет жасайды да, ал қарсыластары біліп қалса, қолма-қол тартып алуғатырысады. Сондықтан ақсүйекті алдымен тауып алған топтың ойыншылары біріне-бірі лақтырып, көмбеге қай топтың адамы бұрын жеткізсе, сол топ жеңіске жетіп, жүлдегер атанады. Келесі жолы ақсүйекті екінші	*көркем әдебиет)* Тақпақ. Көк орманда көп ағаш. Өскен жақсы аралас. Ең әдемі меніңше Құс ұясы бар ағаш. **Бақылау.** Балалардың назарын ақ қайыңға аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Бұл жағдай көктемде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда болатын ерітінді. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту. **Қимылды ойын. «Орман дақтары». (дене тәрбиесі)** Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту. Ойын шарты бойынша. Ағашқа арқасын беріп тұрған, қос қолымен ұстасып тұрған баланы қозғауға болмайтынын айту. Ойынға деген қызығушылықты арттыру. **Еңбек.** Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту, еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)** Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді қолдана білуге ынталандыру.	***әдебиет)*** Жұмбақтар. Жаз болса жайнап, Саясында ән салып, Құстар жүрген сайрап. Бұл не? (Ағаш) Жазда жатсаң – көлеңкесіне алады, Қыста жатсаң – жаның рахат табады. (Ағаш) **Бақылау.** Ағаштар бүр жарды, одан кейін жапырақ шықты, кейін гүлдеді. Басқа гүлдеген ағаштардың гүлімен салыстыру. Балаларды табиғатты қорғауға тәрбиелеу арқылы олардың әдемілігіне сүйсіндіру. **Қимылды ойын. «Домалақты жерге түсіріп алма». (дене тәрбиесі)** Берілген дыбыс бойынша қасықты қолына алады. Қасыққа кішкентай домалақ шарды салып түсірмей берілген жерге жеткізу, ептілікке баулу. **Еңбек.** Алаңдағы жұмыстар. Жасаған құс ұясын ағашқа орнату. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар. (дене тәрбиесі)** «Доппен ойнаймыз».	*әдебиет)* Жұмбақ. Қар су болып жөнелді, Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кеңелді, Бүршік атып бар ... (Ағаш) Тақпақ. Алма ағаштың құшағы – Қанат жайған бұтағы. Жапырағы жүрегі, Бұтақтары білегі. **Бақылау.** Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету. Балабақша аймағындағы өсіп жатқан екі түрлі қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен білу. Басқа ағаштардан ерекшеліктерін көру, оларды атау. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу. **Қимылды ойын. «Жіпті көтеру». (дене тәрбиесі)** Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәреге келіп, жіпті бірінші болып тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы мен ептілігін дамыту. **Еңбек. (еңбек дағдылары)** Табиғат бұрышындағы жұмыс. Гүлдерді отырғызу. Балаларды жерді қопсытып, суаруға үйрету. Үлкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар. (дене тәрбиесі)** Ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу, рөлдерге бөлу, ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру.	Жұмбақ. Орманның, таудың үстінен Ірі кілем төселген Менің де, сенің де Үстіңнен жайылған Бірде сұр, бірде көк, Бірде көгілдір. (Аспан) **Бақылау.** Аспанды бақылауды жалғастыру. Оның қою-көк, ашық және өте әдемі болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғатта болған өзгерістер арасында жай байланыстарды орнатуға үйрету (бұлт жоқ, ашық аспан,ақша бұлттар, күн шуағын шашып тұр, жылы); қарапайым түсініктерді қалыптастыру. **Қимылды ойын. «Қоңырау». (дене тәрбиесі)** Балаларды қол ұстасып, шеңбер бойымен қозғалуды, әр тарапқа жүгіруді бекіту, гимнастикалық баспалдаққа, орындыққа мінуді үйрету (ойыншыны ұстап алғанда ғана қоңырау шалып үлгіру). Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. **Еңбек.** Тұқымды отырғызу. **(еңбек дағдылары)** Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға ұқыпты болуға тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар.** Дәлізде ойын ойнауға, оқу іс-әрекетіне қолайлы жағдай туғызу. Ауа райына байланысты жағымды тәртіп дағдыларын қалыптастыру. **(дене тәрбиесі)**

	топ лақтырады, сөйтіп ойын жалғаса береді. ***(дене тәрбиесі)*** **Қимылды ойын. «Лақтырып қағып ал».** **(дене тәрбиесі)** Ептілікті, шапшаңдықты ,тапқырлықты талап ету. **Еңбек.** Балалар үлкендермен бірге көшет отырғызады. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Жақсы көретін ойыншықтармен ойнау. Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. **(дене тәрбиесі)**				
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. *Көркем сөз* М. Жаманбалиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	«Ақылды егінші» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан оянғаннан кейін, бірден төсекте жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (2-3 минут төсекте жатып жасалған гимнастика балалардың ұйқыдан ояу күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықты**ру)				

Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Тіл дамыту** "Дастарханды жаяйық дидактикалық ойыны". Мақсат-міндеттер: балалардың қонақты қарсы алу, дастарханды жаю дәстүрі туралы ұғымдарын жетілдеру, кеңейту; наурыз көженінің азықтық құрамымен таныстыру, дәстүрлі ұлттық тағам атауларын, олардың жасалу негіздері жөнінде білімдерін тиянақтау. ***Сюжеттік-рөлдік ойын: «Дүкен»*** *Мақсаты: • Балаларды ақшамен таныстыруды жалғастыру;* ***• Ақшаны еңбектің арқасында табылатынын түсіндіру;*** *• Сатып алу, төлеу, қайтарым алу дағдыларын үйрету;* *• Дұрыс таңдау жасауға баулу.* *Қажетті құралдар: • Ойыншық ақша (қағаз, тиын түрінде);* *• Сөрелер (кітап, нан, жеміс-жидек, сүт, ойыншық, дәптер);* *• «Баға кестесі» (мысалы: нан – 2 теңге, сүт – 3 теңге, ойыншық – 5 теңге).* *Ойын барысы* ***1. Рөлдерге бөлу*** *• Сатушы; • Сатып алушылар;* *• Кассир (ақша қабылдайды).* *2. Сатып алу процесі* *• Сатып алушы: «Сәлеметсіз бе! Маған нан беріңізші.»* *• Сатушы: «Нан – 2 теңге.»* *• Сатып алушы ойыншық ақшасын береді.* *• Кассир ақша қабылдайды,*	**Қоршаған әлеммен таныстыру** "Шеберлер елі". Мақсат-міндеттер: балаларды ою-өрнек түрлерімен таныстыра отырып, ою-өрнек жөніндегі мәліметтерді зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету. Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылыау мақсатында балаларды шығармашылық орталықтарға шақыру. Балалар өз қалаулары бойынша орталықтарға барып іс-әрекет жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* шығармашылық	***«Құстарға қамқорлық» Экологиялық квест ойын*** *1 тапсырма «Ой сергіту».* *Тәрбиеші жұмбақтар жасырады. Балалар дұрыс жауап берсе жол ашылады.* *Жұмбақтар жасыру.* *2 тапсырма «Суреттер сөйлейді»* *Пазл әдісі арқылы суреттерді құрастыру, құрастырылған сурет бойынша табиғатты ластайтын обьектілерді атайды.* *3тапсырама. «Жанды және жансыз табиғат»* *Балалар карточкалардан жанды және жансыз табиғаттарды екіге бөледі* *4 тапсырма «Ғажайып нүктелер»* *«Ғажайып нүктелер» арқылы құстың суретін салады немес нүктелер үстімен құсты қиып, жапсырады, салынған бейнеге табиғи материалдарды қойып құрастырады.* *Балалар барлық кедергілерден өтіп, сандыққа келеді. Сандықты кілтпен ашып, ішінен жемсалғышты алады. Тәрбиеші балаларға жемсалғышты балабақша ауласындағы ағашқа орналастырайық.* ***Сюжеттік-рөлдік ойын: «Менің болашақ мамандығым – банк қызметкері»*** *Мақсаты: • Балаларды қаржыға байланысты мамандықтармен (банк қызметкері, кассир, бухгалтер) таныстыру. • Ақшаны сақтау, санау, айырбастау сияқты ұғымдарды ойын арқылы үйрету. • Өз мамандығы туралы армандауға баулу. ———* *Қажетті құралдар: • Қағаз ақша, тиындар. • Үстел – «банк*	**Варитативтік компонент** **Қызықты математика** «Пішіндер елінде» Балаларда геометриялық пішіндерді: дөңгелек, шаршы және үшбұрышты тану және атау; геометриялық пішіндерді бір-бірінен ажырата білу дағдыларын дамыту; пішіндерді сипап-сезу және көру тәсілдерімен зерттеу; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту. **Қоршаған әлеммен таныстыру** "Төлдер". Мақсат-міндеттер: төрт түліктің төлдерін бір-бірінен ажыратып, атай білуге үйрету. Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылыау мақсатында балаларды шығармашылық орталықтарға шақыру. Балалар өз қалаулары бойынша орталықтарға барып іс-әрекет жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* қағаз бетіне басып шығарылған төлдердің суреттерін қылқаламмен бояуға үйрету. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* қалаған төлдерін мүсіндеуге үйрету, өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем-эстетикалық талғамды дамыту *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* балалар төлдерді қағаздағы көлеңкесі арқылы тауып, желімдейді *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* табиғи (мақта, жүн,	***«Үнемді тұтыну»*** *Қоқысты сұрыптау ойыны* *Мақсаты: Қалдықтарды дұрыс сұрыптау.* *Материалдар: Түрлі түсті қоқыс жәшіктері, қағаз қалдықтары. Ойын барысы: Балалар қалдықтарды түстеріне қарай сұрыптайды. Үйрететін дағды: Қалдықтарды дұрыс пайдалану, тазалық.* **Сюжеттік-рөлдік ойын: «Отбасы»** Мақсаты Балаларға «Отбасы» ұғымын қалыптастыру, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, жауапкершілік сезімдерін дамыту, әдептілікке, сыпайылыққа, мейірімділікке, үлкенге көмектесуге тәрбиелеу. Ойынды қызықты, ұйымшыл ойнауға үйрету. ***Қаржылық сауаттылықты тұрмыстық жағдайлар арқылы кіріктіру (ақша, сатып алу, үнемдеу).*** Қажетті заттар • Үй жиһаздары (үстел, орындық, төсек) • Ыдыстар (қазан, тәрелке, кесе) • Киім-кешектер (ананың, әкенің, баланың) • Ойыншық ақша, әмиян • «Дүкен» үшін шағын заттар (нан, сүт, көкөніс суреттері) Рөлдер • Әке • Ана • Бала • Әже (немесе ата) • Дүкенші (қалауы бойынша)

	қоршаған әлеммен таныстыру , тіл дамыту, көркем әдебиет) Тақпақ. Ұшып, қонып жүр торғай, Жем іздейді. Серігіне табасын жегізбейді, Құттай дәнді қиядан көзі шалып, Байғұс сірә көрмейді өгіздерді. **Бақылау.** Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай секіреді, ал көгершін жүреді. **Қимылды ойын. «Көптерді қуып жет». (дене тәрбиесі)** Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбексүйгіштікке баулу. ***Еңбек.*** *"Құстарды тамақтандыр".* ***(еңбек дағдылары)*** *Құстарды тамақтандыруға және олардың қасында өзін-өзі ұстай білуге және құстарға қамқор бола білуге баулу.* **Өз бетімен ойындар.** Әр балаға өзіне ұнайтын ойынды ойнауға мүмкіншілік беру. **(дене тәрбиесі)**	*(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру , тіл дамыту, көркем әдебиет)* Жұмбақтар. Ұзақ тектес құс, Шіркей жеп. Ауыл маңынан Ұзап кетпес құс. (Қараторғай) Талдың басында, Жемі бар қасында. Там тұр саялы, Достарға аялы. (Құс ұясы) **Бақылау.** Көктемнің келуімен жәндіктердің жануына байланысты, құстар көбейеді. Қар ерігенде ұзақтар құрт-құмырсқаны іздеп жерді шұқылайды. Олардың қимылдарына көңіл бөлу керек. Құстарға қамқор болуға баулу. **Қимылды ойын. «Құлыншақ» (ұлттық ойын). (дене тәрбиесі)** Тізесін жоғары көтеріп, шеңберді айнала отырып, алға секіре білуге үйрету. Арқашықтықты сақтай білу, белгі бойынша кері жүруге үйрету, балалардың ұйымдастырушылық қабілетін дамыту. ***Еңбек.*** *Ауладағы жұмыс. Көшеттерді отырғызу. Балаларды бақта жұмыс істеуге баулу, гүлзар қазу, суару. Еңбекке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.* **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** «Үй». Балаларды 2-3 рөлге бөлу, ойын барысында бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	*тіл дамыту, көркем әдебиет)* Жұмбақ. "Шым тостаған". Далаға кім тастаған? (Құстың ұясы) **Бақылау.** Тұмсығымен тістеген шөп, жүн-жұрқаны ұясына алып келген қараторғайды бақылау. Үй алдында ән салуын, қанат қағысын, басын шұлғып тұмсығын кеңінен ашады. Құс үйшігінің жанында, балаларды өзін байсалды ұстай білуге тәрбиелеу. **Қимылды ойын. «Өрт сөндірушілер». (дене тәрбиесі)** Гимнастика баспалдағынан жүру, балалардың өздерінің қимыл қозғалыстарын үйлестіре алуы. Сорғышты шайқау. Балалардың белгі бойынша қимыл әрекетін дамыту. ***Еңбек.*** *Жер қазу жұмысы (ағаштардың түптерін қопсыту, құрғақ жапырақтарды жинау). Балаларды құрғақ жапырақтарды жинауға қатыстыру, белгілі бір жерге апарғызу. Балаларды тазалықты сақтауға және еңбек етуге тәрбиелеу.* **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар. «Гараж».** Балалардың құралдарды дұрыс пайдалана білуге үйрету. Ойын барысында «жол» салуға басшылық жасау. Танымал ойындарды өз қатарларымен ұйымдастыру қабілетін арттыру.	*таныстыру , тіл дамыту, көркем әдебиет)* Жұмбақ. Ши түбінде шым кесе. (Ұя) Тақпақ. Құстар ұя салады, Жасауға жұмсақ ұяны. Жабағы жүнді жияды, Жайлы қып жасап ұяны Жұмыртқасын салады. **Бақылау.** Шатыр астындағы ұяны бақылау, ағаштағы құстардың ұяларының ерекшелігін белгілеу. Құстар ұяны жасайды. Өздері ағаш бұтақтарынан, жүннен, шөптен құрайды. Балапандарын ұрғашы құс басады, ал еркегі тамақ тауып, ұяның жанында ән айтып отырады. **Қимылды ойын. «Кім шақырды?» (дене тәрбиесі)**Белгі арқылы шеңберге тұруға дағдыландыру. Жолдасының дауысын тануға үйрету, ойын шартын орындату. Жануардың дауысын салу, бұйрықсыз бұрылмау. Есте сақтау мен төзімділік қабілетін арттыру. **Еңбек.** Жер қазу жұмысы. Гүлзарлар қазу. Гүлзар жұмысында тәрбиешіге көмектесу, еңбек ету тапсырмаларын орындату. Ересектерге көмектесу, бастамасын мадақтау. **Өз бетімен ойындар.** «Ғарышкер». **(құрастыру)** Балалар құрылыс ойынында зымыран құруға үйрету,	*(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру , тіл дамыту, көркем әдебиет)* Тақпақ. Үлбіреген бақбақ, Үлпілдеген аппақ. "Уф!"-десем бақбақ, Ұшасың ғой қаптап. **Бақылау.** Назар аударыңыздар: жердің жылуымен жаңа өсімдіктер пайда бола бастайды. Өсімдіктер алдымен күннің жылы қызуымен өседі. Бір-екі өсімдіктерді айыра білу. Өсімдіктерді аялауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын. «Күшік пен мысықай». (дене тәрбиесі)** Гимнастикалық қабырғада 4 аяқтап өрмелеу қабілетін арттыру.Ептілік пен төзімділікке тәрбиелеу. **Еңбек.** Гүлзарға гүл тұқымын себу. **(еңбек дағдылары)** Өз еркімен таяқшамен қуыс жасауды және суаруды үйрету. Өз еңбегіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар.** Құммен ойын. Алдын ала келісім арқылы өзара жұмыстарды бөлісу, бір-бірінің жұмысын үйлестіру және біріккен жігермен нәтижеге жетуге үйрету. **Шығармашылық іс-әрекет»**

				жағдай жасау, керек заттар мен ыңғайлы орын дайындау. Ойында татулық қарым-қатынасын тәрбиелеу.	Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру **(сурет салу)**
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. *Көркем сөз* Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	***«Күй күмбірі»*** *Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру* «Өгіз» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. **(дене тәрбиесі)**				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Қоршаған әлеммен таныстыру** "Әуе кемесі". Мақсат-міндеттер: балаларға әуе кемесі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы әуе көлігі екені жөнінде білімдерін кеңейту. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балаларды шығармашылық орталыққа шақыру. **(сурет салу, мүсіндеу,**	**Тіл дамыту** дыбыстық мәдениеті: [-қ], [-ғ] дыбыстары." Мақсат-міндеттер: балаларды қатаң [Қ] және ұяң [Ғ] дауыссыз дыбыстармен таныстыру, жалпы мағлұматтар беру; көңілдерін дауыссыз дыбыстардың қатаң және ұяң болуы туралы түсініктерді беру. **Панно алдында зерттеу жаттығуы. «Геометриялық денелермен танысайық».**	***Қауіпсіздік сабағы*** *«Бала қауіпсіздігі басты назарда»* *«КӨШЕДЕГІ БЕЙТАНЫС АДАМДАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫНА ҚАЛАЙ ЖАУАП БЕРУГЕ БОЛАДЫ?» тақырыбында әңгімелесу* **«Ырғақты қайтала» дидактикалық ойыны (музыка)** Ойынның мақсаты: аспапты тембрлік үнінен тануға үйрету.	**Варитативті компонент** **Қызықты математика** "Зымыранның түрлі құрылысы". Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық денелер мен пішіндер туралы білімдерін жетілдіру. **Сюжеттті-рөлдік ойын: "Ұшақпен саяхат".** Мақсат-міндеттер: балалардың әуе көліктері,	***«Еріншек егіншімен еңбекқор құмырсқа» ертегі*** *https://ustaz.kz/materials/word/erinsek_eginsimen_engbekqor_qumyrsqa_ertegi-67792.html* *Еңбек сүйгіштікке, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру және еңбекті бағалай білуге тәрбиелеу.*

	жапсыру, құрастыру) *Сурет салу бойынша* дөнгелек пішінін жасай отырып зымыранның иллюминаторын салу. Сосын шаршыны қиғаш қылып бірінші бұрышынан екінші бұрышына дейін қарай созып үшбұрыш пішінін жасау. Ал қанаттары да үшбұрышты болады *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша*балаларды ермексазды алақанның арасына салып домалатып алғаннан кейін тігінен есу арқылы шұжық тәріздес пішін шығарып, зымыранның денесін жасауға,оның тұрақтылығын тексеру, екінші бөліктен домалатып, шыққан бөліктің басын шымшып конус денесіне айналдыруға үйрету. *Жапсыру және құрастыру іс-*әрекеттері бойынша түрлі қиылған пішіндерден зымыран бейнесін құрастырып желімдеу ***«Күй күмбірі»*** *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою* **«Қандай көлік, қайда жүреді?» дамытушы жаттығуы.** **(қазақ тілі)** Суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Балаларға суреттер кезекпен жеке-жеке көрсетіледі.	**(куб, конус, цилиндр,шар)** **(математика негіздері)** ***Ұлттық ойын*** ***«Тақия тастамақ»*** *Ойын мақсаты: балаларды шапшандыққа , ептілікке ойын арқылы баулу.* *Ойын шарты:Балалар шеңбер жасап отырады. Ойын жүргізуші шеңберді айнала жүріп, өзі таңдаған бір ойыншының артына тақиясын тастап* *кетеді де, қаша жөнеледі. Арқасына тақия тасталған ойыншы оны қуалайды. Ойын жүргізуші шеңберді айнала келіп өзін қуалаған баланың орнына келіп* *отыруы қажет. Егер үлгере алмаса ән* *немесе би орын дап береді* ***Дидактикалық ойын: «Банкке саяхат»*** *Мақсаты: • Балаларды банк қызметімен таныстыру (ақша сақтау, ақша алу, жинақ шоты, несие);* *• Ақшаны үнемдеу, жинақтау дағдысын қалыптастыру;* *• Әлеуметтік қарым-қатынас мәдениетін дамыту.* *——— Құралдар: • Жасанды ақша;* *• «Банк картасы» немесе кішкене картон карточкалар;* *• «Касса терезесі» (қорапша, үстел);* *• Депозиттік кітапша / дәптер;* *• Суреттер: банк ғимараты, банкомат.* *——— Ойын барысы:* *1. Кіріспе әңгіме:*	Ойынның көрнекілігі: сылдырамақ, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар. Ойынның шарты: екі бала бір-біріне арқасымен теріс қарап тұрады. Алдарында бірдей аспаптар қойылады. Бірінші бала таныс әннің ырғағын аспапта ойнайды, екінші бала дәл сол аспапта ырғақты қайталайды. Бала дұрыс тауып ойнаса, балалар шапалақтайды. Жақсы ойнаған балаларға таңбалауыштар таратылады. ***Ұлттық ойын.*** ***Хан «алшы»*** *Бұл ойынға 5 немесе 10 бала қатыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы. Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көздеп құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк, шік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді. Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады.*	ұшақ оның қолданысы, ұшаққа қызмет көрсету әдістері жайлы білімін кеңейту. Жер пейзаждарының сұлулығын көре білуді үйрету, ұшқыш мамандығына құрметпен қарауға, батылдыққа тәрбиелеу, сөздік қорларын кеңейту: "ұшақ", "ұшқыш", "стюардесса", "ұшу". Барысы: Балалар ұшқыш, стюардесса, диспетчер, жүк тасушы, әуе жай қызметкері рөлдерін өзара бөліп алады. Ниет білдірушілер билеттерді кассадан сатып алады, бақылаудан өтіп, ұшаққа отырады. Жүк тасушылар жүк тиеумен айналысады. Диспетчер ұшақтың ұшуын хабарлайды. Ұшу кезінде жолаушылар иллюминатордан (суреттегі бейнелерді) түрлі көріністерді – теңізді, тауларды, өзендерді, орманды қарастырады. Қайтып оралғаннан кейін балалар өз әсерлерімен бөліседі. **(тіл дамыту, қоршағанәлеммен таныстыру)** **Артикуляциялық жаттығу.** "Сағат" - тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек. "Саңырауқұлақ" - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып, төменгі жақты	***Ұлттық ойын. Үш табан*** *Үш табан ойнау үшін тақыр жерге көлденең сызық сызылады да, оған әр ойыншы бір бірден арасын сиректеу етіп кеней тігеді. Содан соң ойнаушы балалардың барлығының сақаларын біреуі жиып иіреді. Кімнің сақасы шықса сол бірінші болып сақасын көннен алысырақ жерге иіреді. Сақасымен тігулі кенейді атып, үштабаннан артықтау жерге жіберуі керек үш табаннан кем, я болмаса сақасы кенейге тимей кетсе, ойынды сақасы шыққан келесі ойыншы бастайды. Ойын көндегі кенейді ұтып* біткенше созылады. ***Дидактикалық ойын: «Бағбанның еңбегі»*** *Мақсаты: • <u>Балаларды бағбан еңбегімен таныстыру;</u>* *<u>• Еңбектің нәтижесінде өнім (жеміс-жидек, көкөніс) алынып, ол арқылы табыс табылатынын түсіндіру;</u>* *<u>• Ақшаны дұрыс санау, үнемдеу дағдыларын қалыптастыру.</u>* *Құралдар: • Жасанды көкөніс пен жеміс-жидектер (немесе суреттері);* *• Ойыншық ақша;* *• «Базар» үстелі, себеттер;* *• Бағасы жазылған*

	Жүк машинасы, кеме, пойыз, мотоцикл, автобус, ұшақ, жеңіл көлік. ***Қауіпсіздік сабағы «Орманда, табиғатта серуен»*** *Мақсаты: Ормандағы, табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлыққа үйрету.* *Әрекет: «Тікен бар – абайла!», «Білмейтін саңырауқұлақты алма!» , «Жүгірме», «Ересектермен бірге жүр», «Ағашқа шықпа»* *Көрнекілік: қауіпсіздік суреттері.*	*Тәрбиеші: – «Балалар, адамдар ақшасын үйде ғана емес, банкте де сақтайды. Банк – ақшаны сақтайтын, қажет кезде беретін арнайы орын».* *2. Рөлдер бөлу: • Банк қызметкері • Кассир • Клиенттер (балалар)* *3. Ойын әрекеттері: • Клиент банкке келеді, қолындағы ақшасын «шотқа салады». • Қызметкер арнайы дәптерге (депозиттік кітапша) жазып береді. • Кейін клиент қажетіне қарай ақшасын қайта алады. • Кейбір клиент «карта» арқылы банкоматтан ақша алады.* *4. Қорытынды әңгіме: Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды: • «Неге ақшаны банкке саламыз?» • «Ақшаны жинақтаудың пайдасы бар ма?» • «Барлық ақшаны бірден жұмсасақ не болады?» (қаржылық сауаттылық)*		басып ауызды кең ашып ұстау. **(тіл дамыту, қазақ тілі)**	*карточкалар* ***Ойын барысы:*** *1. Кіріспе әңгіме: Тәрбиеші: – «Бағбан жер жыртып, дән егеді, суарады, күтіп-баптайды. Күзде өнім жинап, оны сатып, ақша табады. Ақша — еңбектің жемісі».* ***2. Рөлдер бөлу:*** *• Бағбан (бір бала)* *• Сатушы (базарда тұрады)* *• Сатып алушылар (қалған балалар)* *3. Негізгі кезең: • «Бағбан» өнімдерін жинап, базарға әкеледі.* *• «Сатушы» бағаларын қояды* *• «Сатып алушылар» қолындағы ақшасына қарай көкөніс, жеміс алады.* *• Ақша жетпесе, арзанын таңдайды немесе ақшасын жинайды.* *4. Қорытынды сұрақтар: • «Бағбан еңбектенбесе, өнім болар ма еді?»* *• «Ақша қайдан келеді?»* *• «Барлық ақшаны бірден жұмсау дұрыс па?»* *• «Қалған ақшаны қайда сақтаған дұрыс?»* *Нәтиже: Балалар: • Еңбек пен табыстың байланысын түсінеді; • Ақшаны санауды, үнемдеуді үйренеді ; • «Еңбек етсең – емерсің» қағидасын меңгереді.*
Балалармен жеке жұмыс	*Жаңылтпаш жаттайық* Ғарышкер ұшты ғарышқа.	**Мақал-мәтелдер жаттау.** Ананың сүті – бал,	**«Бес саусақ».** Оң қолымда бес саусақ,	**Мүсіндеуден ойын-жаттығу** Дайын мүсінді дөңгелек,	**Жапсырудан ойын-жаттығу**

	Ғарышқа ұшты ғарышкер. Айтшы, ғарыш алыс па? Құлық таудан, Құлық бие көрдім. Қуанғаным — құлындапты. Құлық таудың қойнауындағы Қорқауларға ұрынбапты. **(тіл дамыту және қазақ тілі)**	Баланың тілі – бал. Әдепті бала – арлы бала, Әдепсіз бала – сорлы бала. Әдептілік белгісі –иіліп сәлем бергені. Бала –көңілдің гүлі, көздің нұры. Әкені көріп ұл өсер, Ананы көріп қыз өсер. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**	Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортаң терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. **(тіл дамыту,қазақ тілі)**	сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру	Ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. **(жапсыру)**
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(дербес әрекет)**				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру , тіл дамыту, көркем әдебиет)*				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	Балалардың танымдық үрдістерінің диагностикасы (психолог)	Кеңес. «Су тасқыны».	Кеңес. "Баланың бос уақытын тиімді пайдалану".	Ата-аналарға кеңес. "Қыңырлықты шешу жолдары".

Әдіскер: Қалдыбек Ж

Тәрбиеші: Ташпенова Ұ

Саз жетекші Баратова Г.Д

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы*				
Топ/сынып	***Ересек топ***				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	*«Қарлығаш»*				
Балалардың жасы	***4 жастағы балалар***				
Педагогтің аты-жөні	*Ташпенова Ұ.Б.*				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**06.04-10.04.2026 ж.**				
	«Адал азамат» «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ЕҢБЕККҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	Апта дәйексөзі: «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді.»				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Бала бөлмесіне арналған гүлдер» тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес. «Отбасындағы еңбек тәрбиесі» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. Балалардың танымдық үрдістерінің диагностикасы (психолог) "Балаңызға ертегі оқисыз ба?" тақырыбында ата-аналарға арналған сауалнама. *"Балаңызға ертегі оқисыз ба?"* тақырыбында ата-аналарға арналған сауалнама. *Өнегелі 15 минут*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***"Ойыншықтардағы тәртіп".*** *Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою.*	***"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".*** *Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты*	***"Төсектерді төсеуде күтушіге көмек көрсету"*** *Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге деген ынтаны*	***"Ойыншықтардағы тәртіп".*** *Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу,*	***"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".*** *Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету:*

	Еңбеккорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. ***(еңбек дағдылары)***	*қарауды тәрбиелеу. Балаларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.* ***(экологиялық мәдени дағдылар, еңбек дағдылары)***	*тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.* ***(еңбек дағдылары)***	*кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбеккорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.* ***(еңбек дағдылары)***	*жеңдерді орап, шүберекті сулаңыз және құрғатып сығыңыз, ластанған кезде оны сумен шайыңыз.* ***(еңбек дағдылары)***
	Қ.Р.Әнұраны **Тіл дамытудан ойын-жаттығу** "Төрт түлік мал туралы тақпақ жаттау". Мақсат-міндеттер: балаларды төрт түлік мал туралы тақпақпен таныстыру; қазақтың төрт түлік малы туралы ұғымдарды қалыптастыру; малды күту, құтты қасиеті туралы баяндау. ***Қауіпсздік сабағы «КӨШЕДЕГІ БЕЙТАНЫС АДАМДАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫНАҚАЛАЙ ЖАУАП БЕРУГЕ БОЛАДЫ****Балаларды көшеде бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету және бейтаныс адамдардан неге кәмпиттерді, ойыншықтарды немесе тәттілерді алмау керектігін түсіндіру*.	***Күй күмбірі "Күй тыңдайық, балақай!"*** *балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;* *Күйдің сазымен қимылдар жасау.* ***Күй «Қылқобыз»*** ***Ойын "Мен не істеп жатқанымды тап?"*** *Мақсаты: Балалардың еңбек әрекеттері туралы түсініктерін кеңейту. Зейінді дамыту.* *Ойын барысы: Мұғалім мен балалар қол ұстасып, шеңберге тұрады. Бала шеңбердің ортасына шығады. Барлығы шеңбер бойымен жүріп, сөздерді айтады:* *Біз сіздермен бірге жұмыс істейміз,* *Тапсырманы ұмытпайық.* *Ескірмеңіз, орындаңыз* *Менен кейін қайталаңыз!* *Мұғалім еңбек әрекеттерін тек қимылдармен ғана емес, сонымен қатар (мүмкін болса) дыбыстармен беру арқылы имитациялайды. Мысалы,*	***«Үнемді тұтыну» «Жарық керек пе?»*** *Мақсаты: жарықты дұрыс пайдалануды үйрету.* *Құралдар: суреттер (күндіз терезеден күн түсіп тұр, қараңғы бөлме, теледидарды өшірмей кеткен).* *Барысы: • Тәрбиеші суретті көрсетеді.* *• Балалар «жарықты қосу керек пе, өшіру керек пе?» деп айтады.* **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығу** "Көктемде жер бусанды". Мақсат-міндеттер: балаларға көктем мезгілі туралы түсінік бере отырып, көктемгі табиғатқа тән ерекшеліктермен таныстыру. *Көктемгі еңбек туралы әңгімелесу* ***Бес табан.*** ***(асық ойыны)*** *Ойыншылар тегіс жерді таңдайды. Ортасына түзу сызық сызады. Оған жағалай асық тізеді. Ойынды бастаушы асық тізілген жерден бес табанға тең*	***Күй күмбірі "Күй тыңдайық, балақай!"*** *балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;* *Күйдің сазымен қимылдар жасау.* ***Күй «Қылқобыз»*** ***Асық ату (хан ату).*** *Ойынға бірнеше адам қатысады. Әрбір ойыншылар кезекпен қолдағы асықтарды сырмақ үстіне шашады. Арнайы белгілеген асықпан (сақамен) қалған асықтарды шертеп атады. Басты шарты ұқсас асықтарды ғана атады. Басқа асықтарға тигізбей атып алынған асық, ұпай ретінде олжаланады. Ойын осылай жалғаса береді…* **Көркем әдебиет** "Ақылды егінші". Мақсат-міндеттер: балаларды "Ақылды егінші" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі желісін зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету.	**Саусақ жаттығуы. «Тұқым себу».** Ішіне топырақ толтырылған бір рет пайдаланатын кішкентай пластмасса ыдысты таратып береді. Алдыларындағы қорапшадан өсімдік тұқымын алып, ыдысқа отырғызуды ұсынады. Бұл өсімдіктер апат болған ғаламшардың ауасын тазартады. Педагогтің көрсетуімен кішкентай пластмасса ыдыстарға қорапшадағы тұқымдарды себеді. **(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру)** ***Ойын "Мен не істеп жатқанымды тап?"*** *Мақсаты: Балалардың еңбек әрекеттері туралы түсініктерін кеңейту. Зейінді дамыту.* *Ойын барысы: Мұғалім мен балалар қол ұстасып, шеңберге тұрады. Бала шеңбердің ортасына шығады. Барлығы шеңбер бойымен жүріп, сөздерді айтады:* *Біз сіздермен бірге жұмыс істейміз,* *Тапсырманы ұмытпайық.* *Ескірмеңіз, орындаңыз*

		еденді шаңсорғышпен тазалайды, шеге қағады, аралайды, көлік жүргізеді, кір жуады, бір шелек су тасиды, айнаны сүртеді, ағаш кеседі, үккіштен өткізеді, ет тартқышта бірдеңені айналдырады. Балалар қимылды қайталайды және оны болжайды.	*аралықты белгілеп алып, шеңбер тартады. Ойыншылар шеңберге кірмей (баспай) ортадағы асықты атады. Сақа тиген асық міндетті түрде шеңберден шығуы керек. Кім көп асықты атып шеңберден шығарса сол ұтады.*	*Егіншінің еңбегі туралы әңгімелесу*	*Менен кейін қайталаңыз! Мұғалім еңбек әрекеттерін тек қимылдармен ғана емес, сонымен қатар (мүмкін болса) дыбыстармен беру арқылы имитациялайды. Мысалы, еденді шаңсорғышпен тазалайды, шеге қағады, аралайды, көлік жүргізеді, кір жуады, бір шелек су тасиды, айнаны сүртеді, ағаш кеседі, үккіштен өткізеді, ет тартқышта бірдеңені айналдырады. Балалар қимылды қайталайды және оны болжайды.*
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (қысқа секіргіштермен)** 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіргішті екі бүктеп төменде ұстау. 1 - оң аяқты ұшына қойып, секіргішті жоғары көтеру; 2 - б.қ. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіргішті төменде ұстау. 1 - секіргішті жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - б.қ. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстап, отыру, секіргішті жоғары ұстау. 1 - 2 - еңкейіп, секіргішті аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: тіземен отырып, секіргішті төменде ұстау. 1 - 2 - оң жамбасқа отыру, секіргішті алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбасқа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүгілген қолымен секіргішті ұстап, алдына қою. 1 - 2 - бүгіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіргіш жерде. Секіргішпен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіргіш төменде (секіргіштің екі жағынан екі қолымен ұстау). 1 - секіргішті алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады." **(дене тәрбиесі)**			
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. *Күнделікті өмірде суды үнемдеу* Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. *Көркем сөз* Алға жайып тұз-дәмін, Келтіреді үй сәнін.			

	Ол халқымның ақ жаны, Жақсы дәстүр маржаны, Кеңпейіл де арайлы, Осы жерден тарайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Адалдық шеңбері»** *Ойынның мақсаты:* балаларды адалдыққа тәрбиелеу, зейінді дамыту. Педагог балаларды екі командаға бөледі. Бір команданың қатысушылары қолдарынан ұстап, «адалдық шеңберін» құра отырып, қолдарын жоғары көтереді. Екінші команданың мүшелері бірінің артынан бірі сапқа тұрып, көңілді музыкамен «адалдық шеңберінің» ішіне кіріп, шығады. Музыка тоқтағанда «адалдық шеңберін» құрып тұрған балалар қолдарын төмен түсіреді. Шеңбердің ішінде қалып қойған қатысушылар өздерінің адал әрекеттері туралы кезекпен айтып береді. Содан кейін командалар орындарымен алмасады, ойын қайта басталады *(адалдық әліппесі)*	Еңбек туралы әңгімелесу. (мамандық иелерінің еңбегі) **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**	**«Әдепті сөздер шеңбері»** Ойынның мақсат-міндеттері: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу. Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады. *(адалдық әліппесі)*	***«Менің көңіл-күйім»*** *Ойынның мақсаты: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу. Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады. Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады. Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады. Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек.* ***(адалдық әліппесі)***	***Қауіпсздік сабағы «КӨШЕДЕГІ БЕЙТАНЫС АДАМДАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫНАҚАЛАЙ ЖАУАП БЕРУГЕ БОЛАДЫ****Балаларды көшеде бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету және бейтаныс адамдардан неге кәмпиттерді, ойыншықтарды немесе тәттілерді алмау керектігін түсіндіру.*
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** "Құрсауға кіру". Мақсат-міндеттер: балалардың саптан қатарға бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап тұру қабілетін жетілдіру; жүріп келе жатып, қатарда жұппен тұра білуге үйрету.	**Музыка** "Ғарышкерлер жыры". Мақсат-міндеттер: балаларды жаңа әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; музыканың көңілді, ойнақы сипатын алақандарымен баяу, ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді	**Дене тәрбиесі** "Құрсаумен жаттығулар". Мақсат-міндеттер: балаларды қырлы тақтаймен жоғары-төмен жүру және жүгіру; қарқынды жылдамдатып және ақырын жүгіруге үйрету. **Шығармашылық іс-әрекет**	**Музыка** "Туған жер". Мақсат-міндеттер: Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге және музыкалық аспаптарда	**Дене тәрбиесі** "Құрсаумен жарыстар". Мақсат-міндеттер: балаларды бағытты өзгертіп жүруге; жай қарқында үздіксіз жүгіру; затты тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) 1,5-2 м арақашықтықтан оң қолмен лақтыруға үйрету.

	Дамытушы ойын: **"Үй жануарлары".** **(математика негіздері)** Мақсат-міндеттер: балаларға ұзындықтың бес түрлі шамалары жөнінде ұғымдар қалыптастыру; беттестіру мен тұстастыру, санап салыстыру тәсілдері жөнінде түсініктерін тиянақтау. ***Қауіпсіздік сабағы*** ***«Жануарлармен сақ бол!»*** *Мақсаты: Жануарларға абай болуды үйрету.* *Көрнекілік: Ит, мысық суреті.* *Барысы: “Бейтаныс итті сипама, ол қорқуы мүмкін.”* *Күтілетін нәтиже: Жануармен қарым-қатынаста сақ болады.* *жолама” дейді.*	билеу дағдысын меңгерту. **Қазақ тілі** "Ғарышкер боламыз. Адамның дене мүшелері. 10 дейін тура және кері санау." Мақсат-міндеттер. Балаларға ғарыш жайлы алғашқы түсініктірін дамытуға жәрдемдесу; «ғарыш» туралы түсінік қалыптастыру; ғарышкерлер киімдерінің ерекшеліктері жайлы түсінік беру; сандық қатар, тура және кері санау жайлы түсініктерін бекіту; адамның дене мүшелері мен бет әлпет бөліктері туралы білімдерін нақтылау. Балаларды қазақ тілінде сөйлеуді мұқият тыңдауды үйрету; зат есімді сөздерге көптік, тәуелдік жалғауларды дұрыс қосып айтуға үйрету; сөз ішінде [ғ] дыбысын дұрыс дыбыстауға жаттықтыру; еске сақтауды, қиялды, ой-өрістерін дамыту. Ізденімпаздыққа, әдептілікке, зейінділікке тәрбиелеу. "Ағаш түрлері. Тақпақты мәнерлеп оқу "Аққайын"." Мақсат-міндеттер. Ағаштың құрылымы туралы түсініктерін дамытуды жалғастыру; емен, қарағай, терек ағаштары жайлы мәлімет беру; «шырынды ағын» сияқты табиғи құбылыспен таныстыру; аққайыңның құрылымдық ерекшелігі жайлы білімдерін нақтылау; ізденімпаздыққа, байқампаздыққа, табиғатқа	***<u>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</u>*** «Біз өнерлі балалар» тақырыбы бойынша балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу бойынша* ақ қағаз бетіне бастырылып шығарылған көктемгі ағаштардың суреттерін қылқаламмен, дәстүрден тыс бастырып салу әдісі арқылы боялуға баулу. *Мүсіндеу бойынша*алдарындағы суретті ермексазбен толтыру. Ермексаздың түсін таңдап, жұмысқа кірісу. Ермексазды жұмсарту жолдарын көрсету; ермексазды алақан арасында домалату, сопайту; *Жапсыру бойынша*балаларға көктем мезгілін матамен аппликация жасау дағдыларын жетілдіру. Әр түрлі матадан сәндік коллаж жасауды үйрету. Қағаз бетіне аппликация бөлшектерін үйлесімді орналастыра білуге үйрену. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* заттардың көлеміне, пішініне қарап, салыстыра отырып құрастыра білуді үйрету, қағаздан бүктеп гүл жасай алуды меңгерту. Ойын арқылы балалардың құрастыра білу және ойлай білу қабілеттерін дамыту. ***«Күй күмбірі»*** *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында*	ырғақты ойнай білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуға жаттықтыру. **«Жануарларды орналастыр» дидактикалық ойыны** **(математика негіздері)** Мақсаты: Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету. 5 бала кезекпен тақтадағы тапсырманы, ал қалғандары үстелдің үстіндегі парақ қағазда фишкамен орындайды. - Оң жақтағы жоғарғы үйшікке ақтиінді орналастыр. - Сол жақтағы төменгі үйшікке мысықты орналастыр. - Төменгі оң жақтағы үйшікке аюды орналастыр. - Жоғарғы сол жақтағы үйшікке қасқырды орналастыр. - Барлық аңдарға үйшіктер жетті ме? - Неше үйшік екенін санаңдар. Осы санды цифрмен көрсетіңдер. - Неше аң? Цифрмен көрсетіңдер. - Қай сан артық? 4 пе, әлде 5 пе? - Аңдардың қайсысы артық? Неге? Балалардың нұсқалары әртүрлі болуы мүмкін. Балалардың өз ойларын	***Ұлттық ойын*** ***Сақина жасыру*** *Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен «Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.* **Шығармашылық іс-әрекет** ***<u>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)</u>*** «Кемпірқосақ" тақырыбы бойынша балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу бойынша*парақты бір бүктеу. Бір бетіне бояу дақтарын жағып, парақты беттестіреді. Екі беті тең бейне алынады. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* алдарындағы суретті ермексазбен толтыру. Ермексаздың түсін таңдап, жұмысқа кірісу. Ермексазды жұмсарту жолдарын көрсету; *Құрастыру және жапсыру* іс-әрекеті бойынша түрлі түске боялған дәннен кемпірқосақты құрастырып, алдын ала дайындалған жапсырмаға (скоч) жапсыру.

		сүйіспеншілікке, ағаштарға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Қазақ тілін қабылдауды, қазақ тілінде өлең сөздерін нақты, дұрыс дыбыстауды, ағаштардың атауын еске сақтауды, аққайың құрылымының өзіндік ерекшеліктерін байқауды үйрету; артикуляциялық аппараттарын жаттықтыру, қиялдарын дамыту; әлемді эстетикалық қабылдау негіздерін қалыптастыру. ***Ұлттық ойын*** ***Соқыр теке.*** Ойын шарты:Балалар дөңгелене тұрады.Бір баланың көзі байланып қойылады. Балалар:Бота,бұзау,қозы,лақ Қайда кеткен құлыншақ Соқыртеке бақ-бақ Мені ізден тап-тап Деп тақпақтайды. Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы(баларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады.Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «соқыр теке» ролін атқарады.Ойын осылайын жалғаса береді.	*үшін қазақ күйін қою* **«Ырғақты қайтала» дидактикалық ойыны (музыка)** Ойынның мақсаты: аспапты тембрлік үнінен тануға үйрету. Ойынның көрнекілігі: сылдырмақ, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар. Ойынның шарты: екі бала бір-біріне арқасымен теріс қарап тұрады. Алдарында бірдей аспаптар қойылады. Бірінші бала таныс әннің ырғағын аспапта ойнайды, екінші бала дәл сол аспапта ырғақты қайталайды. Бала дұрыс тауып ойнаса, балалар шапалақтайды. Жақсы ойнаған балаларға таңбалауыштар таратылады.	айтуына мүмкіндік беру. ***Қауіпсіздік сабағы*** ***Итпен қауіпсіз қарым-қатынас*** *Мақсаты: Балаларды иттен қорықпай, бірақ абай болуға үйрету Міндеттері: • Итке рұқсатсыз жақындамауды түсіндіру • Үлкеннен сұрау дағдысын қалыптастыру Түсіндіру: – Итті сипамас бұрын «Бола ма?» деп сұраймыз. – Иттің құйрығын, құлағын тартпаймыз. Ойын: «Бола ма – болмай ма?» (тәрбиеші сурет көрсетеді, бала жауап береді)*	***"Күй тыңдайық, балақай!"*** *балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;* *Күйдің сазымен қимылдар жасау.* ***Күй «Қылқобыз»*** **«Сипап сезу арқылы санау» дидактикалық ойыны (математика негіздері)** Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	**Жәндіктердің ұшуын бақылау (Көбелек, маса, ара).** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)*	**Бақбақ гүлін бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)*	**Терек ағаштарының жапырақтарын бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту,*	**Ересек балалардың ойындарын бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)*	**Ересектердің бақшадағы еңбегін бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)*

	Жұмбақ. Тісі жоқ, ауызы бар, Атқарар ісі бар. (Ара) Тақпақ. Дастарқанды аралады, Ет пен майды жағалады. Өмір сүре берсінші деп, Өлтіргем жоқ бал араны. **Бақылау.** Күн жылына жәндіктер пайда бола бастайды. Жәндіктерді танып аттарын атау. Қоңыз, маса, көбелектер және оларды салыстыру. Жәндіктерді аялауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын. «Көбелектер, көлбақалар, тырналар». (дене тәрбиесі)** Жәндіктердің өмірінен балалар достық қатынас тілектерін қолдануға тәрбиелеу. ***Еңбек.*** *Гүлзарды суару.* ***(еңбек дағдылары)*** *Өздігінен өсімдіктерді суаруға үйрету. Гүлдер мен құралдарға ұқыпты қарап, жұмыстан кейін орындарын жинауға тәрбиелеу.* **Өз бетімен ойындар. Сумен ойнау.** Балалар арасында достық қарым-қатынастарын дамыту және оларға көмектесу.	Жұмбақ. Кіп кішкентай қауғабас, Шашы түссе дауламас. (Бақбақ) **Бақылау.** Бақбақ гүлінің сары басты екенін бақылай отырып, көп күлтелерін күндіз ашылып, кешке жақын күлтелерінің жабылып тұратынын балаларға түсіндіру. **Қимылды ойындар: «Түсті автокөліктер». (дене тәрбиесі)** Өз бетімен атрибуттар мен көмекші-заттарды таңдай білуін, шартты ойын әрекетін орындауға талаптануын мадақтау. ***Еңбек.*** *Алаңдағы жұмыстар.* ***(еңбек дағдылары)*** *Гүлзарға гүлдердің тұқымдарын егеміз. Егілген тұқымдарға су құямыз. Тұқымдарды еккенде арақашықтарын сақтау, еңбекке баулу.* **Өз бетімен ойындар.** «Белдіктермен ойындар». Өз бетінше ойнай білу қабілеттерін арттыру.	*көркем әдебиет)* Тақпақ. Отырғыз ағаш көктемде, Жөн болар еңбек еткенің. Келмесе шаманың егуге, Сындырма жұрттың еккенін. М. Қуанышбеков. **Бақылау.** Терек ағашының жапырағын ақ қайыңның жапырақтарымен салыстыру, айырмашылықтарын бақылау. **Қимылды ойын. «Допқа дейін жеткіз». (дене тәрбиесі)** Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. ***Еңбек.*** *Ағаш түптерін әктеу.* ***(еңбек дағдылары)*** *Ағаш түптерін әктесек одан құрт-құмырсқа аулақ болатынын ескерту. Балаларды табиғатты қорғауға, бұтақтарды сындырмауға тәрбиелеу.* **Өз бетімен ойындар.** Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.	Тақпақ «Балабақша». Балабақша базарлы үй, Қаладағы ажарлы үй. Шаттығы бар шуақты, Өз үйіміз сияқты. **Бақылау.** Балалардың киімдеріне назар аудару (куртка, шапка, бессаусақ т.б.), балаларға қыста қалай киінгендерін естеріне түсіру. Балаларға бұрынғыдан қарағанада көбірек серуендеуге болатынын байқату. Күннің жылынғанын, ауа райының қалай өзгергенін бақылау. **Қимылды ойындар. «Батыл балалар». (дене тәрбиесі)** Жіпке тартып өрмелеу: балаларды батырлыққа, күштілікке, ептілікке тәрбиелеу. ***Еңбек.*** *Ауладағы жұмыстар: арамшөпті жұлып, ағаштардың түптерін қопсыту.* ***(еңбек дағдылары)*** *Балалармен арамшөпті жұлып, оны бір орынға жинау, бірге жұмыс жасауға үйрету. Таза, жинақылыққа, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.* **Өз бетімен ойындар.** Барлығына бірге топтасып ойындар ойнату.	Мақал-мәтел. Еңбек етпесең, елге өкпелеме, Егін екпесең, жерге өкпелеме. Тақпақ. Бітік егін өсіріп, Еліне бақ сыйлаған. Егінші ісін дос біліп, Ол-халыққа сыйлы адам. **Бақылау.** Көктемде топырақты дайындап, көкөніс егу науқаны басталатыны жайында балалардың түсінігін қалыптастыру. Тынымсыз еңбек ету нәтижесінде адамдар көкөністі өсіріп күтуде мол өнім алу мүмкіндігіне ие болатынын балаларға түсіндіру. **Қимылды ойын. «Арқан тартыс». (дене тәрбиесі)** Күш-жігерді дамыту, қарсыласын өз жағына тартқанда шыдамдылық таныту. ***Еңбек.*** *Гүлзарға гүл отырғызу.* ***(еңбек дағдылары)*** *Гүл отырғызатын орынды таңдап алып, оны суару. Еңбек мәдениетін қалыптастыруды үйрету (еңбек құралдарын қолдану, жұмыс орнын таза,ұқыпты ұстау).* **Өз бетімен ойындар.** Ойыншық пен рөлдерді бөлісуде мәдениеттік білдіріп, келіспеушілік тұстарын анықтап, өз ойын іске асыра білуге тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. ***«Үнемді тұтыну»***				

	Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге және жарықты үнемдеуге үйрету Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. *Көркем сөз* Алға жайып тұз-дәмін, Келтіреді үй сәнін. Ол халқымның ақ жаны, Жақсы дәстүр маржаны, Кеңпейіл де арайлы, Осы жерден тарайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы	«Ғажайып бақ» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)**				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***«Үнемді тұтыну»*** ***«Жарық керек пе?»*** *Мақсаты: жарықты дұрыс пайдалануды үйрету. Құралдар: суреттер (күндіз терезеден күн түсіп тұр, қараңғы бөлме, теледидарды өшірмей кеткен). Барысы: • Тәрбиеші суретті көрсетеді.* *• Балалар «жарықты қосу керек пе, өшіру керек пе?» деп айтады.* **Шығармашылық іс-әрекет** "Құлыншақ шауып келеді". тақырыбы бойынша балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)*** *Сурет салу бойынша* балаларды қылқаламмен шауып келе жатқан құлыншақ бейнесін салу амалдарына үйрету;	**Шығармашылық іс-әрекет** "Аквариумдағы балықтар". тақырыбы бойынша балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* сурет салудың дәстүрлі және дәстүрден тыс әдістері арқылы балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттыру. Бейнені қағаз бетіне орналастыра білуін және шығармашылық қабілеттін дамыту.Картоп бастырмасымен жұмыс жасай білуге үйрету. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* ермексаз кесектерін ермексазды алақан арасына салып домалақтау, жаншу, жалпақтау, есу тәсілдерін	**Математика негіздері** "Бес төлді жарыстырайық". Мақсат-міндеттер: балаларға ұзындықтың бес түрлі шамалары жөнінде ұғымдар қалыптастыру; беттестіру мен тұстастыру, санап салыстыру тәсілдері жөнінде түсініктерін тиянақтау. ***Қауіпсздік сабағы*** ***Бейтаныс жануарлардан сақтану*** *Мақсаты: Қауіпсіздік ережесін үйрету Міндеттері: • Көшедегі жануарларға жақындамау • Үлкендерге айту әдетін қалыптастыру Түсіндіру: – Көшедегі ит пен мысыққа жақындамаймыз. – Қорықсақ, үлкенге айтамыз. Жаттығу: «Көрдік – тоқтадық – айттық»*	**Вариативті компонент** **Қызықты математика** **Үстел басында іс-тәжірибелі жаттығу. «Геометриялық пішіндер мен денелерді жасырайық»** Геометриялық денелер және геометриялық пішіндерге ортақ ұқсастық, айырмашылық туралы негізгі ұғымдар беру; геометриялық пішіндердің немесе денелердің қоршаған объектілерге ұқсастығы туралы ұғым қалыптастыру; Балаларды геометриялық денелердің қасиеттерін зерттеу тәсілдеріне үйрету; геометриялық денелер мен геометриялық пішіндерді көзбен бақылап, қолмен ұстап, сипап, іс-тәжірибе жасап, өзара салыстырып, ортақ қасиеттерін тануға машықтау; іс-тәжірибе және зерттеу нәтижелерін,	**Қоршаған әлеммен таныстыру** "Көктемде жер бусанды". Мақсат-міндеттер: балаларға көктем мезгілі туралы түсінік бере отырып, көктемгі табиғатқа тән ерекшеліктермен таныстыру. **Театрды саханалау.** "Өсімдіктер мен кемпірқосақ" ертегісін сахналау. Қазақ тіліне тән "ө,қ, ү, ұ, і" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **(көркем әдебиет, қазақ тілі)** ***Сюжеттік ойын:*** ***«Мен банкке ақша саламын»*** *Мақсаты: • Ақшаны үнемдеу және қауіпсіз сақтау туралы алғашқы түсінік беру; • «Жинақтау» ұғымын таныстыру; • Қарым-қатынас,*

		Қ.Р.Әнұраны **Тіл дамытудан ойын-жаттығу** "Жұмбақ жасырмақ жаттығулары". Мақсат-міндеттер: балаларды көркем сөздің жұмбақ формасымен таныстыруды жалғастыру, жұмбақтың тақпақтан негізгі айырмашылығы жөніндегі түсініктерін пысықтау; заттардың ортақ қасиеттер бойынша топталу принципін қайталау. ***Ұлттық ойын*** ***Бес табан.*** ***(асық ойыны)*** *Ойыншылар тегіс жерді таңдайды. Ортасына түзу сызық сызады. Оған жағалай асық тізеді. Ойынды бастаушы асық тізілген жерден бес табанға тең аралықты белгілеп алып, шеңбер тартады. Ойыншылар шеңберге кірмей (баспай) ортадағы асықты атады. Сақа тиген асық міндетті түрде шеңберден шығуы керек. Кім*	***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; **Күй : «Әлқиса»** ***Ұлттық ойын*** ***Теңге ілу.*** *Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінелі. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан тас салынады. Содан екі топтан екі саыскер шығады.сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйыңғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға тжетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды.* *Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай*	***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; ***Ұлттық ойын*** ***Ат жарыс*** *Бұл ойын екі командаға бөлініп ойналады.* *Ойын шарты: Балалар тәрбиешінің «Алға»-деген белгісі бойынша, ат үстіндегі қимылын салып жарысады. Қай команда мәреге тез жетіп бітіреді. Сол команда жеңімпаз болады. Ат кескін бет пердесін тақымға қысып мәреге шауып жету.* *К\Құралдар: Екі командаға аттың кескін бетперде* **Гүлдер. Алыс-жақын** (қазақ тілі, математика негіздері) Балалардың ұғымындағы гүлдердің түрлері жайлы білімдерін кеңейту, олардың сыртқы ерекшеліктерімен таныстыру; нысанның	***"Күй тыңдайық, балақай!"*** *балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;Күйді тыңдай отырып қимылдар жасау.Құрманғазы «Балбырауын» күйі* **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығу** "Таза су". Мақсат-міндеттер: балалардың судың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейте отырып, судың көктемдегі пайда болатын ерекшеліктерімен және өзгерістерімен таныстыру; көктемгі табиғаттың белгілері мен сұлулығын ажыратып, атай білуге үйрету. *«Суды үнемді пайдалану» дағдыларын қалыптастыру* ***Қауіпсіздік сабағы*** ***Өрт кезінде жасырынуға болмайды*** *Мақсаты: Өрт кезінде дұрыс мінез-құлық қалыптастыру.* *Міндеттері: – Қауіпсіз әрекеттерді үйрету – Қате*

		көп асықты атып шеңберден шығарса сол ұтады. ***Қауіпсіздік сабағы*** ***Отпен ойнауға болмайды*** *Мақсаты: Балаларды оттың қауіпті екенімен таныстыру. Міндеттері: – Оттың зиянын түсіндіру – Қауіпті заттарды ажыратуға үйрету Көрнекіліктер: От, сіріңке, шам суреттері Тәрбиешінің әрекеті: Оттың не екенін, не үшін қауіпті екенін жай тілмен түсіндіреді. Балалардың әрекеті: Суретке қарап, оттың қауіпті екенін айтады. Қорытынды: От – қауіпті, ойнауға болмайды.*	*жинаса, сол топ жеңеді.* ***Қауіпсіздік сабағы*** ***Сіріңке – ойыншық емес*** *Мақсаты: Сіріңке мен оттықты ұстамауға үйрету. Міндеттері: – Тыйым сөздерді есте сақтауға үйрету – Өзін-өзі қорғау дағдысын қалыптастыру Көрнекіліктер: Сіріңке қорабының макеті Сұрақ-жауап: – Бұл не? – Онымен ойнауға бола ма? Қорытынды: Сіріңкені тек үлкендер қолданады.*	орналасуын «жақын - алыс» бақылау жайлы түсініктерін дамыту; Балаларды қазақ тілінде гүлдердің сыртқы ерекшеліктерін суреттеу кезінде түсіну мен естуді үйрету; гүлдердің атауын анықтамалық сөз тіркестерін қайталау, жұмбақ шешу арқылы еске сақтауды үйрету; суреттегі нысанның орнын, алыс немесе жақын орналасуын айтуды жаттықтыру; ойлау, еске сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту.	*әрекеттерден сақтандыру Түсіндіру: Тығылу – қауіпті. Ойын: «Дұрыс – дұрыс емес» Қорытынды: Тығылмаймыз, үлкендерді іздейміз.* *у.*
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (шығыршықтармен)** 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен алдына ұстау. 1-2-шығыршықты қолымен аяғына дейін бұрап, айналдыру; 3-4- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау. 1-отыру, шығыршықты жоғары көтеру; 2-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 7-8 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау. 1-қолдарын жанына жіберу; 2-қолдарын жоғары көтеріп, шығыршықты екінші қолына салу; 3-қолдарын жанына жіберу; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды келесі қолымен орындау. Жаттығу 6-8 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: аяқты табан деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау. 1-сол аяғын бүгіп, көтеру, аяқтың астынан шығыршықты келесі қолға салу; 2-қолын жіберіп, бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау. 1-түзу қолдарын алға ұстау; 2-еңкейіп, шығыршықты жерге тигізу; 3-тіктеліп, шығыршықты алдына әкел; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты басына, екі қолды беліне қою. 1-оң аяғын жанына қою; 2-сол аяғын орнына қою; 3-сол аяғын жанына қою; 4-оң аяғын орнына қою. Жаттығу 6-7 рет қайталанады. 7. Бастапқы қалып: шығыршық жерде, аяқ бірге, қолды белге қою. Шығыршықты айналып, 1-4-ке дейін оңға және 5-8-ге дейін солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады. **(дене тәрбиесі)**			
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. *Күнделікті өмірде суды үнемдеу үшін төмендегідей ережелерді сақтауымыз керек:*				

	- қажетсіз суды босқа ағызбау; *- кранды үнеме жауып жүру* *(Экологиялық мәдениет дағдысы)* Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. *Көркем сөз* Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! (Тусипжанова-Шагирова А.) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		**«Күлімдеген күн».** Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Дөңгелене кілемде отыр. Бәрі бірге айтады. Әскери көліктер, әскерлер туралы суретке қарап әңгімелесу. **(тіл дамыту, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**	**«Көңіл - күйдің кездесуі»** Ойынның мақсаты: мейірімділікке, өзгенің көңіл-күйін түсінуге тәрбиелеу. Педагог эмоциялар бейнеленген карточкалардың екі тобын (пиктограммалар) орналастырады және балалардан әртүрлі эмоциялар қалай кездесетінін, жағымды және жағымсыз эмоцияларды елестетуді сұрайды. Тәрбиеші «жағымды» эмоцияны, ал бала «жағымсыз» эмоцияны көрсетеді, содан кейін карточкалардың орнын ауыстырады. Эмоцияларды қалай татуластыруға болатындығы туралы талқылайды. *(адалдық әліппесі)*	**Таңғы сәлемдесу.** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге, жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Армысың, Әлем! Армысың, Жарық күн! Армысың, абзал Адам! Армысың, менің досым! **(тіл дамыту)**	**«Менің көңіл-күйім»** Ойынның мақсаты: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу. Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады. Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады. Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады. Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек. *(адалдық әліппесі)*
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		**Музыка** Кемпірқосақ жолақтары Мақсат-міндеттер: Балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін жетілдіру; музыка әуені мен ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап,	**Дене тәрбиесі** "Ұзындыққа екпінмен секіру" Мақсат-міндеттер: балалардың саптан қатарға бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап тұру қабілетін жетілдіру; қатарда жүріп келе жатып, жүру, жүгіру жаттығуларын дұрыс бағыт пен	**Музыка** Кемпірқосақ жолақтары Мақсат-міндеттер: Балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін жетілдіру; музыка әуені мен ырғақтық қимылдарды бір	**Дене тәрбиесі** "Қақпашы бола аламыз ба?" Мақсат-міндеттер: балаларды сапта бір-бірден бытырап жүру; затты жанау арқылы орнынан жоғары секіру; тепе-теңдікті сақтап тақтаймен жүруге үйрету. **Шығармашылық іс-әрекет**

		бір мезгілде аяқтау дағдысын қалыптастыру; мәдени қарым-қатынас ережелеріне тәрбиелеуді пысықтау. **Қазақ тілі** "Егістікке арбамен барамыз. Еркелетіп ата". Балаларды қазақ тілінде қарлығаш туралы ән айтуды, олардың қимыл-қозғалыс ерекшеліктерін ым-ишара арқылы жеткізуді үйрету; үй жануарларының дауыстарын есту арқылы ажырату біліктіліктерін дамыту; үй жануарларының төлдерін еркелету сөздерімен атау барысында артикуляцияларын, көру және есту зейінділігін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. .***"Экологиялық ұшқын" ертегісі*** *Бұл баяғыда, өте ертеде, адамдар экологиялық бақыттың не екенін әлі* білмеген кез еді… Иә, ондай кездер болды. Әлем олар үшін қара және сұр болды. Олар күннің жарқырауы мен ұлылығын байқамады, жұлдызды аспанға таңданбады, Осы ежелгі дәуірде көктегі бір жақсы періште Жерге түсіп, жердегі тіршілікті сезінуге шешім қабылдады. - Бірақ мен адамдарға немен келемін? - деп ойлады ол. Ол адамдарға қонаққа сыйлықпен келгісі келді. Сосын Әкесінен көмек сұрады. - Мынаны адамдарға берші, - деді Әкесі оған кішкене ұшқынды созып. Ол	кері бағытта жасауға үйрету. **Музыкалық-ырғақты қимылдар** музыка сипатына сай ырғақты қимылдарды жасауды үйрету **(музыка)** **Достық жайлы ән.** **Жазықтықта бағдарлау: оң жақта, сол жақта, жоғары, төмен, ортасы.** **(қазақ тілі, математика негіздері)** Достық түсінігін қалыптастыру; достық ұғымын қалыптастыратын жақсы әдеттер жайлы түсініктерін нақтылау; заттардың жазықтықтағы орналасу (сол жақта, оң жақта, жоғары, төмен, ортасы) орны туралы білімдерін дамыту; Қазақстандағы халықтар достығы туралы түсініктерін дамытуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі тақпақты ұғынып тыңдауды үйрету; достықты айқындайтын әдеттерді білдіретін сөз бен сөз тіркестерін түсіну біліктерін дамыту; жақсы әдеттерді жаман әдеттерден ажыратуды үйрету ***Дидактикалық ойын: «Сыйлыққа ақша жұмсаймыз»*** *Мақсаты: Ақшаны тек өзіне емес, басқаларға да жұмсауға болатынын ұғындыру. Көрнекілік: Сыйлық суреттері (гүл, шар, кішкентай ойыншық), фишкалар. Ойын барысы: 1. Тәрбиеші: «Бүгін досымызға сыйлық алайық» – дейді. 2. Балалар сыйлық суретінің бірін таңдайды. 3. Әр бала 1 фишка беріп, «сыйлықты» алады.*	мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын қалыптастыру; мәдени қарым-қатынас ережелеріне тәрбиелеуді пысықтау. **Шығармашылық іс-әрекет** "Жайнаған гүлдер". Балалар қалаулары бойынша қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* сия тамшысы техникасына бейімдеу; сия тамшыларын қағаз бетіне түсіріп, пайда болған тамшыларды түтікшемен гүлдерге айналдырып, гүлденген дала пейзажын салу амалдарына үйрету; *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша*гүлдің дайын сұлбасы бейнеленген қағазға ермексазды жалпайту, домалақтау, жіңішкерту әдістерін пайдаланып жапсыруға үйрету; жәндіктер туралы балалардың білімдерін тиянақтау; сыртқы сипатына қатысты ерекшеліктерін көрсете отырып көбелекті мүсіндегенде қолдың кіші моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; *Жапсыру бойынша* мақта табақшаларынан гүл жапсыруға үйрету; *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* қағазды бүктеу әдісі арқылы гүлдің басын, гүлдің сабағы мен жапырағын қағаз бетіне жапсырып, гүл құрастыруды	"Әдемі гүлдер". Балалар өздерінің қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап жұмыс жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* балаларды мақта табақшаларын екіге бүктеп, шыққан жарты шеңбердің үстіңгі жағынан ортасына қарай қайшымен сопағынан қию арқылы гүлдің басын дайын жазық қағаз бетінде орналасқан сабақтардың үстіне жапсыруға үйрету. *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* қағаз бетіне басып шығарылған гүлді қылқаламмен бояуға үйрету. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* қысу, тарту, басу әдістерін қолдану дағдыларын қалыптастыру. Әсемдікке баулу. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* гүлдің сұлбасын табиғи (мақта, жүн, жіп, қағаз, дәннің түрлері) заттардан гүл бейнесін құрастыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру

		кемпірқосақтың барлық түстерімен жарқырап тұрды. - Бұл не? - жақсы періште таң қалды. - Бұл экологиялық ұшқын, - деп жауап берді Әкесі, – оны жүрегіңе салып, адамдарға сыйға тарт. - Ал ол оларға не береді? - Бұл оларға өмірдің ерекше энергиясын әкеледі. Мейірімді періште жүрегіне таңғажайып ұшқын шашып, әп-сәтте Жерге түсті. Ол жүрегінен экологиялық ұшқынның сәулесін алып, адамдарға жеткізді. Әп-сәтте жерді сиқырлы нұр шашып жіберді. Бүкіл әлем түрлі-түсті болды: гүлдер де, күн де, айналаның бәрі! Осылайша адамдарға экологиялық бақыт келді. **Д/О: "Экологиялық белгілер"**	*4. Бір-біріне бергендей етіп ойнайды. Күтілетін нәтиже: – Бала ақшаның көмегімен жақын адамдарға қуаныш сыйлауға болатынын түсінеді. – Ынтымақтастық, мейірімділік дағдысы дамиды.* **(қаржылық сауаттылық)**	үйрету;	
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. *(өзіне қызмет ету)*				
Серуен		**Тұманды бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Жұмбақ. Қаратаудың басында Киік кетіп барады. Қол аяғы бауырына Тиіп кетіп барады. (Тұман) **Бақылау.** Табиғаттағы тұманды бақылау ол туралы түсініктерін кеңейту. Жыл мезгіліндегі құбылыстар туралы нақты білімдерін қалыптастыру. **Қимылды ойын: «Жасырған затты тауып ал».** **(дене тәрбиесі)** Әр бағытта жүріп, жасырған затты тауып алу, жылдамдыққа	**Құстардың шомылғанын бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Жұмбақ. Мойны ұзын, ақ қауырсынды үлкен ақ құс. (Аққу) **Бақылау.** Сырттан құстардың шомылғанын бақылау: қауырсындарын тазартады, суды ішеді. Құстарға деген сүйіспеншілігін дамыту, қызығушылығын арттыру. **Қимылды ойын. «Аңшылар және аңдар». (дене тәрбиесі)** Дөңгеленіп тұруға және допты лақтырып, қағып алуға үйретуді бекіту. Ойынның шартын	**Құстарды бақылау (торғай, көгершін).** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Көркем сөз. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып-ап, Бөтегесі томпиып, Шиқ-шиқ етіп отырар. Торғай-торғай тоқтаған, Торғайды торғай мақтаған. Бір торғай ұшса боранда, Бәрі жабылып жоқтаған. **Бақылау.** Немен көректенеді, қайда мекендейді, пайдасы қандай болатыны туралы білімдерін толықтыру. **Қимылды ойын. «Құстар**	**Тамшыны бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Жұмбақ. Мұрны жоқ шымшық, Мұз тесер.(Тамшы) Бақылау. Көктем құбылыстары. Тамшыға назар аударып бақылау. Балалардың сөздік қорларын байыту. Көктемге байланысты айтылатиын «күн қыздырады», «төбеде қар ериді» деген түсініктермен таныстыру. **Қимылды ойын: «Кім жоғары секіреді». (дене тәрбиесі)** Бір орында секіру, қимыл-қозғалыстың шапшаңдығын

		тәрбиелеу, ойын шарттарын бұзбай ойнау. **Еңбек.** Бақшада жұмыс істеу. Көгөністерді суару. Өсімдіктерді өз бетімен суаруға үйренуін қалыптастыру (суару ережелерін сақтау). Өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Үлкендерге көмек көрсетуге ынталандыру. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Құмда ойыншықтармен ойнау. Құммен ойнау әдістерімен түрлендіру. Қызығушылықтарын арттыру, шығармашылықтарын дамыту. Әр балаға өз әрекеттерін ұйымдастыруды үйрету.	орындауға, әділеттілік сезімдерін дамыту. **Еңбек.** Ауладағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)** Арамшөпті жұлу. Үлкендерге көмектесуге талпындыру. Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар.** Әртүрлі ойындарға қызығушылығын арттыру және ойнай білу дағдыларын дамыту.	**және түлкі». (дене тәрбиесі)** «Түлкіні» санамақ арқылы тандай алу. Алаңда секіру, жүгіруді бекіту. **Еңбек.** Құстарды тамақтандыру. **(еңбек дағдылары)** Құстарға деген қамқоршылыққа тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар.** Ойыншық-тербеткіш. Басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.	арттыру. Жолдастық сезімдерін арттыру. **Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)** Аквариумдағы балықтарды тамақтандыру. Балықтарды тамақтандыруға үйрету. Еңбекке деген сүйіспеншілігін дамыту. **Өз бетімен ойындар:** «Көпіршік сабын буларды үрлеу». **(дене тәрбиесі)** Балалар арасында қалыпты қарым-қатынасты орнату, көпіршіктермен ойнау. Достарының пікірімен санасуға тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. *Көркем сөз* Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! (Тусипжанова-Шагирова А.) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. ***«Күй күмбірі»*** *Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру*				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. **(дене тәрбиесі)**				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,		**Математика негіздері** "Даладағы гүлдерді санайық. Жиын сандар".	**Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығу** "Таңғажайып табиғат".	**Вариативті компонент Қызықты математика**	"Ән салайық бәріміз". **(музыка)** Мақсат-міндеттер: балаларды ана

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		Мақсат-міндеттер: балалардың "сан" мен "санау" ұғымдары туралы білімдерін жетілдіру, жиын санын құрайтын ең кіші екі сан туралы түсіндіру. **Шығармашылық іс-әрекет** "Әдемі шәйнек". Балалар қалаулары бойынша қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* балалардың қылқалам ұшы мен бояу арқылы шәйнектің сұлбасын татар ою түрімен, гүлмен, безендіру техникасымен таныстыру; жасыл көктем мезгіліндегі гүлдердің түрлері туралы ұғымдар жиынтығын пысықтау. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата,	Мақсат-міндеттер: балаларды көктемгі табиғаттың таңғажайып құбылыстарымен таныстыра отырып, табиғат туралы түсініктерін кеңейту. **Шығармашылық іс-әрекет** "Табиғат кереметі". Балалар қалаулары бойынша қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* сия тамшысы техникасына бейімдеу; сия тамшыларын қағаз бетіне түсіріп, пайда болған тамшыларды түтікшемен гүлдерге айналдырып, гүлденген дала пейзажын салу амалдарына үйрету; *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша*балаларға гүлге қонған көбелектің дайын сұлбасы бейнеленген қағазға ермексазды жалпайту, домалақтау, жіңішкерту әдістерін пайдаланып жапсыруға үйрету; Жапсыру іс-әрекеті бойынша мақта табақшаларын тілік етіп гүлшанағын, сары түсті шеңберді мақта табақшаларының ортасына гүлдің аузы етіп жапсыруға, жасыл түсті қағаздан алдын-ала дайындалған гүл сабақтары мен жапырақ қимаүлгілерін қағаз бетіне орналастырып, желімнің көмегімен жапсыруға үйрету; *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балаларға есептеу таяқшаларынан көбелектерді құрастыруды үйрету; қағаздың бетін көз мөлшерімен тең ортасынан екіге бөлу, қағаз бетінде бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіру; көбелектерді түстеріне	**Кеңістікте бағдарлауды үйренеміз** Балаларда кеңістікте бағдарлай алу; өзіне тікелей жақын кеңістік бағыттарын анықтау дағдыларын дамыту; "жоғарыда", "төменде", "алыс", "жақын", "сол жақ", "оң жақ" ұғымдарын бекіту; оқу қызметіне қызығушылықтарын оята отырып, достыққа, көмек беруге тәрбиелеу. ***Ойын: «Дұрыс баға»*** *Мақсаты: Заттың «бағасы» бар екенін түсіну. Көрнекілік: 1 фишка – алма, 2 фишка – доп, 3 фишка – машина. Ойын барысы: – Тәрбиеші: «Алма – 1 ақша». – «Доп – 2 ақша». – Бала сатып алу үшін сәйкес ақшаны береді. Нәтиже: Сәйкестендіру және санау дағдысы дамиды.* **(қаржылық сауаттылық)** **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығу** "Нәркес". Мақсат-міндеттер: балалардың табиғат гүлденуі туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; нәркес гүлдері жайлы білімдерін кеңейту. ***Қауіпсіздік сабағы*** ***Түтін – қауіпті*** *Мақсаты: Түтіннің адамға зиянын түсіндіру. Міндеттері: – Дұрыс тыныс алу жолдарын үйрету – Қауіп кезінде өзін дұрыс ұстауға баулу* *Тәрбиешінің түсіндіруі: Түтін көзді ашытады, тынысты*	туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; **(қаржылық сауаттылық)** ***Сюжетті-рөлдік ойын: “Пиццерия”*** Мақсаты мен міндеттері Мақсаты: Балаларды өз бетінше рөлдерді бөлуге, рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Міндеттері: – Балалар арасындағы достық қарым-қатынас пен өзара көмек дағдыларын қалыптастыру; – Ойын барысында қоршаған орта туралы білімдерін қолдануға баулу; – Қарапайым қызмет көрсету, тапсырыс қабылдау, тағам дайындау әрекеттерін меңгерту; – *Қаржылық сауаттылықты қалыптастыру:* “ақша — төлем — қызмет”, қарапайым баға түсінігі, дұрыс төлеу, төлем жасағанда кезекте тұру, “сатып алу — сату” ұғымы. *Қажетті құралдар* • Алжапқыштар • Ыдыс-аяқ жиынтығы • Поднос • Ас мәзірі (бағасы көрсетілген: 5 тг, 4 тг, 3тг) • Скатерти • Орамалдар, майлықтар • Пластик азық-түлік үлгілері (қамыр, ірімшік, шұжық, көкөніс т.б.) • Пиццерия бұрышы • Ойын ақшалары (теңге) • “Касса” жапсырмасы *Рөлдер* • Аспаз (Пиццамейкер) • Қызметкер (официант) • Кассир • Көрермен/Қонақ • Ыдыс жуушы • Жұмыс басқарушы (администратор) ***Ойынның барысы*** 1. Рөлдерді бөлу Балалар өздері қалаған рөлді таңдайды.

		дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. ***Сюжеттік-рөлдік ойын: «Шаштараз»*** *Мақсаты: • Балаларды еңбекпен табыс табу ұғымымен таныстыру;* *• Қызмет көрсету мен ақы төлеу арасындағы байланысты үйрету;* ***• Ақшаны дұрыс санауды және төлем жасауды үйрену.*** *Қажетті құралдар:* *• Шаш қиюға арналған ойыншық құралдар (қайшы, тарақ, фен, орамал);* *• Айна; • «Ақша» орнына қағаздан жасалған тиындар/қағаздар;* *• «Баға кестесі» (шаш қию – 5 теңге, өрім – 3 теңге, шаш жуу – 2 теңге).* ***Ойын барысы:*** *1. Рөлдерге бөлу* *• Бір бала – шаштаразшы; • Бірнеше бала – клиенттер;* *• Бір бала – кассир (ақша қабылдайды). 2. Клиент келеді* *Клиент: «Сәлеметсіз бе! Мен шашымды қидырғым келеді.»* *Шаштаразшы: «Қош келдіңіз! Қай үлгіде қылайық?»* *3. Қызмет көрсету* *• Шаштаразшы ойнаған түрде шаш қияды, тарайды немесе өрім жасайды.* *• Клиент айнаға қарап риза болады.* *4. Төлем жасау*	сәйкес гүлдерге отырғызу арқылы түстерді ажырату дағдыларын жетілдіру; жіпке байланған көбелектерді үрлеу арқылы балалардың тыныс алуларын жақсарту.	*тарылтады.* *Іс-әрекет: Балалар ауыздарын қолымен жауып, еңкейіп жүруді көрсетеді.* *Қорытынды: Түтін шықса – төмен жүреміз.*	Тәрбиеші тек бағыт береді: – “Кім аспаз болады?”, “Кім кассир болғысы келеді?” *Қаржылық сауаттылық:* – Кассир — ақша қабылдайды, қайтарып береді. – Балалар “ақша = төлем” екенін түсінеді. *2. Пиццерияны дайындау* Балалар: – Үстелге скатерть жаяды – Майлық қояды – Ас мәзірін орналастырады – *Касса бұрышын ұйымдастырады* 3. Қонақтар пиццерияға келеді Қонақтар сыпайы амандасады. Официант қарсы алады: – “Қош келдіңіз! Қандай үстелге жайғасасыз?” Балалар өздері үстел таңдайды. *4. Ас мәзірімен танысу* Официант мәзірді ұсынады: – “Міне, біздің мәзіріміз. Қандай пицца қалайсыз?” Мәзір өте қарапайым болуы керек: • Кәдімгі пицца — 3 тг • Ірімшік пицца — 4 тг • Көкөністі пицца — 5тг Қаржылық сауаттылық: – Балалар әр санның “баға” екенін түсінеді; – Ақша мөлшерін салыстыру (3 тг аз, 5 тг көп). *5. Тапсырысты қабылдау* Официант: – “Сізге қандай пицца?” – “Қанша теңге бересіз?” Тапсырыс жазылған “тапсырыс қағазын” аспазға апарады. *6. Тапсырысты дайындау (аспаз әрекеті)* Аспаз алжапқыш киеді, “қамырды созады”, үстіне керек заттарды қойып, “пісіреді”. 7. Аспаз дайын пиццаны официантқа береді Официант пиццаны подносқа салып, қонаққа апарады.

		• Кассир: «Шаш қию – 5 теңге. Төлеңіз.» • Клиент ойыншық ақшасын береді. • Кассир ақша санап, қайтарымын қайтарады. *5. Қорытынды* *Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды: • Шаштаразшы не істейді? • Ол еңбегі үшін не алады? • Ақшаны қайда жұмсайды? Балалар: «Жалақы алады, оны тамаққа, киімге, үйге жұмсайды.»* ***(қаржылық сауаттылық)***			*8. Қонаққа қызмет көрсету* Официант: – “Асыңыз дәмді болсын!” Қонақтар бірге пицца “жейді”. *9. Төлем жасау* Қонақ кассаға барады: – “Менің пиццам 20 теңге еді. Міне, ақша.” Кассир ойын ақшасын қабылдайды, қажет болса қайтарым береді. Қаржылық сауаттылық: • Ақша беру — қызмет алу • Қарапайым түсінік: “төледім — сатып алдым” • Теңгені ажырату • Қайтарым *10. Үстел жинау, ыдыс жуу* Балалар рөлге сай әрекет етеді: • Майлықтар жиналады • Ыдыстар жиналып жуылады • Үстелдер тазаланады Бұл кезеңде тәрбиеші еңбек дағдысы туралы қысқа түсінік береді: – “Біз жұмыс істедік — енді пиццерия таза.” **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қаржылық сауаттылық)**
					Ұлттық ойын ***Асық ойыны*** Ойын мақсаты: *ұлттық ойынды жаңғырту, балалардың саусақ бұлшық еттері арқылы дамыту.* Ойын шарты: *Бұл ойынға онға жуық бала қатыса алады. Көп мөлшерде асықтар қажет. Солардың ішінде ең үлкенің таңдап алып, қызыл түспен бояу қажет. Бұл асық «хан» болады. Алдымен ойын жүргізушіні таңдап алу қажет. Ол барлық асықтарды уысына жиып алып, шеңбер құрып отырған , ойыншылардың алдына*

					тастайды. *Егер «хан» асық «бүк», «шік» немесе «тайқы»* *болып түссе, жүргізуші жақын тұрған* *асықты атып алу қажет.* *Мұнда барлық* *ойыншылар «хан» асықты атып өзіне алуға* *тырысады.*
Балалармен жеке жұмыс		**Дидактикалық ойын** **"Ғажайып нүктелер".** «Ғажайып нүктелер» арқылы гүлдің суретін салады. Нүктелерді қосып, гүлдің суретін шығарады. **(сурет салу)**	**"Санамақтар".** Бірім - бір, Екім - екі, Үшім - үш, Төртім - төрт, Бесім - бес, Алтым - алты, Ауыр балтам, Қалды қалтам! Қырқылдауық, Қырма тауық! Олпық - солпық, Сен кір, сен шық! **(тіл дамыту)**	**Саусақ жаттығуы.** Гүлдер . Көктемде жайнар алқаптар - (Ортаңғы және сұқ саусақтармен "жүру"). Айналаға гүл қаптар. (Алақанды ашып, қолмен айналаны көрсету.) Шашағы аппақ түймедақ, (Алақанды, саусақтарды ашып, қозғау.) Көктікен мен қызғалдақ Жердің көркін ашады. (Көктікен - саусақтардың бастарын қосып, жан-жаққа шашырату, "қызғалдақ"-саусақтарды кесеше жинау). (О.И. Крупенчук; Е.Елубаев) **(тіл дамыту)**	**«Мозаика».** Мақсат-міндеттер. Балаларға әртурлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары. Ойынның барысы. Тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, оның атауын дауыстап атайды, одан геометриялық пішіндер, заттар құрастыруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсіне үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі. **(математика негіздері)**
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(дербес әрекет)**				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(экологиялық мәдени-дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)		Медбикеден кеңес: «Тазалық – денсаулық кепілі»	«Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбына әңгіме жүргізу.	«Р» дыбысын айтуда қиналатын балаларға арналған «Тіл туралы ертігі».	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы*				
Топ/сынып	***Ересек топ***				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	*«Қарлығаш»*				
Балалардың жасы	***4 жастағы балалар***				
Педагогтің аты-жөні	*Ташпенова Ұ.Б*				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**18.05-22.05.2026ж.**				
	«Адал азамат» «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	Апта дәйексөзі: «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек.»				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың балабақшаға бейімделуіне байланысты денсаулығын қадағалап отыру. Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру". Үйдің мекен-жайын,ата-аналардың телефон номерлерін жатқа білуге үйретуге шақыру *Отбасындағы ынтымақтастық тақырыбыды ата-аналармен әңгіме жүргізу* Кеңес беру. «4 жастағы балаға қандай ойыншықтар пайдалы». *Өнегелі 15 минут*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***"Бөлме өсімдіктерінің топырақты қопсыту".*** *Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту*	***"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".*** *Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау*	***"Ойыншықтардағы тәртіп".*** *Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты,*	***"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".*** *Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға*	***"Бөлме өсімдіктерін суғару".*** *Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді*

	әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. ***(экологиялық мәдени дағдылар, еңбек дағдылары)***	*және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.* ***(еңбек дағдылары)***	*тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.* ***(еңбек дағдылары)***	*тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өз-өзіне қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.* ***(еңбек дағдылары)***	*өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.* ***(экологиялық мәдени дағдылар, еңбек дағдылары)***
	Қ.Р.Әнұраны ***«Дос болайық бәріміз»*** *Ойынның мақсаты: ұжымда бірлікті қалыптастыру. Балалар бір-бірінің артына тұрады да, алдында тұрған баланың иығынан ұстайды. Осы қалыпта олар әртүрлі кедергілерді еңсереді:* *- орындыққа көтерілу және түсу;* *- үстелдің астынан өту;* *- «көлді» айналып өту»;* *- «ну орман» арқылы өту»;* *- «жабайы жануарлардан» жасырыну.* *Ойын барысында балалар өз серіктесінен қалып қоймауы керек.* ***(адалдық әліппесі)*** **"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны.** Дидактикалық міндеті. Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу. Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады. Ойын әрекеттері: зейінді болу,	***Күй күмбірі*** ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; **Күй: «Кеңдала»** ***«Үнемді тұтыну»*** *Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету* ***«Судың тамшылары»*** *Мақсаты: суды бағалауды үйрету.* *Барысы: балалар қолдарын біріктіріп, тамшы пішінін жасайды.* *Тәрбиеші: • «Кранды жапсақ – тамшы сақталады», • «Ашық қалдырсақ – тамшы жоғалады».* ***Ұлттық ойын:*** ***Тымпи*** *Ойынға қатысушылар шеңбер жасап, дөңгелене отырады. Ойынды жүргізуші: «Ал ойынды бастаймыз, бәрің түгел тым-тырыс тымпи!» деп бұйырады. Бұдан кейін бірде-бір ойыншы дыбыс шығармауы, үн қатпауы*	**"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?"** **дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Жабдығы: асық. Ойынды санамақ арқылы таңдалған, қолында асығы бар бала бастайды. Асық қолға түскеннен кейін, бала, көп ұзамай, шеберде отырған кез-келген балаға қарай лақтырады. Асық лақтырылған кезде асық ұстаған бала: "Мен менің сол (оң) жағымда (немесе қарама-қарсы) отырған Дастанға (есімі белгілі балаға) лақтырамын. Асықты алатын бала, асықтың қандай қалыпта жатқанын да айтып, содан соң асықты кімге және қай жаққа лақтыратынын таңдайды. Ойын осы бағытта жалғасады. Ескерту: асықтың түсетін қалыптары - бүк, шік, омпы, сомпы, тәйке, алшы.	***Күй күмбірі*** ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; **Күй: «Кеңдала»** ***«Құпия заттар»*** *Ойынның мақсаты: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету. Жүргізуші барлық қатысушыларға әдемі қобдишадан (түйме, моншақ, сағат) «құпия заттарды» таратады, оны алақандарының арасына салып, ешкімге көрсетпеуін сұрайды. Құпия затты таратып болғаннан кейін ойынға қатысушылар бөлмені аралап жүреді, олар қызығушылық танытып, бір-бірін құпия затын көрсетуге көндірудің жолын табуға тырысады. Тәрбиеші балалардың әрекетін бақылайды, ұялшақ балалардың басқалармен ортақ тіл табысуына көмектеседі.* ***(адалдық әліппесі)*** **Тұқым мен жемістің таралуы**	***Күй күмбірі*** ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; **Күй: «Кеңдала»** ***«Үнемді тұтыну»*** *Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету* ***«Судың тамшылары»*** *Мақсаты: суды бағалауды үйрету.* *Барысы: балалар қолдарын біріктіріп, тамшы пішінін жасайды.* *Тәрбиеші: • «Кранды жапсақ – тамшы сақталады», • «Ашық қалдырсақ – тамшы жоғалады».* ***Ұлттық ойын*** ***Теңге ілу.*** *Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінелі. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі

	өз суретін уақытында қою, жүрісін өткізіп алмау. **(қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері)** ***Қауіпсіздік сабағы Қоғамдықкөліктегітәртіпереже лері: Автобустар,трамвайларжәне метрода:*** *Көлік жүргізукезінде тұтқалардан ұстаңыз. Терезеденеңкеймеңіз.* *Салондажүгірмеңіз. Текересекадамменбіргекіріп-шығыңыз.*	*керек. Мұнда жүргізуші ғана сөйлеуге ерікті. Жүргізуші әзілкеш, күлдіргі болуы керек. Ол әзіл-қалжың сөздерді айтып немесе күлкілі іс-қимылмен қалай да біреуді күлдірудің амалын жасайды. Қалжың жыр да айтады. Бұл жерде тек қалжың өлеңге қатысушылардың атын қосып, шамдандырмау керек. Жаңылыстыру үшін неше түрлі сұрақтар қойып, көздеріне төнеді. Біреу абайсыз жаңылып сөйлесе не күліп жіберсе, айып тартады. Айыпты өлең айтады, ән салады не би билейді.*	**(танымдық дағдылар, математика негіздері, дене тәрбиесі)** ***Бес табан.*** ***(асық ойыны)*** *Ойыншылар тегіс жерді таңдайды. Ортасына түзу сызық сызады. Оған жағалай асық тізеді. Ойынды бастаушы асық тізілген жерден бес табанға тең аралықты белгілеп алып, шеңбер тартады. Ойыншылар шеңберге кірмей (баспай) ортадағы асықты атады. Сақа тиген асық міндетті түрде шеңберден шығуы керек. Кім көп асықты атып шеңберден шығарса сол ұтады.*	**жайлы әңгімелеу.** Мақсат-міндеттер: бұталар мен ағаштардың тұқымы мен жемістері жайлы білім беру; тұқымның бейімделуі мен таралу тәсілдерін түсіндіру. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Тұқым таралуына байланысты бейнематериал көрсету. (Tigtag junior медиа бөлімінде) **(қоршаған әлеммен таныстыру)**	*шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан тас салынады. Содан екі топтан екі саыскер шығады.сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйыңғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға тжетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды.* *Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.* **Көркем сөзді жаттау жаттығуы.** Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Бақшада". Көңілді бар бала, Бақшаға, баққа енсек. Ойнаймыз аулада, Төбеміз әткеншек. Шешеміз жұмбақ та, Жаңылтпаш айтамыз. Кешкілік үй жаққа Үлкейіп қайтамыз. Б. Кірісбаев.
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (шығыршықтармен)** 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен алдына ұстау. 1-2-шығыршықты қолымен аяғына дейін бұрап, айналдыру; 3-4- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау. 1-отыру, шығыршықты жоғары көтеру; 2-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 7-8 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау.				

	1-қолдарын жанына жіберу; 2-қолдарын жоғары көтеріп, шығыршықты екінші қолына салу; 3-қолдарын жанына жіберу; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды келесі қолымен орындау. Жаттығу 6-8 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: аяқты табан деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау. 1-сол аяғын бүгіп, көтеру, аяқтың астынан шығыршықты келесі қолға салу; 2-қолын жіберіп, бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау. 1-түзу қолдарын алға ұстау; 2-еңкейіп, шығыршықты жерге тигізу; 3-тіктеліп, шығыршықты алдына әкел; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты басына, екі қолды беліне қою. 1-оң аяғын жанына қою; 2-сол аяғын орнына қою; 3-сол аяғын жанына қою; 4-оң аяғын орнына қою. Жаттығу 6-7 рет қайталанады. 7. Бастапқы қалып: шығыршық жерде, аяқ бірге, қолды белге қою. Шығыршықты айналып, 1-4-ке дейін оңға және 5-8-ге дейін солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады. **(дене тәрбиесі)**				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. *Күнделікті өмірде суды үнемдеу үшін төмендегідей ережелерді сақтауымыз керек:* *- қажетсіз суды босқа ағызбау;* *- кранды үнеме жауып жүру* *(Экологиялық мәдениет дағдысы)* Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. *Көркем сөз* **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Көктемгі егістік туралы әңгімелесу. **(тіл дамыту, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**	*Бірлік туралы әңгімелесу.* **(тіл дамыту, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**	Егістікке жаңбырдың пайдасы туралы әңгімелесу. **(тіл дамыту, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**	Көктемгі егістік тақырыбында суреттерге қарап мәтін құрап әңгімелеу. **(тіл дамыту, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**	Өсімдіктердің гүлдеуі туралы әңгімелесу. **(тіл дамыту, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** "Бақалар ойыны". Мақсат-міндеттер: балаларды сапта тұрып оңға және солға бұрылыстар жасауға; затты көлденеңінен (2–2,5 м арақашықтықта) оң қолмен лақтыруға үйрету. ***Ұлттық ойын*** ***Ақ сүйек*** ***Ақ сүйек*** *– ай сүттей жарық түндері, жазды күні өткізілетін сауық-сайранға құралған ойын. Ақ сүйекке қыздар мен жігіттер, сондай-*	**Музыка** "Жайлау". Мақсат-міндеттер: Балаларды көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білу қабілетін дамыту; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге дағдыландыру; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен қою және жеңіл адыммен өзін айнала адымдай білу қабілеттерін қалыптастыру.	**Дене тәрбиесі** "Көбелектің қимылдарын қызықтайық" Мақсат-міндеттер: балаларды затты көлденеңінен (2–2,5 м арақашықтықта) сол қолмен лақтыруға үйрету. **Шығармашылық іс-әрекет** "Көбелек". Балалар қалаулары бойынша қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша*	**Музыка** Кел, билейік! Мақсат-міндеттер: Балаларды көңілді әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; дауыс жаттығуларын дұрыс орындай білуге жаттықтыру. ***Ұлттық ойын*** ***Асық ату (хан ату).*** *Ойынға бірнеше адам қатысады.*	**Дене тәрбиесі** "Түрлі жазықтықтарда бүйірлеп адымдау". Мақсат-міндеттер: балаларды допты қағып алып жүгіру; бір-бірінен қашық қойылған үрленген 5-6 доп арқылы кезекпен аттап өтуге үйрету. **Шығармашылық іс-әрекет** **Ойын-тапсырма:** **"Не артық?" дамытушылық ойыны.** **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша*

	ақ балалар да қосылып, араласып ойнай алады. Ойынға ертеректе ірі қаран малды жілігі пайдаланылған. Қатысушылар теңдей болып екіге бөлінген. Сайысты бастаушы ақсүйекті әуелетіп, алыс лақтырады, ал қалғандары осы сүйектің шамамен қайда жерге түсетінін бақылап тұрады. Осылай ойын басталып та кетеді, сүйекті тапқан адам тапқанын айтып, мәреге қарай жүгіре жөнеледі. Екінші топтың қатысушылары оны ұстап алып, құрықтаған ойыншы ары қарай сөреге жүгіре жөнеледі. Міне, осылай кім сүйекті сөреге әкелсе, сол топ жеңімпаз болып есептеледі. Ал жеңілген жақ ән салып беруге міндеттелген. Ойын осылай жалғаса береді. **Шығармашылық іс-әрекет** "Ғажайып орман тұрғындарына үйшік". Балалар қалаулары бойынша қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту, үйшіктің («Үйшік» ертегі желісіндегі үйшікті) суретін салу. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* Үйшік сыртын дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы,	**Қазақ тілі** "Гүлдер. Алыс-жақын" Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы гүлдердің түрлері жайлы білімдерін кеңейту, олардың сыртқы ерекшеліктерімен таныстыру; нысанның орналасуын «жақын», «алыс» бақылау жайлы түсініктерін дамыту; көктемгі табиғат өзгерістері туралы білімдерін нақтылау. Балаларды қазақ тілінде гүлдердің сыртқы ерекшеліктерін суреттеу кезінде түсіну мен естуді үйрету; гүлдердің атауын анықтамалық сөз тіркестерін қайталау, жұмбақ шешу арқылы еске сақтауды үйрету; суреттегі нысанның орнын, алыс немесе жақын орналасуын айтуды жаттықтыру; ойлау, еске сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту. Байқампаздыққа, әдептілікке, айналасындағы заттарға деген мұқияттылыққа тәрбиелеу. **Дамытушы ойын: "Кемпірқосақ жолақтар. Жиын сандар".** **(математика негіздері)** Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың беске дейінгі жиын санын құрайтын ең кіші екі сан туралы түсіндіруді жалғастыру.	балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту, көбелектердің суретін нүктелі сызықтар арқылы суретін салу. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* балалардың жәндіктер туралы білімдерін тиянақтау; сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, көбелекті мүсіндеуді үйрету. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың сыртын табиғи (дәннің түрлері) заттардан құрастыру. *Адамның қоршаған ортаның тазалығын сақтаудағы жауапкершілігі.* ***Өсімдіктер мен жануарларды қорғау.*** Мақсаты. *Адамның қоршаған ортамен толық байланысы, адамның табиғат жағдайына жауапкершілігі туралы түсінік беру.* Балаларға Жер – біздің үйіміз, үйді – денсаулығымызды қорғаймыздегентүсінік қалыптастыру, сөйлеуді дамыту, сөздік қорын байыту; логикалық ойлау қабілетін дамыту; қоршаған ортамен бірлік сезімін, экологиялық	*Әрбір ойыншылар кезекпен қолдағы асықтарды сырмақ үстіне шашады. Арнайы белгілеген асықпан (сақамен) қалған асықтарды шертеп атады. Басты шарты ұқсас асықтарды ғана атады. Басқа асықтарға тигізбей атып алынған асық, ұпай ретінде олжаланады. Ойын осылай жалғаса береді…* **Достық жайлы ән.** **Жазықтықта бағдарлау: оң жақта, сол жақта, жоғары, төмен, ортасы.** **(қазақ тілі, математика негіздері)** Достық түсінігін қалыптастыру; достық ұғымын қалыптастыратын жақсы әдеттер жайлы түсініктерін нақтылау; заттардың жазықтықтағы орналасу (сол жақта, оң жақта, жоғары, төмен, ортасы) орны туралы білімдерін дамыту; Қазақстандағы халықтар достығы туралы түсініктерін дамытуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі тақпақты ұғынып тыңдауды үйрету; достықты айқындайтын әдеттерді білдіретін сөз бен сөз тіркестерін түсіну біліктерін дамыту; жақсы әдеттерді жаман әдеттерден ажыратуды үйрету	балаларартық тұрған заттардың суретін бояды. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* суретте тұрған артық затты мүсіндейді. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. *Жапсыру бойынша* балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. "Қайшымен контур бойынша сурет қию". Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* суреттегі артық затты мүсіндейді. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.

	үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балаларды қағаз бетінің оң жағына есептеу таяқшаларынан қоянның үйшігін, ал сол жағына аюдың үйшігін құрастыруға үйрету.		мәдениетті, табиғатты аялауға тәрбиелеу. *(экологиялық мәдени дағдыларды қалыптастыру, тіл дамыту, танымдық дағдылар)*		
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	**Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек, діңі, бұтағы).** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Жұмбақ. Өсіп тұрған бұл не? Жаз болса жайнап, Саясына ән салып, Құстар жүрген сайрап. (Ағаш) **Бақылау.** 2-3 түрлі ағаштарды бір-бірінен ажырату, маусымдық өзгерістерді атай білу. Ағаш жапырақтарының пішіндеріне назар аудару. Ағаштың пайдасы туралы айту. **Қимылды ойын. «Мен атаған ағашқа барыңдар». (дене тәрбиесі)** Балаларды бірге жүруге үйрету, өз ағашын табуға көмек беру. Аймақта өсетін ағаштардың аттарын есте сақтау. Балалар	**Суды бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Тақпақ. «Көктемгі су» Н.Айытов Қаусатып қар боранды, Сарқырады бұлақтар. Көктем қайтып оралды, Құлпырды сай қыраттар. Таулар тастап ақ тонын Сағым ойнап, көзді алып Көк торғынға оранды Жақын тартты жырақтар **Бақылау.** Көктемде күн қызуын мол шашып, күн жылына бастайтынын түсіндіру. Өзен мен көлдерде сең жүре бастайды. Табиғат құбылыстарына деген байқампаздық пен қызығушылықты дамыту. Ойларын өздері	**Заттардың көлеңкесін бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Жұмбақ. Мен жүгірсем, ол да жүгіреді, Мен мүдірсем, ол да мүдіреді. (Көлеңке) **Бақылау.** Күннің жоғары тұрғанын анықтау, заттардың көлеңкесін, таңертең балалардың өздерінің көлеңкесін күн әлі жоғары шықпағанда және күндіз, ол әлі жоғары тұрғанда бақылауға болады, көлеңкенің ұзындығын өлшеу, көлеңкеде заттар суық, күннің көзінде жылы болатынына көңіл аудару. Балаларды күн аспанда қозғалады деген қорытындыға келтіру. Бақыланған затқа	**Дәрілік өсімдіктерді бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* (шақпашөп, сасықшөп, үлкен жапырақтар т.б.) Жұмбақтар. Қай өсімдік болады Болмаса да ең көркем Шипалы шөп ... (Жолжелкен) Өзіне шап-шақ Киген қалпағы аппақ Далада тұр қаптап (Бақ-бақ) **Бақылау.** Балабақшаның ауласында өсіп жатқан өсімдіктерді тану, аттарын есте сақтауға үйрету. Дәрілік өсімдіктерді қандай өсімдік, қандай мақсатпен қолданылатыны жайлы балаларға түсіндіріп өту. Мысалы: түймегүлді – антисептикалық емге, шақпашөпті – дәрумендер	**Шөптесін өсімдіктердің гүлденуін бақылау.** *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)* Тақпақ; «Гүл» А. Меңжанова. Қызыл-жасыл гүл егіп, Баптап, күттік, түрлеттік, Апта сайын суардық. Гүлдендірдік ауланы, Аулада гүл қаулады. **Бақылау.** Бұл өсімдіктердің шалғындарда өсетінін, сол себепті жарықты жақсы көретінін түсіндіру. Балаларды алаңда өсетін шөптесін өсімдіктермен таныстыру; өсімдіктің дамуы мен өсуі жайлы түсініктерін қалыптастыру; өсімдіктің жеке құрылымымен таныстыру (тамыр,сабағы, жапырақ, гүл, тұқымы), олардың әр өсімдікте

	аталған ағашқа қарай тәртіппен жүгіреді, көрсетеді, дәлелдейді, сөйтіп аталған ағаш туралы білімдері қалыптасады. **Еңбек.** Ұқыпты, мұнтаздай таза болуға, ересектердің көмегімен киімдерін ретке келтіруге, тазалауға, құрғатуға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Құм бетіне таяқшамен сурет салуға үйрету. **(сурет салу)**	қорытындылауға үйрету, сөздік қорларын байыту. **Қимылды ойын. «Қояндар». (дене тәрбиесі)** Белгі бойынша қателеспей әрекет жасауға үйретуді жалғастыру (бастаушы айтады, бірақ өзі басқа қимылдарды жасайды). Өзенге секіру, жағаға секіру (жерде бір-біріне қарама-қарсы сызықтар). Ойын кезінде жаттығу жасауда, күш пен жігерлілікті дамыту. **Еңбек.** Өз қалауымен еріген қар бетіндегі қоқысты тазартады. Бірлескен еңбек әрекетіне қатыса білуге тәрбиелеу. Еңбек әрекетіне белсене қатысқан балаларды мадақтау. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Әр баланы өз қалауы бойынша ойындар таңдап алып ойнауға, ұжым болып ойнай білуге тәрбиелеу.	қызығушылығын ояту. **Қимылды ойын. «Қақпа». (дене тәрбиесі)** Жарысу элементтері бар спорттық ойындарға қызығушылығын дамыту. **Еңбек.** Жиналған табиғи материалдардан панно құрастыру. Белсенділігін дамыту, жұмыстың үнемді әдістерін үйрету. Еңбек қызметінің мәдениетіне тәрбиелеу, өз еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Балалардың өзіндік ұжымының даму негізі ретінде дұрыс нысанды қарым-қатынас топтарын пайдалану. Ұялшақ, жасқаншақ балаларға ойынға кірісуге көмектесу, өте белсенді балалардың басқалардың да ынтасын білдіруіне кедергі келтірмеуін қадағалау.	бар т.с.с.. **Қимылды ойын. «Қиын өткел». (дене тәрбиесі)** Ұқыпты, тиянақты болу керек екенін айтып өту, ойынның шартын қадағалау. Ойын ойнап жатқанда балалардың достарына көмектесу, бір-біріне деген қарым-қатынастарын ояту. **Еңбек.** Емдік өсімдіктерді топтастыру. **(еңбек дағдылары)** Балаларды емдік өсімдікті жинауға шақыру, оларды табу. Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрену. **Өз бетімен ойындар.** Балаларды ойын уақытында бір-бірімен араласуды, ойыншылардың тәртібіне өзінің қарым-қатынасын білдіруге машықтандыру.	әртүрлі екендігін түсіндіру, өсімдіктер гүлдейді. **Қимылды ойын. «Көбелектер, бақалар». (дене тәрбиесі)** Екі топқа бөліну, ойын ережесін сақтау (ешкіні ұстап, бір аяқпен қозғалу, жүргізуші сенің белгіңді атаған кезде ғана жүгіру). Шыдамдылыққа үйрету. **Еңбек.** Емдік өсімдіктерді кептіру. **(еңбек дағдылары)** Өсімдіктерді жинауда жинақылыққа үйрету, айналаға пайда тигізу, қауіпсіздік ережелерін үнемі сақтау. **Өз бетімен ойындар:** Әр балаға өзіне ұнайтын іспен айналысуға мүмкіндік беру.
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.				
Түскі ас					
Күндізгі ұйқы	***«Күй күмбірі»*** *Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру* «Қаңбақ шал» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. **(дене тәрбиесі)**				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	**Ән тыңдайық (музыка)** "Кемпірқосақ жолақтары". Мақсат-міндеттер: балаларды	***Қауіпсіздік сабағы Егер адасып қалсам*** *Мақсаты: Адасып қалған жағдайда дұрыс әрекет етуге*	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту,	**Вариативті компонент Қызықты математика** **Даладағы гүлдерді санайық.**	***Қауіпсіздік сабағы Эскалаторда не істеуге болмайды?*** *Мақсаты: Эскалатормен*

бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін жетілдіру. Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, тіл дамыту, қазақ тілі)** **Сюжетті-рөлдік ойын.** "Театр". ***(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)*** Мақсат-міндеттер: ойын барысында балалар мен бірге театрдың орны, адам өміріне қандай пайдасы бар екенін анықтау; әртіс, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюм бойынша декоратор, суретші, лицеист сияқты мамандар туралы білімдерін бекіту; ағымды қарым-қатынас орнату; мәдениет орындарындағы тәртіп ережелерін пысықтау; сөйлеу мәнерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. ***<u>Қаржылық сауаттылықтыңалғашқы</u>*** *<u>дағдыларын меңгерту.</u>* *<u>Ақшаны сануды және билет сатып алуды үйрету</u>* Керекті құрал-жабдықтар. Сахна орны. "Театр" жазбасы; сахна макеті, сахналық қойылымдарға қажет	*үйрету. Міндеттері: – Қорқынышты азайту – Көмек сұрауға баулу Түсіндіру: Бір орында тұру керек. Көмек сұрайтын адамдар: Полицей, күзетші, сатушы. Рөлдік ойын: «Көмек сұраймын» Қорытынды: Көмек сұраудан қорықпаймыз.* **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығу** "Жау, жау, жаңбыр". Мақсат-міндеттер: балалардың жаңбыр туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту. **Шығармашылық іс-әрекеттер ұйымдастыру (сурет салу, мүсіндеу,жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.Құбылыстардың орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту; *Мүсіндеу бойынша* бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша*	кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, тіл дамыту, қазақ тілі)** **Сурет бойынша мәнерлеп әңгімелеу. «Шеберхана мен музыкалық аспаптар». (қазақ тілі, музыка)** **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Апалы-сіңлілі үш қыз". Мақсат-міндеттер: балаларды "Апалы-сіңлілі үш қыз" ертегісі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіге қызығушылықтарын қалыптастыру; ертегі желісіндегі кейіпкерлердің қасиеттері мен әрекеттерін зейін қойып, бақылай білуге үйрету. ***Сюжеттік-рөлдік ойын: «Шаштараз»*** *Мақсаты: • Балаларды еңбекпен табыс табу ұғымымен таныстыру;* *• Қызмет көрсету мен ақы төлеу арасындағы байланысты үйрету;* ***• Ақшаны дұрыс санауды және төлем жасауды үйрену.*** *Қажетті құралдар:* *• Шаш қиюға арналған ойыншық құралдар (қайшы, тарақ, фен, орамал);* *• Айна; • «Ақша» орнына қағаздан жасалған тиындар/қағаздар;* *• «Баға кестесі» (шаш қию – 5 теңге, өрім – 3 теңге, шаш жуу – 2 теңге).* ***Ойын барысы:***	**Жиын сандар** Балалардың «сан» мен «санау» ұғымдары туралы білімдерін жетілдіру, жиын санын құрайтын ең кіші екі сан туралы түсіндіру; заттардың жазықтықтағы орналасу орнын, тура және кері санауды пысықтау; Балалардың көлемі біркелкі, бірақ түсі әртүрлі заттарды, бір жиын етіп санау дағдыларын жетілдіру; ең кіші екі санды бөлек түске боялған заттардың сандарына сәйкестеп, жиын санын құрудағы бірнеше амалды көру іскерлігін қалыптастыру; тура және кері санау барысын, санаудың екі түрлі қорытындысын сөзбен сүйемелдеп отыруға жаттықтыру; зейін, көзбен көру, жазықтықты бағадарлау, еске сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. ізденімпаздыққа тәрбиелеу. **Шығармашылық іс-әрекет** "Жайлаудағы гүлдер". Балалар қалаулары бойынша қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу,жапсыру, құрастыру)** *Сурет саплу іс-әрекеті бойынша* балаларды сия тамшысы техникасына бейімдеу; сия тамшыларын қағаз бетіне түсіріп, пайда болған тамшыларды түтікшемен гүлдерге айналдырып, гүлденген дала пейзажын салу амалдарына үйрету *Мүсіндеу бойынша* қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды	*таныстыру. Тыйым салынған әрекеттерді түсіндіру. Міндеттері: – Қауіпті әрекеттерді ажырату – Ережені есте сақтау Болмайды: Жүгіру Отыру Артқа қарау Ойнау Ойын: «Болады – болмайды» Қорытынды: Ережені бұзбаймыз. Математика негіздерінен ойын-жаттығу* **Ойын-имитация. "Көктемгі бау-бақша". (қазқ тілі)** Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын алаңында немесе аулада жүріп, педагогтің қимылына еліктеуге ынталандыру; ой-қиялын, түйсігін, елестету қабілеттерін дамыту. Құралдар: қатпа қағаздарда қиылған гүлдердің бастары (педагог оларды алаңға жайып салады). ***"Көктемгі бау-бақша"***. Жауындарды шақырып, Күнде күтіп жүреміз. Бау-бақшаның гүлдерін, Тамашалап көреміз. ***<u>(музыка)</u>*** **Сюжеттті-рөлдік ойын: "Ұшақпен саяхат"** Мақсат-міндеттер: балалардың әуе көліктері, ұшақ оның қолданысы, ұшаққа қызмет көрсету әдістері жайлы білімін кеңейту. ***<u>Қаржылық сауаттылықтыңалғашқы</u>*** *<u>дағдыларын меңгерту.</u>* *<u>Ақшаны сануды және билет сатып алуды үйрету</u>* Жер пейзаждарының

	(үй, ағаш, қоршау және мүмкіншілік болса перделер т.б.), кейіпкерлер костюмдері, кейіпкерлер қолына ұстайтын құралдар. Барысы. Педагог балалармен бірге театрда қандай қойылымдар қойылатыны жайлы суреттер қарастырады, көрермендер мен әртістер арасындағы айырмашылықтарды анықтайды. Көрермендер алдында қойылым орнында режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарық беруші, костюм әрлеуші, суретші, әрлеуші сияқты мамандар еңбек ететінін айтылады. Балалар алдын-ала әр маман сахналық қойылымға дайындық алдында қандай қимыл-қозғалыс орындайтынын кішігірім жаттығулар арқылы көрсетеді. Кейін балалар белгілі рөлдердің қайсысын орындағысы келетін тілектерін білдіреді, орындарына орналасады. Әртістерді біріктіру үшін педагог алдымен режиссер қызметін өзіне алады, белгілі ертегі сюжетін таңдайды. Педагог ойын барысын белгілі сөз тіркестерімен сүйемелдейді, ойыншыларға қосымша сұрақтар қояды, ары қарай ойын тізбегінің жалғасуына ықпал етеді . Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сахналық қойылымдар көрермендерге қызық болу	ұжымдық сюжетті композиция құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. **Көркем сөзді жаттау жаттығуы.** Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Бақшада". Көңілді бар бала, Бақшаға, баққа енсек. Ойнаймыз аулада, Төбеміз әткеншек. Шешеміз жұмбақ та, Жаңылтпаш айтамыз. Кешкілік үй жаққа Үлкейіп қайтамыз. Б. Кірісбаев. **(көркем әдебиет)**	*1. Рөлдерге бөлу* *• Бір бала – шаштаразшы; • Бірнеше бала – клиенттер; • Бір бала – кассир (ақша қабылдайды). 2. Клиент келеді Клиент: «Сәлеметсіз бе! Мен шашымды қидырғым келеді.»* *Шаштаразшы: «Қош келдіңіз! Қай үлгіде қылайық?»* *3. Қызмет көрсету* *• Шаштаразшы ойнаған түрде шаш қияды, тарайды немесе өрім жасайды.* *• Клиент айнаға қарап риза болады.* *4. Төлем жасау* *• Кассир: «Шаш қию – 5 теңге. Төлеңіз.»* *• Клиент ойыншық ақшасын береді. • Кассир ақша санап, қайтарымын қайтарады.* *5. Қорытынды* *Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:* *• Шаштаразшы не істейді? • Ол еңбегі үшін не алады? • Ақшаны қайда жұмсайды? Балалар: «Жалақы алады, оны тамаққа, киімге, үйге жұмсайды.»*	мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді гүлдермен безендіру. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту. Гүлдерді мүсіндеу. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру..	сұлулығын көре білуді үйрету, ұшқыш мамандығына құрметпен қарауға, батылдыққа тәрбиелеу, сөздік қорларын кеңейту: "ұшақ", "ұшқыш", "стюардесса", "ұшу". Балалар ұшқыш, стюардесса, диспетчер, жүк тасушы, әуе жай қызметкері рөлдерін өзара бөліп алады. Ниет білдірушілер билеттерді кассадан сатып алады, бақылаудан өтіп, ұшаққа отырады. Жүк тасушылар жүк тиеумен айналысады. Диспетчер ұшақтың ұшуын хабарлайды. Ұшу кезінде жолаушылар иллюминатордан (суреттегі бейнелерді) түрлі көріністерді – теңізді, тауларды, өзендерді, орманды қарастырады. Қайтып оралғаннан кейін балалар өз әсерлерімен бөліседі. ***(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)***

	үшін, тек қана әртістер ғана емес, сонымен қатар басқа да көптеген мамандар қызмет етеді; еңбекті бағалау керек; театр - әдептілік ережелері сақталатын мәдени орындардың бірі.				
Балалармен жеке жұмыс	**Театрды сахналау.** Балалар еркін жұмыс таңдайды, кез келген ертегіні сахналайды. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**	**"Еңбек" тақпағын жаттау.** Гүл өсірсең, терлеп, Мұның ата - Еңбек. Кесте тіксең, зерлеп, Мұның аты - еңбек. Қырға шықсаң, өрлеп, Мұның аты - еңбек. Сабағыңа жөндеп Әзірлесең - Еңбек. Қиындықтың бәрін Еңбек қана жеңбек. Н. Жанаев **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**	**Ойын жаттығуы: "Сөз ойлап тап".** Мақсат-міндеттер: қарама-қарсы мағыналы сөз тауып айтуға үйрету. Қазақ тіліне тән "ө,қ, ү, ұ, і, ғ" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **(тіл дамыту, қазақ тілі және көркем әдебиет)**	**"Жұмыс үшін кімге не қажет?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың егіншілер туралы түсініктерін дамыту. Аталған мамандық иесіне қажет, еңбек құралдары мен материалдарын табуды үйрету. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)**	**"Тышқандарды санаймыз. Жиын сандар".** Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың беске дейінгі жиын санын құрайтын ең кіші екі сан туралы түсіндіруді жалғастыру **(математика негіздері)**
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.**(дербес әрекет)**				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. ***(экологиялық мәдени дағдылар,* қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Ата-аналарға арналған 10 кеңес».	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» тақырыбына ата-аналармен әңгімелесу.	Кеңес: «Саусақ жаттығулары». Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	Ата-аналарға кеңес. "Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі".	Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту, апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы*				
Топ/сынып	***Ересек топ***				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	*«Қарлығаш»*				
Балалардың жасы	***4 жастағы балалар***				
Педагогтің аты-жөні	*Ташпенова Ұ.Б*				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**25.05-29.05.2026 ж.**				
	«Адал азамат» «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	Апта дәйексөзі: «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп.»				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға "Балалардың жануарлар мен құстарға деген қызығушылығын дамытамыз" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. Отбасы мен балабақша арасындағы *ынтымақтастықты* күшейтіп, ата-аналармен бағытты жұмыс жүргізу шаралары "Балабақшадағы біздің жетістіктеріміз" тақырыбындағы көрме. *Өнегелі 15 минут*				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***"Ойыншықтардағы тәртіп".*** *Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.* ***(еңбек дағдылары)***	***"Кір сүлгілерді ауыстыру".*** *Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйреніңіз.* ***(еңбек дағдылары)***		*Үлкендердің көмегімен жаз айларында даладағы гүлдерді суару, ағаштарға су құю, түптерін қопсыту, сыпырысу, қоқыстарды жинауға үйрету.* ***(еңбек дағдылары)***	***"Бөлме өсімдіктерінің топырағын қопсыту".*** *Мақсат-міндеттер. Балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетке, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.* ***(экологиялық мәдени дағдылар, еңбек дағдылары)***
	Қ.Р. Әнұраны **"Санамақтар".** Бірім - бір, Екім - екі, Үшім - үш, Төртім - төрт, Бесім - бес, Алтым - алты, Ауыр балтам, Қалды қалтам! Қырқылдауық, Қырма тауық! Олпық-солпық, Сен кір, сен шық! **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** ***Қауіпсіздік сабағы*** ***ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНДЕГІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ*** *https://youtu.be/VDTxhl7wPJE?si=OVOZt-Hvpj_B6owC* ***Ұлттық ойын. Хан «алшы»***	***Күй күмбірі*** ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; **Күй: «Бозшолақ»** **"Моншақтарды жинаймыз" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндерді екі қасиеті бойынша (түсі мен пішіні, көлемі мен пішіні, көлемі мен пішіні) топтастыру біліктіліктерін қалыптастыру, пішіндердің кезектесуіндегі қарапайым заңдылықтарды көру. **(математика негіздері)** **Ойын:** ***«Егер су жоқ болса не***		***Күй күмбірі*** ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; **Күй: «Бозшолақ»** ***Қауіпсіздік сабағы*** ***ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНДЕГІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ*** *https://youtu.be/VDTxhl7wPJE?si=OVOZt-Hvpj_B6owC* **"Фант" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың белгілі тақырып бойынша түсініктерін нақтылау, сол тақырып бойынша тақпақты, жаңылтпашты, мақалды, санамақта, жұмбақты еске түсіріп айтуға ынталандыру;	**«Қамқорлық гүлі»** Ойынның мақсаты: мейірімділікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Педагог балалардан анасы үшін жасай алатын бес істі атауды сұрайды. Балаларға анасына бес жапырақшасы бар «Қамқорлық гүлін» салу ұсынылады. Сурет салып болғаннан кейін педагог балаларға өздері ойлаған істерін жасап, анасына «Қамқорлық гүлін» сыйлауды ұсынады. *(адалдық әліппесі)* **"Пазлдарды жинаймыз" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, шыдамдылықты дамыту.

	Бұл ойынға 5 немесе 10 бала қатыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы. *Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көздеп құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк, шік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.* *Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады.*	***болар еді?»*** *Бұл сұрақ баланың ақыл-ой белсенділігін арттырады, бір-бірін тыңдауға үйренеді, себебі балаға қызық кімде қандай жауап.Сұраққа жауап барысында педагог көмектеседі* **(*экологиялық мәдениет дағдысы,* қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**		есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар, шеңберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты сөздерді кезегімен айтып жатады. Егер біреу ойланып, тоқтап қалса немесе алдында айтылған сөзді қайталаса, осы тақырыпқа байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады. **(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)**	Дамытушы ойын: "Кемпірқосақ жолақтар. Жиын сандар". **(математика негіздері)** Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың беске дейінгі жиын санын құрайтын ең кіші екі сан туралы түсіндіруді жалғастыру. ***Қауіпсіздік сабағы*** ***«Құм мен тас» тәжірибесі*** *Мақсаты: ұсақ және қатты заттардың айырмашылығын сезіну арқылы қауіпсіздік дағдыларын дамыту.* *Құралдар: құм, тас, ыдыс, қасық. Барысы: • Балалар құммен ойнайды. • Тастарды байқап ұстайды – ауыр және қатты екенін сезеді. • Тәрбиеші: «Тасты лақтырма, жарақат алуың мүмкін».* *Қорытынды: табиғи материалдармен де абай болу керек.*
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)** 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау. 1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу. 1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою. 1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.				

	Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. **(дене тәрбиесі)**				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. *Күнделікті өмірде суды үнемдеу үшін төмендегідей ережелерді сақтауымыз керек:* *- қажетсіз суды босқа ағызбау;* *- кранды үнеме жауып жүру* *(Экологиялық мәдениет дағдысы)* Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. *Көркем сөз* Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен: Таңертең де, кеш те де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар мезгілде, Су мен сабын-бір жолдас, Жоймас олар кір қоймас! **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Тек жақсы қасиеттерді ата»** Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сараңдық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады. *(адалдық әліппесі)*	Жаз туралы тақпақтар жаттау. **(тіл дамыту, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**		Жаз туралы жұмбақтар шешу. **(тіл дамыту, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**	Жаз туралы әңгімелесу. **(тіл дамыту, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша	**Дене тәрбиесі** "Кімнің адымы нық?" Мақсат-міндеттер: балаларды	**Музыка** "Кел, билейік!" Мақсат-міндеттер: балаларды		**Музыка** Алақай, жаз келді! Мақсат-міндеттер: Балаларды	**Дене тәрбиесі** "Етпетімен еңбектеу". Мақсат-міндеттер:

ұйымдастырылған іс-әрекет	бір-бірінен қашық қойылған үрленген 5-6 доп арқылы кезекпен, қолдың түрлі қалпымен аттап өтуге үйрету. **Бейнеленген бөліктер мен сұрақ-жауап негізінде суреттің тұтастық түсінігін модельдеуге арналған жаттығу.** **«Қарлығаш - жыл құсы».** Аудиотаспа тыңдау. **(қазақ тілі, музыка)** **Үстел басында іс-тәжірибе жаттығулары.** «Ақ пен сұр тышқанның жиын санына сай ең кіші екі сан». **(математика негіздері)** ***Дидактикалық ойын: «Жинақ қорапшасы»*** *Мақсаты:<u>Ақшаны үнемдеу, жинақтаудың маңызын түсіндіру.</u> Құралдар: қорапша немесе ойыншық «банк», жасанды ақша. Ойын барысы: • Балаларға әр тапсырма орындағаны үшін «ақша» беріледі. • Ақшаны бірден жұмсауға немесе жинақ қорапшасына салуға болады. • Ойын соңында кімнің жинағы көп екенін көреді. Нәтиже: Ақшаны бірден жұмсамай, жинақтаудың пайдасын түсінеді*	көңілді әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету. **Қазақ тілі** "Жайдары жаз келді! Жыл мезгілдері. Жаз. Кемпірқосақ түстері." Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымында жаз мезгілі мен жазғы табиғатқа тән құбылыстар, жәндіктер туралы түсініктерін кеңейту; кемпірқосақ түстерінің атауларын бекіту; жаз қызықтары жайлы білім алуларына ықпал ету. Балаларды қазақ тілінде әуен ырғағына сәйкес мәнерлеп тақпақ айтуды үйрету; өз бетінше сөз тіркестерін құрап, еркін жауап беруге жаттықтыру; «Жаз» тақырыбы бойынша көру және есту арқылы сөйлеуді қабылдау, ырғақты сезіну сезімдірін, сондай-ақ, еске сақтау, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларын, эстетикалық талғамдарын дамыту. Әдептілікке, байқампаздыққа, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.		көңілді әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; дауыс жаттығуларын дұрыс орындай білуге жаттықтыру. **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығу** "Күн сәулесі". Мақсат-міндеттер: балаларға күн жайлы мәлімет беру; күннің пайдасы туралы білімдерін кеңейту; күннің көзі жарқырап тұрса, жылу беретіні жөнінде ұғымдарын қалыптастыру. **Шығармашылық іс-әрекет** "Өз қалауы бойынша". Балалар қалаулары бойынша қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** балаларды өз қалаулары бойынша *сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру* әрекетіне машықтандыру; барлық игерген техникаларын естеріңе түсіріп, белгілі композицияны, бейнелерді салу амалдарын пысықтау.	гимнастикалық орындықпен етпетінен жатып, екі қолымен (орындықтың екі жанынан ұстау) тартыла еңбектеуге үйрету. **Бейнеленген бөліктер мен сұрақ-жауап негізінде суреттің тұтастық түсінігін модельдеуге арналған жаттығу.** **«Қарлығаш - жыл құсы».** Аудиотаспа тыңдау. **(қазақ тілі, музыка)** ***Дидактикалық ойын: «Мен еңбектенемін – табыс табамын»*** *Мақсаты:<u>Еңбек пен табыс арасындағы байланысты көрсету.</u> Құралдар: тапсырмалар (сурет салу, тақпақ айту, жұмбақ шешу), ойыншық ақша. Ойын барысы: • Әр бала тапсырма орындаған сайын «ақша» алады. • Соңында сол ақшасына зат сатып алады. Нәтиже: Балалар еңбек еткенде ғана ақша табылатынын түсінеді*
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылары)**				
Серуен	**Жәндіктерді бақылау (көбелек, қоңыз, сары маса,**	**Гүлдерді бақылау (петунья, космея).**		**Құстарды бақылау (торғай, көгершін).**	**Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек, діңі, бұтағы).**

	шегіртке). *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)* Жұмбақ. Ұшқанда өлең айтады, Қонғанда жер қазады. Мұны да ойлап көрейік, Шешуін кім табады? (Қоңыз) **Бақылау.** Жәндіктердің атаулары туралы білімдерін бекіту. Сары маса, көбелектер атауларын ажырату тағы басқа негізгі түрі, пішіндері жайлы мағлұмат беру. Гүлдің бетіне отырғанда жапырағына көбелектің үлкен қанаты ұқсайды, сол кезде ол көрінбей кетеді. Шегіртке көк түсті, ол судың ішінде көрінбейді, олар өз орнынан қозғалған жағдайда. Олардың қауіпті және қауіпті емес жақтарын айтып өту. **Қимылды ойын. «Ұшады не ұшпайды». (дене тәрбиесі)** Құстар, жануарлар, жәндіктер туралы білімдерін бекіту. Оларды аттары бойынша ажырату, дабыл берілгеннен бастап балалардың білгірліктерін анықтау. Ойынның шартын сақтау арқылы балаларды ойынға тарту, ойынды өз беттерінше үлкендердің көмегісіз ойнау. **Еңбек.** Гербарий жасау. Ересектердің тапсырмасын жауапкершілікпен және өз бетінше орындауға үйрету. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін туғызу. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар. (дене**	*(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)* Жұмбақ. Өзіне шап-шақ, Киген қалпағы аппақ, Аулада тұр қаптап. (Бақбақ) **Бақылау.** Балаларды гүлдердің 3-4 түрін танып білуге үйретуді жалғастыру, гүлдерді түсіне және жапырағының түріне қарай айыра білу, атауларын есте сақтау. Өсу үшін су, жылу және т.б.. түсінІктерді кеңейту. Гүлдерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. ***Ұлттық ойын*** ***Әуе таяқ*** *Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5-тен 10 –ға дейін ойыншы болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ) беріледі, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да, бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады. Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы таяғын лақтырады да, қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі.* **Еңбек.** Гүлзардағы жұмыс, гүлдерді суару. **(еңбек дағдылары)** Өсімдіктерді өз бетімен суаруды қаншалықты білетіні жөніНдегі		*(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)* Көркем сөз. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып-ап, Бөтегесі томпиып, Шиқ-шиқ етіп отырар. Торғай-торғай тоқтаған, Торғайды торғай мақтаған. Бір торғай ұшса боранда, Бәрі жабылып жоқтаған. **Бақылау.** Немен көректенеді, қайда мекендейді, пайдасы қандай болатыны туралы білімдерін толықтыру. **Қимылды ойын. «Құстар және түлкі». (дене тәрбиесі)** «Түлкіні» санамақ арқылы тандай алу. Алаңда секіру, жүгіруді бекіту. **Еңбек.** Құстарды тамақтандыру. Құстарға деген қамқоршылыққа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Ойыншық-тербеткіш. Басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.	*(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)* Жұмбақ. Өсіп тұрған бұл не? Жаз болса жайнап, Саясына ән салып, Құстар жүрген сайрап. (Ағаш) **Бақылау.** 2-3 түрлі ағаштарды бір-бірінен ажырату, маусымдық өзгерістерді атай білу. Ағаш жапырақтарының пішіндеріне назар аудару. Ағаштың пайдасы туралы айту. **Қимылды ойын. «Мен атаған ағашқа барыңдар». (дене тәрбиесі)** Балаларды бірге жүруге үйрету, өз ағашын табуға көмек беру. Аймақта өсетін ағаштардың аттарын есте сақтау. Балалар аталған ағашқа қарай тәртіппен жүгіреді, көрсетеді, дәлелдейді, сөйтіп аталған ағаш туралы білімдері қалыптасады. ***Ұлттық ойын*** ***Алақан соқпақ*** *Ойынға қатысушы балалар үйге немесе оңаша жерге жиналады да, дөңгелене отырады. Орталарынан бастаушы белгілейді. Оған сүлгі (орамал) беріледі. Бастаушы шеңбер ішін айнала жүріп біреуге –Алақанды тос!- дейді. Ол тосқан кезде бастаушы оның алақанына сүлгіні тигізіп -Сүлгі қайда?- деп сұрайды. Сонда ойыншы «анада» -деп бір баланың атын атайды. Аты аталған ойыншы орнынан тұрып алақанын тосады. Бастаушы-сүлгі*

	тәрбиесі) Ойын түрін таңдауындағы дербестік әрекетін жетілдіру.	түсінігін бекіту (суару ережелерін ұсыну). Өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Үлкендерге көмек көрсетуге ынталандыру. **Өз бетімен ойындар.** Айналмамен ойнау. Балаларды айналмамен ойнату дағдыларын арттыру. Жылдамдыққа, алғырлыққа баулу, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, қауіпсіздік ережесін сақтау.			*қайда?- деп атын айтады. Ойын осы ретпен жалғаса береді. Жақсы өлең айтып ән салғандар ұпай жинайды.* **(қарым-қатынас іс-әрекеті,)** **Еңбек.** Ұқыпты, мұнтаздай таза болуға, ересектердің көмегімен киімдерін ретке келтіруге, тазалауға, құрғатуға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Құм бетіне таяқшамен сурет салуға үйрету.
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. *Көркем сөз* Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен: Таңертең де, кеш те де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар мезгілде, Су мен сабын-бір жолдас, Жоймас олар кір қоймас! **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Күндізгі ұйқы	***«Күй күмбірі»*** *Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру* «Ақылды етікші» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. **(дене тәрбиесі)**				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті	**Тіл дамыту** "Арманшыл сарғыш марғау" тақпағы негізінде түстер	***Қауіпсіздік сабағы Дидактикалықойындар Үйдіңмекенжайынестесақтауғ***		**Вариативті компонент Қызықты математика**	**Шығармашылық іс-әрекет** " Судағы ғажап балық ". Балалар қалаулары бойынша

ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	туралы әңгімелеу. Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақ оқу және әңгімелеу сөйлеу формалары жөнінде білімдерін пысықтау, зат есімдердің құбылысты, затты, аңды, құсты бідіретіні жөніндегі түсініктерін тиянақтау; сөздердің логикалық ой құрылымына тізілетінін көрсету; түстерді пысықтау. **Шығармашылық іс-әрекет** "Мысық пен марғау". Балалар қалаулары бойынша қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* мысықтың бейнесін бормен салу амалдарын үйрету; қағаздың ортасына мысықтың денесі мен аяқтарын доғалы сызық негізінде салып, бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына ұзын құйрықты салу тәртібін қалыптастыру; мысық бейнесін дене мүшелері мен сыртқы келбетін сызықтарымен толықтыруға талпындырту; *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* сазбалшықтан жылқыны жасауға үйрету, оның дене пішінін, пішіннің қозғалысын дұрыс беруге, пішіннің сипатына тән саздылықты, сымбаттылықты бере білуге үйрету; қырнауышты пайдалана білу дағдыларын бекіту; қиыстыру тәсілдерін, мүсіндеуептілігін дамыту; *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру	***ағйрету:*** *Тәрбиешіүймекенжайыныңне екенін түсіндіреді (көше, үйнөмірі, пәтер). Мысалы: «Меніңмекенжайым: «Қонаевкөшесі, 10-үй, 5-пәтер». Тәрбиеші балалардан мекенжайын қайталауды сұрайды. Мекенжайын білмейтінбалаларғаестесақтауға көмектеседі. Тәрбиешітүсініктіболуүшін мекенжайлары бар карталарды пайдаланады.* **Шығармашылық іс-әрекет** "Өз қалауы бойынша". Балалар қалаулары бойынша қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** балаларды өз қалаулары бойынша *сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру* әрекетіне машықтандыру; барлық игерген техникаларын естеріңе түсіріп, белгілі композицияны, бейнелерді салу амалдарын пысықтау. ***Сюжеттік-дидактикалық ойын: «Билет сатып аламыз»*** *Мақсаты: • Балаларды ақшаны санауға үйрету; • Қоғамдық орынға бару үшін билет сатып алу дағдысын қалыптастыру; • <u>Қаржылық сауаттылықты (ақшаны дұрыс жұмсау, қайтарым алу) дамыту.</u>* *———Құралдар: • Жасанды*		**Геометриялық денелер мен геометриялық пішіндер** Геометриялық пішіндердің немесе денелердің қоршаған объектілерге ұқсастығы туралы ұғым қалыптастыру; Балаларды геометриялық денелердің қасиеттерін зерттеу тәсілдеріне үйрету; геометриялық денелер мен геометриялық пішіндерді көзбен бақылап, қолмен ұстап, сипап, іс-тәжірибе жасап, өзара салыстырып, ортақ қасиеттерін тануға машықтау; іс-тәжірибе және зерттеу нәтижелерін, қорытындыны құрастырып, сөзбен жеткізе алу дағдыларын қалыптастыру; ***Ұлттық ойын. Түйілген орамал*** *Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер	қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* балаларды акварель бояуларымен таныстыруды жалғастыру, акварель бояуын суға езіп, қылқалам арқылы қою консистенциясын жасау техникасын қалыптастыру; қылқаламмен шеңбер және жарты шеңбер пішіндерін бір-бірінің жанына салып, табақша мен шыны-аяқ бейнелерін бір сюжетке біріктіруге үйрету. *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* ермексаздан кесекті үзіп, домалату, есу арқылы балықты мүсіндеуге үйрету; *Жапсыру және құрастыру іс-әрекеті бойынша*.қағаздан оригами әдісін пайдалана отырып, "аквариумдағы балықтар" жапсырмасын жасауға үйрету; көк түсті шеңбердің үстіне, сары түсті шаршыларды бүктеп, оригами әдісі бойынша аквариумдағы балықтар бейнесін құрастырып, желімдеу ***«Күй күмбірі»*** *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою* **"Эстафета".** Ойынның мақсат-міндеттер. Балалардың тілін және сөздік қорын дамыту. Ертегі кейіпкерлері туралы түсініктерін кеңейту.

	дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру *Құрастыру іс-әрекет бойынша*мақта табақшаларынан мысықты құрастыруға үйрету; қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіре отырып, бүтін мақта табақшасын тең ортасынан қайшының көмегімен екіге бөлу іскерліктеріне дағдыландыру; қайшымен жұмыс істегенде қауіпсіздік техникасын сақтауды үйрету ***«Күй күмбірі»*** *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*	*ақша (түрлі түсті қағаздан да жасауға болады); • «Билет» карточкалары (бағасы жазылған: мысалы, 100 тг, 200 тг); • Үстел («касса»); • Балаларға арналған орындықтар («зал»).* ——— *Рөлдер: • Кассир (1 бала) • Сатып алушылар (қалғандары) • Қызметкер (билет тексеруші)* ———*Ойын барысы: 1. Тәрбиеші кіріспе жасайды: – «Балалар, біз театрға (немесе киноға) баргымыз келеді. Ол үшін билет сатып алуымыз керек. Билет ақшаға сатылады».* *2. Сатып алу кезеңі: • Балалар кезекпен кассаға келеді. • Кассир: «Билет – 100 теңге» дейді. • Балалар ақшасын санап береді. • Егер бала артық ақша берсе, кассир қайтарым береді.* *3. Залға кіру: • Қызметкер билетті тексереді. • «Өтіңіз, жақсы тамашалаңыз!» деп балаларды орындықтарға отырғызады.* *4. Талдау кезеңі: • Тәрбиеші балалардан сұрайды: • «Ақшаны қалай санадық?» • «Билет сатып алу үшін не істеу керек?» • «Егер ақша жетпесе, не істеуіміз керек?»*		*жасап тұрады.* ***(дене тәрбиесі)***	Ойынның барысы. Балалар дөңгеленіп тұрады, жүргізуші қолында эстефаталық таяқша болады. Жүргізуші бір ертегі кейіпкерінің атын айтып, қолындағы таяқшаны қасындағы балаға береді. Таяқшаны алған бала сол ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекет қимылына байланысты сөз айтып, келесі балаға тездетіп таяқшаны беруі тиіс. Жүргізуші қолына таяқша қайтып келгенде, ол жаңа сөздер айтып, басқа балаға бере бастайды. Балалар сөз тауып айта алмаса, айып салынады. **(дене тәрбиесі)**
Балалармен жеке жұмыс	**«Әдемі кілемшелер». (Сарғыш марғауға кілемшелер жасау)** Ойынның мақсат-міндеттер. Бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	**"Суретші нені шатастырды?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: есте сақтау мен логикалық ойлауын, зеректікті дамыту. Жаз мезгіліне байланысты суреттер. Мысалы: жаз мезгілінде қар жауып тұр.		**Ойын жаттығуы: "Кім көп сөз ойлап табады?".** Мақсат-міндеттер: тапқырлықты дамыту. **(тіл дамыту, қазақ тілі)**	**"Жаз келді" тақпағын жаттау.** Жайқалып жапырақ, Құлпырып қызғалдақ. Тұратын көз тартып, Жаз келді күн шуақ. Ж.Молдағалиев **(тіл дамыту және көркем**

	Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны. Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды. **(математика негіздері, шығармашылық дағдылар)**	**(тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)**			**әдебиет)**
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(дербес әрекет)**				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. *(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет)*				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. "Айнаға қара, біз қалай ұқыпты киінгенбіз" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: киімдегі ұқыпсыздықты көріп, сол уақытта түзетуді үйрету, таза жүруге тәрбиелеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес. "Егер бала жиі ашуланса ..."	Баланың эмоциялық жағдайы.		«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.